Л2008
600к

# ШӘКЕН КҮМІСБАЙҰЛЫ



# ШӘКЕН КҮМІСБАЙҰЛЫ

## Жапандағы жалғыз

*(повестер мен әңгімелер)*



Балалар әдебиеті • 2007

ББК 84 Қаз 7-44
К 75

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ АҚПАРАТ ЖӘНЕ МҰРАҒАТ КОМИТЕТІНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛЫП ОТЫР

**Күмісбайұлы Ш.**
**Жапандағы жалғыз.** *Повестер мен әңгімелер.*
"Балалар әдебиеті" баспасы. Алматы. – 2007. – 282 б.

ISBN 9965-650-79-9

Шәкен Күмісбайұлының бұл жинағына кейінде жазылған "Жапандағы жалғыз" повесі мен көптеген әңгімелері кіріп отыр. Заман ағымына сай жазылған повестер өмір шындығын саралап, толғақты мәселелерді тілге тиек етсе, әңгімелері де кешегі және бүгінгі уақыттың бет-бедеріндегі қилы істерге жетелейді. Оқиғасы қызық, тіл тұшымды соңғы жылдардағы еңбегі оқырман көңілінен шығады деген сенімдеміз.

К $\frac{4803250201}{00 (05) - 07}$

ББК 84 Қаз 7-44

ISBN 9965-650-79-9

© Күмісбай Ш., 2007
© "Балалар әдебиеті" баспасы, 2007

# ЖАПАНДАҒЫ ЖАЛҒЫЗ

(хикаят)

Күннің жебе шапақтары көк зеңгірге қадалған сәт, шағылды аралай жарып аққан канал суының сылдыры, құм шоқылы мылқау мекенді "түр-түрлап" оята бастады. Тұмшаланған бұйра сағым да осы бір беймаза тірліктен сескеніп, балағын түріп, көкжиекке шегінді. Тобылғы, топ-топ жыңғыл атаулыда қонақтаған түнгі шық, қырлан алаулана көрінген нұрға малынып, күресінде қалған сынық айнадай, түс-түстан жарқырап салды. Өзен бойын қуалай өскен бәкене бойлы жиделердің арасын сыналай өткен, жалаң жаяу соқпақтың иіліп кеп, төменге қарай бой жазған тұсындағы шоқ талдың түбін түнімен мазалаған тіршілік енді ғана белсенді қимылға көшкен. Бұталарды сығалаған сәуледен шалқалай сұлаған тірі пенденің қарақошқыл қан баттасқан дөңгелек жүзі аңғарылды. Қолдарын бұтына қысып алыпты. Құмның қоңыр салқыны жүзін аймалаған сайын екілене дем алды. Жиде бұтағына қонақтаған алақұйрық сауысқан адам қорылынан шошынып әлсін-әлсін аулаққа қонып, осы көрініске ынтыққандай шықылықтап, қайта оралады.

– Ух, жаным-ай, әй! Норп, сені қай құлай ұрды?

Түйелей шөккен сүйекті ши түбірлерінің басын бір сәт желпіп өткен түз желі әлгі үнді өзен суының сылдырымен бірге аулаққа ала жөнелді. Шуаштың иісі бұрқырап тұр. Кескен бөренедей қос аяқтан шуағылған шұлғауы, керзі етікті жырым-жырым балақтан ағарандаған саны байқалды. Ұстарамен қырып тастаған жапжалтыр басының әр тұсы томпешік-томпешік ісік. Ерні дүрдік. Қас-қабағы домбығып, терісі сыпырылған шоң

мұрнының жоны қара қотыр. Көзінің айналасы көкпеңбек. Қолтығынан айрылған қара бешпентінің үсті құс төсектей мамық, жұмсақ сияқты. Жұдырығын түйіп алған.

– Уһ, – деді бейтаныс тағы күрсініп.

Артынша дөңгелек жүзінің дөң қабақты тұсынан сығырайып қос тесік көрінді де, тікірейген ұзын кірпіктері қағылып қалды. Түсініксіз әлдене деп күңгірледі. Сонан соң көздерінен мөлт-мөлт жас ағып, еңкілдеп жылады да, қарғатұяқтанып солған саусақтары ашылып, қолы шынтақтарына қарай бүгіліп, жерге қарай аса сақтықпен жылжып бара жатты. Күрек тістері еріндеріне батырыла, сұлқ дене қалш-қалш етіп діріldеп, басы денесіне зорға ілігіп, бұлғақтап барып жерден көтерілді. Кенет көзі кілбиіп, құмға құлады. "Ух, ған атынтыау", – деп күбірледі сонан соң.

Шай қайнатым уақыт өте бейтаныс кеудесін қайта көтерді. Алғашқыда он-бойының аяусыз сұққылағанына шыдамай, ыңқылдап-гүрсілдеп беймазаланған. Біртебірте еті үйренген жанның кейпі танылды. Жақын маңнан су сылдырын естіген бойда жандорменімен солай қарай еңбектей ұмтылды. Қаны кеуіп, аузы кеберсіп, қатты шөлдегенін білді.

Сөгіне салып сырғымалы құм құлама қабақтан төмен қарай сүйреткен күйі канал жиегіне алып жетті. Жағалықтағы шөптерді саусақтарымен сығымдай ұстап, суға обырлана бас қойды. Басбұзар, ожар да қомағай тірлік. Енді бір сәт қос қолымен итеріліп, кейін сырғыды да етбетінен жата кетті. Кешелі бері басынан өткергенін саралқа салып, қолымен істеп, мойнымен көтергендері санасында бірде өшіп, бірде жаңғырып, есі шықты. Екі бөтелке шарапты өзі ішіп, түбін сарқығанның кесірі ғой. "Әйтеуір, тірі екенмін", – деп қуаныштан дауыстап жібермек еді, көмейіне тас тығылғандай үні гүнкығып әрең шықты.

– Т..і..р..і..м..і..н...

Сойтті де амалдап шөкесінен отырып, жан-жағына сұқтана көз тастады. Бет-жүзін сипалады, сол қолын қолтығына тықты.

– Ә, бар екенсің ғой, – деді сыбырлап. Енді мен

тірі адаммын. "Балам, тенерішін таудай, қуанышын балдай. Қызығына қуан, тенерішіне көн. Өзекті жанға бір өлім. Бірак, есінде болсын. Өмір – күрес. Бір женуші, бір женілуші бар. Женуші сен, женілушін кас дұшпанын болсын. Анау жаткан тау, ол да біздің көрген тау, балам. Бұл дүниенің киыры мен кияны көп. Сен жолаушысын. Заманына адал бол", – дейтін әжесі Қалиша.

Иә, иә, кешегі мен одан арғы күн бе. Нәри күні бойы караниет Жаһанды кұдай көрсетпесе екен деп тілеген. Адамнын ойлағаны бола ма? Танба салған жылкыдай "Күзет полициясы" деп жамбасына жазылған белгісі бар коныз машине артынан жүк машинені ертіп үлкен көпірге таяу кеп токтағанда-ак Нәридін зәресі зәр түбіне кетті. Сойткенше: – Әй, жігіттер, – деген Жаһаннын озірейіл үні естілді.

– Көпірдің қуысын тінтіндер. Хайуандар иттерден де пісшіл. Безіп кеткен ғой, түге. Жүрегі дүрсілдеп салды. Шыбын жанын коярға жер таппай киналды. Акыры алакүйын көнілі өз дегенін жасады. Қуыстан шыға беріп, карандғыны бетке алып бар пәрменімен жүгіре жөнелді. Жаһаннын жандайшаптары байкап үлгеріпті.

– Уста, әне, кашты, онбаған, – деген жарыкшак дауыс естілді. – Алдын ора!

Қолшамнын жарығы ұзатпады.

– Кім де болса, сұлат. Әкесін танымай жүр екен, атана нәлет! Әмірлі үн түн тыныштығын бұзып, каранғы аланка жангырыгып кайта оралды. Нәридің құлағы шынылдап, төбе күйкасы шымырлап коя берді. – Қалынға кіргізбе, иттін баласын! Құдды жабайы андлы куалап жүргендей, түге. Әлде неге шалынып онка-шонка жығылды да, басындағы конетоз калпағы ұшып түсті. Аяғына тұрып алға ұмтылып еді, тағы да құлады. Бұл жолы сайтандай сап еткен бейтаныс әлде кандай ауыр затпен косыпе урды. Көз алды тұманданып, тылсым тыныштык орнады. Қанша уакыт өткені белгісіз, бір сәт құлағына Жаһаннын үні талып естілді.

– Сазайын тартсын. Машинаға лактырындар. Енді екеуін устасак, ва-банк, кожайын, – деді ол әлдекімге

бәйпектеп. Нәриді тулақ сүйреткендей дырылдатып әкеп, жүк машинасына лақтырып тастады. Құлағына еміс-еміс шалынғаны тағы да сол жексұрын Жаһанның: – Міндетімнен құтылдым, қожайын, шәу, – деп әлдекіммен қоштасқаны. – Құрақсуда кездескенше...

Өлдіге санап машинадан лақтырып тастаған ғой. Өзім де ішіп алып ем. Түсініксіз жұмбақ. Енді міне, Құдай сәтіне салып, бешпентінің ығынын мақтасын сырып, ішіне тіккен куәлігі аман сақталыпты. Жаһаннан жасырып жүретін. "Енді мен басым бос, ешкімге тәуелді емеспін" деп күбірледі Нәри, екінші рет ішінен. Қос аяғы, екі қолы, басы, көзі, құлағы бар пендемін. Өмір сүруім керек. Одан көз көрмес, құлақ естімес жерге жасырынамын. Әйтпесе, Жаһан жыланның күйсеуін сезеді. Қолына түссем аямайды. Милицияны да сатып алады ол. Ойпыр-ау, соған ешкімнің әлі келмей ме? Бірақ, араққа салынған өзім кінәлімін ғой. Топассың, Нәри! Нәри аңшы боп кезген Құрақсудың құмын, тобылғылы Құрақсуды есіне алды. Мынау мекен сол емес пе екен? Сонау бірде Жаһан жандайшаптарының ортасында отырып Нәриге: – Әй, өгіз. Сенің мойынтұрығың босап, пахать еткенің маған ұнамай жүр. Әлде Құрақсудың қамысын аңсап жүрсің бе? – деп кекесін мырс етіп күлгені бар. Сонда мен бес жүз шақырым бойы бұл дүниеде жүрмегенмін-ау, ә? Енді міне, шағылшағыл құм. Шоғыр-шоғыр сексеуіл. Уілдеген жел. Айдала. Жаһанның таяғын жегенше, құм ішінде сүйегім қурасын.

Нәри орнынан тұрмаққа әрекеттенді. Бәрі бекершілік екен. Онқа-шонқа боп ұшып түсті де, ауырсына ыңырсыды. Кешегі сойқанды топ мұны аяусыз жазалапты. Оң аяғы біз сұққандай ауырды. "Сүйегі аман болса екен" деп сыбырлады ішінен. Жұлығы ағарған кирзі етікті жанына қоя беріп құбыжық көргендей оң аяғына үңіле қарады. Балтыры жырылып, тобығы дүм боп ісіп кетіпті. Сынды ма, шықты ма? Тістене оғырып, белбеуінің шетін жыртып алып, аяғын сығымдай байлады.

* * *

Бұралаң соқпақ таусылар емес. Қолының қарымы талып, жантая кетті де тың тыңдады. Қарны шұрылдап, жүрегі айни береді. Аштан өлетін шығармын. Тірі тіршілік мені не қылсын. Бөрісі кездессе жемтігімін. Мейлі. Адам атаулы барға сенгіш, жоққа көнгіш. Қалтасындағы қолдан соғылған қос басты мүйіз сапты бәкіні сыртынан сипалады. Сұм өмір саналыға түрме екен. Оны білдік қой. Біле жүріп өзіме өзім жасадым. Пау, бұл адам дегенді қойсаңшы... Нағыз есалаң.

Кішкентай ғана "Социализм" деген ауылда өмірге келді. Әкесін суретінен ғана көрді. Түрмеден соңғы хаты келгенде апыл-тапыл басқан бала еді. Содан уақыт өте жаулығын қоқырайта тартатын Қалиша әжесі мұны жетектеп ауылдың дәл ортасындағы қоржын үйге алып барды. Мұнысы мектеп еді. Беліне "ТРУ" белдігін тағынған құрт ауру Бексейіт мұғалімнен хат танығы. Бимәну шешесі бес-алты жыл өте, Оқшатаудағы Қиякбаймен дәм-тұзы жарасып, етегіне жабысты. Қалиша әжесі екеуі "Социализмде" күн кешті. Ала сиырдың емшегін тартқылап жатып, әжесі: Әй, Нәри, жалғызымның көзін жұтқан сен емес. Тырнақ астынан кір іздейтіндер оттай берсін. Сен біздің әулеттің жалғасысың. Атаң Бексейіт, әкең Жансейіт. Көзімнің тірісінде көкейіңе қондырып кетейін. Аумалы-төкпелі заман. Бүгін бармыз, ертең басқа дүниенің қонағымыз. Осыны жадыңа тұт, балам, – деп жиі қайталайтын. Әлі күнге дейін таң-тамаша. Өлі-тірісі жұмбақ. Бимәну шешесі сол кеткеннен қайтып оралмады. Сағынтып өтті ғой. Мүмкін күйеуі жібермеген шығар. Төртінші сыныпты бітіріп, Оқшатауға интернатқа барғанда да іздеп еді, таппады. Қиясбай қызметі жоғарылап облыс орталығы Талдысайға көшіп кетіпті. Сол жылы әжесі дүние салып, тақыр жетім атанды. Құдайдың қолдағаны шығар, сабағын жақсы оқыды. Тәрбиешілері бұл дегенде ішкен асын жерге қоятын. Өмір деген адамды мұрнын тескен тайлақтай жетелейді. Иттен ілгері, кісіден кейін күн кешесің. Құдаймен салғыласқанмен не пайда? Естіген құлақта жазық жоқ, әкесінің де шешесінің де

алыстан қосылған сүйек туыстары бар. Айдың-күннің аманында біреуі іздеп келмеді. Бұл дүниеде оларды кешпесін. Интернаттағы қара домалақтардың біріне коржынын артып біреулер келіп жатса, жүрегінің түсы шок басқандай тызылдап, шошқа қораның артында тойған қозыдай томпиып, бөтегесінде бүгіп қалған қиды-қырлы сырын бөтенге ашпай, жанары жасқа толып жылаушы еді. Оған осы бір себез тұман бүркеген аспан куә. Сол көк зеңгір қалпынан әлі өзгерген емес. Кейінірек ес біліп, етек жауып, оң-солын біліп, үкіметтің қолдауымен бақандай ауылшаруашылығы институтының орман факультетін бітіріп, дипломды қалтаға салып, Алматының ой-қырын аралағанда да осы бір аспан көріп тұрған. Байқап қараса, құдай екеш құдай да: "Әй, пенде! Сен өмірге келген күннен-ақ менің саған көңілім түзу емес. Екі тізгін бір шылбырыңды қолыңа мықтап ұстасаң да, оң жағыңнан кеп опындырамын" деп өкпелеп отырған сияқты. Әлдінің әлсізге жасаған зорлығының неше атасымен кездесті. Ақ-қарасын айырып әділетке жүгінді: жала бар жерде пәле бар. Құдай емеспін, құдайдан былай емеспін дейтіндер көп екен. Алысты, жұлысты. Ақыры бір күні...

Бөгенсай табиғат қорғау мекемесінің бастығы болып тұрған кезі. Астында машина, дүние қолында. Бірақ, қонышынан басатындай біреудің бір сабақ инс жібін алмапты. Белбеуін көкірегіне таман буынып, адамсыған да жоқ. Барды бар, жоқты жоқ деді. Оны төрт көз түгел біледі. Жоғарыдан мылтықтарын асынып, "аң аулаймыз, табиғатпен тілдесеміз" деп, екі аяғыңды бір етікке тығардай болып күпсініп келгендердің де шашпауын көтеріп, шапқыламады. Ол шіркіндер пысын баспақ болып, талай рет әрекеттенді де. Сүзеген бұқадай бұрылмайтын мінезі. Оны баяғыда-ақ жетімдер үйі жолын сызып, айырығын белгілеп берген. "Біреудің ала жібін аттамайсың, аққа қара жағылмайды". Бар пәле де сол мінезден басталды емес пе? Бекшойын ауылының әкімі тападай тал түсте ормандағы отыз бұғының бұқасын атып жығыпты. "Байқамай қалдым. Құс атып ем" дейді. Шылғи өтірік. Қайыру бермей кеткен хайуандай түге. Жоққа көнген, барды көтерген жақсы-ау. Бірақ

шыдамады. Қотанға шапқан қасқырдай болған әлгі нәлетке жуан жұдырығын сілтеді. Аямай екі теуіп жіберді. Үстінен акт толтырып, облысқа жібермек еді, әлгі әкім көзінің сорасын ағызып кеп, бөркін аяғына тастап кешірім сұрады. Ел ішіндегі көне-көздер ақыл салып, бітімге шақырды. Ерімейтін мұз болса да пенде емес пе, райынан қайтты. Бірақ, "айыбынды ақшалай тартасын" деп шегелеп айтты.

Өмірдің өзі шимайланып, бүктетіліп, жыртылып жатқан қағаздай екен. Нәри үшін бұлақтай тұнып басталып, тоспадай лайланды. Лайлаған ошақтың үш бұтының бірі, серттесіп алған сенімдісі, үйінің бір босағасы осы ауылдың қызы Зағипасы дұшпан атанғанына не дерсің. Қызмет болған соң жүріс-тұрысың бар, бірде облысқа шақырып, машинасы сынып, түннің бір уағында үйге оралған. Жанындай көрген жан жары кешегі күні добалдай жұдырығымен қонжитқан әкім Мәркетайдың құшағында жатыр. Өмірдің берген сыбағасы бұл болса атасына нәлет...

Нәри жүзінің түгі тікірейіп, сәл уақыт үнсіз қалды да, бір сәт қолын ауаны қармай сілтеп алға қарай жүрді. "Ендігі түрің мынау, тәніңе тиген таяқтан, жанға батқан ой ауыр екен", – деп күбірледі сонан соң.

Табақша күн найза бойы көтеріле құм атаулыға еесі кеткендей, аптабымен күйдіре бастады. Алғашқыда осы маңнан тезірек аулақтап кетейінші, әлгі сойқандар маңайды тімісkілеп, мені іздеп жүрер деген қауіппен алға еңбектеген. Енді ойланбасқа шарасы жоқ. Алакөңіл ой, өзегіне от түскендей, шошындыра бастады. Сөйткенше "ыр" еткен әзірейіл үннен селк етіп, басын оқыс көтеріп алды. Бес-алты қадам жерде түгін тікірейтіп тайыншадай мақұлық ұмсына тоніп тұр. Сүйем қадам аттаса, ту-талақайын шығармақ. Жыртқыштың ірісі не, әлсізі не? Бәрібір қан ішкен қанішер. "Біттім" деді Нәри ішінен күбірлеп. "Әй, қос аяқты пенде, менімен алысар қауқарың жоқ. Енді сен менің жемтігімсің" деген тонмойын сүс. "Адами жауыздықтан жан сауғалап ең, енді нағыз жабайы жанкештінің жұтқынында кеттің, Нәри. Алақандай қордың ішіне түсіп, жамбасын да жерге тимеді. Тағдырдың маңдайыңа жазғаны осы".

Үні қырылдай шықты. Та...ғдыр... ды...н ма...ңдай...ына жаз...ғаны... о...сы... Қос аяқты пенденің қырылдай шыққан әлсіз үніне қасқыр тағы бір ыр етті де, еріне алға жүріп құмға шоңқия отырды. Не істеу керек? Бойын билеп алған ылажсыздық, дәрменсіздік. Нәри басын жерге ұрғылап берді. "Бүйткен өмірі құрсын-ау. Ал, шыбын жанынды, ал енді..." Миы шың етті де, көзінің алды қарауытып, қараңғылық басты.

* * *

Көзін ашса дөп-дөңгелек шұңқырдың ішінде шалқасынан жатыр. О, сұмдық! Өңі ме, түсі ме? Көрдің ішінде ме? Онда бетімді неге жаппаған? Сені кім көмбек еді? Көкжал қасқыр ма? Сан-сапалақ ойдан аласұрды. Құмның тағысы қайда? Ол мені парша-парша етсе керек еді ғой. Әлде біреулер кездесіп араша түсті ме екен? Иә, енді түсіндім. Мені өлдіге санап, "пәледен машайық қашыпты" деп құтқарушылар тайып тұрған ғой. Бірақ, олар кеткеннен соң да түз қорқауы тағы бір оралса керек еді. Құдай екеш құдайдың тағылымында адам өлсе де жаны тірі қалады деп жазылушы еді ғой. Бұл сөзді бала кезінде, әжесін жерлегенде Ақбай қарттың аузынан естіген. Мән бермеген. Жұбату үшін айтқан әңгіме ғой деген. Нәри жалма-жан кеудесін көтеріп алды да, мең-зең күйі жан-жағына алақтай қарады. Сөйтті де, сона шаққан жабыдай дір етті. Екі аттам жерде табақтай боп төңкеріліп, жуандығы білектей қара шұбар жылан жатыр. Топ жыңғылдың оймақтай көлеңкесін паналапты, жарықтық. Жанында жабайыға құбыжық атанған екі аяқты дұшпанының сұлап жатқанын місе тұтар емес. Сорлыға таяқ үйір. "Е, құдайым мына көргенім өңім бе, түсім бе?" деп Нәри бір-екі ауыз сөзін бірнеше мәрте қайталады. Зұлымдықтың құрбаны – ажал. Кешегі түні Жаһан қарақшыдан, әлгінде итқұстан, енді мына "шұбар-құдайдан" мені періштем қақты ма? Ойпыр-ай, қалыпты жағдай мен шектен тыс құбылыстың мидай араласып кеткен тұсында адам не істеу керек? Дүниемен байланысы бар адам екеніңді білгенде түйсік-таным қайта оралып,

өмірге деген үміт оты жанады екен-ау. Қолын тіреп, жерден көтерілді. Аяғының ауырғаны бәсеңсіген сияқты. Тек тізесінің үршығы тызылдап ауырады. Жер дүние айналып, көз алды бұлдырап барып, біртіндеп жан-жағы айқындала бастады. Құдды қолдан қазып, өлшеп жасаған он қазан-ошақ сиятындай апан. Ернеуінің құмы құлап, төмен сырғып, түйетайланыпты. Көзін қарашұбар жаққа тастап еді, әлгі қубыжық та тілін жалаң-жалаң еткізіп, "Әй, пенде, сен менің мекеніме неге келдің? Мазамды алдың. Ұйқымды бұздың" дегендей зәрін төгіп, сыртқа беттеп барады екен. Жүрегім су етті. Осы мені шағып алған жоқ па?..

Екі ұмтылып барып, қос қолымен тіреніп, қазан шұңқыр апанның ернеуіне ілінді. Енді күн сәулесі тұқыртып, көзін аштырмай, бетін қос қолымен кіреукелей жаба берді. Дүниедегі ең үлкен қорқыныш — адамның өзінен өзі қорқуы ма, тәйірі. Endiгі бір сәтте қарсы алдында көлбеп жатқан шағыл-шағыл құмды дала қорқыныштың қара орманына айналып кеткендей күй кешті. Алдыдан тағы қандай қауіп күтіп тұр екен? Мен өзім Нәри емес, басқа адам сияқтымын ба? Неге ғана ажал туралы ғана ойлаймын. Күн нұры он-бойын балқыта бастады. Апанның көлеңкесіндегі бойын құрсап тастаған сыз енді келмеске кеткендей. Қырық бес жыл өмірімде күннің сәулесінің құдіретін неге білмегенмін? Бұл шіркін денеге күш, санаға бостандық, зердеге ақыл береді екен ғой.

Қос алақанын бетінен ала беріп алдына қарады. Жап-жарық, ұшы-қиыры жоқ жазира дала, қаракөк аспан, күнді айнала қомкерген сан түсті құбылған шеңбер, ақшаңқан бұлттар, көкжиек. Кеудесін кере дем алды. Батырдың дулығасына ұқсап, басына сексеуіл мен жыңғыл шашыраған шағыл төбелер. Етегінде андыз-андыз өскен, топ-топ тобылғы. Тамағына түкірік жүгіріп: "Енді өмір сүру керек", — деп дауыстап жібермек еді, үні құмыға естілді.

Өзінен отыз-қырық қадамдай жердегі дөнесте шоқайып жалғыз қасқыр отыр. Айбар шегіп, өңмендеген кеңегі жыртқыштың дәл өзі. Қалай екені белгісіз. Нәриге бұл жолы көкжал Жаһан мен оның жендеттері сияқты қор-

қау қанішердей сұсты да, кекшіл көрінбеді. Аяғын бір аттап, қалт тоқтады. Құмға жұлығынан батып тұр екен. О, сұмдық! Мынау неткен ғажайып дүние! Тотыққан беті құла тартып, қан жүтіргенін, әлде қан қашқаны белгісіз бір кейіпке енді. Тоқ аттың текірек үстінде тастаған тезегіндей ойдым-ойдым бөрінің ізі. Жанында әлде ненің салмағы жыра жасай созылған жалғыз аяқ соқпаққа ұқсаған ирелең сызат. Ойпыр-ай, сонда... сонда. Мына кептің соңы не болар екен? Бір аттап, екі аттап алға жүрді. Туғанынан мал ішінде көзін ашып өскен жан емес пе еді. Мүмкін емес. Жіп тағып белгілеп, тап басып анықтау осыншама қиын болғаны ма? Бет аузының быжырқайы көбейіп, маңдайы тырысып салды. Оншақты қадам ұзап барып тағы да қалт тоқтады. Баяғы бала кезінде интернатта үйілген қарды сүйретпеге салып күресінге тастағанда дәл осындай жол түсетін. Пиманың ізі дәл осы сияқты сүйретпе жолдың жанында жататын. Міне, тағы бірі қосылды. Бірден танылды. Кешегі әлі кетіп, иығын жұлып жеп еңбектеген сүрлеуі. Нәри кеудесін көтеріп алдына қарады. Көкжал орнынан қозғалмапты. Нәри екі тізесін бүгіп, отыра кетіп лауыстап жіберді:

– Жаратқан нем! Қылыштай жігітті қарш шайнап жұтып жіберген дүние енді ешкімді аямайды деуші ем. Олай емес екен, мен қателесіппін. Тайғанақ тағдырдан таяқ жеген пендені қасқыр қорғапты. Әлгінде із қуалап осылай қарай беттегенде оне-бойы дірілдеп, "әй, осы маған көмектескен түз тағысы емес пе екен" деп күдіктенген екіұшты ойдың жетегінде мәре-сәре болған. Есінен танып есеңгіреп жатқан адамға қолұшын берген бейсауат жүрген әлдекімдер шығар деп ойлаған. Баяғыда ауылдың сақалы беліне түскен шалдарының "қасқыр да қас қылмайды жолдасына" деген мақалын естіп, "Әй, осы көнекөз қариялар-ақ, жоқтан өзгені қопырсытып, болмағанды болдырып отырады екен. Шынтуайтқа келгенде, Бөгенбайдың сиырын, Есіркегеннің ата қазын, Никифордың шошқасын, әуелі Барлыбектің Ақмойнағын жеп, төрт аяғы мен құйрығын омбы қарға шаншып, мазақ еткен сол қасқырлар емес пе еді. Әлде, үсті-басы өрім-өрім, денесінің сау тамтығы жоқ, арақ сасыған

"бомж" – заманның өгей баласынан жиіркенді ме екен, қаскөй тағы. Ә... түсінікті. Құмның қояны мен қырғауылы көп. Жылы-жұмсаққа тойттап, мен қаңғыбасты көзге ілмеген болар. Бірақ, қасқыр атаулы қаны бар, өзі тойса да, көзі тоймайтын, нағыздың өзі емес пе еді. Қасқырдың қасқырлығы қайда? Адамның қасқырынан – Жаһаннан, анау шоңқайып отырған көкжал, адамға мейірін төгіп, жаны ашып, нәпсісіне тізгін салғаны ма? Па, шіркін!" Нәри басын шайқап-шайқап жіберіп тағы күңкілдеді. Ойпыр-ай, ә, Жаһанның жендеттері дырылдап сүйретіп, тепкілеп машинаға лақтырса, қасқыр есінен танып жатқан жерінен сүйреп апанға әкеп тастапты. Неге өйтті екен?

Кешегі әр көшенің бұрышындағы қоқыс салатын жәшіктерді ақтарып, сәті түссе өткізуге құмыра, кәкір-шүкір тауып алып, он-он бес теңгенің басын құрап, қызыл шарап ішіп шалқайғаны, қара нанды талшық еткені, ит басына іркіт төгілген заман сияқты еді. Жоққа көнген, барды көтерген жақсы деп қатал өмірге мойынұсындың. Пешенеге жазған тіршілік, өмір сыбағасы солай боп отыр. Шыбын жаның кеуденнен ұшып кеткенше шыда, Нәри. Тағдырдың шөнге шоқпары тиді, сен енді оның құрбанысың. Шылбырың қанқұйлы Жаһанның қолында. Жалтақ атанғаның да шындық. Өз ырысыңды өзің төктің. Жасың жер ортаған қалғанда бәріне түкірдің. Әйеліңнің жасаған қиянатын кешпедің. Күнәдан жиіркендің. Бірақ, сенің көзіңе шөп салған әйелге зинақорлық ұят емес екен. Жылы орныңды, балаңды тастап шықтың. Әйелдің несі кетті? сен сияқты қалаға көшіп алуы Меркетаймен құшақтасып, әлі де нәпсінің теңізіне шомылып жүрген шығар. Бірақ, сен өз басыңды саудаға салдың. Еркектігің сені алдына салып айдап кетті де, арақ патшалығының есігінен аттадың. Адам жанын жай таптырар шараптан тыныс іздедің. Байқайсың ба, әйел мекерлігі оған қарағанда түк емес екен. Одан сиқырлы, одан зымиян пәле барын білмедің бе, сонда. Айналдырған ай ішінде жыландай орап екі иығыңа мініп алып, екі өкпеңнен тепкілеп есіңді шығарды. Ұят деген аруақты ұғымды да ұмытып салдың. Көше аралап, сақалыңды өсіріп, бір ұрттам шарап үшін

не істемедің, сен? Күні кеше "Нәке" деп жалпақтап, иіліп төсек, жайылып жастық болған достарың сені көзіне ілді ме? Қасқыр көрген көжектей шошынды емес пе? Жалғыз ұлың Наркескеннің жазығы қайсы? Шешесінің айтқанына көніп, айдауына кетті деп өкпелейсің. Жас бала намысшыл. Сені көріп, талай жерде бас сауғалап қашқан да шығар. Сонда ана ақ дорба арқалаған "бомж" менің әкем демек пе? Соны неге бір уақыт санаңа салып екшемейсің. Жо... жоқ, бұл дүние ешкімді аямайды. Елдің бәрі саған болысқан Көкжал емес.

Нәри есін жиып алды. Жанарына жас кептелді. "Өмір сүруім керек". Нәри қалтасын қарманып, мүйіз сапты бәкісін суырып алып ашып, қылпып тұрған жүзіне қарады.

* * *

Ас – адамның арқауы. Көкжал өзін апанға сүйреп әкеп тастаған күні ол екінші рет дүниеге қайта келді. Бірақ, әлі кетіп, көзі қарауытып есі шықты. Тән жарасы ештеңе еместей көрінді. Аш өзегіне түсіп, талғажуға бір түйір ас таппады. Мен құмның Робинзонымын, яғни құмды билеген жабайы патшамын. Тек үзеңгі аман, өкініштісі үзенгілесі жоқ. Әй, солардың қажеті де жоқ. Бәрін инаяттап қайтейін. Солар – біразы ғой, менің басыма әңгір таяқ ойнатқан. "Енді бұл өмірдің маған берер қандай еншісі бар екен?" деп күбірлеумен болды. Енді бір сәтте: "Қой, бүйтіп армандап отырғанда менің алдыма кім дастарханын жайып, асын ұсынар. Үмітсіз шайтан. Тірлік жасайын" деп, орнынан тәлтіректей тұрып, каналдың жағасына жетті. Сәл уақыт сылдырап аққан суға қарап тұрды да, кенет кеудесін көтерді. Қуанып кетті.

– Суда балық бар, – деді сонан соң. – Бірақ оны ұстайтын менде қармақ жоқ. Сарқырап аққан су, жұлығынан келген құм, азынаған жел. Маужыраған дала, төбе, төбелер... "Ән салады, шағылдар..." Енді бір кезде бар дүние мүлгіп кетіп, манайдың бәрі мұны тыңдап қалғандай тым-тырыс қалыпқа енді де, құлақтары шыңылдап қоя берді. Дың-дың... Дың-дың... – Өлетін

шығармын, – деді Нәри күбірлеп. Үні жер астынан шыққандай. Зәресі ұшып, өзін-өзі қайрап: – Ех... ех... ей. Мен өлмеймін, – деп дауыстады. Тынысы тарылды. Кенет көзі арбиып тұрған әлде неге түсті. Қызықты қара. Бетоннан құйылған көмей каналдан айырылған кішкене арықтағы азғана суды басқа жаққа ағызған қожасы сияқты.

– Суда балық бар, – деді Нәри, бұл жолы тағы сыбырлап. – Ол үшін... Ары қарай сөйлемін жалғастырмай іске кірісті.

Көптен бері адам қолы тимегендіктен бе, тот басқан бұранда алғашқыда илікпеді. Адамнан қулық асқан ба, еңкейіп алақанына су толтырып бұрандаға шашты. Сәл демалып ап, бар күшін салды. Сәтіне сап, қалақ төмен сырғып, көмейдің табанына тигенде сарқырап аққан су сап тыйылды. Әп-сәтте арықтың әр тұсынан ойдым-ойдым көлшіктер пайда бола бастаған. Тіпті ирелеңдеген екі-үш жылан жылыстап жағалықтағы қалыңға сіңді. "Сен қайдан келген бейбақсың" дей ме, тілін жалаңдатып, ысылдайды кеп. Көмей басына әлдекім әкеліп тастаған темір шыбықты қыса ұстап арықты бойлай алға қадам басты. Қайткенде талғажау етер тамақ керек. Әлгінде бетін жуып, бойы сергігендей еді, енді ыстық аптап арқасына зіл батпан жүк артып қойғандай. Аяғы сырқырап барады. Сәл тоқтап жан-жағына көз тастады. Маңайдың бәрі құлаққа ұрған таналай. Себез шаңыт бүркеген құм шоқылар қарауытып тұр. Айнала жап-жарық еді, артынша кіреукелене қалды. "Өлетін шығармын" деді тағы да күбірлеп. Қанша бір қайғы кешіп, дүрбелең дүниені бастан кешірсе де, дәл мынандай шақты бастан өткермепті. Сонау бірде әжесі: "Әй, балам! Мына бас нені көрмеді дейсің. Аштықта бір кесе су адамды шайқайнатым уақыт өлімге жібермеген деуші еді. Мүмкін, менің тірлігімді ұзартқан сол су шығар..."

Кенет он шақты аттам жердегі айнадай жарқыраған ойдым-ойдым көлшіктің бірінен бауыры жарқырап, әлдене төңкеріліп түсті. Нәри етігін шешпестен суға қойып кеткен. Әлде ненің соққысынан құлап түсе жаздап, әупіріммен аман қалды. Еңкейе беріп көзі лай суға тұншығып, желбезегі желбіреген балықтың басына түсті.

Айтарын болса, айтарсың, ол болмаса қайтерсің. Қасқағым сәтте қолын балықтың айқұлағына тығып үлгерді. Жанұшыра сілкіленген жайынның тірлігін місе тұтпады. Бір тұрып, бір жығылып, құрғаққа қарай сүйреді кеп. Қай жәндіктің болса да өлерде жаны тәтті. Балық әлде не деп туыстарын көмекке шақырған сияқты, дыбыстайды кеп.

Нәри біраздан соң барып жағадан ұзап шыққанын білді. Жүрегі дүрс-дүрс соғып, қуанышында шек жоқ. Анандай жерде құ жанына қоныс таптырмай, шоршып-шоршып әлсіреген, суынан айырылған жайын жатыр. Біреу өлмей біреуге күн жоқ. Өлімге мойынсұнғандай. О, құдірет! Бала күнінде үлкендер: "Адамнан өткен жыртқыш жоқ" дегенде сенбейтін. Келе-келе көзі жеткен соң мойындады. Топ бала үлкендердің көзіне көрінбей бөлек шығып, тақиядай дөңгелене отырып талқыға салған. Сонда бәрінің түйгені – әлдінің әлсізге жасаған зорлығы көбіне жамандықпен аяқталады екен.

Озбырлық тыныштар емес. Сексеуілдің қураған шыршыларын жинап әкеп, үйіп от тұтатты. Өзінен өзі: "қалтамдағы сіріңкем болмаса, шикідей жеп қоятын шығармын" деп күңк етті. Оттың шоғын жаймалап жіберіп, жайынның етін құйрық жағынан кесіп алып, бас-көзге қарамай паршалады кеп. Сонан соң маздап тұрған шоққа қойып, сол отырды. Отқа қақталған балық еті қызара түскенде аузындағы сілекейін жұтып: "маған не болды сонша?" деп күбір етті. Балықтың сүйегіне дейін қыршырлата шайнады. Қызықты қара. Дүние әсем де, ғажап мәңгілікке айналып бара жатқан сияқты. Пах, пах! Шыжып тұрған күннің аптабы да әсер етпейтін сияқты. Қолының қырымен маңдай терін ары-бері сыпырып, балық етін көмейлете соқты кеп. Біз өмнің күнын бір сәт қана түйсінеміз-ау осы. Мен жұмақтың төрінде отырған сияқтымын ба осы?" Ойын жалғастырып үлгермеді. Көздің ұшында алып кесірткедей ирелеңдеген пойыздың сұлбасы көрінді. Көз ұшындағы құмды тіліп, жүйткіп өтіп бара жатса да сартылдаған үні, дүрсілі, тіпті ыңырана мөңірегенінің дееміс-еміс естіледі.

– Шамасы, жиырма шақырымдай жерде, – деді Нәри болжам жасап. Мұнысы – ішіне ел қонғанның белгісі еді.

Орнынан тұрып, көзіне түскен құйрығы шолақ жайынға төнді. "Әй, Нәри! Сен жапандағы жалғызсың. Адамдарға қасірет әкелген Жаһан зорлықшыдан құтылдың. Енді қытай құмыраны лас мекеннен тауып алып, жуып, сүртіп 4 теңгеден өткізіп, ішетін қызыл шарабыңның ауылы алыста. Ертеңгісін қайтіп басымды түзетсем екен деп, көше-көшені кезетін жанкешті тірліктен адасың. Енді сен Құм қаласында өмір сүресің. Өмір деген арбаға жегілесің. Қалай десең де жалғыз адамға да паналайтын баспана керек. Ішер аузың болса, тышар тесігің бар. Сені солай жаратқан. Ал ендеше, қамдан. Әзірге мүйіз сапты бәкің мен темір сойылың – жаудан қорғанар қаруың ғана. Әзірге талғажарың мына балық. Ол да мәңгілік емес" деді күңгірлеп. Ойына жоқтан өзге түсті. Елден естуінше баяғыда ауылдың бар адамы бір тайқазаннан ас ішіп, дамылдаған сәтте коммунаның бастығы Түркебай деген белсенді ақсақал: "Тамақ іштік қанағат, жұмыс істемеген жарамайт" дейді екен. Сол айтпақшы не істеу керек? Теміржолға барсам ше? Зорлықшының біреуі түрімді көріп жабыса түсер. Тегін жұмысшы кімге қажет емес. Сонан соң қу сүйегіңді қалдырып, табанының астына салсын. Керек десең күнделікті бір құмыра шарабын да аямас. Нәридің көз алдына үлкен сұрақ елестеді. Тайғанақ тағдырға не дерсің.

Күн көкжиекке еңкейе Нәри келген жолымен кері қайтты. Олжасын арқалап, бөгеттің басына жетті де бұранданы кері бұрады. Судың да сұрауы бар. Ертеңгі күні тоғанбасы келіп, басы пәлеге шатылып жүрсе...

Әлгінде ғана жүрген соқпағының үстіндегі іздері өше бастапты. Құмды мекеннің қағидасы – үнемі алға жылжу. Жолда бардың бәрін басып өту.

Апанның жиегін айналып шықты. "Өкпелеп" кеткен қарашұбар ізімқайым, оралмапты. Жыңғылдың түбінде іні болмасына кім кепіл. Ойда жоқта есіне Көкжал түсті. Бұрылып қарсы алдындағы таныс шағылға көз тікті. Қасқыр да ушты-күйлі. Сөйтті де басын шайқады.

Басынан өткен тірлікке сенер-сенбесін білмей дал. Дала жырткышы мен адамның арасы тізе мен тобыктай жакындасыпты дегенге кім сенер. Сонан соң апанның маңына неге келгені есіне түсіп, көзімен ары-берісін өлшеді кеп. Итырғын калың сексеуілді аралап жүріп, түзуінен уык сындырып алады. Апанның төбесіне уык салып камыспен жабады. Есігін киырлап шығарады. Терезелікті кұбылаға береді. Сөйтті де Нәри алаканымен бетін сипалы. Кұмның сары масасы дегенін жасапты. Нағыз канішерлер. Бетінің әр тұсындағы бөрткендер сол сойканның ізі. Міне, маса да өріп келеді. Нені паналамак? Апанға кайта жатпак па? Өріп жүрген кұмның баска бөрілері саутамтығымды калдырмай жүр-мей ме? Сексеуілдің кураганын жинап шөпшек от жаға-мын.

Кұм каласы кұдды ертегідегідей. Талай бір сурет-шілердің полотноларын көрген. Көз алдына елестетіп кана салған бірденелер. Нағыз суретші мына жерге келсе ғой. Жан-жағына абайлай карап калынның ішіне кірді. Бапа камыс іші меңіреу. Калың жыныс. Аракідік-аракідік әлдебір хайуандардың калыңды жапырып салған ізі. Денесі дір етті. Үйірлі каскыр мені аңдып жаткан шығар. Пара-парамды шығарып жүрсе. Әлдебір кұс есік пен төрдей жерден пыр еткенде, сасканынан отыра кетті. Камыс іші кұдды бір кинофильмдегідей. Жан-жағына абайлай карап, амалдап орнынан тұрды. Сөйтті де оң колындағы бекем ұстаған сойылы мен солындағы жүзі жалтылдаған мүйіз сапты бәкісіне карады да жымың етті. Калың камыс, шабылмаған ескі лоңыз өлең аяк бастырмай, кайта-кайта шалыныса берді.

– Пау, калыңға кіріп нем бар менің, – деп кұбірледі ішінен. – Камыс онсыз да артылады ғой. Токтай беріп, алдына үңіле караған. Көзіне камыссыз алаңкай түскен сәтте алдыға аттағанын өзі де байкамады. Такиядай дөңгеленген аланның ортасынан шағын көлшікті көзі шалды. Оншакты шағала айдын үстінде кезектесе ұшып дамыл табар емес. Адам карасын көріп шағалалар шаң-кылдай апанға көтерілгенде Нәри де көлшікті айналып шыкты.

– Менің мекенім, нең бар? – дегендей "ойбайлаған" екі қызғыш тыным табар емес. Кенет көл ортасынан бауырын жарқыратқан балық аспанға атылып сес көрсетті. Каналдан жырылып аққан судан пайда болған мекен. Қызықты қара. Әлдекім жағалықты күрекпен ойып түсіп, қармақ салуға ыңғайлап жербасқыш жасапты. Пәлі, сазан балықтың қабығын қара. Танасының үлкендігіне қарағанда құлаштан артық. Ау, мұнда келіп жүрген кім екен? Ықыласын төге жан-жағына үңілді. Резинка етіктің бедері батпып жатыр. Бейтаныс балықшының біраз уақыт шамасында келіп қайтқан түрі бар. Сексеуіл дайындауға келгендер ме екен? Батылдау қимылдағанына қарағанда жалғыз емес, бірнешеу. Нәри өзінің мына жұмбаққа, жабайы әлемнің ішінде тұрғанын сезбейтін сияқты. Қу ағаштың қабығын аршып жасаған қармақтың сабы жатыр. Ұқыптап жинаған үш-төрт бау қамыстың бауының арасынан ұшы көрінген темірге көзі түсті. Пышақтың ұшы сияқты. Төңкерістіре беріп, басы имек, сабының белдігі шешілмеген шағын ғана шалғыны алып шықты. Сөйтті де әлдекім көріп қоярдай жан-жағына алақтай қарады. Құдды ұрлық жасаған адамның тірлігі. Өлмегенге өлі балық. Құдайдың көмектескені ғой. Алтын шыққан жерді белден қаз демекші, Нәри енді жиналған қамысты бауынан ұстап төңкере бастады. Тағы да олжаға ілікті. Қос құлақты шағын қазан мен шөміш. Бес-алты қасық. Қалбырға салған тұз. Көгеріп кеткен екі-үш тілім қара нан. Ана бір дөп-дөңгелек консервінің қалбырын сұқтана ақтарып еді, қатып қалған жауын құртының қабығын көрді де, жымың етті. Өзінің табылған заттарды ындыны құри тексергеніне ұялып кеткен сияқты. "Бұл балықшылар сексеуіл дайындағандар болды, тегі", – деді. Тапқан олжасын арқалап ескі шөпке малтыға жүріп, қамыстан әрең шықты.

Нәри апан басына жеткенде күн көкжиекке жартылай батып, сәулесі бетқаратпай, құбыла бетті қызыл нұрға бояп салған. Жал-жалдың, шағыл-шағылдың ұшы, бауыры жақұттай жарқырап, теледидардан анда-санда көрсететін басқа планетаға ұқсап кеткендей көрінген. "Құмның кеші" деді ішінен. Артынша "Жапандағы күн бату" деп өзгертті.

Өзеннің жағалығына төрт-бес бау камысты калап күрке жасаған. Апанға жоламады. Қарашұбардан корыкты. Түнімен көз ілмеді. Ары-бері шапкылап жүріп байкамапты. Маса пәлекет ызындап конып, әп-сәтте инесін сұғып, карны кып-кызыл боп канға тойып, ұшып кете береді екен. Сонан сон-ак жүзін дуылдап сала бергені. Сексеуіл үйіп от жағып, кешкі тамағын пісірді. Балыкты тұздап жесен, өте дәмді болады екен. Әттен, бір тілім кара нан болса ғой. Тіршілік атаулы жарыкка үйір. Үйкы – жау... Не істеу керек? Бұл түрімен мынау дүниеде кашып-пысып өмір сүруі киын болар. Адамдарға барса тағы да арағын ішіп, кезбе өмірдің кейіпкеріне айналады. Жаһан көрсе, саудасының біткені. Бостандык дегеннің есігін жауып кой. Ойпыр-ай, адамдар неге ғана өзін-өзі бейнетке жетелеп әкеледі екен, ә? Сонша мен неге коркакпын? Сансыз сұрак, сан сауал миын ашытып, кірпігінің айкасып кеткенін де байкамады.

Қара басып үйыктап кетіпті. Қаскырдың жемтігі болмасына кім кепіл. Әйтпесе, әлгі карашұбар шағып алса ше? Бәрінен бұрын адам атаулы кезікпегеніне куан. Тобығының ісігі басылыпты, сынбаған сиякты. Тәубе! Қолымен сыртынан сипап көріп еді, көгерең тартып күлт-күлт етеді. Басы суырып ауырады. Жаһанның жендеттері әкесін өлтіргендей тепкілей беріпті. Қабырғасын сындырмағанына тәубе. Өңшең шошка. Тепеpiші көп күл өмір. Бәріне шыдайды екенсің. Сонан сон-ак ыңкыл-сыңкылдың ауылы алыстап, алпыс екі тамырына кан жүгіріп, адам калпына келесің.

Нәри балағы түрілген селдір сағымды үзатып салған ғажайып сикыршыдай аласа шағылдың үстіне шыкты. Пау, дүние! Шағыл-шағыл кұмды алаң канды шайкастан соң, камалы кирап, адамы кырылған шаһарлай иесіз, өлі тыныштык кейпінде. Андыз-андыз жыңғыл сиреп калған жау әскеріндей төбеге өрмелеп келе жаткан сиякты. Ак таңнан тұратын ала куйрык сауысканнан баска тіршілік атаулы көзге ілінер емес. Түнімен ойран салған сары масаның шабуылы сап тиылыпты. Өлмегенге жарык күн әлгінде киыр бет ак шапакка боялып, аумактана кеп таң аткан. Ойпыр-ау, осы уакытка дейін бұл мезеттегі ғажап коріністерді неге кездестірмеген.

Қызыкпаска шараң жок. Таңмен бірге адамның да күйбең тіршілігі басталады екен. Бәрінен бұрын күні кеше: "Осыдан жеркепемді дұрыстайын. Үйдің алдындағы жерді тегістеп қамыспен қоршап, бақшалық жасап, каналдан арықпен су тартамын, жеміс ағаштарын егемін. Көрсін мына Нәрилің кім екенін. Талшық етер дүние табылады. Қырғауыл да, аң да, балық та жетерлік. Саф ауалы аймақтан адам аяғы баспайтын құмның қожасы атанамын. Тек бөтен адамдар мазаламаса екен" деген.

Ойда-жокта Жаһанның есімі ойға оралды. Ол сұмырай ымырасыз жау. Жанына сая іздеп Алматыға келді. Ішіндегі қыжылын арақпен жуды. Сөйтіп, ішкіштер патшалығының босағасынан аттады. Мекеме басшысы болып жүргенде недәуір ақшасы бар-тын. Мәңгілік емес, ол да бір күні таусылды. Қалай екеніне өзі де аң-таң. Ертеңгісін басы ауырады. Ішеді кеп. Алғашқыда елден, жұрттан ұялып шашын алдырып, мұртын бастырып, шаштаразға барып жүрді. Қалта қағылған соң не дерсің. Сақалды қоя беріп, ұятты тізгіндеп "бомж" — үкіметтің өгей баласы атанды. Монша атаулы көзден бұлбұл ұшты. Бөтеннен қысылуды қойды. Алғашқыда "маған не көрінді. Жоғары білімді, тепсе темір үзетін жігіт емеспін бе?" деп, намыстанған болды. Арағын, шарабын қоя алмай дағдарды. Өзіне қол салып, асылмақ та болды. Жан тәтті екен. Сөйтсе бұл бомждардың қатарында небір саясаткерлер де, ақын-жазушылар, ғалымдар, сазгерлер, әншілер, тіпті, дүкеншілер де, жүкшілер де бар екен. Бұлардың басшылары Жаһан сияқты әккі, құлар. Қала бере тиын-тебен іздеп табан жалаған "Колонизатор" — Мәуледилер, "бомждардың" "қанын ішіп", күн көргендер. Арақ пен шарап теңіз түбіндегі балық жұтқан медуза сияқты. Шырмалған соң құтылуың екіталай. Жаһан сияқтылар жарна төлеуді талап етеді. Ай сайын емес, күнделікті. Нағыз зорлық-зомбылық бас көтеріп, зұлымдықтың дырау қамшысы іске кіріседі. Сонау жетінші сыныпта оқып жүргенде бір кітаптан оқығаны бар. Адам-пенде бір күнде 20 мыңға жуық, бір жылда 7 миллион, 70 жаста бес мың миллионға жете қадам аттайды екен. Шіркін-ау, сол жүрісің өзіңе ғана арналса бір қуаныш қой. Басқаға еңбек етесің. Күнделікті

шарабын, тіске басар нанынды табуың қияметтің қияметі. Жуан білектілерге қарсы шыққан, тауарға айналасың. Алматының маңына жуа өсіруге, Құрақсудың құмына қамыс шабуға жегеді. Ең "құрметті" тауар кезің, әлде бір қойшының қойын бағу, кісі есігінде жүру. Оған көнбесең жейтінің күнде таяқ. Адамдар неге құтқармайды дейсің ғой. "Пәледен машайық қашыпты" деген мақал бар. Сенен бәрі ат-тонын ала қашады...

Әдетте, адамды ой жейді. Нәри anandaйдан темір жолдың рельстерін көргенде бірден есін жиып, жан-жағына алақтай қарады. "Пау, мынау қай жер?" деп күбір етті. Қыбыр еткен жан баласы көрінер емес. Кенет көзі әр жүз метр қашықтық сайын ақ бояумен бояп, ортасына 2 мың 412 метр деп жазылып, сырыққа бекітілетін тақтайшаға түсті. Яғни, елді мекенге жету үшін құбылаға қарай осыншама жер жүруім керек. Тағы да абайлап жан-жағына көз тастады. Мылқау тіршілік. Ойдым-ойдым тобылғы түбі мен су ішпей, бойы өспей қалған бөкенс қарағайлар түс берді. Пойыздардың осы жолмен қиырға, құбылаға жол тартатыны анық. Сөйткенше, көзі анадайда жатқан күрекке түсті. Кәдімгі жер қазатын, жүзі жарқыраған жұмыс құралы. Жол бойын кезген жөндеушілердің бірі ұмытып тастап кетсе керек. "Мынау бір үлкен олжа. Жақсылыққа жазсын" деді жымия күліп, ішінен күбірлеп. "Екі қолға бір күрек". Темір жолдан ығыстай беріп жөндеушілер із тастаған соқпаққа түсті. Он аттап, бес қарап алға жылжыды. Алғашқыда шағылдың төменгі ұзын бойы ауыл үйлері сияқты көрінген. Сөйтсе, өңшең бір бұзылған тамдар. Қиырындағы төбенің үстінде он шақты бейіттің құлағы қалқаяды. Жұрты қалаға көшіп кетіп, қаңыраған мекеннің бірі болмасын мынау. Төбесін ашып алып, қу басы қаңқайған қабырға, оны күзеткен жалғыз жарым күтімсіз ағаштар. Бақшалықты қоршаған сым темір, тот басқан қаңылтыр, вагон дөңгелектері. Кенет ойына: "Ойпыр-ау, бұл қамыс шабатындардың тұрағы болып жүрмесін. Өзім келіп тұтылып, қолға түскенім бе?" деген ой сап етті де, селкілдеп қоя берді. Бірақ бұл маңда қамыс атаулы өспегенін көргеннен соң барып сабасына түсті.

Қызыл үйдің шатыры дін аман екенін байқап, ойпаңдау жерге етбетінен түсіп жата кетті. Тірі жан бар болғаны ғой. Сөйткенше, шабалан үрген кішкене кәндек ит желке тұсына кеп қонақтады. Құбыжық көргендей-ақ тегі... Ал, құтылып көр, қолға түсті деген осы шығар деді сонан соң. Қудды барар жер, басар тауы қалмағандай күй кешті.

Әзірге үйден ешкім бой көрсете қоймады. Адамның қарсылық көрсетпегені жанына жақты ма, ит те үргенін тиды. Анда-санда үй жаққа қарап, бырс етіп үн шығарады да, қалт еткен қимылын бақылайды кеп. "Әй, саққұлақ күшігім-ау. Мен сенің жауың емеспін. Тағдырдың маған жазғаны — осылайша күн кешу. Әйтпесе, кәдімгі адамдардай тікемнен тік тұрып, сенің шабалanғаныңды місе тұтпай, ана үйдің босағасынан аттамаймын ба? Көріп тұрсың, жасырынып жатырмын. Қарақшы, ұры емеспін. Қайта сондай адам еместерден ұрланып қашып жүрмін. Ешкімге жазығым жоқ" — деп күбірледі. Қара күшік бір нәрсе ұғатындай құлағын қалқайтып, көзін кілбитіп қарайды кеп. Қызыл үйдің маңы тым-тырыс. Біраз уақыт өтті. Енді бір сәтте айдары қызарған сұр әтеш мекиендерді алға бастап, жайылуға деп қойды. Артынша әлдекімнің жөткіріңгені естілді де, қара күшік мені тастап зырқырап солай қарай ұшты.

Бұрыштан бұтына шалбар киген, шашы үйпа-түйпа, бәкене бойлы әйел көрініп, ыдысқа қолындағы табақтан жуынды құйды да: "Қасқыр көргендей сонша шабаланғаны несі?" — деп, итке бір ұрсып алып, қарсы бетке қарады. Ешкімнің қарасы көрінбегеніне көзі жетті ме, әйел бес-алты қадам жүріп барып, табақты қабырғаға сүйеп, бетін сыртқа беріп шалбарын шеше бастады. Сойтті де, "міндет қой, маған не қыл дейсің" дегендей, аппақ сандары жарқ етіп, қарсы алдына тізерлеп отыра кетті. "Мұнысы жөн болсын" деп күбірледі Нәри. Жатқан орнында қара тастай қатып, лемсіз қалды. "Мұны көрсе дауыс салып үйге қарай ата жөнелуі анық. Қимылының ширақтығына қарағанда буынына сарысу тоқтап, сарысүйек болған егде жан емес. Жалғыз әйел мына қаңыраған ауылда сап бас, сабау қамшы тұруы мүмкін жай ма? Мынау қамыс шабушылардың жағағы емес шындығында. Олардың темiржол бойында несі бар?

Ондайлар елден қашық жүргенді ұнатады. Ал, мыналар разъезд күзетшісі ме екен? Мүмкін жағдайлары болмай, орталыққа көше алмаған шығар. Малын бағып, күнелткендер болды. Әп-сәтте басына сан ой кіріп, сан ой шықты.

Әйел асыққан жоқ, орнынан тұрып, іш киімін кимей тұрып, аппақ денесін ары-бері қасып алып, шалбарын түрінді де, жан-жағын шола тағы бір көз тастап үйге беттеді. Нәри "ендігі кезек еркегінікі" деген күбірлеп.

Айтқаны айдай келді. Үй иесі көп ұзатпады, қақырынып, түкірініп далаға шыққанда, қаракүшік шабалана үріп, Нәри жатқан ойпаңға жетті. Орта бойлы, басына қызыл тақия киген сіліңгір қара жатқан орнынан көтерілген Нәриге сескене қарады. Өзіне қарай беттеген бейтаныстың әр қадамын санап тұрғандай. Бас-аяғын түгендей қарап, қалшиды да қалды. Әсіресе, өсіп кеткен сақал-мұртына шошына көз тастады. Бөтен адамның анадайдан берген сәлеміне де жауапты қысқа қайырды. Ернін жыбырлатты да қойды.

– Құдайы қонақпын, – деді Нәри, қолын ұсынып жатып. Көгерген көзге, дал-дұл киіміне қорашсына көз тастаған мекен иесінің жүзінде мысқыл табы білінді.

– Бұл маңның көкшолағы емессің ғой, – деді сонан соң мырс етіп. Онысы "көп қаңғыбастың бірісі" ғой, сені кім шақырды дегені еді.

– Әлдінің әлсізге жасаған зорлығының құрбанымын, – деді Нәри кірпігін қақпаған күйі.

– Сендер тегі солай сөйлейсіңдер ғой, – деді мекен иесі күтпеген жерден қитығып. Жөн-жосық жоқ, ақ-қарасын айырмай, бірден кеудеден итеруі жанына тиді.

– Есің барда еліңді тап деп тұрсың ба? – деді енді Нәри сізден сенге көшіп.

– Сендер көзге көрінген босағаны бір сүзбей тыныш жүре алушы ма едіңдер, – деді енді қырсық қожайын.

– Заманым бір еді ғой деп келіп ем саған. Жала бар жерде пәле барын баяғыда ұққан жанмын. Кәпір екенсің.

Ашуға булығып, теріс айналып жүре беріп еді, осы бір сәтке дейін қырсыққан үй иесі:

– Әй, тоқта, – деп дүңк етті. – Бұйымтайыңды айт.

Нәри түгі тікірейіп, сілінгір қараға кектене қарады.

– Не дейсің?

– Айтпағың не? – Бейтаныс алғашқы сөзін өзгерте қайталап. – Қайыру бермей барасың ғой, тегі...

– Жарамның аузын тырнай беріп қайтесің...

– Өзің әзіл көтермейтін доғалақ екенсің, – деді енді ол дауысын жұмсартып.

– Көрмеген жанның көрінбейтін көк найзасы болады. "Өлмесең өмірем қап" десем не дер едің?

Бәйге сөздерді ерттеп мінген мекен иесі әңгіме барысында тағы тулап барып басылды. Сілінгір қараның жүзіне қан жүгіріп, сиырдың тіліндей шырыш-шырыш алақанын ұсына беріп кілт тоқтады.

– Осында жолдан жырыла қашқандар бар. Оның қуы қайсы, бұзығы қайсы екенін бір көргеннен жазбай тани аласың ба? Байқағаным, жөні түзу пенде сияқтысың.

Сілінгір қара қара судан қаймақ алғандай қып, қара сөзбен әділ жол іздегенін аңғартты.

– Қайдан келесің? – деді сонан соң көзін Нәридің өңменіне қадап.

– Құмнан. Осыдан он бес-жиырма шақырымдай жердегі каналдың бойынан.

– Соқ өтірікті. Мәуледи шешеннің қамыс шапқан "бомждарының" бірісің ғой.

– Бола жаздап қалдым... Қамыс шабасың деп, қаладан ұрып-соғып алып шыққанын білемін. Осыдан екі күн бұрын, мені өлдіге санап, машинадан айдалаға лақтырып тастап кетті.

– Ал да иттің баласы-ай. Олар солай өзі. Тамұқтан келеді екенсің ғой.

Жауап орнына Нәри басын изеді.

– Олар бұл маңға да келіп тұра ма? – деді сонан соң.

– Е, жоқ. Көкқамыс бұл жерден елу-алпыс шақырым, ит өтпес қалыңда ғой. Мәуледи маңайына басқаның ат ізін салғанын қаламайды. Сонау көктемде мал іздеп барғаным бар, – деді мекен қожасы әңгімесін жалғастырып. – Үкіметтен қадағалау жоқ қой. Өңшең келімсек милицияның аузын майлап алған, түге. Білсе

де білмеген болады. – Сөйтті де бейтаныс әңгімесін тия қойды. Бурыл тартқан адам мұрты қозғалақтап, жан-жағына үрейлене қарады. – Сен Мәуледидің жансызы болып жүрмегін, – деді Нәридің асты-үстіне сұқтана қарап. Нәри азар да, безер боп, басын шайқады. Сілінгір қара сенген сияқты. – Бұл күнде қатерлі идеялармен қаруланатындар бар десем қателеспеймін. Ойлайтыны өзі, өлтіретіні адам. Бұл індет тұншық-тырылмайды. Адамдық жауапкершіліктен гөрі хайуани еркіндікке асығатындар көп. Отызыншы жылдары Азербайжан жерінде екі адамнан оба індеті шығып, бүкіл ауылға таралып, адамдар өле бастайды. Жан алып, жан берiскен дәрігерлердің де шамасы жетпейді. Ақыры үкімет тарапынан комиссия шығып, екі ауылды да әскерлер қоршап, жермай шашып өртеп жіберген екен. Сөйтіп, бес жүз адамды құрбандыққа шалып, миллиондағандардың өмірін сақтап қалыпты.

– Әттен, солардың көзін құртса ғой, – деді Нәри тістеніп.

– Тік тұрғызып қойып атса, дар ағашқа асса. Қатал заң шығарса.

– Иә, – деді ауыл иесі. – Бірақ... онысы болмай тұр ғой. Жең ұшынан жалғасу меңдеп барады.

Ауыл қожайынының есімі Болғанбай екен. Жібі түзу, оңды адам сияқты. Әу баста бұл мекенде елу шақты түтін қоныс теуіп, "Коммунизм" атты разъезд болыпты. Баққаны мал, тамағы тоқ, киімі бүтін, жалғанға реніші жоқ өмір сүріпті.

Болғанбай өткен-кеткенін сөзбен жұқалап жона бастады.

– Ошақтың үш бұтына есендік берсін де. Бәрін бүлдірген белбеуін көкірегіне таман буынып, адамсынған шолақ етектер. Анау көршідегі совхозды ак-карасын айырмай, жөн-жосық жоқ, қырық мың қойшын, бес мыңға тарта ірі қаранын, тоғыз жүзге жуық жылқының бір-екі жылда сайда санын, құмда ізін қалдырмады. Малмен жусап, малмен өретін ел, жалғыз биесін арқандап, ірі қарасын қолына ұстап қалып еді, ұрысы шықты, түге. Қотанға шапқан қасқырдай ту-талақай дүние басталды. Ак-карасын айыратын басшы қайда?

Малды емес, жанды ойлар шақта, бұл індетке не дерсің? Қазақ іші казанның құлағына таласқан күндес катындай, жоктан өзгеге урты толып, бір-бірін жеп қоярдай бұртиысатын әдет шығарды. Тиын санап сенделді. "Есің барда, еліңді тап" деп, күшіне сенгендер, артынып-тартынып қалаға көшті. "Ит басына іркіт төгілген заман" келмеске кетті. Жалғыз үй калдым. Құдаймен салғыласканмен не шара. Саптан сынық сүйем ажырамаған жан едім. Әйтеуір, осы малдың сүмесінен ажырамайын деп, әһілеп-үһілеп осы 41-ші разъезде қала бердім, – деді Болғанбай бір демалып.

Сәл үнсіздіктен соң мекен иесі бір күрсініп алып, әңгімесін жалғады.

– Мынау ауыл анда-санда жол жөндеушілер келіп-кететін тұрақтау нүктесіне саналады.

Көптен бері адам атаулымен тіс жарып әңгімелеспегендіктен бе, Болғанбай ойындағы барын ақтарып салды. Кезек Нәриге тигенде бұл да есілді. Болғанбай әңгіменің кейбір тұсында түйнек болған жылқыдай тыпырлап: – Саған қарағанда біздің көрген күніміз жұмақ екен ғой. Әй, иттер-ай. Бәсе, бұлар ешкімді аямайды. Арақ әзәзіл азғырған екен-ау, ә, – дейді.

– Енді не істемексің? – деді ол, әңгіме бітпей шыдамсызданып.

– Маңдайымнан көрермін. Қаупім де жоқ емес. Жаһанның көзіне түссем өлтіреді. Мені кебін кигендер санатына қосқан шығар. Енді құм менің мәңгілік мекенім болмак, – деді Нәри.

– Қараорман халқына не дейсің?

– Олармен енді тұзым жараса кету оңай бола қоймас. Қаңғыбас емеспін бе?

– Сонда қалай, мәңгілік құм адамы болмақсың ба?

Нәри мойындағандай басын изеді.

– Ал, егер билік орындарына барып жөніңді айтсаң ше? Адамды қорғай алмаса несіне үкімет? – деді Болғанбай.

– Қорғаса біз сияктылар неге жер басып жүр? – деді Нәри қарсыласып.

– Иә, солай-ау, – деді Болғанбай. Сонан соң басын шайқап сәл тұрды да басқа әңгіменің қисыны жоқ екенін білді. Әлсін-әлсін көз астымен ұрлана қарап қойды.

– Дұрыс-ау. Әділ сөзге әуейі ғана карсы сөйлер. Баланың ойыны, бақсының жыны болып кетті ғой, бұл дүние. Енді сенің атың – жапандағы жалғыз адам. Өзің де айыптысың, ортаң да кінәлі. Көр, мүмкін сол жалғыздықтан бақытыңды табарсың. Жаһан бұл маңға жоламайды. Оған сен. Ол Мәуледиден қорқады. Арам адамдар бір-біріне сенбейді. Бірақ көрінген көк аттыға мен құмда жалғыз тұрып жатырмын деп айта көрме. Жау көп, дос аз.

Нәридің сақалынан үркектеген қара домалақ бала, анандайдан ұрлана қарап, сәл отырып, шыдамай сыртқа шығып кетіп еді, жайпақ табаққа салынып, буы бұрқырап дастарханға ет келгенде, шешесінің шақыруымен қайтып оралды. Үйдің от анасы – қара торы әйел қамырын жайып, сорпасын құйып, жерден басын көтермеді. Бет-жүзінің түтін қырып, едірейген таңқы танауының алдына бір шөкім қылып іріп тастаған мұрты селкілдей отырып, Болғанбай ет турады. Арааpасында жымиып күліп: – Сүйек мүжи отыр, – деп әзілдеуді де ұмытқан жоқ.

– Құдайдан сұрап алған жалғыз ұлың тілеуін тілеген жайымыз бар. Бір-екі айда, күз еңкейе стансаға көшіп кететін шығармын, – деді сонан соң.

Кедейдің бір тойғаны – шала байығаны. Етті жеп, шай ішіп, орындарынан тұрған соң Болғанбай Нәриге бұрылды. Бұл қарасының астарында "енді не істейсің?" деген сауал жатыр еді.

– Жақсы аға, қарақшылар маңыма жақындамайтынына өзің сендірдің. Ауылыма қайтайын, – деді Нәри.

Әлде не сұрауға батылы жетпеді. Болғанбай сұңғылалығын танытып, Нәридің ойын бірден ұқты. Қазекеннің астындағы жалғыз атын қонаққа мінгізіп жіберетін әдеті, далбалақтап есі шықты.

– Балта, балға, шеге, тот басқан ара, ине-жіп, арқан, қасық, табақ... бір бума сым темір... Осының дені көшкендерден қалған, – деп күңк етті Болғанбай. – Күрегің бар екен... Мына күпәйкені ал.

Әлгінде өзін ішіп-жердей боп қарсы алған мекен иесі Нәриден ештеңесін аяр емес. Бір күн сәлемдескенге қырық күн сәлемін жолдайтын, қайран қазекем-ай...

Бас салып құшақтап, сүйіп алғысы келді. Құдды бауырын алыс сапарға шығарып салып жатқандай-ақ.

– Мұның бәрін қалай жеткізесің, ә? – деді сонан соң тағы күңкілдеп.

– Нәке, қоңыр биені құмға бір салып көрейік...

Болғанбай резина дөңгелекті арбасын жегіп:

– Ал, бауырым, отыр, – деді. – Әй, бәйбіше, мал Қарашеңгелде жүр. Көзіңнен таса қылма.

Кенет Болғанбай жүріп бара жатқан арбадан жерге қарғып түсті де қора жақты айналды.

– Жеті қазынаның бірі. Анау күні Түйебай келгенде бермей қойып едім. Қасқыр иттің күшігі. Көзің болады. Сеп қой, – деп кішкентай тіршілікті қыңсылатып Нәридің қолына ұстатты.

– Кеттік. Бөгеменің басы деп ең ғой. Кеше су жарты сағаттай сарқылып қалып еді. Бәсе, бар пәле өзіңнен келген екен ғой.

Болғанбай ыржия күлді.

* * *

"Дефоның Робинзоны сияқты кедей емес, мен баймын", – деді Нәри күбірлеп. Ал, "ағасында" маза жоқ. Апанды айнала қарап шығып, ойпаңдау жерді қолымен нұсқап:

– Бақшалығың мына жер. Судың да келуі оңай. Желден де ық. Бөгде адамға байқалмайды, – деді.

–Құмға кім келер дейсің? – деді Нәри Болғанбайдың бетіне таңдана қарап.

– Мәуледи мен Жаһаннан басқа да зорлықшы атаулы қаптап кеткен жоқ па, түге. Милицияң да, аң мен құсты қорғаушың да, аулаушың да бәрі сау сиырдың боғы емес. Оған әділдіктен ада, зорлыққа жақын, сексеуіл жинауға келгендерді қос. Жұрт момын болса, бауырым, мына құмда тентіреп нең бар еді? Мен жетімсіздіктен, кедейліктен басқаларға ілесе алмай айдаладағы разъезде жалғыз атандым. Ал, сенің тағдырың мүлде басқаша...

Сөйтті де ағасы көңіліне ауыр алып қалдың ба дегендей Нәридің арқасынан қақты.

– Сен еркек адамсың. Мен сенің қайсарлығыңа,

талабына сүйсіндім. Басыңның азаттығын калаған екенсің. Баскаға киянатың жок. Барар жер, басар тауың да белгісіз. Бірак, жауларың тіпті де олай ойламайды. Олар үшін адамды өлтіре салу коңыз мыжығандай. Пенде атаулы шыр етіп дүниеге келгенде кұдай екеш кұдай да адамдардың маңдайына тағдырын жазып кояды екен дейді. Жабыкпа, бауырым. Әзәзіл азғырған соң, кайтесің. Әлі-ак үйреніп кетесің. Енді күнәдан тазар. Сен өзіңмен өзің күресуге тиіссің.

Нәри басын изей берді.

– Кұдай сәтін салса, Кұмжарғанға көшерде бір соғармын. Сенің тірлігің туралы ешкімге тіс жармаймын. Өзің де сак бол. Әрине, жалғыздык кинайтыны анык. Әлі катарға косыласың. Адам үш күннен кейін көрге де үйренеді дейді ғой. Болғанбай өзінің көп сөйлеп кеткенін де аңғарар емес.

– Мен Сабырбайдан жалғызбын. Жалғыздыктың не екенін білемін. Кеудемсоктардан, комағайлык пен нысапсыздыкка жегілгендерден мүлдем бөлекпін. Ал, енді мен кайтайын. Пау, ұмытып бара жатыр екенмін ғой...

Болғанбай арбаның калактарына байлаған кішігірім дорбаны алып Нәриге бұрылды. Жан-жағына ұрлана көз тастады да аузын шеше бастады.

– Жалғыздың жауы көп. Мына пәле сандыктың түбінде жатушы еді. Ойлап карасам, саған керек екен. Менде тағы біреуі бар. Осы күні кімге сенгендейсің, – деді ол күңгірлеп. – Ешкімге көрсетпей жасырып жүр едім, саған бұйырды.

Дорбаның ішінде бөлшектеп тастаған отыз екінші кұс мылтык, жеті-сегіз патрон, бір дорба ок-дәрі, тағы бір түйіншекте коргасын бытыра, патронды октайтын киіз тығындар...

– Полицей мен аң-кұс корғаушылардан сак бол. Тартып әкетеді. Кұрығы ұзын, иттердің. Заң деп кеудесін токпактап шығады, түге. Сенің жалғыздығыңды кайтсін.

Нәри мән-мағынасыз басын изей берді.

– Бұл кұмда аң да, кұс та жетерлік. Артылып бара жатса, маған хабарла. Шауып келіп, тиеп әкетемін.

– Кеудемдегі жанымды сұрасаңыз да сіздікі. Рақмет сізге, ақжүрек аға, – деді Нәри. – Мен де жалғыз, сіз де жалғыз екенсіз. Қол ұшын бергеніңізді өлгенше ұмытпаспын.

Дауысы дірілдеп шықты.

Нәри Болғанбай ұзап кеткенше артынан ұзақ қарап тұрды. Жандүниесі қозғалып, осы бір аузын ашса көмекейі көрінетін жанның қамқорлығы ма, әлде шексіз алғысының көмегі ме, ащы ішектей созылған мына бейнетті өмірінде санатта бар, сапта жоқтығынан ба, тамағына ащы өксік тірелді.

* * *

Ай-хой, шіркін! Мұның жекеменшік үйі бар. Екі түнеп шықты. Алматыдағы көпірдің астындағы "ұясынан" мың есе артық. Тек сары масадан көрген қорлықты айтпа. Оған да үйренеді екенсің. Болғанбайға мың да бір рақмет. Қақпаны іске жарады. Екі-үш жымға құрып еді, ертеңгісін барса, көзі бақырайып, Қарынбайдың[1] екі түйесі отыр. "Менде азық жоқ, сенде жазық жоқ" деп, бауыздап үйге алып қайтты. Қолтығында мылтығы, қолында сойылы. "Нағыздың өзі дерсің. Жапанның патшасымын" деп Нәри дауыстап жіберуге шақ қалды. Содан баспанасына келген соң олжасының терісін керіп іліп, етін тұздап, қазанға салып қойды. Қу сексеуіл маздап жанып, жер ошақтың түтіні бұрқырайды. Құбыла беттегі өзен бойындағы қалың нуды шауып, баулап, арасынан сым темір өткізіп буып, жеркепенің сексеуіл уықтарының арасына нығыздап салды. Жерге буылған қамыстан еден төседі. Сексеуілдің түзулерінен қиып, бір-біріне жымдастыра қысып, шегелеп жасаған үстелі де көңіл қуантарлық. Жақсылап бояп, әрлеп, лак жағып жалтыратса қаланың еуропашыл зиялы қауымы қанын жерге тигізбей сатып алатыны анық. Нәри отырған орнында өткен-кеткенді есіне алғанын өзі де байқамастай.

Адамның басы – Алланың добы. Күні кеше Құрақсудың құмында есімді жимай, өліп кетсем, құзғынның

---

[1]Қарынбайдың түйесі – Халықка осылай айткан қоянды.

тамағы едім. Енді мен адаммын. Періштем қақты. Жалғыз демесең, аштан өліп, көштен қалмайтын сияқтымын. Менімен бірге "боқтық" іздеген бомж Ботай деген жігіт "Барға қанағат, жоққа сабыр" деуші еді. Мен енді бомж емеспін. Өзім өз болып, тамақ пісіріп жатырмын. Басымда баспанам бар. Адам жанына қуат беретін құдіретті күш бұл өмірде ақындардың жырында екен.

Ер жұмысқа жараған күн туады,

Өледі – ол қолынан іс келмей қалған күн.

Қай ақын еді? Есімін ұмытты. Әлде Фариза, әлде Мұқағали?.. Қойнына қол салып еді жартыкеш айна ілінді. Шынында, айнаны ойлап тапқан адамға мың алғыс. Адамдардың көбі осы бір құдіретті затқа аса дұрыстап үңілмейді. Олар үшін айна сәндік құралы ғана сияқты. Құдай екеш Құдай адамдардың бәріне: "Ей, адамдар! Менің әмірімді орындаңдар! Күнделікті бір рет айнаға үңіліп, өздеріңе "мен кіммін?" деп сұрақ қойыңдар десе ше? Нәри өзін-өзі көріп, жиіркеніп кетті. Өнебойы дірілдеп салды. Сақалы өскен, самайы аппақ, шекесі ісік, көз алды көгерген, жүзі әжім-әжім. Мұрны да мыжық-мыжық біреу. Отыз екі тісінің біразын жұдырықтан "құтқара" алмаған. Қаны басына тепті. Неге шашы қара бұйра, қою, екіге жарылып таралған, жазық маңдайлы, қыр мұрынды, қарашығы кіші қара көз, домалақ жүзді, қияқ мұрт Нәриман Жансейітұлы Бексейіттегі болмасқа?..

Шәугімдегі ыстық сумен түк басқан жүзін жуып, лыпып тұрған бәкімен қырына бастады. Өрекпіген көңілі орнына түскендей. "Енді сен кешегі қоңыз терген Нәри емес, басында баспанасы бар, құлдырау дәуірінен құтылған, жапанда ешкіммен шатағы жоқ Нәримансың" деп күбірледі. Еркіндік салтанатын тойлайтын күн бүгін. Сонан соң өзінен-өзі дауысын зорайтып: "Ей, күшік Жаһан! Мені көрдің бе! – деп мырс-мырс күлді. – Иттің баласы, осыдан кейін маған қарап аузыңды ашсаң, аузыңды мына бәкімен жырып жіберемін. Түсіндің бе? – Сойтті де жын ұрған адамдай сақылдай күлді. – Азат адамның түрін қара деді сонан соң. Жедел басып сыртқа шықты да, дөңнің үстіне жүгіре көтеріліп, жан-жағына көз тастады. Сайын дала, шағыл-шағыл құм,

топ-топ жыңғыл, андыз-андыз сексеуіл шоғы, бапа камыс... Көгілдір аспан мөп-мөлдір, титтей тозаңы жоқ. Дала құлаққа ұрғандай, таскерең. Күн қайтқанмен кірпігі әлі өткір. Ана бір қиыр беттегі топ шағылдың төбесі алыстан қарағанда жиналыста отырған қаба сақал шалдарға ұқсайды екен. – Әу, қарттарым-ау, аска келіндер, – деп шақырсам ба екен. Тағы да күлді. Өзінен өзі күңкілледі. Әлдекімді іздегендей. "Әттең-ай, жанында тіл қатар біреу болсашы". Осы бір жалбарынышты үнді құм желі алысқа алып кеткендей. Ех... ех... ей, мен жалғызбын! Жапандағы жалғызбын. Мені іздер қайсың бар. Адам күні адаммен дегендерің қайда? Бәрі жалған, өтірік пе сонда? Құдай-ау, неге көрмейсің мені. Неге естімейсің, мұңымды? Сөйткенше әлде ненің қыңсылағаны естілді. Болғанбай сыйға тартқан қасқыр күшік. Әлгіндегі желігу әп-сәтте басылды. Еңкейе басып дастарханға ас алып кірді. Еттің иісін сезген бәлекет қаракүшік те баяз таппай қыңсылап қоя берді. – Уа, құдайым, бұл күнімді көп көрме. Пәле-жаладан аулақ қыл, – деп бата жасады да, еттен бір кесіп аузына салды. Қаракүшікті де естен шығармады. Бұл Нәридің он жыл тентіреген азапты күндерінде өзімен-өзі болып еркін отырып, тұңғыш рет аузына салған еті еді. Құдай атсын! Нәри жан-жағына жалтақтап қарап, әлде нені іздегендей күй кешті. "Мені нағыз жетесіз дерсің. Дәніккеннен құныққан жаман деуші еді. Шарап ішкім келеді. Құрысын бәрі!.." деп күбірледі.

* * *

Нәри ертеңгісін тұрып далаға шықса, жеркепеден жиырма-отыз метрдей жерде "досы" отыр. "Ау, Қасеке, жайшылық па? Төрдің төбесіне шық! Бұйымтайыңды айт. Бар керегіңді ал. Сенен аяғанымды ит жесін. Ненің күні өтті? Әлде біреу мазалады ма? Көкесін көзіне көрсетейін" деді күңкілдеп. Үйге кіріп, мылтығын алып шықты. Жойдасыз тірлігін досы жақтырмады ма, кім білсін, әлде қорықты ма, орнынан еріне көтеріліп ұзап барып қайта шоқиды. Сонау көрінген биік шағылдың бауырындағы су орып кеткен жарқабақтың астындағы

калын тобылғынын ішінде іні бар сиякты. Тіпті кару ұстаған жаннан селт етіп корыкса, кәне. Жайымен басып мекеніне карай бет түзеді. Ауык-ауык Нәриге карап койып, алға бастайды. Тірлігі жұмбак, тегін емес. Түз тағысы не ойлады екен деп басы каткан Нәридін есі шыкты. Әлде мен сиякты тағы біреуді өлімші кылып құмға тастап кетті ме, жауыздар.

Нәри сүткайнатым уакыт өте, көкжалдын апанына да жакындап келді. Каскыр тұмсығын көтеріп ұлығандай дыбыс шығарды да жыраға түсіп ғайып болды. Калай дегенде де жырткыштын аты жырткыш, бөрінін аузы жесе де кан, жемесе де кан деген. Нәри жан-жағына бажайлай карап, інді түспалдап жакындап келді. Шағылдын дәл түбінен кұбылаға карай канал өтеді. Ағыны мол судын осы бір Құраксуға не кажеті болды екен деп, талай рет өзіне-өзі сауал койған. Сөйтсе, өзенді Балкашка жеткізудің амалы екен. Сөйткенше, кұбыла беттен су сарылы естіліп калған. Ғажапты кара! Макұлык екеш макұлык та баласы үшін не бір әрекеттерге барады. Жырынды су кұмнын ойдым-ойдым тұстарын арна жасап, төмендей келе, каскыр апанынын жакын тұсынан ордан кұлапты. Су, от – жау. Еруге – кару. Көкжалдын мына бір әрекетіне адамнын іші елжірейді екен. Күні кеше жолға шыкканда тауып алған күрегіне жетті. Екі-үш бау камысты аркалап алды. Білекті сыбанып, кара терге түсіп, каналдан жырылған суды тарс бекітіп, отыра кеткен. Сойткенше, көкжал кайта шығып ары-бері жүре бастады.

– Көршім-ау, сен мені өлімнен куткарсан, мен сенін бөлтіріктеріндi апаттан сактадым. Сен акылды көкжалсын. Шындығында мен де сен сиякты акылды жырткышпын. Жалған деші, – деді Нәри дауыстап.

Нәри лашығына бет алғанда Көкжал біраз жерге дейін артынан еріп келді. Сонан сон көкке карап бір ұлып, кері бұрылды. Шамасы, алғысын жаудырғаны шығар. "Әй, адам, саған рахмет. Бір-бірімізге бас-көз болайык дегені болар" деді Нәри күлімсіреп.

* * *

Нөрилі сонау күздің бітер айында бүйі шағып алды. Жібімен тор құрған бүйіге ұқсас өрмекші атаулы мұнда жыртылып-айрылады. Әр бұрышта торын тоқып, жауын аңдып, генсеріп тұрғаны. Ел өрмекші жол ашады деуші еді. Бірақ, бәрі керісінше. Үйдің ішінің ауасы тар. Тыныс алу қиын-ақ. Ашық-шашық жата беретін. Дүниеде жалғыздықтан қиын не бар екен? Ешкіммен сөйлесіп, сәлемдесіп, әңгімелесе алмайсың. Өйткені, сен айдалада жапан түзде, адам қарасын көрмей күн кешудесің. "Көңіл күйіңіз қалай?" деп сұрайтын да ешкім жоқ. Тіпті ауырып қалған күнде аузына су тамызатын тірі пенде табылмайды. Соны Нөри бастан кешіруге мәжбүр болды.

Түннің бір уақытында әлде не кеудесін қайта-қайта қытықтап, жыбырлата берген. Екі-үш рет қолының қырымен сырып тастаған. Өрмекші қуып қалғандай кеудесіне қайта өрледі. Өз обалын өзіне деп таптап өлтірді. Сөйтсе жаңа туған баланың жұдырығындай сары бүйі. Оны жеп қоятын бұл құмда тоқтылы қой қайда? Адамға қиянат жасадым-ау деп түйсінсе ғой, натшағар. Бірақ, пәлекет жасарын жасап үлгеріпті. Мұндайда су ішпейді, у бүкіл денеге жайылып кетеді. Орнынан тұрып, сыртқа шықты. Басы айналды. Жер-дүние аударылып-төңкеріліп бара жатқандай. Біраздан соң күндегі әдетімен сынық айнаға жабысты. О, сұмдық! Көргенін кімге айтар. Айнаның бетінде өзі бұрын көз алдына елестетпеген құбыжық бейне тұр. Беті домбығып, шиқан сияқты жарылардай күлдіреп тұр. Мұрны қолағаштай, аузы дорбиған ісік. Қазан басының маңдай тұсынан екі сызат — көзі жылтырап көрінеді. "Қаңбақ шал" мультфильміндегі үш доудың ортаншысынан аумайды. Аңырып тұрып үсті-басын сипалады. Күп болып шермиіп кетіпті. Жүрегі қысылатын сияқты. Әлдекім "біткен жерің осы, жолдас Нөриман Жансейітұлы Бекейтгені. Қанша бір күйкентай ит жан шыбынымен тірі қалсаң, енді тағдырың жұмбақ. Аузына су тамызар танысың Болғанбай қоңып кеткен. Бір Алла жар. Әлде бұл тәңірдің маған жіберген соңғы жазасы шығар. Мына

дүниенің үстінде тойтырақтап жүргенін жететін шығар. Ана дүниеге де сен сиякты отка салса күймейтін, суға салса батпайтын біреу керек. Ешкімге залалың жок, айтканға көніп, айдағанға жүретін момынсың. Мына азаптан гөрі тыныштанғаның дұрыс емес пе?" – дейтін сиякты ма?

Есігін ішінен байлап, күпәйкесін тарс бүркеніп жатып калды. Одан кейінгісі көрген түстей. Айдалада, жапан түзде сокыр тұманның ішінде жүр. Әлсін-әлсін жүрегі токтап калардай сезінеді де шошиды кеп. Енді бір сәт басы өгіз, кеудесі адам, карадүлей карангы капаска сүйреп бара жатыр. Ары тарт та, бері тарт. Итжығыс дүние. Кенет өзін кара түнекке сүйреп әкетті-ау дегенде, баска бір күш мұны кері алып шығады. Нәри "ух" деп жеңіл демалып, рахатка бөленді. Бірак, куанышы көпке бармады. Карадүлей кайта жабысты кеп. Құтылмакка әрекет жасап, айкай салармын деп еді, үні шыкпады. Ойда-жокта Бексейіт атасы кездесті. Түсі сұсты, мұртын екі жакка ніре ширатқан, кaба сакалды, шүңірек көз, сұсты адам екен. Нәриге жакындап келіп:

– Әй, бала! Ит басына іркіт төгілген заманың келмеске кеткелі кашан. Ендігі өмірің, әншейін зорлық, ит мініп, ирек камшылағанның кері. Елмен түзың жараспады ма, менімен бірге жүр. Ес біліп, етек түргелі жаксылык атаулы сенен кашып, маңына жоламады, – деді колынан тартып.

– Онда мені хан ордасы күтіп тұр ма? Сары майдай сактаған нең бар? – деді Нәри тілге келіп.

– Тыныш өмірден кашкан сені көрдім. Өзің біл, – дейді атасы. Сөйтеді де ғайып болып кетеді.

Кенет әлде ненің бетін жалағанынан дір етті. Кұлағының түбінен әлде не кыңсылайды кеп. Сөйтсе, Болғанбайдың тарткан сыйы, осы үйдегі кіп-кішкентай екінші тіршілігі – Кокшулан. Өне бойы зілбатпан. Сел-селі шығып терлепті. Ит екеш ит те иесінің киналып жатканын біліп, көмекке келген бе? Тәңірі кеп кұлағына сыбырлап:

– Әй, күшігім, ана нендi Бексейіт атасы о дүниеге әкеткелі азғырып жатыр. Онсыз сенің күнің жок. Айдалада каласың. Камкорың жок, каңғыбас атанасың.

Жауын көбейеді. Бір күні бөрінің жемтігі атанасың, – дей ме екен?

Нәри кеудесін көтеріп өзінен-өзі қуанды кеп. Түсін жорыған болды. Егер әкім Бексейіт атасына ілесіп кете берсе о дүниелік болар еді. Бүйінің уы дарымады. Енді мен өлмеймін деді күбірлеп. Пенде емес пе? Білте шам сығырайып жанып тұр. Сыртта жел гулеп, каналдың суы сылдырайды. Баяғыда ертегілерде ер етігімен су кешіп, ат ауыздығымен су ішіп деп жатушы еді. Ойға калды. Жаһаннан коркып, айдалада кұмды кезіп жүр. Сонша сужүрек коркак па? Өзекті жанға бір өлім. Оған дейін стансаға барып адам санатына косылайын. Ертеңгі күні кыс келгенде не істемек? Бір күні мұнан да зорғыны көріп, атсыз, атаусыз калармын. Жұмыс істейін. Құдайға шүкір, ел көзіне кұбыжыктай көрінетін түрменің торына да отырған емес. Қой, сөйтейін. Екі ортада бүгін бүйісі шакса, ертең жыланы білегіне оралар. Қаракұрты тағы бар. Нәри ұзақ ойланды. Не істеу керек.

Жозаға сүйеніп, орнынан тұрды. Теңселіп барып түзелді. Жүрегі дүрс-дүрс сокты. Білте шам сығырайып, сәукелесінің ұшынан созылып, түтін шығып, түтіліп тұр. Ішінен байланған камыс есіктің бауын шешіп, сыртка шыкты. Меңіреу кұм түні, толған айдың сүт сәулесіне шомылып, кұм кұлазып жатыр. Естанды күйде. Қарауыткан, жұмбак шағылдар. "Ақ дегенім алғыс, қара дегенім карғыс" дейтіндей айбарлы, сұсты. Аспан төріндегі көмескі жылтырақ жұлдыздар күресінге лактыра салған шыны сынығына ұқсайды. Оңі өше бастапты. Таңның хабарын білдіре киырдан ескек жел есті. Кенет... Кенет, сонадайдан от болып жанған кос көзді байкап калды. Көкжал. О, сұмдық! Түз тағысының мұның баспанасында несі бар? Хайуанға "досының" бүйі шағып алғанын кұдай білдірді ме? Кокжалға іші жылып сала берді. Қамкор ниетке кай тіршіліктің болса да басы иіледі екен. Алаколеңке дала енді ғана ашылып салды.

* * *

Нәридің өз-өзіне серт бергеніне тура екі апта. Ой шырмауынан арылар емес. Қабырғасымен кеңесіп, есі шықты. Осындайда ақыл берер адам болсашы? Бөтен ауылға бөгде адам болып, қос өкпесін қолына алып жеткенде қалай қарсы алар екен? Құмды мекендегеніне алты айдың жүзі болыпты. Көктемді бітіріп, күзді де аяқтауға жақын қалыпты. Жатса-тұрса ойлайтыны – бейтаныс ауыл мен көрмеген адамдары. Олар түз адамы, бұл құм кезген қаңғыбас Нәри... Өскырының сырт тебе ме? Болғанбайға арнап отызға жуық ондатр, он түлкі терісі, біршама кептірілген балық дайындапты. Жолазыққа алған үйрек, қырғауыл еті...

Ақыры Нәри үйінің есігін мықтап жапты. Алып кетеді-ау деген заттарды құмға тығып, орнын белгіледі. Қойнындағы шолақ мылтықтың оқшантайында сегіз оқ-патрон. Мылтығының оқтауын кесіп, шағындап алған. Құдай тірі жүргізсе, мүмкін құмдағы мекеніне бір соғар. Күшікті қоса ертті. Тірі тіршілікті көзін бақырайтып, айдалаға қалай тастап кетпек?

Нәри Құмжарғанға екі қонып әзер жетті. Оның өзі бір хикая. Жанында Көкшұлан. Болғанбайдың көшіп кеткені белгілі. Шойынжолды жағалап құбылаға қарай жүре берді. Қаптың аузын буып байлап, арқасына салды. Ауылдың қадірін сағынған адам біледі. Тезірек көргісі келді. Асықты кеп. Мұндайда адамды көкжиектегі сағым "әзілдесіп" әуре қылады. Әсем-әсем үйлерді, көкке атылып өскен бәйтеректерді, жота, қырды көз алдына әкеліп, суретшінің полотнасындай жая салады. Не дерсің бұған? Әжесі екеуінің ескі үйін еске алып, көзіне елестетті. Апасының қара сиырының қыстай қорадан шанамен тасып үйген тау-теңіз жапнасы жазғасалым түбі қырық тесік ескі шылапшынға салынып, таптапып, әр жерге төгіліп, тезекке айналатын. Кепкен соң әр жерде бір шөмеледей боп үйіліп, жыпырлап қалуышы еді. Жесір кемпір, жетім бала болса да үйдің алдындағы белағашы тізгіннен босамайтын. "Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақтардың" сан түрін көріп, бала болып дауласып, бәстесіп, біреулері жеңіп, енді біреулері жеңіліп

жататын. Сонын бәріне айыпты ауылдың шеткі жағындағы доңнің үстіндегі жапырайған жаман үйдің иесі Қалиша апасы мен төрткұлак қара қазан еді. Әжесі ауылдағы бидай көже жасаудың кәнігі шебері болатын. Үй маңындағы келін-кепшіктердің екі-үшеуінің басын қосып, шай қайнатып, тарының жармасын қаймаққа шылап, үйірсектендіріп, бидайды кеуетіп, үшыртып алатын. Сонан соң қара қазанға боктіріп, кешке карай қара қиды баппен жағып пісіруші еді. Ескі көжеден сақтап қалған ашытқысын құйып, қазанның қақпағын ит тиместей етіп, бекітіп, тас бастыратын. Қара кемпірдің көжесінен өткен-кеткен кісі дәм татып, шөлін басып рахаттанып, рақметін айтып аттанатын. Әжесі бір ауыз алғыс сөздің шылауына байланушы еді. Өзін де дүниенің бар қызығы – адамның құрметі деп үйретті. Сол қазақы ықылас-іltипаттың бәрі сонау Киікбелеңдегі төбедегі бейітке әжесімен бірге жерленген сияқты ма? Адал да, ақ ниетті адамдарды көбейту үшін, жаңағы әжелерді тірілту керек шығар. Бір қызығы, адамдар қателерді мойындаудан неге қашады?

Бір сәт түтін иісі бұрқырады. Қабын тастай беріп, жақын маңдағы беленге шығып, көзін қолымен көлегейлеп, құбылаға көз тікті. Үміті алдамапты. Белен етегінен мал баққан екі баланы көрді. Одан арыда топ-топ қарағай көмкерген ауыл түс танытты. Көкшулан ит тұқымынан екенін білдіріп, өршелене шәуілдеп қоя береді. Табиғаттың керемет жаратылысы-ай. Балалар да елең етті.

– Ассалаумағалейкүм, ата! – деді баланың бірі анадайдан алдынан шығып, қол ұсынып. Нәрилің денесі дір етті. Сәлемдесуге де жатырқап қалған ба? Домалақ жүзді қара торы, таңқы танау бала батыл адымдап кеп сәлем берді.

– Жолыңыз болсын!

– Рақмет, айналайын, – деді сасқалақтаған Нәри.

– Шаршадыңыз ба? – деді енді екінші бала. – Адасып жүргеннен саусыз ба?

Ол шіркіндер Нәридің өмірден адасып жүргенін қайдан білсін.

– Қайратты екенсің, ата! Мынаның бәрін алып жүру оңай емес қой.

– Мынау овчарканың күшігі ғой. Нағыздың өзі болатын түрі бар.

Осы бір сәтке Нәри кездескен адамның сұрағына қалай жауап берерін ойламапты. "Пау, қайдан келе жатырмын демек? Құмда жалғыз өмір кешкен қаңғыбаспын деймін бе? Бір түрлі ғой. Аң емес, адаммын ғой. Оған айналайындар сенер ме екен. Төрт көз Нәридің әр әрекетін жіті қадағалап тұр. Даланы кезген жын-пері, шайтан ба деп күдіктенуі де мүмкін-ау.

– Аңшымын. Болғанбай деген ағайым бар еді осында. Ұмытпасам, осыдан біраз бұрын көшіп келуі керек, – деді Нәри, балаларды үркітпеудің амалын іздестіріп.

– Иә, ірі станса болған соң, құм-құмдағы разъездерде отырғандардан көптеп қоныстанып жатыр. Бірін танысақ, бірін білмейміз, – деді ересектеуі үлкен кісіше пайымдап.

– Қырық бірінші разъезден болуы керек. Иә, солай.

– Ә, олар анау Қапай жақта тұрады.

– Аңшымын дедіңіз бе? – деді осы сәт баланың кішісі.

Нәри басын изеді. Шындығында не демекпін? Қалың құмның ішін мекендеген адаммын. Мылтығым бар. Аңшы деу дұрыс болар.

– Құмда қасқыр, қоян, қырғауыл көп шығар, ә, аға?

– Әрине.

– Ағайды жолдан қалдырмайық. Ана "Қайығына мөшекті теңдеп, сол тұсқа апарып сал, – деді үлкені Нәридің ойынан дөп түсіп. "Қайығы" – есек.

Стансаның Қапай шеті біраз жер екен, Бекет екеуі рельс аралап біраз жүріп қалды. Неше бір вагонға тиелген көмірді тізіп алып қиырға беттеген тепловоздың машинисі буларды көріп сырнайлатып қойды.

– Әкең не істейді? – деді Нәри әлсін-әлсін мұрнын тартып, жөтелген балаға.

– Ол өліп қалған, – деді бала біраз үнсіздіктен соң.

– Анаң бар шығар?

Жауап орнына тайқы танау басын изеді.

– Түрмеден қайтпады, – деді бала әкесі туралы әңгі-

месін жалғап. – Оның жазығы жоқ еді. Анау Поштабаев деген қырмасақал "ұрламағанды ұрлады", деп сот туысына айтып соттатты. Біздің сыныпта оқитын соның баласы да оңбаған...

Кіп-кішкентай жүректің де озбырлық пен әділеттіктің аражігін айыра алатынын білесің бе, ағайын! Бала деп оларды ел қатарына қоспайтын әдетіміз бар ғой. Олардың насасы мен мұңының салмағы үлкендерден де ауыр, әрі аянышты. Мына баланың да елдің қызыл ауыз өсегі де өзегін өртеп, өшпенділіктің отын тұтандырыпты. Нәри өзінен-өзі ашуланып тісін шықырлатқанын сезген де жоқ.

– Әлі осыдан өсейін. Сонан сон көремін, әлі. Сот болайын деп үздік оқып жүрмін, – деді жолбасшы бала.

– "Хайуандар" әлемінің заңын өзіне мансұқ тұтқандар жетерлік қой, балам. Арманыңа жет. Тек әділет үшін күрес, – деді Нәри. Бұл бала адамның жан дүниесін хайуани түйсіктер, қатігездік пен қараулық, ұятсыздық пен озбырлықтар қамытын кигізіп, ноқталап жетектейтінін қайдан білсін. Әділетсіздікке кегі әкесіне деген баланың шексіз сағынышынан туған шығар. Бала Нәридің сөзіне ойланып, жүзі күрең тартып, әлде бір сезім жетегіне беріліп кеткендей көрінді.

– Анау екінші үйге осыдан біраз бұрын разъезден бір адам көшіп келген. Кішкентай баласы, әйелі бар, – деді.

– Рақмет, айналайын, – деді Нәри алғысын жаудырып.

Қабын көтеріп, биік ағаш қақпалы үйдің жанына жеткенше әлгі баланың сөзі ойынан шықпай қойды. Балалардың кездесіп, өзін әкесіндей сыйлап, жүгін көтерісіп, қамқор болуы, жанын жадыратқандай еді. "Сәби әлемінің тірегі – әке мен шеше десек, бала өмірдің – болашағы. Әкем де – жалғыз, мен де – жалғызбын. Жаратқан Иеміз Бексейіт әулетінің үрімбұтағын жалғыздауды өзіне міндет етіп қабылдаған ба?" деді ішінен.

Ойын аяқтап үлгермеді. Болғанбай ентелей басып кеп бас салды. Құдды бауырын көргендей-ақ. Аузын ашса көмекейі көрінетін адам атаулының ардақтысы

сондай-ақ болсын. Паровоздың оттығына көмір салатын адамдай, бет-аузы кір-қожалақ.

– Міне, жарадың. Келдің ғой, әйтеуір. Адамның адамсыз күні жоқ қой, – дейді.

Қаниза көптен көрмеген туысындай ашыла сөйлеп берсін.

– Адасып келдің бе? Мына стансадан 41 разъезд жақсы еді. Көршілікке ешкім қалмады ғой. Әуелі сен де құмға тайып тұрдың, – деді есен-саулықтың артын өкпеге тіреп. Нәри Қанизаға таңдана қарады. Тұлғасы кіп-кішкентай келіншектің таңдайынан шаны шығады кішкентай ұл: – Бұрын "ата" едің, енді "аға" болыпсың, – дейді. Онысы бір кезде сақалды едің, енді сақалсызсың дегені шығар. "Балалы үйдің ұрлығы жатпайдының" кері.

Болғанбайдың шаруаның адамы екенін Нәри бір көргеннен-ақ білген. Кәдімгідей тұрмыстанып, шаруасы үйіріліп, төрт бөлмелі үйде тұрып жатыр екен.

– Бір вагоныңды үш адам әп-сәтте түсіріп тастаймыз да, келісім бойынша ақша әкел деп қарап тұрамыз, – дейді Болғанбай бірден жарғақ құлағы жастыққа тимей, ертелі-кеш еңбек етіп жүргенін тілге тиек етіп. Шындығында, екі қолын қимылдағанға не жетсін. Нәри ішінен өзін Болғанбаймен салыстыра бастады. Шолақ мылтығын шолтаңдатып, қоян, түлкі, тышқан атады. Аттап кеткен жері олжа. Бірақ жапандағы жалғыз адамға көптің қажеті аз. Жалғыз-жарым жүргендіктен бе, іші пысып, ермек қылады. Балық дегенің каналда қайнап жатыр. Қармағың болсын де тек. Шырылдауық шегірткені ілмегіне іліп, жағада жарты сағат отырсаң, дорбаң балыққа толады. Жарып, тұздағанға ерінесің. Неткен кемерінен асқан байлық. Жапан түз, шағыл-шағыл құмнан не табасың дейтін сырт көздер қателеседі. Бірақ осының бәрі, адамдармен бір-екі ауыз тіл қатысқанына татымайды-ау. Иә, солай. Нәри ешкімге білдірмей күрсініп алды.

Құмжарған аса үлкен де станса емес екен. Жолаушылар пойызы үш-ақ минут аялдайды. Жерін жерлеп, суын сулап отырғандардың дені жан-жақтағы құмдағы ауылдардан көшіп келгендер. Тұрмыстың тауқыметін

бастан кешпесең білмейсің. Ертеңнен қара кешке дейін бала-шаға, қатын-қалаш, қолындағы барын пісіріп, жолаушы пойызды аңдиды. Ол шіркін де өрістен қайтып, құлынын емізген көк биедей біраз тұрса жақсы, ала шапқын боп, сырнайлатып алып, алға жөнейді. Қасқағым сәтте сауда да жүреді, келесі пойызға да жететін іс қалады.

Нәри көп уақыт ашылып бір пендемен тілдеспегеннен бе, тұйық қалпы. Болғанбай алыстан бір туысын қарсы алғандай қуанышты. Бабымен тұздалған сары сазанды ары-бері аударыстырып әлек.

– Сыраханаға апарсам, жігіттер мені төр төбесіне отырғызып қоятыны бір құдайға аян, – дейді. Сөйдейді де Нәриге бұрылады. Нәридің түк-түк, әжімді жүзіне көз тастап, небір қызық оқиғаларды, оқыс әрекеттерді баяндар деп күтеді... Сол бір сәт Робинзонның Жұманы жабайы адамдардан құтқарып, үйшігіне әкеліп, алғашқы тілдескен тірлігіне ұқсайды.

Бір кезде Болғанбай шыдамады білем:

– Ау, Нәри-ау, өзі не ғып бұйығы боп кеткенсің? – деді күйініп. Нәри сонда барып есін жиды. Барлық дүние Болғанбайдың көңілінен садаға кетсін.

– Ашылып бір пендемен сөйлеспеген қиын екен, – деді Нәри ағасына ағынан ақтарылып. – Санатта бармыз, сапта жоқпыз.

– Түсінемін, – деді Болғанбай.

Жапан түзде онымен кездескеннен кейінгі басынан өткендерін жіпке тізе бастады. Байқаса, адамның бетіне тура қарап, сөйлесуден қалыпты. "Мұндайда сыр болмайды айтылмағанның" кері. Көкжалдың көмек сұрап келгенін, бөгетті бітегенін, көк қамыстың ортасындағы көл, бау астынан табылған шалғы, кетпен туралы, бүйінің шағып алғанын, құдайдың көмектескенін, әупіріммен тірі қалғанын ретімен айтып шықты. Болғанбай төмен қараған күйі ден қойып тыңдады. Әңгіме тәмамдала бере басын жерден көтеріп алды.

– Әу, Нәри, осы сенің паспортың өзіңде емес пе? – деді күңк етіп. Нәри жалма-жан қолын қойнына тығып жіберіп, кеңес елтаңбасының суреті салынған қызыл түсті кітапшаны суырып алды да Болғанбайға ұсына берді.

Ол ұрты бүлкілдей құжатын асықпай көріп шықты. Ішінен: "Қор болған кайран жігіт-ай. Мына суретінде жас жыңғылдай қызыл күрең шағың ғой. Енді қарашы. Жапырағын өспей солған шыбықтайсың. Дүние деген шатасқан жіп сияқты. Бір түйінін шешсең тағы бір түйіншегі бар дейтіндей.

Адамдармен тіл қатысып, жөн дескенге не жетсін. Тірі жан екеніңді сезінесің. Жылы сөз, қимас сезім, жаныңды елжіретіп, көңілің босайды. Болғанбайдың тотыққан жүзі құла тартып, "бауырының" әңгімесінің әр сөзін қалдырмай тыңдағанға мәз.

– Жоққа көнген, барды көтерген жақсы ғой, – деді Болғанбай бір сәт күрсініп.

– Енді не істемексің?

– Қанша бір суішкілігім қалды. Өзіңмен ақылдасайын деп келдім, – деді Нәри. Болғанбайдың бет-аузының бұжырқайы көбейіп, ләм деместен отырып алды. Өмір – ол жорық, өткен-кеткен де бір көкпар. Ешкімнің аяғына оралғы болғым да келмейді. Бірақ, қашанғы далада сенделіп жападан-жалғыз күн кешемін. Түйнек болған жылқыдай тыпырлайсың кеп. Дүниенің бәрі түнгі оттай алдамшы. Алыстан көрінген жұмбақ сағымға тірелгендей күй кешесің. Әй, адамдар! Менің жазығым қайсы? Тірі өлік қып қойдыңдар ғой, түге. Адам өміріне өзі би, өзі қожа деген бар емес пе. Хайуандар әлемінің заңын "қабылдаған" Жаһан сияқтылардың айтқанына көніп, айдауына жүргеніме өзім кінәлі-ақ болайын. Енді қатарыңа тартпайсыңдар ма дегісі келген.

Еңгезердей қара есіктен басын ебедейсіз еңкейтіп, үйге еркінси кіріп келді. Желбегей жамылған плащын босағадағы шегеге іліп бері бұрылғанда иығындағы қос погонын көрген Нәри селк етті. Жүрек тұсы дүрсілдеп қоя берді. – Апырай, – деді ішінен күбірлеп, – осы мені аңдып келген жоқ па? Мен туралы мал жайған балалардан естіді ме екен? Өне-бойы дірілдеп салды.

– Ішкі істер бөлімінен капитан Кірпішбаев. Құмжарған стансасының бөлімше инспекторы, – деді ол, ай-шай жоқ өзін таныстырып.

– Пау, менің Айдарбай қайным нағыз үкіметтің адамы, – деді пеш басында күйбеңдеген Болғанбайдың әйелі Қаниза шаужайынан жабыса кетіп.

– Әлгі өзіңе айтып жүрген қайным осы кісі. "Мәссаған, Қанизаға жөн болсын. Қызықтың көкесі осы ғой" дейді Нәри таңданып. Болғанбай әйеліне: "Менің алдыма түсіп не ғып жорғалап жөнелдің" дегендей, жақтырмай жаман көзімен қарады да: – Нәке, бұл жігіт менің құмнан тауып алған інім, – деп таныстыра сөйледі. Сөз ыңғайынан: "Сабыр ет. Бұл Мәуледи мен Жаһанның қолшоқпары емес" деген нышан танылды.

– Ә, солай деңіз. Ойпырай, ә, сізді де көретін күн бар екен ғой. Құмға бір жолым түспеді. Жұмыс-жұмыс деп әбден өлетін болдық. Демалыста аң атып, балық аулап, демалып бір көрсем деймін, әйелдің төркініне баруы дайын тұрады, – деді Айдарбай.

– Менің әлгі охотнадзор Көркембай досым да аңға жиі-жиі шақырып, бармаған соң көңілі қалып, өкпелеп жүр.

Бөлме іші қалыпты күйге ауысты.

Айдарбай малдас құра, қарсы отырды. Ауық-ауық Нәриге ұрлана көз тастайды. Әлде оған жапанда, қалың құмды мекендеген "жабайы" адамның тірлігі қызық көрінді ме екен? Ол жағы Нәриге белгісіз.

– Адам аяғы, мал тұяғы баспаған қалың құмды мекенде өмір сүру қызық шығар, аға, – деп Айдарбай кәдімгі, кәнігі тергеушінің әдетімен суыртпақтай бастады.

– Әу, қайбір қызық дейсің. Амалдың жоқтығы ғой. Сендер ғой, кім көрінгенді әулиесітіп жіберген. Шүршіті ме, шешені ме, немісі ме, әйтеуір құдайсып алды, түге. Әй, дейтін әже, қой дейтін қожа жоқ па соларға? – деді Болғанбай Нәриге жаны аши отырып, Айдарбайға дүрсе қоя беріп.

– Қотанға шапқан қасқырдай еркінсиді, түге!

Айдарбай дауласа кетті. Әйтсе де, ағасының алдында "атын тебініп, құрығын қоқаңдатпай", алдын сабырмен алды.

– Әй, аға-ай, "балық басынан шіриднні" айтатын өздеріңіз емес пе?

Болғанбай қоңды деген.

– Әлдінің әлдіге жасаған зорлығы десеңші, онан да.

– Біздің де белдігін көкірегіне таман буынып

пагонына жұлдызын көбейтуді ойлап, адамсыған бастықтарымыз бар, – деді Айдарбай мойынсұна жауап қатып.

– "Бүркіт ет шоқыса, біз сілекейімізді жұтамыз" деген қарғаның тірлігі десеңші.

– Түу, өзіңіз Алматыдағы барахолкіде болып көрдіңіз бе? – деді Айдарбай жан-жағына қарап алып. – Сол жерде ұры мен полицейлер бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарады. Міне, бәсім. Асқантай деген милиция мектебінде бірге оқыған досымның айтуынша, ұры базарға кіргені үшін, кешкісін қайтып шыққанда тапқан "ұрлық олжасының" белгілі мөлшерін полицейге тастап кетеді екен.

– Астапыралла! Біз осы не болып барамыз, ә? – деп Болғанбай шала бүлінді. Әңгіме қыза-қыза Нәри өзінің "геолог" атанып жүргендегі басынан өткен небір "қызықты" оқиғаларды айтып жіберуге сәл қалды. Қаниза буы бұрқыраған ет алып келген-ді. Жүрт жапа-тармағай орнынан көтерілген сәт. Айдарбай Нәридің құлағына сыбыр еткен.

– Ағаның інісі екенсіз. Сіз туралы көп айтып, қайда жүр екен деп мазаланып отыратын. Маған да бірде жолың түссе хал-жағдайын біле кел деп тапсырған. Қалай дегенде де бізге ессіке тұрып қойыңыз. Мен көмектесемін. – деді ол.

Не істеу керек? Жүректегі жара қарақотырланған сәтте, мына Айдарбай полицейдің өзін ойландыратын халге алып келерін кім білген. "Тағы да әлдекімнің құлаққесті құлы атанып жүрмесем. Ніріміне батып бара жатқан шарасыз жанның күйін кешемін бе? Айдарбай өзі бір түрлі адам екен. Оның үстіне мен туралы тақылдақ айтқан оқушылдан тақылдайды. Әр сөзін аңдап сөйлейтін қарау, әрі бақай есеп ұсақ – мимырт жандардың әрекеті емес, арсы-гүрсі, – деп күдіктене ойлады.

Үлкен аста:

– Пай-пой, осындайда семіз қырғауылдың етін жесе, – деп Айдарбай құмды тағы да есіне алды.

– Зырлап тұрған машинең бар. Аған мен мені отырғыз да, қайнымның үйіне қонаққа барайық. Тырсылдатып ал, кім қолыңды байлап отыр, – деді ортадан киіп кеткен Қаниза.

– Аға екеуіміздің мәмілеге келуіміз оп-оңай. Мен атып, аулап нем бар. Барамын да, Нәкеңнен аламын, – деді Айдарбай сөзге женсік бермей.

– Дайын асқа тік қасық. Пәлесін өзінің, – деді Қаниза әзілін жалғастырып.

Текетірес әлі жалғаса берер ме еді, Болғанбай әйеліне қарады. Ыммен ұғынысатын жандардың тірлігі осылай келеді. Қанизаның Айдарбаймен текетіресі тиылды. Бойы шарға, шағын денелі шақпақтың тасындай ғана адамның бойында осыншама сүс бары Нәриді таңдандырумен болды. Болғанбайдың бойындағы өзін басқаға сыйлата білетін қасиеттер тек қана өзгеге деген жанашырлықтың нәтижесінен жиналған сияқты. Мәселен, Болғанбай Нәриді бір көргеннен-ақ жайын ұқты. Тіпті, оның осыншама жақын, ниеттес болатынына таң. Бір құдайым білсін. Ол сәтте Нәридің адам ізгі тұтар қасиеті бар ма еді? Шашы өскен. Сақалы салақұлаш. Күнге күйіп, дал-дұлы шыққан. Қаңғыбас адам. Сырт ел оны адамдардың тізімінен сызып тастаған. Жалпы, қазіргі уақытта да өмірдің өгей баласы атанған "геологтарды" көрсе жиіркеніп, кезі келсе жөн-жосықсыз соққыға жығу, қала бере маңайына жоламау үйреншікті әдетке айналған. Ал, үкіметтегілер есептеу агенттігінің мәліметінен еліміздегі ондай адамдар санының көбейгенін ғана біледі. "Ау, сендерге не көрінді? Мынандай күй кешуге не жетеледі? Арақ, шарап ішетін жөндерің жоқ қой. Араққа салынып, қаңғыбастар легінің қатарына қосылғандарың қазақ атына ұят емес пе? Оған не себеп? Қандай адамда да торығу, сабырсыздану, дүниеден опыну, өт кешу болады. Бір үзім нан мен бір жұтым шарап үшін күн кешетіндей не көрінді соншa? Ойткен бостан күндеріңнің қарасы өшсін. Масқара деген осы емес пе деп кім ақыл айтар екен? Болғанбайдай адамдар бар-ау. Бірақ, өте аз, саусақпен санарлықтай.

Үй иесі Нәридің не ойлағанын бірден ұққан сияқты.

– Тамақ ал. Жеңіл ас қой. Басқа шаруаны көре жатармыз. Бәрі оңынан шешілуге тиіс, – деп сенімді үн қатып.

Болғанбайға жан жетпейді. Қолынан келгенінің бәрін істеді. Ішкі істер бөліміне барып жүріп Нәріді

есепке алғызды. Саптан сүйем калмаған азамат дәрежесіне жеткізді. Көмір коймасына күзетші етті. Болғанбайдын үйінде. Тамағы пісірулі, кірі жуулы. Каниза әзілдеп "Тетелес" деп ат койды. Әзілкеш, кытт-сытты жок, аккөңіл әйел ғой. Бар кызығы – жалғыз ұлы мен күйеуі. Солардың ісі алға жүрсін деп иіліп төсек, жайылып жастық. Төркіндері сонау Петропавл жактан екен. Болғанбай ағасы әскер катарында жүріп, каршығадай іліп түсіпті. (Канизанын сырласып, күйеуін мактағанда айткан сөзі ғой).

– Көршідегі Әсемайды алып беремін. Ку тізеңді кұшактап осылай жүре бересің бе? – дейді әзілдеп.

Әсемай жалғызбасты әйел. Жасы Канизадан бесалты жас кіші. Жүзін төңкеріп адамға караған сәт жылылыктын шуағы маздайды. Болғанбайдың үйіне келіп, кетіп жүреді. Көрші. Күйеуі түрмеге түсіп, содан "шүу, каракүйрык" болған сиякты. Әсемайдың касіреті – пұшпағы канамағандығы. Шешесі мен әпкесі бар. Тиіпкашып жасайтын тірлігі – ары-бері өткен пойыз жолаушыларына самса, бәліш сатады.

– Ептеп ішетіні бар. Бәрі жалғыздыктың кесірі. Жесір әйелдің әрекеті – күндіз тұрмыс камы, түнде көздің жасын кұрғату емес пе. Еркектің сүсы билік кұрса, бетіне келер ұятты білетін келіншек, – деп Каниза да мактайды. Аға мен жеңгесінің ойы өзін үйлендіру. Кұдайға караған адамның ісі.

Адам пенде ғой. Жасы жерорталадан асты. "Жасарымды жасадым, асарымды асадым" деп көкірек соғардай жайы жок. Жалғыздыкка жеңіліп, Болғанбайды іздеп тапты. Кұдайдын кабағы жадырап, көңілі түскен бір уакытын кәдеге жараткан жөн-ау...

* * *

Адам атаулы табансыздык деген дертке тап болмасын, тегі. Сонын аркасында зорлыкка да, зомбылыкка да, киындыкка да, касіретке де, жазыксыз жала мен өтірік, пәлеге де тап болады. Сонан соң адамды ой шаршатады. Тападай тал түсте көзі іліни кетіпті. Калиша әжесі колына таяк алып куып жүр. Аяғы жаланаяк. Үсті кара-

котыр жара. Қос балтыры да тіліиіп кеткен, ырсиып-ырсиып қанап тұр.

– Құдайдың күшігі, аяғына дәрі жақшы. Қотырдан өлетін болдың ғой, қарақұл, – дейді.

– Қажеті жоқ, әже. Өзі жазылып кетеді, – дейді бұл зәрезап болып.

– Әй, қарапұшық. Әкесіне тартқан қыңыр. Онысы несі? Өз обалың өзіңе, – дейді әжем қырдағы көп бейітке бұрылыпты. Нәри: "Е, өз орнына кетіп бара жатыр екен ғой" деп ойлайды да:

– Әже-ау, онда бармашы. Бар тілегіңді орындайын, – дейді жалынып. Әжесі қолын бір сілтеп ұзай береді. Дауыстап жатып оянып кетті. Ескі керсуеттің үстінде шалқасынан жатыр. Кеудесін көтерді. "Түс – түлкінің боғы" деді күбірлеп. Терезеге үңілді. Көмір қойманың тау-тау көмірі қарауытады. Сөйткенше, әлдекімнің лемі естілді. Есіктің көзінде бір әйел тұр. Басына шәлі жамылған Әсемай. Үстінде көнетоз, түгі шыққан күртешке, аяғында сүйретпе ескі пима, қолында таяқ. Ұзын кірпік, мөлдір қарақат көзді келіншек. Екі бетінің ұшынан қаны тамған, орта бойлы. Нәри оның сұлу екенін қалай байқамаған? Дұрыс көңіл тоқтатып қарамаған-ау, шамасы. Көзіне көзі түсіп қалған сәт, төсін теуіп тұрған қос омырауынан сырғи берген күртешкесінің өңірін қайта-қайта қаусырынып қымсына:

– Ағай, сізге келіп едім, – деді.

Қаниза әдейі жіберген шығар деген ой келгенде Нәридің жүрек тұсы шоқ басқандай тызылдап қоя берді. Ештеңені ірікпейтін әдетімен:

– Қаниза жіберді ме? – деп дік етті. Келіншек басын шайқап, үркектей қарады. Кейде еркек атаулының адамсүйер қылығы жоқ істерге баратыны бар. Құдайға қараған адам сөйте ме? Құдды бозбиенің сүтіне шомылып, тақка отырған патшадай шалқайды кеп. Пау, қос аяқты пенденің тірлігі-ай.

– Ағай, шешем жөтеліп жүр еді, – деп бір тоқтады Әсемай.

– Мен дәрігер емеспін. Көріп отырсың. Күйелеш-күйелеш көмір баққан күзетшімін, – деді Нәри.

– Түу, сабыр етсеңші, – деді Әсемай сізден сенге көшіп.

Нәри екі аттап жанына жетті де иығынан қапсыра құшақтай бетін өзіне бұрды. (Ойпыр-ай, мен де осындай батылдыққа барады екенмін-ау).

– Қанизаның айтуымен келген жоқсың ғой, әйтеуір.

Жауап орнына Әсемай көзі бадырайып, басын изеді.

– Онда дұрыс. Ал, қалағаныңды айт, – деді Нәри.

Келіншек иегімен анандайда үйіліп жатқан көмір үйіндісін нұсқады. Әсемай пешке жағарлық бір қап көмір сұрап тұр екен. "Дүниеден баз кешкенім болмас. Әсем келіншектің мөлдіреп бір жалт етіп қарағанына мына көмірдің мың тоннасын айырбастап жіберу жөн емес пе?" – деп күбірледі.(Пау, өзі мен не деп күшеніп тұрмын?)

– Қарғам-ау, тападай талтүс қой. Ел сөз жасайды. Түнгі сағат он екіден кейін кел, – деді Нәри. Әсемай қуанып кетті.

– Рас па, ағай?

– Шанаңды тастап кет.

(Мына келіншек үшін бәрін істеуге бармын. Маған не болған сонша?) Ішіне шоқ түскендей. "Әйел адамның бір өтінішін орындамаса несіне еркек? Олар нәзік жандар. Адам шәу тартқан соң шегіншек келеді. Жасы болса жерорталап қалды. Сондайда жанында өзіне серік болар әйелдің кездесуі құдайдың берген мол олжасы емес пе?" деді тағы. (Мен бәрін кесіп-пішіп қойған тігіншіден бір кем емес, тәйірі)

Екі аттап терезеге жетті. Келіншек ұзап кетісімен құр атқа мінгендей құтыңдап салды.

Нәри кішкентай үйшіктің ішіне сия алмай далаға жүз кіріп, жүз шықты. Кеш батпай-ақ, күні кеше вагоннан түскен Қарағандының қызуы қатты көмірінің бір қабын толтырып, босағаға сүйеп қойды. Ешкінің құйрығы көкке жетердей дегбірсізденген бір жан. Қарап отырса, өзі "геолог" атанғалы әйел баласына жарты қадам жақындамапты. Иттен ілгері, кісіден кейін бір тірлік. Өзінің күнім, айым деп әлпештеген сұлуы тірідей ерінің көзіне шөп салса масқара емес пе. Пау, ақымақ әйел-ай. Мен қалай ғана өз әйелімнің жандүниесіне бойламағанмын. Бір сәттік қызықтың адам тағдырын быт-шытын шығаратынын біле ме екен әйелдер.

Зинакорлык пен маскүнемдік, байкап отырса, касірет падишасынын егіз ұлындай екен-ау, ә. Екеуі де азғындықтың енішісі.

Есік сықыр еткенде Нәри төсектен басын жұлып алды.

– Көмірді біреу тиеп алып кетсе де оянбайсың ғой, – деп кінәлай сөйлеген Әсемай. Үстінде сол киімі. Өзгерісі – батылдау көрінгендігі.

– Төрге шық, – деді Нәри капелімде. Әсемай жымың етті де екі аттап кеп, кереуетінің жанындағы орындыкка конжия кетті. Кенет... бөлме ішін өзіне таныс қызыл шараптың иісі алып жөнелді. Мәселе түсінікті еді. Осыдан сол бұрынғы әйелдік иба, нәзіктік жасырынып қалып, жан дүниесінің түкпірінен имансыздық атойлап шыға келгендей.

– Үйкышы жігіт сияктысың, – деді Әсемай кілегейленген жанарын Нәриге төңкере тастап. Жауап катпады. Келіншек жанып тұрған пештің манына жетті де, какпағын ашып, кайта жапты. Қызып тұрған кесек көмір сырғып еденге түсіп кетіп еді, пешке кайта сала алмай біраз әуреленді. Қымсынған жок. Құдды басыбайлы күйеуінің жанында жүргендей-ак. Келіншектің тірлігі Нәридің жынына тие бастады. Арак ішкен нәзік жыныстың кім екені белгілі. Көшеде кездескен бомж әйел мен еркектен кайғының отын немен сөндіріп жүрсің деп сұрашы, соның мыңының тоғыз жүз токсан тоғызы шарап пен аракты көлденең тартар еді. Онымен коймай, кейбіреуі білгішсініп:

Аракты канша ішсем де көпсінбеймін,
Өмірім шарап ішіп өтсін деймін.
Күнәңді кұдай кешер дейді маған,
Кешпесін, керегі жок кештірмеймін, – деп Омар Хайямның газеллерін өзгертіп кайталамаса, міне, бәсін. О, тоба! Қасіретке белшесінен батып жүріп, батылсынып күпінген несін алған-ау, солардың...

– Ренжіп калдың ба, Канизаның кадірлейтін кайнысы? – деді бұл жолы Әсемай. Сөйтті де сакылдай күлді. Нәри ары карай шыдай алмады.

– Айналайын, Әсемай. Көмірің дайын. Шанаңа тиеп берейін. Үйіне кайта ғой. Анаң тоңып калар, – деді.

– Түсінемін, – деді кереуеттің басындағы орындыққа қонжия отырып, Нәридің жүріс-тұрысына көз тастаған келіншек.

– Қызара бөртіп, шарап іштің деп мені кінәлағаның ба? Мен жесір әйелмін. Бұғатын еркегім түрмеде шіріп жатыр.

Әсемай еңіреп жылап жіберді. (Арақ ішкен әйелдің әдеті).

Қанша бір тапқырлық, айлакерлік, қажырлылық, батырлық көрсеткенімен еркек әйел алдында неге әлсіз?

– Жоғалған пышақтың сабы алтын. Мен түрмеге кеткен күйеуімді сағындым. Он жыл бойы бір хабарсыз, ұшты-күйлі жоғалды. Түрмеден аман қайтқандар кемдекем. Менің жастығымды сол ұрлап әкетті, – деді жасын тия үнілей үн қатқан Әсемай дауысы дірілдеп. – Сен де әйеліңді сағынған шығарсың? Кітаптан оқығаным бар, бақытты болу үшін, біріншіден, адам өзінің кім екенін білуге талпыну керек екен, – деді Әсемай. – Институтта жүргенде диспутта осы бір тақырыпта жігіттер мен қыздар екі жақ болып керілдесетінбіз.

– Міне, қызық. Мен сені от басы, ошақ қасында отырып қалған әйел ме деп жүрсем, – деп таңданды Нәри.

– Е, жоқ. Біз де талай жердің тасын домалатқанбыз. Күйеуім бүкіл дене шынықтыру институтын қолда ұстаған нағыз ұрғыш дәкейдің өзі еді. Мен чемпионның сұлуы едім, – деп тоқтады Әсемай. Келіншектің жағы бір толып, бір солды. – Өмір деген алдамшы. Бірде бетін, бірде артын береді. Ел аман, жұрт тыныштa, кешегі дәуірлеп тұрған алпамсадай жігіттің бір қателігі өмірден атын өшірді. Әлде бір министрдің қызына "неге шолақ етек киім кидің, шылым тартасың. Орысша шүлдірлейсің. Ана болып ешкімді жарытпассың" дегені үшін темір тордың арғы жағынан бір-ақ шықты. Ондайлар бұл заманда құмырсқадай қаптап жүрген жоқ па, түге. Астында шетелдік машине, жігітті сапырыстыра айырбастап, казиноның еркесі, түге. Өз қазағына жиіркене қарайды. Соларды – өз ұлтынан безгендерді неге жуасытпайды?

Әсемай шерін тарқата айтып, сәл уақыт үнсіз қалды.

Өткен-кеткенді ойына түсіріп, кан каксататын қу аракай. Шырмап алар сиқырың бар-ау сенің, – деді Нәри ішінен күбірлеп. Әйел – маскүнем, әйел – нашакор, әйел – жезөкше, әйел – зинақор, әйел – ұры... О, құдірет! Біз неге ана деген ұлы есімді осыншама қорлаймыз, жүрегі жұмсақ, махаббат иелері. Нәри Әсемайды білегінен ұстап өзіне тартты.

– Сен ондай болмашы, – деп сыбырлады. (Жығылып жатып сүрінгенге күлген түрін қара)

Қаншама жыл бұрын ұмытып кеткен әйел иісін сезді. Өнбойын діріл биледі. Өң мен түстің арасында көрінетін ертегі-өмір басталды. Әйел атаулыдан жиіркеніп, өмірді талақ еткені қайда? Оң қолының саусақтары тер сіңген, иі жұмсақ қара шаштарды аралай бастады. Өзінің не істеп отырғанын білмейтін сияқты. Қайдағы бір тентек сезім бойын билеп алды. Әсемай дүниедегі айуандық атаулыдан қашып кеп, мұның құшағына тығылған ана слік сияқты, момын. Нәрідің пәрменіне мойынсұнып, жанарын төмен түсіріп, мүттәйім күйде. Жүрегінің дүрсілі естіліп тұр. "Әй, еркек. Құдай тағала еркекті қорған, әйелді өріс етіп жаратқан. Осы бір пенделік байланыс болмаса, екі аяқты тірі адамдар әйел-ана, еркек-ата болып бөлінер ме еді" дейтін сияқты. Нәри енді оның алақанын сипады. Жұп-жұмсақ.

* * *

Нәри күзеттен қайтып келе жатып, әне-міне қар кетіп, көктем шығады деп қуанған. Күні-түні тынымсыз арпалыста жататын Құмжарған ауылы әлгінде ғана ағарып атқан ала таңды қарсы алды. Таңдыры кепкен осы бір кең өзектің қос беті де, арнасы да сіріңкенің қорабындай тізілген үйлер. Құмжарғанның қақ ортасынан кең өзекті азан-қазан шуға толтырып пойыздар өтеді. Айдаһардай күркіреген жүзге тарта вагон тіркеп алған сол шіркін, Құмжарғанға еңкейе беріп, інге кіргендей зым-зия жоғалады да, бір сәт қайраңда қалған шалажансар ит балықтай ирелеңдеп беткейге – Қарауылға өрлеп бара жатады.

Құмжарғанның шығысында да, батыс жақ бетінде де семафор тұр. Құдды, осы стансаның қарауылы сияқты, түге.

Шындығында, бұл мекенің күні тыныш, түні дүрбеленге толы. Тұрғындары түнімен көз ілмей, пойыздарды қарсы алып, шығарып салып өмір кешетін ертегінің адамдары сияқты. Түнде жер дүниені солқылдата өтетін пойыздардың жүздеген дөңгелектері жүйткіп, құлақ тұндырар дүрсілдер күшейіс түседі. Оған Қарауылдан соғатын ескек жел қосылып, таңдыр өзекті ғажайып әлемге айналдырады. Құрақсудың түндері қоңыр салқын.

– Алло, отыз екінші келеді. Жолды тазала... А...а...а... Ұйықтап кеттіңдер ме, түге! Қабылда! – деген кезекші диспетчердің микрофоны саңқ еткенде Нөри селк ете түсті де, жол шетіне ығыса берген. Сойтті де өз тірлігіне жымын етіп, қайтадан соқпаққа түсті. Жүре берер ме еді, алдынан екі жағы құлама биік дөңестегі шойын жолдың рельстері таяз көлдегі үлкен балықтың жотасындай шодырайып көрінді. Шашылған қағаз жыртындыларынан, умаждалған шүберектерден, қытайдың пластмасс бос шөлмектерінен көз сүрінеді.

– Адамдар осы не боп барады, – деп күңкілдей урысты. – Өз жеріне, өз игілігіне теріс көзқарас, енжарлық, бойкүйездік.

Сойтті де күндегі әдетінше шпал бойына ауысты.

– Құдайдың бір түні өтіп, күні келді, – деп сыбырлады сонан соң. Ойын аяқтап үлгермеді, арт жағынан сары бұқа – тепловоз мөңіреп қоя берді.

– Үй, қарасаң келгір, – деді сонан соң шиқылдай күліп. Сөйтті де, тепловозды өткізіп жіберіп, рельстердің ортасына қайта түсті. Күнделікті вокзал басын бір көріп өтеді. Таныстарын іздейтін сияқты. Өз ауылы да осы Құрақсу алабының құбыласында ғой. Шамасы, қырық-елу шақырым. Алғашқыда барып қайтсам ба деп те ойлады. Әжесіне құран оқытып дегендей. Ес жинап алайынша, содан соң бір жөні болар деп түйді. "Мені кім таныр дейсің. Өмір бойы танымай өткен тасжүрек ағайын енді емешегі езіліп жүрмес. Өзімен кетсін, құрғырлар", – деп ішінен кіжінген.

Сөйткенше, дүниені дүрсілдетіп жүк пойызы өтті. Алдыңғы вагондар жуандығы құшақ жетпейтін бөренелерге лық толы. Төртеуіне көмір тиеліпті. Сонан соң цистерналар... Жағармай... Су жаңа жеңіл машиналар. Құрылыс материалдары... Е, Сырдарияның суы тасып, жағасындағы елді мекендерді су алып кетіпті деп естіген. Мыналар соған бара жатқан көмек... Сәлден соң Нәри вокзалға қиыр бетінен келіп кірген. Өткен-кеткенге көз салып бұрышта біраз тұрды. Екі жігіт бірі кәуәп тасып, бірі пісіріп әлек. Анадайда шемішке мен домалақ құрт сатқан әйел қолын қалтасына салып, көрінгенмен аузы бүлкілдеп ұрсып тұр. Сөйткенше, вокзалдың кассалар орналасқан тұсынан екі адам шыға келді. Нәрилін көзі бадырайып кетті. Жап-жас жігіт жасы отызды алқымдаған әйелді жетекке алыпты. Еркегінің аяғында ұлтаны қисайып, қырық түйін баулықты өңі кеткен көнетоз бәтенке. Бет-аузы құлтілдеген ісік, оң көзінің асты көкпеңбек. Еті қызарыпты. Ерні дүрдік. Басына киген сабан қалпақтың әр тұсынан білтеленген сары шашы бұрқырай шығып кеткен. Сонадайдан шараптың сасық иісі бұрқырайды кеп. Ал, әйелдің түрі тіпті сорақы. Қалың шәлі жамылып, үстіне қысқа пальто киіпті. Аяғы жалаңаяқ, өкшесі жылтыңдайды. Екеуі де теңселеді кеп. "Пау, дүние-ай, мен де осындай күн кештім бе" деп дауысы шығып кеткенін өзі де байқамай қалды. Сөйтті де теріс айналып, алға жүріп кетті. Өзінен-өзі ұялып бара жатқан сияқты. Вокзал есігінің көзіне жете берген. Дәл құлағының түбінен шыққан үннен селк етті. "Мынау Жаһанның дауысы ғой" деді сонан соң аяғын алшақ алып. Есік пен төрдей жер озып барып басын кеnенау бұрып артына қарады. Дәл сонын өзі. Қарны қабақтай, доңмұрын, шұбар бет, дөйкара – полицей. Шені өсіп, майор атанып, дәу жұлдыз тағыпты. Мынау қызық болды-ау, өзі. Әлгінде қос "бомжды" көріп еді, енді атажауын кездестіріп тұр. Мынау өзі Құмжарған ба, Алматы ма? Жеделдей басып тасалау жерге барып Жаһанды бақылауға кірісті. Бұл не қып жүр? Мәуледиге жолығуға келді ме екен? Денесінің дірілдеп, жүрегінің дүрсілдей соғып тұрғанын байқады. Үрей билеп, қорқыныш бұлты қоюлай

түскендей күй кешті? "Осы сүркия менің тірі екенімді біліп койып, іздеп жүрмесе не кылсын. Әлгінде байкап калмады ма екен. Пау, Нәри! Ізіне түссе бассалмайтын ба еді. Иығында пагоны, ішкі істер бөлімінің кызметкері. Сені аяр деймісің" Екіұдай оймен арпалысты. Жаһан вокзал аланында ары-бері сенделіп жүрді де, калтасынан телефонын алып, әлдекіммен ұзак сөйлесті. Нәри де демін ішіне тартып орнынан тапжылмады. Бір сәт бойын жиып алып, шолак мылтығын іздеді. Үйге тастап кеткеніне өкінді. Бұл екі ортада Жаһанның жанына шымкай кара "Волга" келіп toктады да, есігі ашылды. Енді бір сәтте күбыла бетке карай зулап бара жатты.

* * *

Болғанбай Нәриді мекеніне әкеп салып, коштасып, конбастан кайтып кетті. Көкірегінде кыжылы бар сиякты. "Стансада тұрып еңбек ет, інімдей боп күн кешесің. Түзде каңғығаннан не табасың?" деген. Айтканға көнбей, айлауға жүрмейтін әдеті.

— Айналайын, жан аға! Бұл жерде тұрсам, өткен өмірім еске түседі. Жігерімнің жұмсак екенін білесің. Тағы ащы су ұрттап, басына бейнет болармын. Кеудесінде жаны бар, есі дұрыс адам кашанғы канжығана байланып жүре бермекпін. Оның үстіне енді біз Әсемай екеуміз... Маған сеніңіз. Ендігі өмір кызыкты болады, — деді жалынғандай боп. Құдды ант беріп тұрған сиякты. Намыстанғаны ма, кім білсін, Жаһанды көргенін ішіне бүгіп калды.

"Біз дегенде тіршіліктен жетеуміз", — деді ішінен. Отбасы мен — Нәри Жансейітұлы, ошаккасы — Әсемай, Көкпулан. Болғанбай сыйлаған токал ешкі мен каксауык лағы, әтеш пен мекиен. Одан баскасы тіршіліктің камы үшін кажетті ұсак-түйек. Бәрінен де егер шалдан сатып алған жарык беретін кішкентай моторын айтсаңшы. Жарыкты тамак ішкенше ғана жағады да, өшіре кояды. Кайбір асып-тасып жаткан байлығы бар десеңші. Жағармай кат.

Аламның колы тиіп, табанының ізі түспесе конысының жабайыланып сала беретіні белгілі жайт.

Алты жарым ай біраз уақыт. Шағыл төбесіне жақындап келгенге дейін байқалмайтын жер кепесі айдаладағы қаңырап, ел-жұрт көшіп кеткен ауылдың шеткі үйі сияқты екен. Айналып шықты. Көкжалдың келіп-кетіп жүргені көрініп тұр. Үйге де кірмек ниет танытқан. Қамыс есіктің астын қазыпты. Бірақ неге екені белгісіз, кірмепті. Нәри есікті ашып, үйге енді. Қойғаны орнында, жайғаны табанында. Әсемай жан-жағына байыппен қарап шықты. Құдды бір мұражай сияқты. Пышақпен ойып жасалған қасық, шанышқы, жоза, үстел, орындықтар жабайы адамдардың алғашқы қауымдағы әрекеттерін есіне түсіретін сияқты. Бір қуанғаны, адам ат ізін салмапты. Жер үйдің сыртындағы бақшалыққа көмген қазан, табақ, дастарханды қазып алды. Ошаққа от жағып, су ысытып қонақтарына шай бермек. Әсемай сыр берер емес. Күшейіп алған Көкшұлан ғана. Бұл маңның қожасы екенін білдіре, үйшігіне кіріп-шығып маңайды кезіп, тіпті ұшып-қонған сауысқан-торғайларға "әу, амансыңдар ма" дегендей шәуілдей үріп қояды. Арба үстінен түскен жүкті үйге тасыды. Бұл жалғаннан не сұрарсың. Көз алдына қыз еншісін түсіріп жатқан сәт елестеп кеткендей. Көрге түскенше көресіні көресің деген осы да. Болғанбайды ұзатып сап үйге оралған Әсемай екеуінің бір-біріне қарсы қарап отырған сәті сол еді, оның:

– Отағасы-ау, екеуміз енді айдаланың адамымыз ба? – деп күңк етті.

– Шешініп шыққан өзің. Бекем бол! – деді Нәри күңк етіп.

Оның бұл сөзді айтатын да жөні бар еді. Екеуі бас қосып, өмірді бірге өткізуге келіскенде Әсемай:

– Ендігі тағдырым өзіңмен бірге. Онсыз да тайғанақ тағдыр кештім. Сенімен бірге тауға да шығамын, еніске де түсемін, – деген. Бұл сөзі сертке бергісіз еді.

* * *

Жеңіс күні. Ел бала-шағасымен шабылып ақ тер, көк тер болып тойлайтын күн. Әлде біреулер біле қоймас, "геологтар" үшін де бұл атаулы мейрам. Бір-

екі апта бұрын "Қожайынға" өтесін бергеннен соң, әркайсысы бұл күнге өзінше дайындалатын. Нағыз карбалас шак десе де болады. Түннің бір уакытына дейін ашық кафелердің маңын кезіп естері шығады. Ал, мереке күні бар-жоғын ортаға салып, арак-шарапты сіміреді-ау, кеп. Тірілердің санында жүргендеріне тәубе етеді. Бір сәт мастану опасыз дүниеде жаксылап тұрып басканы ұмытып, демалу сиякты, тегі. Көр шетіне бір кадам жакындағаныңды, бәрін ұмытып кететін сиякты түте. "Майдангер әкелеріміз үшін" деп стакан кағыстырады. Айтты айтпады. Нәридің атасы соғысты көрмей, НКВД-нын аркасында түрмеде күн кешіпті. Немересінің түрі мынау. Айдалада құм кезіп, дүниеден баз кешіп, ел ортасына жолағысы жок. Онымен коймай 9 мамыр Жеңіс күні дейтінін кайтерсің. Байкап караса, адам-пенде өзіне келер кұкайды колдан жасап алады екен-ау...

"Қой, философиямды жинап кояйын" деп күбірледі Нәри. Сөйтті де, орнынан тұрып, бакшалыкка беттеді. Жер ойып, картоп себеді. Жеміс ағаштарын кондырады. Үсак жемістің орнын белгілеу кажет.

Екі аякты пендеге кұдай екеш кұдай да барлык жаксылык пен жамандыкты таратып беріп, еншідей үлестіріп жататынын кім білген? "Мә, саған бір кадак жаксылык, екі тонна жамандык", дейтін сиякты. Қуанышы аз, касіреті мол. Бұдан шығар жол кайсы? Байкасак, акикаттың ауылына жету киын. Ойдың түбіне жетпейсің. Е, дейсің сонан соң. Адам жамандыктан жаксылык жасау үшін жаралған екен демеске шараң жок.

Торға түскен кырғауылдың жүнін жұлып, тазалап, казанға салып, астына от жағып, Нәри күрегін алып бакшалыкка беттеді. Осы бір сәтте жан-жағын калай коршауды да жоспарлап үлгерді.

– Әй, какылдактар, сендерге тор жасамаса болмас, – деді дауыстап – Түлкі кайнын алып кашып кетеді.

Әтеш пен тауыкка көрсеткен дәнайбатының түрі. Нәриді бір куаныш билеп, үйге де, кырға да сыңдырмай, дедектетіп жүр. Қимылы ерен. Темір күрекпен бакшалыктың бір тұсын ойып, топырағын төңкеріп тастады.

Бір сәт шартарапқа дауыстай айқайлағысы келді "Ехе-ехей! Қарандар! Енді мен үйі бар, әйелі бар, бау-бақшасы бар, жақсы өмір сүруге талап қылған Нәримін. Көріндер, келіндер" дегісі келетіндей. Құмның шілігі мен сексеуілі жетерлік. Бұтап әкеп қоршайды. Әйтпесе, қос ешкі тамтығын қалдырмасы анық. Даланың шүйгін шөбі тұрса да, тастан тасқа орғыған шұнақтар отырғызған жеміс ағаштарының жапырағын отамасына кім кепіл. Көкжалдың туысқандары кіре алмайтын қора қажет. Құрақсудың құмының қоян, елігінен жеріп, қос ешкісін тамақтап жүрмесіне кім кепіл. Пай-пой. Ол да кеше үйді манайлап кеп ұлып, сәлемдесіп кеткен. Жалғыз келіпті. Бөлтіріктерін ертпепті.

– Әй, көкжал. Есігімнің түбін қазып үйден не іздедің, ашсың ба? – деп жұдырығын түйді. Тірлігінен ұялды ма, кім білсін, тайып отырды. Нәри маңдай терін сүртіп, алаптың екінші бетіне ауысты. Болғанбайдың бау-бақшасынан қазып алған он шақты түп алма, өрік, қытай шиесін қондырып, каналдан су әкеп құйды. Өз ісіне аса беріліп кеткені соншалық, бұл маңда екінші бір адамның барын ұмытып кеткен сияқты. Әсемай есіне түскенде барып Нәри ширақ басып үйіне бет алды. Құм даласының саф ауасын жұтып, әйелі ұйқы құшағына беріліп кетсе керек. Кенет әлдекімнің өксіп-өксіп жылағаны естілді. Екі аттап үйге енді. Бұрышта екі көзі маңдайына шығып, әлде неге шүкшия қарап қалған Әсемай тұр. Сұқ саусағын шошайтып, әлде нені көрсетеді. Қиындыққа қалыптасу өте қиын, айтуға оңай. Шыбын жанның тәтті екенін адам-пенде басына іс түскенде біледі. Ұзын сирақты таналай ғана өрмекші кімнің зәресін алғандай.

– Шағып алды, – дейді Әсемай. Нәри өрмекшіні үркітіп, төбедегі қамыстың саңылауына қуып тықты.

– Жаным-ау, өрмекші шағушы ма еді. Үш күннен соң адам көрге де үйренеді. Басқа түскен баспақшыл деген, – деді Нәри әйелін құшақтап.

– Айтқан жұмағыңның түрі осы болса... – деді Әсемай ішегін тартып.

– Дала ешкімді өгейсімейді, – деді Нәри. – Бірде мүйіз, бірде киіз өмірдің қыспағы көп. Әспенсітіп

ешкімді төбесіне көтермейді, мына тағдыр. Екеуміз бәрі-не көнеміз деп келісіп келдік емес пе.

Әсемай сәлден соң ашуын басты.

– Жаным-ау, қорқып кеттім ғой, ана жыбырлағыңнан, – деді. Сонан соң Нәри Әсемайды қолынан жетектеген күйі сыртқа алып шығып, таң бозынан тұрып жасаған жұмысының нәтижесін көрсетті.

– "Өлі арыстаннан тірі тышқан артық" деген. "Қолы қимылдағанның аузы қимылдайды". Тамақ ішіп алған соң тағы да жер оямын. Сен үйіңді қағып-сілкіп ал. Өрмекші шақпайды. Ол құрт-құмырсқа ғой, – деді. Әсемай күйеуіне бұрылып қарады да:

– Әлгі ирелеңдегендер кездесіп жүрмей ме? – деді күңк етіп.

– Өзің тиіспесең несі бар? – деді қатқылдау үн қатқан Нәри. Әсемайдың жүзінен таңданыс білінді.

– Есіңде болсын. Күн қызған соң олар көлеңкені паналайды, – деді Нәри тағы. Мұнысы – қиындыққа үйреткен түрі.

Әп-сәтте жертөлені айнала бау-бақша пайда болды. Алма, шие, сары өрік – барлығы жеті түп жеміс ағашы қонып, жер ойылып, картоп салынды. Ұсақ-түйек қауын, қарбыз, жуа, сәбіз де еске алынды. Құмның топырағы жұмсақ, дән өнісімен суғару қажет. Каналдан бұрып шағын арық қазады. Бақшалықты қоршайды. Қайрап алған балтасын көмген жерінен іздеп тауып қойды. Үй жаққа көз тастап еді, Әсемай ошақ басында күйбеңдеп жүр екен. "Біз құдды алғашқы қауымдық құрылыстың адамдары сияқтымыз, күлмегенде, жылайсың ба?" деп ызалана күңкілдеді.

* * *

Үй болу үшін күй болу қажет. Қазақтың даналары бекер сөйлемейді. Бірінші байлық – денсаулық. Құдайға шүкір, өмір шыңдап өсіргендіктен бе, күш-қайратқа кемшін емес. Сонау алғашқыда осы бір жапанда жалғыз қалғанда Нәриді сары буйі, жылан да, қара құрт та шағып үлгерген. Алғашқысы болмаса, соңғы екеуінің "қастандығын" бұйым көрмеді. Елден естіген, улы

жәндіктің шаққан жерін тісімен қыршып алып, уын сорып түкіріп тастады. Сары шаян шаққаннан кейін, басқа құрт-құмырсқаның әрекеті шыбын шаққандай ғана екен. Жаһанның таяғынан кейін тобығының үсті томпайып бітіпті. Денедегі тыртық атаулы жетіп артылады екен. Бірақ солардың, қай бір ұрып-соғудан, төбелестен пайда болғаны есінде жоқ. Айыпкерді де таба алмайсың. Ойпыр-ау, кешіре гөр, құдайым. Сенің кінәң жоқ. Бар жазығың адам етіп жаратып, анадан тудырып, өсімді бол, жақсылыққа сеп, рақымды бол дегенің бе? Бірақ соны орындап жатқан кім бар? Мыңның бірі, – деді Нәри ернін жыбырлатып.

Сөйтті де, бақшалықтың есігін ашты. Міне, бүгін қияр гүлдеді. Ертеңгісін қуанышын жасыра алмай, әйеліне айтуға үйге кіріп келсе, Әсемай Болғанбай сыйлаған сынық айнаның алдында керіліп тұр.

– Әсемай, әсемсің? – деді сүйсініп кетіп. Әйелі селк етті де шұғыл бұрылды.

– Түу, Нәке-ай, зәремді ұшырдың ғой, – деді сонан соң.

Нәри келіншегін құшып, сүйіп, өзіне қаратты.

– Шыныңды айтшы. Айнадан өзіңді көргенде ойыңа не түсті?

– Ренжімейсің бе? – деді Әсемай көзін мөлдірете қарап.

– Адам аяғы, мал тұяғы баспаған жерден кетуді жөн деп таптым.

– Неге? Жазығым қайсы? – деді Нәрідің дауысы қатқыл шығып.

– Міне, өкпеледің тағы. Көз алдамайды. Біздің аулаға бір төбет ит пайда болған еді. Көрші-көлең жайлауға көшкен кезде көштен қалып қойған дейтін. Сол итке көптің көзінің түспегені жоқ. Бәрінің ойлайтыны қайткен күнде әлгі төбетті өзіне меншіктеп алу болатын. Әлгі хайуан да бір қасарыспа екен. Таласушылардың берген тамағын ішіп, белгісіз бір жаққа тайып тұрушы еді. Тіпті кейбіреулер үйшікке қамап ұстаса да көнбепті. Ақыры көңілі қалғандар итке тамақ бергенді тоқтатыпты. Сөйтіп ел қызыққан төбет бұралқы ит атанып, дала кезіп кетіпті.

Әсемай түйенің кірпіктеріндей ұзын кірпіктерін қағып-қағып жіберіп, көзі алақандай боп Нәриге қарады. Үркек жанардың арғы жағынан қорқыныш менмұндалап тұр.

– Сөзіңді ары қарай жалғастырма, – деді Нәри шыдамай.

– Мен сол хайуаннан қай жерім кем? – деді Әсемай жасын төгіп-төгіп жіберіп.

– Солай де. Жарыместерді әйелдер қорынады, әрі жақсы көреді деп бір кітаптан оқыған едім, – дедім. Үнінің қатқыл шыққанын өзі де байқамай қалған сияқты.

– Сен олардың сапынан емессің! – деді Әсемай жұлып алғандай. – Әр сөзін аңдап сөйлеп қарау, бақай есептің адамы емессің сен.

– Онда кіммін?

– Ұсақ-мимырт жануардан тұратын сұрғылт қоғамның көңілсіз, жапа шеккен өкілісің.

– Онда сен де соның қатарындасың, – деді тұтыға сөйлеген Нәри.

Әсемай айнаға бір, күйеуіне бір қарады.

– Дүниенің ақ-қарасын ажыратуға келіп пе ең мұнда, сұлуым-ау, – деді Нәри әңгімені ары қарай жалғастырып.

– Бақытты болсам деп келіп ем, – деді, қабағы дір еткен Әсемай.

– Асау сөйлеме, Әсемай. Қай адам бақыттымын десе, сол ақымақ. Қаншама жыл, қаншама ғасыр біз түрмақ, анау асқар таудай алып бабаларымыздың өзі бақытқа ұмтылған. Жетті ме? Жоқ. Оған қарағанда тәубе де. Жалғыз емес, екеусің. Әйелдің қажетін өтер еркек те, еркек қанағат тұтар жолы жіңішке, әйел бар. Сонда не керек, саған?

Әсемайдың күйеуіне қарсы айтар жауабына мән бергені сонша, жүзіне ойлы пішін мен мұңдалап шыға келді.

– Нәри-ау, мен бәрін түсінемін ғой. Сонда екеуміз бір-біріміздің бетімізге қарап отыруымыз керек пе?

– Жүрші, жүрші, – деді Нәри Әсемайды білегінен ұстаған күйі сыртқа жетелеп. – Мен саған бірнәрсе көрсетемін.

Келіншегінің белінен тарс орап алған Нәридің қайратты білегі сәлден соң, үй айналғанда барып босады.

– Міне, біздің тірлігіміздің алғашқы нәтижесі – әне, қияр гүлдеп тұр. Ана ағаштарға көз салшы, гүлдей бастады, – деді Нәри үні зорайып шығып.

Әсемай сәтті көріністі тамашалай ойланып тұрып қалды.

Көкшулан түнімен жан таптырмай үрді кеп. Нәри сыртқа екі-үш рет шықты. Түз тағысы ешкі мен тауықты аңдып жүр ме десе, қара көрсетпеді. Қараңғы түнде көзі оттай жанады ғой, патшағардың. Бір сәт өлі тыныштық орнайды да, артынша қайтадан Көкшулан бүлінеді кеп. Амалсыздан аспанға мылтық атып көрді.

Таң бозында дүр еткен мотор үнінен селк етіп оянып кетті. Нәри тарс қып мойнынан құшақтап алған Әсемайдың білегін еппен босатып, орнынан тұрды. Беліне оқшантайын байлап мылтығын бекем ұстап, есіктің саңылауынан сыртқа көз тікті. Алакөленке. Түнімен даланы күзетіп шыққан құм шоқылары. Таңның жақындап келгенін паш еткен канал суының сылдыры. Кенет мотор үні естілді. Күтпеген қонақ. Өне-бойы дірілдеп салды. Жаһан елден сұрастырып, жендеттерін алып жеткен жоқ па екен? Әйтпесе, құм-құмды аралап жүрген қай бір машине? Жаһанның Мәуледиге ұстап берген "тұтқын"-болжамдары ма? Болғанбайдың арбасының ізімен жүріп адасқан біреу ме? Міне, мотор үні тіпті жақыннан естілді. Көкшуланның аузына тиым болмай, тіптен өршеленіп салды. Дауыс шыққан жаққа қарап үреді кеп. Есіктің байлауын шешіп, тез басып сыртқа ұмтылды да еңкейген бойы жеркепені айнала беріп, қайта шегінді. Он бес-жиырма қадамдай жерде бақшалыққа бейтаныс әлдекім төне қарап тұр. Анадай тұста үш аяқты "Урал" мотоциклі қараяды. Шамасы, мына құлан түзден мұндай үйлі кездестіремін деп ойламаса керек. Иектеп алғандығы соншa, ары-бері жүріп жеміс ағаштарды қолын шошайтып санап әуре. Нәри тасадан шыға қоймады.

Бір сәт:

– Ех... ех-ей. Мына үйлің қожайыны кім? – деп дауыстады бейтаныс.

Қонақ бейқам. Қолында қаруы көрінбейді. Бұдан арғыға Нәри шыдамады. Жеткірініп қалып, сыртқа шыға келді.

– Әу, деніңіз сау болсын, осы заманның Робинзоны, – деді бейтаныс Нәриге қарсы жүріп.

– Крузосын қосып қойыңыз, – деді Нәри де бейтаныстың сөзін жалғастырып. Көзіне түсіре киген сабан қалпағын жұлып алып, қонақ, кәдімгі Аляската кезген американ ковбойларындай, басын төмен сала жақындап келді. Жалма-жан өзін таныстырып та үлгерді.

– Құраксу құмының аң-құс, балығының қорғаушысы Көркембай Бошақұлы, – деді күлімсіреп.

– Қаладан далаға келген Нәри.

– Түсіндім, – деді Көркембай. – Көруге армандаған адамым екенсіз.

– Асырып айтқан жоқсыз ба? – деді Нәри.

– Анау-мынау адам даланың Робинзоны болмаса керек еді.

– Хош келдіңіз!

Осы бір сәтте есіктен Әсемай шыға келді.

– Оһ, сұлуыңыз да жаныңызда екен ғой, – деді Көркембай күңк етіп.

– "Жалғыз жүріп жол тапқанша, көп болып адас" деген, – деді Нәри.

– Дұрыс-ақ. Иә-иә, түсінемін. Жер басып тірі жүрген пенде күн көрудің амалын қарастыру керек. Әйтпесе, құм даланы кезіп нем бар, менің... Айдарбайдың айтқан Көркембайы жөні түзу жан сияқты. Басын еңкейтіп лашыққа енген соң, жан-жағын бажайлап қарап, әлде не деп күңкілдеп, ерні жыбырлап есі шықты.

– Анау күні Айдарбайдың "Әй, құтқарушы, сен мұнда өлең айтып жүрсің, құмыңда аңыңды аулап, балығыңды ұстап, қырғауылыңды атып жатыр. Мұның қалай?" деп әзілдегенде сенбей қойып ем. Нәриді көргеніме қуаныштымын, – деді сонан соң.

Мәселе, енді түсінікті еді. Әлгінде Көркембайдың ештеңеден қауіптенбей, бірден "есіктен кіріп, төрге шығуы" Айдарбайдан мен туралы құлақтануынан екен.

– Бақшалығың да, үйің де мына Құм қаласына жарасып тұр, – деді ол.

– Қанша дегенмен жақын маңда адамдардың болғаны дұрыс шығар. Ауырып қалсаң қиын-ау.

– Басқа түскен баспақшыл, – деді Нәри.

Жас сұраса келе екеуі түйдей құрдас боп шықты. Сүрленген қырғауылдың етін Әсемай қазанға салғанда Көркембай біздей тілін сұғып алды.

– Ойпыр-ау, мына Нәри мен келіншегі нағыз жүрегінде түгі бардың өзі. Құрақсудың күзетшісі келгенде "маған не қыласың?" деуін қара, – деді қарқылдап күліп.

– Қонақ қойдан жуас. Не берсе де ішіп-жеуге ниетті, – деді Әсемай.

– Әзілім ғой. Сен сияқты батыр қазақтың мыңы көшіп келсе де Құрақсудың аң, құсын атып тауыса алмайды. Тек жырындылардың аз асамай, мол асап, текті дүниені жоқ қылуға, өрт қояр құштарлығы. Осы маңайда жабайы жылқылар болушы еді ғой, – деді Көркембай.

Нәри бірді-екілі көргенін, маңына тірі жан жолатпайтындығын айтты.

Көркембай күрсінді.

– Адам қарасын көрмеген тірі тіршілік жабайыға айналуы бір қызық жайт, – деді сонан соң. – Арыберіден соң адамның өзі де...

Көркембай әңгіме желісінің құрдасына тиіп кеткенін кеш аңдап, сасқанынан көмекейін көрсете, қарқылдап күліп жіберді.

– Мен анау Лыковтар туралы айтайын деп келе жатырмын. Олардың әулеті соғыстың алдында тайлытаяғымен Тайганың терең түкпіріне кетіп, Ұлы Отан соғысының басталып, оның жеңіспен біткенін де білмепті. Нағыз жабайылар солар ғой. Оған қарағанда Құрақсу маңайы көзбен көріп, қолмен ұстағандай мекен емес пе? – деді ол сонан соң әңгімесін жуып-шайып.

Екі құрдас қырғауылдың буы бұрқыраған еті дастарханға келмес бұрын жертөле маңын ары-бері өлшеппішіп жоспар жасаған болды.

– Мал асырамайсың ба? – деді Көркембай. – Дала кең, шөп мол. Сексеуілді кесіп алып қора жаса. Сүтін ішесің, етін жейсің, артылып жатса стансаға апарасың. Қасқыр көп пе? – деп сұрады сонан соң.

– Ертеңгісін далаға шықсам, екі-үшеуі аналайда отырады, – деді Нәри әңгімені қыздырып.

– Мылтықтан қорықпай ма?

– Пәледен машайық қашыпты. "Сен тимесең, мен тимен бадырақ көз" деп жүре береміз де...

– Осы күнге дейін достасып та кеткен шығарсыздар?

– Әйтеуір, бір тауық, бір әтеш, қос ешкіме жаман көзін бадырайтпайды. Құмның аңы да жетерлік қой. Есік ашсаң бүйі, шаян, бүзаубас, қарақұрт атаулы қаптап кетеді. Судан шығып ыстықтан көлеңкелеген жылан дегендерің үйдің бұрышында табақтай боп төңкеріліп жатады, түге.

Көркембайдың көзі тас төбесіне шығып, жан-жағына сақтана қарап алды.

– Ойпыр-ау, олай болса, ауылдан несіне кеттің? – деді Көркембай күрсініп.

– Маңдайға жазылған тағдырыма өкпем жоқ.

– Әрине, әркім өз өміріне өзі сақшы. Қалай дегенде де "Ойласам, мынау өмір шолақ екен, адамдар бір-біріне қонақ екен" деген бар емес пе? – деді.

"Айдарбай ма, менің бір кездегі масқүнем, далабезер болғанымды мынаған сүйінші сұрағандай қып баяндап шыққан ғой, сірә".

– Иә, солай. Сол шолақ тағдырды қайтсем ұзартамын деп жүрмін ғой, мен байғұс, – деді сонан соң Нәри.

Көркембай жылы жымиды.

– Айтасың-ау. Бір данaлар: "жердегі өмірді жақсарту үшін адамды жөндеу керек" депті ғой, жөнделген түріміз осы.

Көркембай құрдасының не ойлағанын біліп, азарлабезер болды.

– Нәри-ау, мен сенің өміріңе қанықпын. Осыншама ерлік жасап, ғайбат дүниеден, әйбат дүниеге оралуды көздеп жүрсің, өте дұрыс. Неткен төзім, неткен ерік жігер. Қаншама пенделер сен сияқты бола алмай, тозақтың отына күйіп жатыр. Шынын айтсам, мен саған қатты қызығамын. Наңбасаң, көзіме тура қара. Адамның көзі алдамайды, – деді Көркембай толғанысын жасыра алмай. – Енді мына тірлігіңе қараншы. Барлық қасірет,

қайғы атаулының бәрін көкірегіңнен өшіріп тастап, айналада, нағыз табиғат ордасында өмір сүріп жатырсың. Мен сені естіп, біліп, жүзіңді көріп, достасуға келдім. Құдай алдындағы шыным.

– Рақмет! Айналайын, ақ жүрек құрдасым. Алып-қоспай, дүниенің ақтығын айттың. Менің бұл өмірден түсінгенім, өмір ізгілік пен зұлымдықтың күресінен тұрады екен. Бір өкініштісі, адамдардың көбі осы бір дүниенің қыр-сырына үңілмей, бейжай үстірт көз тастап, өзінің Мені дұрыс болса, соған мәз боп өтеді екен. Көркембай басын изеді. Құрдасы ашылып сөйлеген соң Нәри де қарап қалмады. Шындығында, өзінің адамдармен ақжарқын сырласып, ойын ашық баяндап, өзегіндегіні суырмағалы қанша жыл өтті екен? "Геологтар" түске қарсы белгілі жерде топ болып жиналып әңгіме құратын. Онда да бас жазып, қалыпқа келгеннен кейін... Бірі олжасын айтып мақтанса, енді бірі әлдекімнен көрген жәбірін ортаға салып, өзегі өртенетін. Әредік-әредік отбасымен болған кезіндегі қызығын айтып, сарытап сағынышын жасырмайтын. Көкірегі қарс айрылып жылайтындары қаншама.

– Құрдас-ау, мен сені түсіндім. Сен өзі ордаланың көпті көрген философы сияқтысың, – деді ой түңғиығына сіңіп кеткен Көркембай.

– Осы мен қызметімді саған ұсынсам қайтеді. Әлгі мекеменің бастығы Мәркетай көнбейді-ау, бірақ. Нәри ойда-жоқта селк етті. Жағы қусырылып, сұрлана:

– Оның аты әлі өшпеп пе еді? – деді дүңк етіп. Сөздің басы сыбырлап басталып, арты зорайып бітті. Көркембай Нәриге таңдана қарады.

– Ау, шошып кеттің ғой. Артық сөйлеп қойған жоқпын ба? – деді Көркембай сасқалақтап.

– Е, жоқ, – деді Нәри мәймөңкелеп. – Біздің облыстағы бастығымыз ғой, Мәркетай.

Осы бір сәтте:

– Тамақ дайын, – деген Әсемайдың үні сыңғыр етті.

* * *

Көркембайдың айтканына сенер емес. О, сұмдық! Кешегі атажауы, ошағынын отын сөндіріп, ортасына түсірген Мәркетай, ата бұғыны аткан Мәркетай енді табиғаттын корғаушысы атаныпты. Пай-пой, дүние-ай, енді не дерсің. Тірі болса, бір көрер. Окшантайына бір дара окты кайткен күнде сактар. Тып-тыныш жаткан бағына кырғи боп кіріп, бұлбұлын алдаған сұркияға калай ғана ет жүрегі езілер. Мәркетайдын сұмдығы Жаһанның зұлымдығынан да асып кетеді. Адамнын жан-жүйесі әділетсіздіктін камытын киіп, шарасыз калған шағында, канатымен су себетін карлығаштай сенімді серігі, акыл айтар ағасы болмады ғой. Өзіне де обал жок. Ұзын шаштың: "Сүйдім, күйдім" дегеніне алданыпты. Институттағы сабакка бармай, Зағипанын жолын күткен күндері каншама. Сол бір сәтте әйел жадында катерлі нәпсі, ынсапсыздык, опасыздык болады деп неге ойламаған? Шынайы сезім, ар-үят деп шап-кылай беріпті. Отау кұру, әйел алу, ұрпак өсіруді міндет етіп койыпты. Адам-пенде дегенге неге кұлак аспаған? Жә, жер дүниедегі әйелдін бәрі Зағипа деп пе ен? Акылды жары, аяулы карындастар, абзал аналар каншама! Әсемайға да бір әңгімеде Зағипанын көзіне шөп салғанын жасырмай жайып салды.

– Кылмысты заңдастырып отырған жокпыз ба? – деді Әсемай. – Мен басында сені киын-кыстау тірліктін темір талкысына шыдай алмай, бас сауғалап көрінген табалдырыкты тіміскілеген әлдекім бе деп ойлағанмын. Тіпті жек көрдім.

– Ал, казір ше? – деді Нәри әңгімеге жетелеп.

– Катал тағдырдын тегеуріне карсы тұрған кайтпас жансын, – деді Әсемай. Әйел затының өзін түңғыш мактауы. Әсемайды тік көтеріп алып тізесіне отыр-ғызды. Келіншегі күлімдеп күйеуіне карады.

* * *

Жалпы өмірде анау жетпейді, мынау аз деп жатады. Ал, айдалада күн кешкен адамдарға не жорык?

Құдай сақтасын, адамдарға бақшалықтың жемісінің өсуіне кім де болса, сұқтанбасын. Суы бар жер, нуы бар мекен. Жеміс ағаштары алғашқы жемісін бере бастады. Нәри түнде қолфонарын алып далаға шықса құлақтары қалқайып қояндар отырады. Кәдімгі жарық көзіне түссе жалпайып отыра кететін құмның қорқақтары. Көкшулан зорайып, адам қорқатын нағыз әзірейілге айналған. Әншейінде түз қояны көрінсе қуа жөнелетін көк төбет әлгілермен дос, үрмейді. Ал, олар жапандағы жалғыз үйдің шаруашылығына орасан зиян келтіреді. Қырыққабат пен сәбіз атаулының нағыз жауы. Қала бере, жеміс ағаштарының төменгі бұтақтарын жеп, қабығын кеміріп тастайды. Целофанмен қаптап әзер қорғайды. Өрік, қытай шиесінің молдығын айтпа. Бір келгенде Нәри Көркембайға екі-үш шелегін арқалатып жіберген. Ақжүрек азамат жігіт. Құрдастығына балап, бірде қалтасына тілін алып тастаған жылан салып қойып, сондағы Көркембайдың қорыққанын көрсең. Құм даланы кезіп қаша жөнелсін. Зорға қуып жетті.

– Айналайын, Көркем-ау, осыншама қорқақ па ең. Сені де табиғаттың қорғаушысы дейді-ау. Қорықпа, өзің тиіспесең, жылан шақпайды. Тілін алып тастадым, – деді өкпесі өшкен Нәри.

– Түу, осылай да әзілдей ме екен. Көрсем бұл пәлені қуып жүріп өлтірем ғой. Түрі суық қой, пәтшағардың, – дейді Көркембай анадайда ирелеңдей зытып бара жатқан жыланға қарап. – Жамбасым жыбыр еткенде біткен шығармын дедім.

Әсемай да күліп жатыр. Сол келгенде шай үстінде Көркембай тағы бір жаңалықтың шетін шығарды.

– Жақында Мәркегай бастығымыз Құмбел каналының бойымен сонау Қызылқайыңға дейін аралап қайтпақшы. Мені жанына қосшы етпек, – деді ол.

Нәри бетіне жалт қарады.

– Солай де...

Нәри тағы да түтігіп, түгі тікірейіп салды. Ашуға булығып, ары-бері сенделіп, есі шықты. Онымен қоймай Көркембайдың қайтар сәтінде:

– Қарасы өшкірді бұл маңға жолатпа. Әйтпесе, арам өледі, – деп тапап тапсырды.

Шамасы, Болғанбай ағасы Жаһан туралы жасырып қалған сияқты. Көркембай құрдасына шошына көзі бақырайып қарап, басын изей берді.

Жеркепенің қиыр бетіне қу сексеуіл буталып, жиналған еді. Қыска әзірлікті Нәри ерте бастаған-ды. Айтпақшы, сонау Қосшағылдың бойынан сексеуіл лайындаған жігіттерге өкпесі қара қазандай. Иттің ғана балалары-ай. Обалдары болса өздеріне. Сексеуіл шабағын балтаны Болғанбай сыйлап еді. Құрал-сайман сақтайтын үйшіктің ішінде жататын. Соны ұрлап кетіпті. Бұл адам деген де қанағат болса ше? Ашкөзділік кімге жарасқан. Түптің түбінде Нәри сияқты құлан түзде, қалың құмның ішінде тұрмайды ғой, күшіктер. Елді мекенде күнін көріп жатыр. Балта аса қажет болып бара жатса базардан да сатып алады, тіреліп тұр. Тіпті болмағанда көршілерінен сұрайды. Қолы қысқарды да қалды. Кімді даттап, қарғыстасын. Екі Камаз сексеуілді тиеп, жондеріне тартып отырды. Биліккшілер аяғының астында жатқан байлықты көрмейді. Біреу бүлдіріп, қиратып алып жатса да көрер көз, сөйлер ауыз жоқ. Осындайдан барып, дандайситындар дандайсиды ғой. Ішеді, жейді. Онымен қоймай, тыныш жүрсе, қане. Нәридің ойына әжесінің айтқан бір әңгімесі түсті. Баяғыда бақ шіркін бір адамның басына қонған екен. Әлгі пенде былқсылқ етіп, басын ары-бері бұруға шамасы келмей, қарама-қарсысындағы елді көрсе де көрмегенси қалыпты. Өзінен басқаны менсінбей, көзіне шел қаптағандай күй кешіпті. Бақ әлгіге өкпелеп адамның кеудесіне қоныпты. "Өтебайдан Шөтебай өтіп кеттінің" кері енді басталыпты. Адам-пенденің көкірегі аспан тіреп, "менен асқан бұл дүниеде ешкім жоқ. Мен кереметпін" деп кеудесін тоқпақтапты. Содан ыза бұған Бақ адамның аяғына кеп қоныпты. Адам дегенді қойсаңыз, былқсылқ етіп жүрумен қалыпты. Ешкімді менсінбепті. Адамға өкпелеген Бақ ренжіп, "көрмегенім сен бол" деп ғайып болыпты. Міне, адам деген осы.

* * *

Нәри жақында аң аулап жүріп мекенінен біраз жер ұзап кеткен-ді. Кешеу күздің кезі. Олара. Қаракөк аспан.

Жанында Көкшулан. Иығында мылтық. Мұндайда анандайдан көрінген көп бұта сені бассалардай боп жасырынған құбыжық-қаракшыдай көрінеді. Ит нағыз жеті казынанын бірі. Жауды сезеді. Қауіптен сақтандырады. Нәри шаршағанын басып, бір сәт аялдап, қу сексеуілді үйіп, от тұтатты. Құрған каклпандарына ештене ілікпей, реніші де мол еді. Аяғын шешіп, шұлғауын кептірді. Бір сәт Көкшулан бырс етті. Артынша иесінің артына тығылды. Нәри түз тағысы ма деп мылтығына жармасты. Ештене көрінбейді. Бір кезде Көкшулан аспанға карап ұлып коя берді. Нәри итіне таңдана қарап, басынан сипап, жан-жағын шолды. Тым-тырыс. Қауіптенетіндей ештене байқалмайды. Бөлекше бөтен дыбыс та естілмейді. Аспанға қарады. Түнде ұшқан ұшак па деп ойлады. Кенет ерекше жарқыраған бір сәулеге көзі түсті. Әлгі сәуле бірте-бірте жақындап, тура төбесіне келді. Айналанын бәрін жап-жарық кылған, көз қаратпайтын сиқыр сәуле. Не істеу керек? Нәри ғажайып сәуле шашқанның дөңгелек сұлбасын, қаз-қатар орналаскан иллюминаторларына дейін анык байкады. Өмірінде мұндай корыкпас. Прожектормен аң аулайтындарда кездесуші еді мұндай бір керемет. Кенет әлгі зат отка төнді. Нәри жандалбасамен отты тастай беріп, үйге карай зымырасын кеп. Көкшулан артынан калар емес. Не озбайды, не калмайды. Бір ғажабы әлгі ұшып жүрген бөлекетте дыбыс жок. Бала кезінде әке-шешелері "әй, балалар, елсіз жерде жын-шайтан, орман иесі, жезтырнак болады. Олар неше бір макұлык кейпінде ешкі, мысык болып көрінеді. "Бисмиллаларың" аузында болсын. Содан таймасаңдар ештене етпейді деуші еді. Құдай сөзінің жаман жертөлеге жеткенше сан мыңы айтылды. Қуатты машине жарығы қыр соңынан еріп отырды. Нәри аккан бойда жертөлеге койып кеткен. Түлкі қуса, калың сексеуілдің ішіндегі омбы карға басын тығып, "құйрығымды жесең өзің біл" деп, шаршаған қырғауылдың әрекетін жасапты. Ғажап жарыктан төбесін камыспен жапкан жертөле өртеніп кетеді-ау деген ой болса ше? Бас сауғалап, колды-аякка тұрмай каша беріпті. Мұндайда ұйкышағы адамнан батыр адам жок. Үстелдің үстіндегі балауыз шамның жарығын медеу тұтып Әсемай ұйыктап жатыр.

– Әу, сұлуым-ау. Біздің үйдің үстіне күйеуің мен Көкшуланды алып кетпек боп басқа планетаның адамдары ұшып келді, – деді.

Нәри сәлден соң есіктің жырығынан сығалаған, әлгі пәлекет көрінбеді. Көңілі орнына түскен соң Әсемайды сыбырлап оятты.

– Түу, сен де бір мазасыз екенсің. Ұйқы бермей қойдың ғой, – деді келіншегі аунап түсіп. Сәлден соң Нәри далаға шыққан. Түсі ме, өңі ме? Әлгіндегі ғажайып әлем ұшты-күйлі. Еңселей басқан түн. Алып жерошақтың ішіндегі сөнбеген шоқтай жылтыраған сансыз жұлдыздар. Әлгілер соның бірінен келген жолаушы шығар. Ойпыр-ау, енді Құрақсудың құмын қаңғып жүрген Нәриді, бөтен планетаның адамдары да қажетсінбегені ме? Олар да небір озық техникасымен қашып келе жатқанымды тексеріп, "түу, мынау жер әлемінің адамдарының ішіндегі ең бір нашары екен. Арақ ішкен, әйел тастаған, көптің ішінен қашып, сырттап жүрген қу деді ме, кім білсін. Пай-пой, философ Нәриман Жансейітұлы, не деп кеттің, ә? Хайуанға да жан керек, сасқан бейшара, Көкшулан ұясына еніп алыпты. Шақырса жақындағысы жоқ. Шіркін, шыбын жан-ай. Бәрін айт та, бірін айт. Мынау сегіз Франция сиып кететін Қазақстанда, екі аяқты пенденің ішінде ғарыштан келген ғажайыпты алғаш көрген өзі шығар. Тірі жүрген соң көресіні көретінің анық. Діңкелеп кеп орнына жатты. Ойда жоқта ойына Болғанбай түсті. Алты айдан бері ат ізін салмағаны қалай? Сағынып кетті. Қаниза жеңгесін де бір көргісі келді. Бар дүниесінің қажетке жарарын жасырып, ешкілерін, құстарын қораларына жемін, шөбін қойып қамап, ағасы мен жеңгесіне дайындаған сыйлықтарын қол шанаға тиеп Құмжарғанға тартып кетсе ше? Болғанбай нағыз қазақтың үлгісі. Бәрінен де қос бүйіріне кезек-кезек аунатып, қабырғасын қайыстырған қауіпті ойды айтсаңшы. Егерәкім Әсемай өзімен бірге ауылға барса, қайтып мына жеркепеге орала ма? Ойлап қараса, осы бір нәзік жанды, қайғысы мол әйелді жіпсіз байлап, өзім көргенді ол да бастан өткерсін деп, қапастың торына бірге байлап қойған өзі ғой.

* * *

Әсемай екі өкпесін қолына алып жетіпті. Қуаныш па әлде қорқыныш па, адам түсініп болмайтын бір күйде. Нәри Жарқамыстағы құрған қақпандарын тексеріп жүрген.

– Үйге бір Дөкей бастық келді, – деді Әсемай. – Құдды екі қабат әйел сияқты. Есіктен еңкейіп зорға кірді.

Нәри әйелінің сөзіне күлген болды.

– Жанында Көркембай бар ма? – деп сұрады. – Е, ол мені Қаптағайдан күтетін шығар, – деді сонан соң, көзі күлімдей.

Ішінде алай-дүлей боран соғып жөнелді. Сырты бүтін, іші түтін. "Ол, иттің баласын не істесем екен, ә? Пәлесін қара! Нәпсіқұмар байғұс... Қолымды қанға малсам ше? Көп қорлығының зауалы бұған да тисін... Сәл сабыр... Әліптің артын бақ", – деді тағы өзі. Қалшиып тұрып қалыпты.

– Кеттік, – деді Әсемай.

Нәри керіп қойған екі ондатрдың терісін Әсемайға ұстатып, өзі топ қақпанды арқасына салды. Әйеліне сыр білдірмеді.

– Түу, тышқан сасып кетіпсің. Енді мен сені жаныма жатқызбаймын, – деді Әсемай еркелеп.

– Өз еркің, – деді Нәри. – Онда мен далаға түнеймін.

– Мейлі, – деді аузын бұртитқан Әсемай. – Айдалада, қалың құмда, шағыл-шағылда өмір сүргенше, сонда барғаным дұрыс шығар, ә?

Әсемай көзі жаутаңдай күйеуіне қарады. "Адамдарды, ауылды сағындым. Бұйткен тірлігі құрсын-ай" деген ләм жүзінен біліріп тұр. Нәридің іші үлып салды. Нәзік жанның жүрекжарды қасіреті өзегін тіліп түскендей. Ауа сіресіп, өксік тұнып тұрғандай.

Әйелдің жүрегіндегі азаттық іздеп ашынған сұрапыл өртті қалай ғана өшіруге болар екен. Осының бәрі аласқан арман, алданған махаббат, түзелмес тұрмыс, толып жатқан тағдырдың ауыр соққыларының әсері ғой.

– Ал, солай делік, – деді Нәри Әсемайға. Ойда-жокта ол екі колын шапактап, куанып салды.

– Тезірек кутылайык, мына тозактан. Дәл бүгіннен калтырма. Айт әлгіне, – деді Әсемай.

– Ұлы максат үшін, жалғыздыктан кутылу үшін жасалатын әрекетке несіне кабак шыту керек? – дейді Нәри әйелін кушактап.

– Мен бір ғажап түс көрдім, Нәке! Нағыз ертегі сиякты, – деді Әсемай үйпа-түйпа шашын түзеген бойы. – Түн екен деймін. Ай кол созым жерде тұр. Екеуміз кара балшыкты белуардан кешіп келеміз.

– Әйтеуір, Құраксудың кұмы емес кой, – деді Нәри сөзін бөліп.

– Е, жок. Аяғымызда резинка етік. Құбыланы бетке алып келеміз. Ойда-жокта жалғыз көзді, сүйір иекті, мұрнының орнына кос тесігі бар, бәкенсдей адам кездеседі. Өзі бір шалдуар адам екен...

– Е, сонан соң, – деді Нәри шыдамай.

– Сендер мұнда неге келдіңдер? Казір планета патшасы келмек. Көздеріңді куртыңдар, – дейді әлгі. Сен оған карсы тұрып: – Ей, жалғыз көз. Адамды жеңген ешкімді көрген жокпын деп, колыңда осы шолак мылтығың бар, көнбейсің. Сенің бірбеткей, кайыспайтын кайсар екеніңді білген жалғыз көз, жан калтасынан бүктетілген осы мылтыктан аумайтын баска бірін алып маған ұсынады да: – Мырза, тезірек бұл жерден кет. Мен сенің жанашырыңмын, дейді. Сені жетелей жөнелемін. Былай шыға артыма карасам, шындығында үйдей бір пәле әлгі жалғыз көздің жанында тұр. Каша жөнелеміз. Дәл осы кезде Көкшуланның шоуілдеп үргені...

– Кызык екен, – деді Нәри.

– Түстің бәрі кызык болады. Сен маған осы түсімді жорып бер, – деді еркелеген Әсемай.

– Түс түлкінің боғы, – деді Нәри касарысып.

– Енді бұл сөйтеді. Әншейінде әжем түсті олай-бұлай жоритын еді деуші ең ғой, – деді Әсемай аузын бұртитып.

Осы бір сәтте жерден шыккандай куйрығын бұлғаңдаткан Көкшулан көрінген. Нәри әп-сәтте тұтанып салды. Колын күпәйкесінің колтығына тығып жіберіп,

мылтығының шаппасын сипағанын өзі де сезер емес. Миы шайқалып кеткендей.

– Қанды басыңды бері тарт, иттің баласы.

– Не деп келесің, Нәри? Бізге түс жорығаныңды айтсаңшы, – деді Әсемай.

– Жәй, мына аңның, құстың бәрін зоопаркке салғысы келетін "иттерді" боқтап келемін, – деді күйеуі әп-сәтте жалт беріп.

– Олар кімдер? – деді Әсемай.

– Үйге келіп отырған Көркембайдың бастығы. Солар шыныменен-ақ аң мен құстың арашашысы дейсің бе? Су жалған, өтірік.

– Қатты кеттің ғой, Нәри.

– Жалпы адам атаулы жыртқыш.

– Нәри, көкем-ау, онда жер дүниеге аң мен құс сыймай кетпей ме?

– Сонда олардың бәрін қамап, керегін алып, керексізін өлтіріп, қыра бермекпіз бе? Адам атаулының бәрі аңшы.

– Тағы да дала философиясы басталды ма? – деді Әсемай күйеуін мазақтап.

– Иә, сондай қос аяқты жыртқыштардың көзін жою керек. Әйтпесе, адалдық пен тазалық әрқашан көмусіз қала береді. Өмір неткен қатігез, – деді Нәри қыстығып.

– Осы сен-ақ жамандықтарды теріп, тізбелеп жүресің, – деді бір сәт Әсемай. Көздерінің құйрығы қып-қызыл боп кетіпті.

– Қойдым, қойдым, – деді Нәри әйелінің өкпесін қайтармақ боп.

– Мен саған жақсы бір жаңалықты жеткізбек едім.

– Айта ғой.

– Енді кеш.

– Жә... Сонша бұзық боп кеткеніңе таңмын, – деді Нәри Әсемайды еркелетіп.

Нәри көз алдына келесі сәтті елестетті. О, сұмдық! Қарсы алдында ағаш орындық үстінде Мәркетай отыр. Түсінен шошынғандай селк етті. Сол сұмырай. Менің тағдырыма балта шапқан осы ит. Сонау бірде: "Мәркетайды ертіп келме" дегені қайда? Көркембайдың айтқанына көніп, айдауына жүрмеген-ау, сірә. Канал бойын-

дағы жолдан ауғысы келмеген. Жүрегі атқалақтай соғып, қарадай әбіржіген сарсаң күйге түсті. Не істеу керек? Жүрегі кеудесіне сыймай, ыстық ине сұққандай шым етіп зілдене ауырып кетті.

"Мәркетай тірі жүргенде менде тыныштық жоқ. Көзін құртамын. Бір түйір қорғасын оның жарық дүниемен қоштасуына жетеді... Иә..." деп күбірледі. Есін жинап алды. Әлгінде ғана Әсемай Көкшулан екеуі алға түсіп кеткен еді, енді бұны күтіп есіктің көзінде тұр. Өлген сиырдай боп анадайда, теңірейіп канал бойынан сүйреп әкелген томар жатыр.

– Қонақ кетіп қалыпты, – деді Әсемай жүзі жабырқап.

– Қарасы өшсін! – деді кектеніп.

Ары-бері теңселіп көп жүрді. Бақшалықты аралады. Каналдан бұрылған тұстағы бөгеменің үстіне шықты. "Әй, Көркембай, – деді сонан соң. – "Білмеген у ішеді" деген осы. Мәркетайдың кім екенін сен білмейсің ғой... Ол зәлім адам. Ондай пенде жер бетінде аяқ басып жүрмеуі керек деді өзімен-өзі сөйлесіп. Тұра тұр, атажауым Мәркетай, сен маған адам аяғы баспайтын қалың құмда кездесе бермейақ. Іздеушісі таппай, құзғын жесін иттің баласын. Опасызды қазақ бабам таспен атып өлтірген. Оқшантайындағы шеткі екі патрон дара оқпен оқталған. Мәркетай мен Жаһанға арналған. Иә, солай... Айтқаны айтқан, сірә, одан қайтпан.

Асыға басып кеп есіктен енді. Әсемай қамыс төсекте қуыршақтай оранып, білегін жастықтан асыра созып қалғып кетіпті. Жарық түссін деп терезедегі кленканы алып тастаған. Себезгілеген сәуле қою кірпіктерінің саласын сетінетіп жібергендей. Еш аланы жоқ. Оң білегін томпайған бетіне төсеген күйі. Ара-тұра бесіктегі шалықтаған баладай ернін еміп жымиып, қала бере бір сәт демсіз қалады. Түс көріп жатқан сияқты. Міне, әлде не деп күңкілдеді кеп. Әттең, не деп жатқанын білер ме еді. Төсекте жатып бір сәт ойланғанға не жетсін. Шексіздіктің мұхитын жүзіп жөнелесің. Алдыңда бір телегей теңіз арман биігі жатады. Дүние өзі бір қызық құбылыс. Бірде көл, бірде шөл. Суман етіп Мәркетайдың сұлбасы қарсы алдына кеп тұра қалды.

– Көзінді жоямын, иттің баласы. Одан соң, мейлі.

– Ау, Әсемайды кайтесің?

– Оның да мандайына жазған тағдырдың жазуы бар шығар.

– Ал, Жаһанды не істейсің?

– Екеуінің көзін бір күнде жоямын. Мотоциклмен қалаға жетемін. Күн жүремін, түн жүремін.

– Пау, саған не көрінді, сонша бүлініп?

– Олар менің Алла жазған жарық күнімді қасіретті түнге айналдырды. Қалай ғана ұмытамын?.. Әлі де артымнан калар емес. Стансада анасы жүр, мынасы іздеп келіпті.

– Сап, көнілім, сап.

Аяғының ұшымен басып барып, анандайда ілінген оқшантайға жақындады.

– Әй, Нәри! Адасканның алды жөн, арты соқпақ.

– Бұрын неге ойламағансың?

– Ақымақтың ақылы түстен кейін кіреді. Нәри өзімен өзі сөйлескен әңгімесін тәмамдап сәл тұрды да, беліне оқшантайын байлап, мылтығын бөлшектеп дорбасына салып, есікке беттеді. Сөйткенше Әсемайдың: – Нәри! – деген дауысы естіліп қалды.

– Қайда асықтың, малтабарым? Жауап орнына Нәри даланы нұсқаған.

– Бері жақындашы, – деді Әсемай күлімсіреп. Үні шырақ, ақжарқын, салтанат мұңдалайды.

– Тізенді басшы. Бұл жолы дауысы тағы да дірілдей шықты. – Нәрім-ау, саған не дейін! Тұрған бойын осы. Ойына ештеңе кіріп шығар емес.

Әсемай әлде нені айтарда өстіп таспа тілгендей тәптіштеп түсіндірудің камына кірісер еді. Ботекесінде бүгіп калған кандай сыры бар екен.

– Пау, сонша үріккені несі? – деді енді Әсемай. Тотыққан беті кұла тартып, кан жүгіргенін, әлде қан қашқанын ажырату қиын. Әйтеуір, өзіне бағытталған жылы да сүйкімді көзқарас. Енді бір сәт білегінен ұстады да өзіне қарай ұмсындыра тартты. Жанарларынан жасындай ұшқындаған от жылт етті. Енді бір сәт екі иінінен демалды. Денесі от боп жанып тұр. Жүрегі дүрс-дүрс соғады.

– Әлі де ештене сезбедің бе, малтабарым? Нәри басын шайқады. Кенет... кенет алақанын әлде не түртіп-түртіп қалды. Селк етті.

– Нәри! Сен енді де маған үрсасың ба? – деді көздері жасқа шыланып. – Нәри, ол сенің балаң, иә, сенің ұрпағың...

Нәри есеңгіреп қалды.

– Не дейсің, Әсем-ау, не дейсің? – дей бергенін өзі де сезер емес. – Енді біз үшеуміз.

– Е, Алла! Сенің әміріңе шек жоқ. Жаратқан пендеңе жаның ашыпты. Мың алғыс, саған! – деп ішінен күбірледі кеп. Орнынан тұра беріп, Әсемайға қайта бұрылды. Еңіреп жылап жүр. – Шын айтып тұрсың ба? дейді.

– Оллаһи, биллаһи, – деді келіншегі мойнын қайшылап. Қызықты қараңыз. Нәри шыбық мінген сәбидей тойтырақтап, үйін айнала беріпті. Соңында Көкшулан, төрт аяқты тіршілік иесі өзімен ойнап жүр деп ұқса керек.

– Әй, Көкшулан! Сен де қуанып жүрсің бе, ә!.. – деді бір сәт қалт тоқтап.

Нәри бір сәт ту сыртынан өзінің тірлігін бақылап, күлімсірей қарап тұрған Әсемайды көрді. Жүгіріп кеп Әсемайды жерден балаша көтеріп алып, айналдырсын кеп.

– Сен нағыз сұлусың, – дейді Нәри сонан соң Әсемайға. Түңғиығында, сонау түкпірінде адам білмейтін, көрмейтіндей құпия – аналық белгі танылып тұрғандай. Ойда-жоқта ойына әлде бір ақынның жыр шумағы оралды.

Арман қуып, азап көру – ол да әсем.
Түкке алғыссыз – тындырдым деп кеткен
Өмір жолы ойқы-шойқы бұралаң
Ерлік екен – қашып құтылу күнәдан.

Төрт жолды сан қайталап, жылаған күйі ары-бері сенделіп жүріп кетті. Көк аспанға қарап сәл тұрды. Ана бір боз торғай күн сәулесіне ілініп қалыпты. Дала таусылмас бір симфонияны бастап кеткендей. Көкжиек-таққа сағым-жасау ілініпті. Анау бір қамыстың арғы бетіндегі көлден бір топ ақ шағала көтерілді. Әлдеқайдан бұрқырап боз жусанның иісі келді мұрынға.

– Eh..ex.. ей. Енді менің өткенімнен кешерім ыстық. Иә, солай. Дүние жалғасады, енді. Сол үшін дүниенің бәрін талақ етемін. Шынлығында, дүниенің бәрін бүлдіретін адам екен ғой. Мәркетай сияқтылар молырақ жеуге, басқалардан дәулеттірек атануға неге құштар? Олардың саны да өте көп. Адал болуға талпынғандар неге аз. Туh, енді не істедім? Сол сумырайдың аты қайдан аузыма түсіп еді.

* * *

Ешкінің құйрығы көкке жетердей дегбірсізденген үй күзетшісі Көкшулан да, теріскейде апандағы "досы" да түнімен жер дүниені басына көтеріп ұлып шықты. Түн ортасында кебісін сүйретіп, пілте шамын желден жасқап, қолымен кіреукедей сыртқа шықты. Тым-тырыс дүние. Ары-бері айналып кеп, демін ішіне тартып жүрелей отырып тың тыңдады. Ала бөтен дыбыс жоқ. Сыбай-сылтан жүрген әлде кім бұл маңайда қылт етсе, ертелі кеш көзі көріп, керең болғыр құлағы естісе керек еді. Көкжал шұнақ үй маңынан шықпасын, ал Көкшуланға не жорық? Кезбенің кезінен сақта! Құлағы тікірейіген төрт күшігін кеше санап келді. Аңшының қолынан аман. Жер кепеге қайта оралды. Қамыс төсеніштің үстінде қос қабырғасына кезек-кезек аунап, қопке дейін көз шырымын алмады. Ақыры Құдайдың адам табиғатына ұйқы еншілегені ақиқат екендігін дәлелдеді, кірпігі айқасып кетіпті. Енді міне, көзін тырмалап ашып, көрзі етігін шұлғаусыз киіп, жеркепе маңында күңкілдеумен ары-бері теңселіп жүр.

– Әй, Айдарбай, сүйкімді сұлуыңмен жақсы тұрмыс құрып жатырсың ба? – деді тор жәшікті мекен еткен сұр әтешке жақындап келіп. Жауап орнына қызылсұр айдарлы әтеш қыт-қыттап жем сұрап, ебелек қақты. – Өз обалың өзіңе. Көркембайдың әйелін тартып алмағанда Есбике қызбен де, Шүкіманмен де, Меңсұлумен де ойнап күлетін ең. Сонан соң өзіне-өзі риза пішінде, ыржиып күлді. Көркембай мен Айдарбай, Есбике, Шүкіман, Меңсұлу өзінің тауық қойған аттары. Ол шіркіндер сөзімді естіп жатқан жоқ, өмірде бар пенделер,

мейлі. Құлақтары шуласын, түге. Нәри дудар-дудар шашын, сексеуілдің шырпысындай буынтық-буынтық саусақтарымен тарамдап алға жүрді. Сонан соң артына, қос тордағы құс-тауықтарға керенау бұрылды.

– Түлкі бикеш түнде келмеді ме? Сендерді не қылсын. Каналдың балығына тойып алған ғой, сірә. Иә, солай... Аяғын сүйрете басып қояндар жатқан торкөзді жәшікке жақындап келді.

– Әй, Тостаған – Кірпішбай. Сен не күйдесің? Көкжалн есігіңді тоқылдатқан жоқ па? Қорықпаған сияқтысың, ә. Әйтпесе, қалыңдығың екеуің көздерің аспанға шығып, инфаргің ұстап түкпірінде тұралап жатар едің, – деді. Нариман мырс етіп:

– Ех, дүние-ай. Сендер болмасаңдар, мен кіммен сөйлесемін, ә? Әсемай мен ұлымды Құмжарғандағы роддомнан алып келгенше.

Нәри қараторы жүзі күреңітіп күрсініп алды.

– Е, жоқ. Антымды бұзбаймын. Әй, әзәзіл, ауылға бармаймын, азғырма мені. Сүйегім осында шіриді. Көрмегенім Жаһан болсын. Иә, солай. Күнделікті жаттама сөзін тағы да қайталады.

– Түу, сен Сұлубикеш, жалғызсырап тұрсың ба? Лағың болса ғой. Жә, сенің еңбегің бар. Аққа аузымды тигіздің, сақалдым. Әй, сол лақтың қажеті не? Ертеңгі күні теке атанып, өзіңе артылады. Мына қу бас бәрін көрді ғой. Сұр жылан мойныма оралып, ішімнен кіріп, сыртымнан шығып, ақыры жас иіс аңсап, жардан құлатып кеткен жоқ па? Ал, қане жайыл. Бақшаға жолама. Онсыз да үзіп-жерің жетеді ғой. Нәри шағын қораның есігін ашып, тоқал ешкіні жонге салды да, кері бұрылды.

– Әй, сұлу, алысқа ұзама. Дос түнімен ұлып шықты. Ашулы... Азуына іліміп жүрме. Біраздан соң байғұстың халін біліп қайтармын.

Дәл осы бір сәтте, аузы жабық үйшікте жатқан Көкшулан иесінің иісін сезіп, қыңсылап қоя берген.

– Бәрін ұмытсам да сені есімнен шығармаймын ғой, жеті қазынамның бірі. Сен болмасаң, мен жер басып тірі жүрем бе? Екеуміздің жанымыз бір ғой, көкем.

Үйшіктің аржағынан атылып шыққан тік құлақ қызыл сары жонды арыстандай ит сілкініп салып

кеудесіне асылды. Нариман басынан сипап еркелеткен сайын ит те құлағын жымырып, қыңсылап салды.

– Түнімен ұлыдың ғой, көк тентек. Әй, шамасы саған әйел керек боп жүр, ә. Сен мені тастап кетпейсің бе? Шыдайсың бәріне. Бір күні әлгі Көркембайдың қаншығын алдырамын. Құда түсемін. Сендей өр деңелі, асыл тұқымды күйеу баланы қайдан тапсын. Әуелі, сол инспекторыңның өзі сенен тұқым аламын деп иіліп төсек, жайылып жастық болар. Ақырын күтші. Түнімен ұлып, ұйқы бермедің ғой. Ал енді жүр, тамақ ішейік. Ит пен иесі үйге қарай аяңдады. Беткейге салған жер кепе, перінің үйіндей. Сырт көзге байқалар емес өзі. Тұла бойын түк басқан, басы қазандай, аузы керекарыс, асты-үстіне қаптаған қауға сақалы, сасыған көлдің жиегіндегі өскен қоға тәрізді ұйысқан, еңгезердей адам, есікті байыппен ашып, биікше табалдырықты еңкейе аттады да артына бұрылып, алдымен итті өткізді. – Ал, төрге шық. Орныңа отыр. Ертеңгі тамағымызды ішелік, – деді сонан соң. Қасқыр ит сөзді түсінгендей жатаған ағаш үстелді төр жағына, құйрығын бұлғаңдата шоқайып отыра кетті. Жертөле іші алакөлеңке. Білте шамның сығырайған жарығы сеп. Нәри қамыс жозының үстінде ескі газетпен жабылған тамақты ашып жіберді. Күні кеше піскен ата қырғауылдың еті, тұздалған қияр мен қызанақ, тұз, екі-үш пияз...

– Әй, Көкшұлан, мә, мынау сенің еншің. Қырғауылдың етінен дәм татып көр. Қияр жемейсің. Пиязды аузыңа салмайсың, ол белгілі. Нансыз тамақ тамақ емес. Нәри үстел үстіндегі тағамдарды екіге бөле-жара бастады. Көкшұлан үйренген тәртіппен аттап, ашкөзденe қоймады.

– Әй, көке, сен қожайынның сұрағына неге жауап бермейсің? Ондайда бізді қатты жазалайтын. Нәри иттің баласы. Қорсылдаған шошқа! Тапқанын тазға берген талқандай. Ішіп қойдың ғой, ә. Мә, сыбаған деп майқұйрықтан ыңқита бір тебетін. Мен сөйтсем ғой, тентіреп кетерсің, қожайының құсап. Неге ұлыдың деймін, мен саған? Нәри дауысына зіл сала сөйлеп еді. Көкшұнақ ит түсінді ме, Құдай білсін, қысқа құйрығын бұлғаңдатып, иесінің алдында бәйпең қақты.

– Әне, сен де тірі төртаяқсың. Ішер аяқ тамағың үшін жалданып... Дүниені бір-біріне тәуелді етіп қойған, қу Құдай-ай. Антымды бұзбаймын дедім ғой. Ешкімге жамандық атаулы жасамаймын. Ақыры айтпайсың ғой. Бірақ, сенің тілің жоқ. Ойда-жоқта Нәри түнжырап салды. Жертөленің ішін мұң меңдеп алды.

– Сен менің бір кезде жалғанды жалпағынан басқанымды білмейсің ғой, найсап. Мені көргенде жан-жағымдағылар анандайдан бас иіп, түйнек болған жылқыдай тыпырлайтын. Жас жыңғылдай қызыл күрең шағым-ай. Ер пішінді едім. Жұрт "Нареке, деп аяғыма оралып, дәл сен сияқты құйрығын бұлғаңдататын шұнағым-ау. Бетіне келер ұятты өзі біліп, жұмайтындар неге өте көп? Соның бірі мына мен едім. Тағдырдың шоқпар шоқпары кеп маңдайымнан сарт етіп ұрылды. Тірі өлік боп, кезбе атандым. Енді ұлды болдым. Ал сен кеп тыныш жатқан жанымның жарасын тырмалап, үлесін кеп. Әзәзіл азғырды. Шайтан жазғырды. Бұлақтай тұнық басталған дүние, тоспадай лайланды. Сен сияқты төрт аяқтының жарасы жеңіл-ау. Бар пәле екі аяқтыда. Күліп келіп, күңіреніп шығады, олар. Анау піскен қазыдай жүзі жылтыраған Мәркетайды айтамын. Әлгі осында келіп кетіп жүретін рыбнадзор ше? Белбеуін көкірегіне таман буынып, адамсып келген ше? Әңгімесінен ойыса беріп, үстел бетіне қарап еді, Көкшұлан өз үлесін бітіріп, Нәри қожайынының алдындағы дәмге көзін тігіп, мөлиіпті де қалыпты. Нәри тағы мырс етті.

– Әй, Көкшұлан мырза. Сен өзің қанағат қарын тойғызады дегенді білмейді екенсің. Төрт көзіміз түгел отыр ғой. Шыныңды айтшы, дүниеге құдай жетектеп әкелген мына мені мен өзіңнің айырмашылығыңды білесің бе? Міне, көзіңді күлімдетесің кеп. Яғни, сен итсің. Айырмашылығымыз сенде төрт аяқ, сөйлей алмайсың, санаң жоқ. Саған мына дүниенің қызығы тойып тамақ ішу, қала бере қаншық іздеп қаңғырып, әлің жетсе басқаның тамағын тартып алу, өлімжеттік жасау. Сендер сияқты бұл дүниеде адамдар көп-ақ. Рас, қожайынына бас-көз боп, үйді күзетесің. Мен саған ұқсаймын ба? Бір кезде ұқсағанмын. Тек қазір ондай

емеспін. Саған қожалық етемін. Рас қой. Олай десек, сен менің еншіме жармаспа. Жарай ма? Иттігіңді қой. Ха... Ха... Нәри ызалана күлді. Көкшулан иесінің тірлігіне таңқалғандай, құлағын тікірейтіп, басын ары бір, бері бір қисайтып, тілін жалады.

– Мә, мынаған қарық бол. Түске де тамақ керек. Әлі ұлым келген соң үйге де кіре алмай жүрме. Әсемай қатаң әйел. Түсіндің бе? Өмірге үйрене бер. Қой, досыма барып қайтайын. Неге ұлыды екен? Сұрайын. Еңгезердей, еңкіш, түкті адам алдындағы тамағын қамыстан өрген себеттің ішіне салып, қақпағын жапты да, орнынан тұрды.

## МАЙТӨБЕНІҢ МЕЦЕНАТЫ

(Хикаят)

Кеше Мәулетханның кіші ұлынан хат келді. Қуанышым көл-көсір. Ширек ғасыр бойы аяқ баспаған туған жерден бір ауыз хабар есту неткен ғанибет. Ұмытпасам, Мінуар менен бес-алты жас кіші, апыл-тапыл басқан бала еді. "Аға, сіз менің есімдесіз. Бауырларыммен бірге ойнайтынсыз. Жарқамыстың бойында, жүндес, дәу ақ төбетіңіз өлгенде құдайды балағаттап, қатты жылағансыз. Есіңізге түсті ме? Дегелектің делегейінің үні өшкен. Өзіңіз де хабардар шығарсыз. Әке-шешелеріміз бізді сол құбыжықпен қорқытушы еді ғой. Жә, тым көп сөйлеп кеттім. Біз де аман-есенбіз. Майтөбеде әлі бастауыш мектеп бар. Келініңіз екеуміз сонда мұғалімбіз. Баяғы сол отыз үй. Отырмыз, әйтеуір..." Осы бір түсты оқығанда көңілім босап, көз жасыма ерік бердім. Фирманың шөпжелке қыздары көрсе, ұятау... Мәулетханның кіші ұлы менің хатым туралы бүкіл ауылға жайып үлгерген шығар. "Алтын апаның ұлы. Жетім атанып, Тоқтабек пен Есбике дегендерді "майкөтен" қылып асырап алған. Көрмегенді көрді, байғус. Содан Ақлима деген шешесінің немере сіңлісі тауып алып тәрбиелеген, ол өлген соң детдомға кеткен..."

Қазір "Майтөбе "Көкорай" өндірістік кооперативі аталыпты. Есбике, Болғанбай, Токтабек, Жарасбай, Қобыланды мұғалім... Менің балалык шағымның куәгерлері...

* * *

Жанарыма сіңіп калған көрініс. Ток аттың текірек үстінде тастаған тезегіндей әр жерде бір калкиған жапа тамдар. Шашылған кора-копсы. Өмірдің өзі шимайланып, бүктетіліп, жыртылып жататын кағаздай екен ғой. Айтарың болса айтарсың, айтарың болмаса кайтерсің. Отыз үйлі ауылда еш-ай деспеген бір кауым жұрт тіршілік етті. Кештің бір уакытына дейін емен жаркын отырып, әңгімелесетін. Соғыс жылдарын еске алатын. Қайғысын, куанышын тілге тиек етуші еді. Сталинді мактайтын. "Көсемнің ту дегенде түкірігі жерге түспеуші еді" дейтін. Қайран момакандарым-ай... Онда мен бесіктен белі шыкпаған баламын.

Майтөбенің орта беліне дейін табынды айдап, жүзімді жел сипаған сәт:

– Ассалаумағалейкум, Қаракуыс, - деп лауыстаймын. Малкезек кой. Анам күбірлеп, жан-жағына карап, көзіне ілінер кара таппай маған бұрылады.

– Құлыным-ау, анау тауға сәлем бердің бе?-дейді. Басымды изеймін. – Табиғат неткен керемет. Дегелекті кылышпен как жарып, Селдейдің суын ағызуын. Осы сайды Қаракуыс деп атайды. Егер ертеңгісін мына тұстан жел сокса, күн жылы, бұлтсыз дей бер. Малға да, жанға да жайлы. Ал мына киырдан Ебінің желі лүп етсе, пәленің басталғаны. Жазда нөсер жауын, кыста боран еркінсиді, – дейді ол.

– Оны кайдан білесің? – деймін Сізден Сенге көшіп.

– Адамдар кіндік кесіп, кір жуған жерінің мінезін, мейірімін, жұмбак сырларын, табиғатын білуі керек, балам.

– Иә, - деймін тағы.

– Мына беткейде мен жалаңаяк жүгіріп жүріп, кой кайырып, козы көгендегенмін. Әкем жайлаудан түсерде ылғи осы Майтөбеге коныс тебуші еді.

– Табанына тікен көп кірген шығар? – деймін.

Анамның жанарына жас толады. Ойланбай айтқан оқыс сауалым, жүрегіне шок басылғандай әсер етерін қайдан білейін, мен байғұс.

– Құлыным-ау, көп қиындық көрдік – дейді ол, қолына түскен екі-үш тал жусанды мыжғылай отырып.

Кешкісін малды айдап тамымызға жетеміз. Манайы теріскен мен жусан. Әр жерді бір томпайтқан тышқандар іні. Сүйегі қатқан былтырғы ши түптері.

Сонан соң анам екеуіміз екі жарты, бір бүтін боп, балауыз шамның сәулесін сығырайтып қойып, қытай шайды ішіп шүңкілдесіп отырғанымыз. Көкорай'дан мойынағашпен су тасып, балшық илеп, кірпіш құямын. Анам қырдан жұмыстан келгенше жан-тәнімді салып, тыртыңдаймын кеп. Қайран балалық! Мәулетханның қараборбайлары тәнертеңнен кешке дейін көк есекті қуалап, қодығымен ойнап мәре-сәре боп жатақанда, мына жақта қара тер боп кірпіш басып жүріп, әлгі қодықпен ойнағандарға қараймын. Кешкісін анама ауылдың жаңалығын жеткізгенімде, есек мінгендердің де аты аталады. Анам үнемі қабағын түйіп жүретін. Тік сөйлейтін. Әй-шәйға қарамай, төбеден қойып қалғандай етіп:

– Ақсақ иттің ойы аржақта, - деп дүңк ететін. Мақалдап сөйлейтін әдеті. Сөйтсем, анамның өсіп-өнуге зауқы жоқ, жан дегенде жалғызының ертеңгі тағдырын ойлап, мұңаюмен жүреді екен ғой. Бірде алысқа ойнап кетіп, қарала сиырдың бұзауы еміп қойғаны бар:

– Бірде мүйіз, бірде киіз дүние. Көптен қай жерім артық. Сойыл тиген аттай кегжең етіп омақассам, сорлы бала, бұралқы иттей нана таппассың. Мені қашанғы қанжығана торсық етіп байлап жүрерсің, - деп анамның қатты кейігені есімнен кетпейді. Бөтекесінде қилы-қырлы сүрлі сыр жатыпты-ау, жарықтықтың... Есіне алып жүрсін дегені де. Көз алдымда Майтөбе. Құлаққа ұрған танадай. Көк шағыр аспан, көз тоқтатардай бұдыры жоқ. Манаураған ақселеу дүние.

Қолым бір қалт еткен кезде, табын алдынан ерте шығып Майтөбенің бауырындағы Емшектасты табатынмын. Үшар басындағы қалың ши суреттегі батырдың дулығасының шашағына ұқсайтын. Қанша деген-

мен төбе таудың ұрпағы емес пе (анам солай айтатын). Жұқалап түскен шықтың иісі аңқиды. Алдымда түтіні бұрқырап ауыл жатады. Нағыз қиялшінің өзімін ғой. Жан-жағыма қарап алып, дауысымды зорайта дауыстап жөнелемін.

– "Ей, дала! Асқар шыңды тау! Шегі жоқ көк аспан! Көгілдірі көп Көкорай көл! Мен кіммін? Білесіңдер ме"? Дауысым жаңғырығып өзіме қайта оралады. Өзімді құдайдан кейінгі әміршіге айналдырамын. Жаратушыдан жоғары болсам, анам естісе, дүниенің бүлінгені. Аса сақтықпен жан-жағыма көз тастаймын. Балалар көрсе мазақтап, үлкендер естісе жындалған шығар дер. "Ех...ех-ей, Майтөбе ауылының адамдары. Сендер, әлі бақытты боласыңдар! Иә, солай. Естідіңдер ме? Мен сендерге дүниеде жоқтың бәрін сыйлаймын. Әзірге айтыңдаршы, өздеріңе қанша қап ұн керек? Қане, тізімге жазылыңдар! Ешкім ұмытылып қалып қоймасын. Болғанбай ағаны тастамаңдар. Текебас әжеге өзім жеткізіп беремін. Анау Бәкітайдың "ЮМЗ"-сына тіркеме тіркеңдер. Сонан соң тағы не қажет? Қаттырақ айтыңдаршы! Естімей тұрмын. Тоқтабек пен Есбикені тізімнен сызып таста дейсіңдер ме? Жазығы қоп не? Иә, Тоқтабектің өзі ғой. Есбике де сау сиырдың киы емес. Жиырма беске енді шықты. Тоқтабек елуді еңсерді. Ұятай, ә. Қызы сияқты емес пе! Бірін-бірі қалай тапты екен?"

Сөйтем де, жан-жағыма тағы ұрлана көз тастаймын. Ешкім көрінбейді. Енді тіпті күшея түсемін.

– Тоқтабек үндемей жүріп, жердің жыртығын жамайтын пәле (Апамшылағаным ғой). Екеуі ертеңгісін суат басында жиі кездеседі. "Құнажын көзін сүзбесе, бұқа бұйдасын үзбейді" (Тағы да елден естігенім). Әлемде талай қызық бар (Газеттен оқығаным). Сонан соң бір-ақ күнде Тоқтабек бұрынғы әйелі Әлимаға:

– Өз обалың өзіңе. Бала таппадың. Мен бұл дүниеден ұрпақсыз өтуге жаратылмаған шығармын. Басың жас. Сен де бақытыңды тап. Отыздан енді астың. Басқа біреумен түтін түтетсең кішкенелі боларсың, - деп жылы сөйлеп үйден шығарып салыпты. (Текебас әженің әңгімесінің желісімен). Бірақ Тоқтабекке обал ғой. Осы ауылдың адамы. Бір қап ұн берейік, ә!

Қазір осы айқайымды әлде кім сырттан естіп тұрса, не дер еді деп ойлаймын. "Ұнын қайсы" десеші. Не болса сол еске түседі деген. Сол Майтөбедегі тірлігімнің әсері ме, бірде қараңғы түнде Тоқтабектің үйінің терезесінен ұрланып қарағаным бар. Төр үйдегі көнетоз диванның үстінде, шалқасынан түсіп Тоқтабек жатыр. Жанында Есбике. Екі езуі құлақтарына жете күледі кеп. Мен де баламын ғой. Соларда нем бар.

– Әй, оңбаған Тоқтабек, жылми Есбике! Анау Әлиманың көз жасына қалғандарыңды неге ойламайсыңдар. Сендерді Дегелектің делегейінің желі ұрады. Айтпады деме, – деп кіжінемін. Текебас әженің әңгімесіне еліктіп, шашбауын ұстаған жан мендей-ақ болсын. Бір жолы анама да айтып салдым. Ағымнан ақтарылдым. Тоқтабек сүйек туыс болса да, көкейімдегі қыжылымды ашық баяндап, әділетсіздікке көз жұмып қарамайтынымды тілге тиек еттім. Құдай екеш құдайдың да кейде бір адамды қақпақыл жасайтыны бар ғой. Сол үйдің есігінде күң боп жүрерімді Алла алдын ала білдірді ме?..

* * *

Анамды тал түсте трактордың тіркемесімен алып келді. Шөпте шөмеле салатын. Болғанбай ағаның түсі бұзылып кетіпті.

– Әй, Әуестай. Апаңның киім-кешегін, жол-жарағын дайында. Ауданға ауруханаға апара жатырмын. Сен Текебас апаңдікіне қон. Қозы-лағына сақ бол. Бұзаусиырыңды түгендеп, қораға кіргіз, – деді асығыстығын білдіріп.

– Құлыным, сойт, - деді басын әрең көтеріп үн қосқан анам. Көзін бір ашып, бір жұмып ыңырсиды кеп. Қос қолымен ішін бүріп ұстап, көк шөптің үстінде тіркемеде жатыр. Ары-бері аунайды кеп. Сонда мал дүниесі құрысын, бәрін тастап анаммен бірге кетсем ше? Ух, осы бір қу дүние деп қаншама адамдар қимастарымен тірісінде тілдесе алмай қалды десеңші. Болғанбай айтпақшы: "Ойласам, бұл дүние шолақ екен, адамдар бір-біріне қонақ екен".

Екі күннен соң түлдыр жетім атандым. Сол кезде тұнғыш рет жан-жағыма елеңдеп, әлде бір жақтан келіп қалатындай әкемді іздедім. Анамның ішіне бүккен сыры неге айтылмады? "Мен сенің әкеңмін" деуге неге ешкімнің батылы жетпеді? Әлде өліп қалды ма? Көзі тірісінде ақиқатты айтуға анам рұхсат бермеген шығар. "Жабулы қазан жабулы күйінде қалды" деген осы.

Қаралы үйдің тізгінін Тоқтабек пен Есбике алды. Анамды жоқтағанға өліміне отыз үйдің кеудесінде жаны бары тегіс келді. Алтын анамды құрмет тұтып, ел боп азалады.

* * *

Кешкісін үйдің артындағы тезектің тасасында отырып алып көз жасыма ерік берем. Алыстан анамның ел боп соққан төртқұлақты бейіті көрініп тұрады. Жанына барғым келеді. Бірақ Тоқтабек пен Есбикеден қорқам. Пендешілік деген осы. Тірі адам тірлігін жасайдының кері.

— Ей, "Майкөтен" көз жасыңды ти. Апаң енді келмейді. Жақсы бала жұмысымен танылады. Бесіктен белің шықпай жатқан жоқ. Дәу жігітсің. Жұмсасам қабағыңды шытпай, зыр жүгіріп, жасай сал, - деді Есбике анамның қырқы өткен түні. Жамандыққа жорыды ма, кім білсін, біздің үйден мектепке қажет кітап-дәптер, менің бір қабат киіміммен басқа өзлеріне бір сабақ жіп алдырмады. Бөлмем де олардан бөлек. Өз үйіме баруға жүрексінетін сияқтымын. Оның үстіне анамның жетісі өткен соң Тоқтабек пысықсып, біздің үйдің терезелерін шегелеп жауып, есікке қара құлып салды. Сиырды қонақасыға сойып, бірлі-екілі қой-ешкіні анамның жетісі мен қырқына жаратты. Сырттан ұшты-күйлі жоқ болып кетті. Онда да Тоқтабек:

— Мына сабалақ иттің ниеті жаман. Қоймай-қоймай ұлып еді, ақыры шешеңді жұтып тынды, — деп тас лақтырып, үйінің маңына жолатпады. Ішімдегі қыжылымды кімге айтам?!

Сол күнгі оқиға әлі есімнен кетпейді. Есбике Таутекс ауылына төркініне кеткеніне екі күн толар толмаста, Тоқтабектің "бораны" басталды. Көлеңкеде қайғырып,

жылап отырғам. Жыртық терезеден үлеген ыстық жел үй-ішінің әптер-тәптерін шығарған болса керек, төр үйді қаранғылап, демалып жатқан Тоқтабек есіктен басын көрсетті де:

– Әй, сорлы жетімек! Сен де осы үйдің асқа ортақ тірі пендесісің ғой. Терезенің тесігін жыртық жастықпен бітей салшы, – деді ызғарлана дауыстап. Құлағым шың етті. "Сорлы, жетімек" дейді. Бұл сөзді де естідім-ау. Айдын күннің аманында кілеттегі көп шыныны кескішімен кесіп, орнына қоя салса қайтеді. Еркекпін дегенде алдына жан салмайды. Енде кеп маған қалай-қалай кіжіндейді, ә! Мықты болсаң ана көзі ойнақшыған Есбикеге ие болмайсың ба? Төркініне жібермей қоймадың ба? Қаз ашуын тырнадан аладының кері. Жетімдігімді табаламай, жөнімен айтсақ, біз де адам баласымыз ғой"- деп, ішімнен Тоқтабекті сыбап алдым. Онсыз да жаным күйіп отырған да, Тоқтабек отқа май құйды. Бәкейдің үйінде тамақ асырап жүрген Сырттаным Жарқамыстың ішіне барып өліпті. Балық аулауға барған Мәулетханның балалары көріпті. Ішім алай-түлей, түйнек болған жылқыдай тыпырладым. Бәкейдің қара қатыны тамақ бермей аштан қатырған ғой. Анам тірі жүрсе, Сырттаным өлмес еді. Өткен де, кеткен де бір көкпар, Болғанбай айтқандай. Жанарым жасқа шыланып, күңіреніп отырғанмын. Сенгім жоқ. Есті сала көршінің балаларын ертіп, Жарқамысқа қарай екі өкпемді қолыма алып ұштым. Сол күнгі күннің күйгені-ай. Бүйірін соққан сұр сағым бұйраланып, көз жетер жердің бәрін жұмбақ ғаламға айналдырып тұр. Шілденің ақсары күні боз аспанның түндігіне шақшиып алыпты. Сексеуілдің сөлін сығып алатын шілде. Құмға бақайын көміліп кетсе, ыршып түсесің. Жалаңаяқ жүру қиын. Бір-екі шоқандайсың да отыра қаласың. Күйген аяғыңды көтеріп үпілеп есің шығады. Бұл екі ортада санынды құмға басып алмасаң, тәубе. Ішімнен "Айналайын, Сырттан, неге өлдің? Күніне сыртыңнан бір көрмесем, ішімде алақұйын соғушы еді. Кеше ғана шақырғанда маған көз қырыңды салмай, Бәкейдің шөбінің тасасында жатып алдың. Сол кезде ауырып есің шығып,

жүр екен-ау?. Әлде маған өкпеледің бе? Менің жазығым жоқ. Өзім де күнімді әрең көріп жүрмін. Токтабек сұмырай ғой, сені күбыжық көрген", - деп еңкілдеп келемін.

– Сырттан аштан өлген. - деді Жарасбай жетпей жатып анандайдан-ак билігін көңірсітіп.

– Көрмейсің бе, іші бұралып жатыр. Сырттан тамаша ит еді. Алам каппайтын. Бәкейдің де шөбіне бұзау жолатпайтын. Жақсы ит өлігін көрсетпейді деген осы, - деді Түйебай.

Садыкбектің қасқыр иті де осылай өлген. Мына Көкорайдың суы жәндік атаулының бәрін қырып бітті. Ауылда үретін ит калмайтын болды, деп Жарасбай алғашқы шешімінен айнып. Сырттанды жерлеп, Жаркамыстан сүлдемді сүйретіп оралдым. Ішім қайнап барады. Бір түтіннің астында үшеу едік, екеуі олді. Құдайға не жаздым деп қарғанадым. Осы бір сәтте Токтабектің маған карсы "соғыс ашуы" құрыкка сырық жалғағандай етіп дүниені ушықтырып кетті. "Жастықпен тығында" дегенін елең қылмай безеріп отыр едім:

– Әй, сорлы! Құлағың керең бе? - деді Токтабек төргі үйден баркырай дауыстап.

– Өзіңе бүгін жал біткен бе, жетімек?

Бетіне келер ұятты өзі біліп жумайтындар бұл дүниеде неткен көп. Шыдамым осы бір сәтке жетті. Есікке бұрылдым да:

– Менің шешем ажалынан өлген. Тіліңізді тыйыңыз,- дедім карсы дауыстап. Сөйткенше есік ашылып ак дамбал киген Токтабек маған карай кирзі бәтеңкені жіберіп калды. Аркама онбай тиді. Тілімді тартпадым:

– Сені де ағайын деп... Нағыз каражүректің өзі екенсің. – дедім бүрк етіп. Анам ренжігенде осы бір сөзін Токтабекке жиі айтатын. Майтөбедегі анамның бейітіне карай жүгірдім. Мұндай кордыкты көргенше өлейін дедім. Тоғыздан онға аттасам да, әлдінің әлсізге жасаған зорлығының біразын кездестірдім. Токтабектікі бастан асып кетті. "Қалай дегенде де балаларға әке - қорған, ана - пана кажет екен..." деймін күбірлеп.

Майтөбенің аспаны шілде түскенде сүлік караланып алады. Бұлттар жыртық токымдай сетінеп, аспан әлемінің ту-талакайы шығып бүлініп жатады. Жер дүние отка салған корғасындай еріп кетуге таяу, маң даланың әр түсы жымындайды, жыпыктайды, кұдды алып күмбездің шаңырағына іле салған лыпыктай шырағдандар сияқты.

Тірсек пен тұяқтың арасындай жер де кашыктап кетеді екен. Өкпем өшіп, шөлдеп, аузым кұрғап кетті. Соңғы салынған бейіттердің ең жаңасы - анамдікі. Ойға түйсем Майтөбенің баурайында бір өлі ауыл жатыр. Күні кеше мүжіліп, кабырғасы ортасына түскен бейіт бес-алтау ғана еді, енді жыпырлап салыныпты. Оған анау шеткі бес бесік бейітті косыңыз. Оның бірі Бердалы ағаның үшке жаңа толған немересінікі. Калғаны - көрер жарығы екі-үш айдан аспаған сәбилердікі. Сол ата немересінің сүйегін Майтөбеге жерлеуге алып келгенде ауыл боп күңіренді. Тағдырға шара бар ма? Бір жыл бұрын ғана Бердалы ағаның жар дегенде жалғыз ұлы Ерсалы айыкпас дертке ұшырап көз жұмған. Енді медеу тұтарынан — жалғыз немересінен айырылды. Анам айтатын опасыз дүние осы екен ғой. Ересек адамның егілгенін тұңғыш көргенім.

— Ку кұдай, шүнак кұдай! Аларыңды алдың. Маған да бер өлімімді. Сәбилерімнің жанына жатайын. Жер бетінде тірі жүріп не керек? Міне бесігін де ала келдім. - деп еңірегенде төбе шашым тік тұрды. - Бүйтіп жер баскан тірлігі кұрысын. Көксегенің әулеті осымен жер бетінен өшті...

Бес бесіктен көзімді ала каштым, жүрегім дүрс-дүрс соғып коркып кеттім. Екі-үш рет әлденеге сүрініп, тізерлеп барып кайта оңалдым. Өне бойым селкілдеп жөнелді. Бейіт алабының киыр беті кілімағын алған сиыр сүтіндей жұмсак көксұр аспанмен астасып әр түсында бір-бір кұбыжык тығылып жаткандай үрей туғызып тұр. Бетон кабырғаларының іші көк темекі езіп жаккандай көгерең. Өзім есікті бекітіп байлаған кара шүберек оңа бастапты. Шағын есіктен кіріп:

— Апа, апатай. Мен саған келдім, - деп көз жасым көл боп, жан-жағын боз жусан мен сүйекті кияк коршаулаған топырак төмпешікті кұшактап жата кеттім.

– Токтабекті бұл дүниеде кешпеймін. Айттым, бітті. Ол мені "жетім" деп, сенің бұл дүниеде жоктығыңды бетіме басып корлады. Неге ғана мені тастап кеттің, - деймін егіліп. Ащы өксік те, үзік-үзік дірілі араласқан сөзім де ауада асылып, қабыр мелшиген калпы.

– Апатай-ау, сөйлеші, - деймін көр топыракты токпактап. Құдды анам ұйкысынан тұратындай. Тірі кезінде өстіп еркелейтінім есіме түсіп кетті.

Сілем құрып ұйыктап кетіппін. Көзімді ашсам айы жок, су караңғы түн. Жан-жағым құлакка ұрған танадай. Жарытып ештене көрмедім. Жүрегімнің сезетіні кеудем-мен баскан төмпешік кабыр мен өңкиген бес қабырға. Жусан иісін бұркырата жібек жел есіп тұр. Дәл сол сәтте менен батыл бұл дүниеде де ешкім жок. Айдалада, караңғы түнде, Майтөбедегі көп бейіттегі аруактардың арасында екі аякты тірі пендеден жалғызбын. Жаным-дағы анам - аруак. Ол жер астында, мен үстіндемін. Әлле кім күкай көрсетсе, көрден шыға кеп мені ара-шалап алатындай сестімін. Аспанда жұлдыз самсап тұр. Тонғак адамдай калтырайды. Есіркеген мұғалімнің айту-ынша: "Жұлдыздар бізден өте алыста. Түнде болмаса, күндіз көрінбейді." Әне, бір жұлдыз ұзын жолак жол сап ағып түсті. Бір пакыр дүниеден озған шығар. Апам-ның әңгімесіне сенсең, дүниеде жер басып тірі жүрген адамның өзіне еншілі жұлдызы бар. Менікі кай тұста екен?

Үркер жетікаракшыны айналыпты. Шіркін-ай, осы бір сәтте аспаннан адамды жараткан Ие жерге түсіп, апамды тірілтіп, ол мені жетектеп, екеуміз кол ұстасып ауылға жетіп барсак. Итарка шатырлы үйінің есігін жұлып ашып, төр төбесіндегі кенетөз диванда Есбикесін есіне алып, дөңбекшіп жаткан Токтабекті орнынан тұрғызып:

– Әй, имансыз, каршадай бала неңді ішіп, неңді жеп койды? Майтөбеге бейітке жылап келетіндей жазығы кайсы? Мені о дүниеге күдай әкеткен соң, жал-ғанды жалпағынан басып, менің құлынымды құлак-кесті құл етуге ниетің бар екен. Оның бола коймас, - деп көзіне көк шыбын үймелетсе... Ойпыр-ай, адамдар неткен катыгез...

Кенет бейіттің шағын есігінен сыртқа көзім түсіп кеткен еді, сығырайған қос шоқ көрінді. Тұла бойым қалшылдап, иек иегіме тимей, тістерім сақылдап қоя берсін. Аз отырып сақтық жасап, жүрегімді қолыма ұстап, тізем дірілдеп, есікке таялым. Бейіттен он шақты қадамдай жерден екіге екі от қосылды. "Қорқау қасқырлар" дедім ішімнен сыбырлап. "Бейіттің қабырғасы биік, шыға алмас...". Есікті өзіме тартып жаба қойдым да, сыртқа құлақ тіктім. Әлде не дүрс-дүрс етеді, байқасам өз жүрегім. "Әттең, жанымда Сырттан жүрсе ғой, бұл итқұстар менің маңым тұрмақ, шаңымды баспас еді. Енді ол жоқ. Жарқамыстың бойында көмулі жатыр. Әуелі осылар көрді ашып, Сырттанды жеп қойған шығар. Жалғыздық деген міне, осы." Сөйткенше әлде не қалбаң-қалбаң етіп бейіттің қабырғасына таяу ұшып кеп, тірі адам барын сезініп, қара түнге қайта сіңді. Үкі ме, жапалақ па, белгісіз.

– Апа, - дедім тамағыма түкірік жүгіріп. Үнім құмығып зорға естілді. Жаны қысылғанда адам жақынын табады екен.

Кенет дәл жанымнан қасқырдың бірі ұлып жөнелді. Селк еттім. Неткен үрейлі. Демім шықпай, тұншығып барамын.

– Ау...у...у... Бейіт маңы азан-қазан. Қанына карайып алған ба, әлде әдеті ме, осы алаптың билігін түнде өздері жүргізетінін білдіргендей еркінси аңырайды. Тұңғыш естуім. Апам ылғи да қасқырды жақтап "азулы хайуанның ақылдысы" деуші еді. Дауласа кететінмін.

– Сабырбайдың ата қазын неге жеп қойды? - деймін. Анам да жанып түседі.

– Ол өзі бір құтырған ата қаз. Көрінгенді тістемек боп тұра қуады. Іздегенге сұраған, мойнынан тістеп ала жөнелген ғой, текті хайуан - дейді ол.

Сәлден соң Дегелектің нардың өркешіндей арбиған тұсынан толған ай көрінді. Ақ сәулелі шардың жарығы әп-сәтте Майтөбе маңайын самаладай жарқыратып жіберді. Есіктің саңлауынан сыртқа көз тіктім. Қорқаулар тауға қарап шоқия қалыпты, түге. Бір орнында тұрақтар емес. Жер бауырлап жата кетеді. Біресе сүйкенісе ырылдасады. Біреуі түн қараңғылығына сүңгіп, ұзап барып, қайта

оралды. Көзімді қорқаулардан алар емеспін. Бұлар Майтөбені де нектеп алды. Түнде ауыл ішінде жүреді. Қолына сойыл, құрық алып атқа мініп қасқыр қуатын адам қайда?. Менің бейіт ішінде жүргенімді сезіп, жеуге дайындалып жүрген шығар деймін. Жан тәтті. "Құдай сақтай гөр". Аллаға жалынамын кеп. Бірақ олардың тіпті маған жақындағысы жоқ, тоқ шығар, ә? Еркек қайда? Бекетбай мен Нұрхасен бастаған бес жігіт Таутекеде ауруханада жатыр. Бәрінің қаны дұрыс емес. Ағарып кетіпті. Бектұр бригәдір өлместің күні, шөпке оншең бала - шағаны жинап апарып жүр. Қойшылар мектеп директорына: "Жайлаудан түскенше балаларымызды мектепке жібермейміз. Көмекші жоқ", — деп қатынасқаннан хабарлапты. Әйтеуір, мектеп жабылмайды екен. Бір сыныпта төрт балаға толса оқи беретін болыпты. Ауылда сөз жатпайды.

Есіктен сыртты қарауылдай отырып, басқаны ойлап кеткенімді аңғардым. Қайтадан сыртқа көз тіктім. Ай астында кинодан көргендей боп сілесі шығып, қаңырап қалған бейіттердің қаңқасы көлбейді. Күзетшілері - әлгіндегі төрт қорқау. Апам айтпақшы, "тәңірім адамдарға жер жетпейді дейді ме екен, адамдарды неге о дүниеге әкете береді?"

Менің білуімше, жағрафиядан дәріс оқитын Ескерместің айтуынша, Қазақстан жері көлемі жағынан дүние жүзінде ондықтың ішіне кіреді. Бес Франция сиып кетеді. Бірақ құдайға да жақсы адам қажет. Мәселен, өлім Тоқтабек пен Есбикеге майлап берсең де жоламайды. Міне, бәсім. Ойпыр-ау сонда мен де жамандардың қатарына қосылғаным ба?

Кенет төрт қасқыр ұлығанын қойып, алашапқын күйі жан далбасымен құбылаға қарай ұмтылды. Құдды мынау қараңғыда бейіттерден аруақтар шығып сойыл алып, алдына салып қуып жөнелгендей-ақ. Қызықты қара! Мен теңселіп отырмын. Кенет жер астынан ерекше гүріл естілді. "Бісміллә" деп күбірлей беріп, жан-жағыма көз салдым. Бес қабырға шықыр-шықыр етеді. Жан тәтті, бейіттің есігіне қарай ұмтылдым. Бөксем тіреліп, етімді сыра-жыра, сыртқа шықтым. Бейіттің ауыр қабырғалары басып қалса... Басым ауған жаққа қарай жөнелмек едім,

гүріл күшейіп салды. Дегелек жақтан түн қараңғылығын жалаңаштаған ақ сәуле аспан биігіне шықты. Көз қаритын өткір жарық аумақталып, бір сәт жер дүниені ине көрінгендей ап-айқын етіп, өзіне сиқырдай байлап алған сияқты. Көзімді тарс жұмдым. Өне бойымды үрей билеп, әупіріммен зорға құтылған бейіттің есігіне кері бұрылдым. Мынау осыдан аз бұрын ескі клубтан көрген "Миллион жылдар бұрын" кинофильміндегі ақырзаманнан бір аумайды. Қазір жер дүниенің алай-түлейін шығарып, дауыл соғуға тиіс. Сонан соң жер үсті жалаңаяқ айдайтын қою батпақтай ірқілдейді. Әр жерден бір опырылып, нешебір апан – қазан шұңқырлар пайда болады да, тірі тіршілік, дүние-зат бәрі-бәрі соған құлап түседі. Табан басып тұра алмастай миллион градус ыстық жалын өршеленеді.

– Уа, құдайым, сақта, - деп күбірледім. Анамның оқта-текте қайталайтын сөзі ғой. Аузымды жауып та үлгермедім, қара боран үйдей соқты. Ай шаңға жасырынып қалды. Әлгіндегі ақ сәуле оқта-текте бір жарқ етіп, жер астының гүрілі талмаурап жетіп, қатты желден әрең естілді. Ендігі сәтте жер айырылып, топырақ қоймалжың ыстық батпаққа айналып апандар пайда болуы керек. Ары-бері күттім. Қайда қашып құтыласың, бір өлім. Жерді тебініп-тебініп те көрдім. Өзгеріс байқалмады. Суық тер самайымнан ағып тұр. Ойпырай, өлем дейсің, жан қандай тәтті. Ашу не айтқызбайды?

– Уа, құдайым сақтай гөр!

Осымен қаншасыншы рет күбірледім.

– Кейінгі кезде күн райы да өзгерді. Қарақуыстың желі Дегелектің қара боранына ауысты, - дегенді үлкендерден естігенмін.

- Әй, мына пәлең Ебінің соққанына да ұқсамайды. Долы қатынның ашуындай, ышқынып-ышқынып алып, сабасына түсе қояды. Әсіресе, түн де жынданады, - деген Болғанбайдың сөзі есіме түсті. Шамалауымша, енді ақырзаман болмайды. Қасқырлар қайта оралуы мүмкін. Бейіттің есігінен кіріп, әлгіндегі орнымды таптым.

– Апа, қара боран соқты. Ақырзаман бола жаздады, - дедім. Денем қалтырап, қол-аяғымды бауырыма жиып жатып, сыртқа құлақ тіктім.

Жел басылған сияқты. Қалғып кетіппін. Майтөбенің былқылдаған жусаны мен боз көдесінің иісі аңқиды.

...Апам екеуіміз Майтөбеге көтеріліп келе жатырмыз. Гүлі құлпырған алап, қызғалдақтың бірін үзіп алып қауызына мұрнымды тығып, рахаттана иіскеймін. Кенет қызғалдақ алабы қан аққан Селдей өзеніне айналады. Тізеден кешіп келемін. Енді бір сәт қарасам, апам өзенге батып жөнелді...

— Апамды құтқарыңдар, - деп дауыстаймын, үнім шығар емес...

Құлағымның дәл түбінен шыққан үннен селк етіп, көзімді ашып алдым. Бода-бода терлеппін. Бейіттің кішкентай есігінен жүндес қабақты, үрейлі жанарлы, көнстоз тақиялы біреу маған сұқтана қарап тұр.

— Әуестай, сенбісің. Астапыралла! Мұның не еткенің? Бисмилла, бисмилла, тірімісің. Мен ғой, Болғанбай ағаң, шошыма, айналайын, - деді ол. Бойы шарға, шағын денелі, шақпақтың тасындай Болғанбай ағаны көріп, жылап қоя бердім. Таныс та, қамқор үн құлағыма жылы естілді.

— Жер сілкінді, қасқыр ұлыды, қара боран соқты. Апам тірілмей қойды, - дей беріппін.

— Алда сығыр қылған құдай-ай. Баламысың деген, - деді Болғанбай мені есіктен сүйемелдей көтеріп, қолды-аяққа тұрғызбай жетектеп мінісіне қарай жүргенде.

— Әйтеуір амансың ғой. Мұның не еткенің? Ауылға барайық. Төңкерістен келе жатып, бейіттерге бұрылып ем. Аруақтарға құран оқиын десем... Шеткі бейіттің іші күңгір-күңгір етеді. Үлкен кісіге де жан керек, зорем ұшты. Атыма міне салып, ауылға қарай тізгінді қоя бермекке ыңғайланып тұрдым да, әліптің артын бақтым. Дауыс таныс сияқты. Болғанбай атына мініп, жерден көкпар алғандай еңкейіп, мені көтеріп алдына алды. Енді өзінен-өзі қайтқым келді. Өлі мекеннен тірілер ауылына...

— Мұнда қашан келдің? - деді Болғанбай, мінісін тебініп қап, мені сөзге айналдырып. Оның бұл жерден тезірек кетпек қылығын сезіп қойдым.

— Кеше түстен кейін, - дедім аузымды компитып.

– Апанды сағынып кеттің ғой, жаным... Қырық жас деген әйел адамға тым аз ғой. Тағдырға не дерсің. Түсінемін, түсінемін... Тамағыма ащы өксік тығылып, демім жетпей тұтықтым.

– Аға, Токтабек... Иә, сол маған зекіріп "сорлы жетім" деді. Керзі бәтенкесі аркама онбай тиді. Әлі ісіп тұр. Апама айтайын дедім. Сол Токтабекті де ағайын деп...- дедім бір сәт.

– Алда сығыр кылған, құдай-ай. Болғанбай күйін-генде аузынан шығар жаттанды сөзін кайталады.

– Сені өзім-ак бала жасап алар едім, құдай көп көрді. Айшөкенді тірі коймады. Бала - катынның кұлы, кыз - байының күні. Салт бас, сабау камшы маған не дерсің, - деді ол, менімен бірге коса күйініп. Әйелін еске алып еміренді. Дүниедегі ең жаман карғыс "Қартайғанда катының өлсін" деген екен ғой. Текебас апам айтатын Болғанбайға жаным ашыды.

– Шыда, айналайын, шыда. Ертең-ак дәу жігіт боласың. Өткенді ұмытып, жаңанды ойлайсың. Менің пайымдауымша түнде Дегелек делегейін тағы киген-ау, шамасы. Болғанбай әңгіменің ауанын баска бағытка бұрды.

– Қаскырлар да кара бораннан катты коркады екен. Бейіттің маңайында айналсоктап жүрген. Дүріл естіле-ак шу каракүйрык безіп жөнелді, - дедім мен.

– Не дейді? Қаскыр жеп койса, атсыз атаусыз кетесің ғой,- деді ол.

– Е, олар бейітке шыға алмайды,– деп мен.

– Дегенмен байкаған жок. Оның үстіне коркау каскыр жаман, - деді ол.

– Бір сәт үнсіздік басты.

– Адам білмейтін бір жұмбак. Баяғыда әке-шешеміз акырзаман болғанда аспаннан Ғайса түсіп, жерден Мәді шығып әлемде көріп білмеген соғыс болады деуші еді, - деді Болғанбай өзінше болжамдап. Қабағы күрт түсіп, ойлана күңкілдейді. Жүзінде шарасыздыктың табы.

– Әйтеуір, мұның арты жаксы емес. Біреулер Дегелектен мұнай шығарады деп жүр. Соныс жалған сияк-ты. Бірак итім білсін. Болғанбайдың әңгімесі маған кызык көрінді.

— Олар неге адам көріп білмеген соғыс ашады. Аспаннан түскен Ғайса мүмкін өлгендерге жан кіргізетін шығар, - деймін. Үмітсіз шайтан. Тосын сауалға Болғанбай не дерін білмей, бүйрек беті бүлкілдеп, үнсіз тынды да, менің көңілімді қимай:

— Иә, солай шығар, — деді.

* * *

Ес білгелі мұндай қуанбаған шығармын. Қикы-жикы, әптер-тәптер қораның бұрышындағы сасық иісі мүңкіген қоймалжың ауаны жұтып, ойланып жерге шүкшия қалған сәтім еді. Екі бетім шоқтай қызарып, көзім бұлаудай. Аула жаққа қараған сайын сүйектерім майысып, бармақтары шодырайған арық қолдарым сыздай береді. Әсіресе, бейіт есігі жырып кеткен жара мен аяғымның басы жан шыдатпайды. Қи ою оңай шаруа емес. Үйпа-түйпа бұйра шашымды саусағыммен тарап, терімді сүртемін кеп. Ақ танертеннен бері нәр сызған жоқпын. Тойдан келген Есбикенің қағанағы қарқ, сағанағы сарқ, тәтті ұйқыда. Істерін істеп, жасарын жасады. Суырдың айғырындай шақылдап, таң бозынан тауық боп шақырып, сирағымнан сүйрегендей етіп орнымнан тұрғызды. Нағыз бәліктің өзі.

— Әй, жетпегір. Қиын қалды қой, ойылмай, - деп жеңгесінің бүйірімнен түйіп кеп жібергені. Әзілдеген түрі. Мен жек көрсем де, көріші-көлен Есбикені "мол қол, әңгімешіл, мінезі жібектей" деп мақтап, әпсенсітіп төбесіне көтереді. Қалай жағамын деп оның шашпауын көтеріп, шылауына оралғандар көп. Ал мен білсем, Тоқтабектің тоқалы нағыз әргіс. Әр сөзін аңдап сөйлейтін сақ, жүзіне күлкі, былай шыға ернін шығаратын қарау. Үсақ есептің құлы. Елді өзіне жалынан алуға шебер.

— Әй, жетпей желкен қиылғыр. Әлде менің жаныма жатқың кеп, жыбырлағың жыбырлап отыр ма, - деді енді өл толғаптенің. "Ұят жоқ, сайқал", деймін ішімнен күбірлеп. Айтпақшы бойын бағып, қырлана түскен жас келіншекке көз салуын көп. Тоқтабек су әлшеп, өзен жағалап кеткенде Есіркеп "көже сұрап келген". Қыздақтап, жеңгесінің Есбикеге тиісін еді, бауыздаған

лактай бақ етіп, алды-артына қарамай зытты. Есбикенің әдеті. Жақпаған "қайындарының" "жанды жерінен" мытып алып, зар күйіне түсіріп, айызы қанып отырғаны. Піскен қазылай жылтыраған жүзінен ойнақылық, еркеліктің сынайы байқалады. Анама Есбикенің жақпайтын бір мінезі күйеуінен де сескенбей кім көрінгенмен қылжақтаса беретіндігі еді. Тоқтабекті: "Сен кәрісің, мен жаспын" дей ме, кешкісін тамақ ішіп отырып, ауылдағы өз қатарлас бозбалалардың есімін түгел дерлік тізімдеп шығады да, олармен болған қызықтарын, "көже сұрап келгенін" баяндап, ішек-сілесі қата күледі кеп. "Өшшен бұқа, тайыншалар" дейді. Тоқтабек әйеліне реңжімейді, тек шілінгір ыстықта шыбындаған жылқыдай басын изек-изек еткізіп, күле береді.

– Әй, Әуес! Жеңгеңді көзіңнен таса қылма. Біреулер алып қашып кетпесін, - деп әзілдегенсиді. Басқа не десін. Басын төмен тұқырайтады. Іші оттай жанады, күресуге дәрмен жоқтың кері. Әлимадан айырылған өзіне де обал жоқ. Қаңғыр-күңгір болмаса саңсаған бөлмелерде қасиет қала ма. Тоқтабектің бет сүйегі одырайып, арық жүзі жыбырлап, жасармаққа ниеті ме кім білсін, доңгелек күйек сақалы қозғалақтап, тақыта қырған мұрты еліреңдеп осы бір сөйлемді қайталауға құлықты. Үшеуіміз шошайып отырсақ та, кешкісін бір-біріне жапсарлай сала берген үйдің кең бөлмелерінен қатты-қатты дауыс, қырқылдаған күлкі естіліп, адам барын танытады. Есбикеге тойға кеткендегі Тоқтабектің сойқанын айтың не, айтпадың не, бәрі бір. Өз қызығы, өз қайғысы өзінде. Жыңды-сүрей Жекеннің "Майтөбенің қатындары түгел қысыр" дегені рас. Тоқтабектің бұрынғы әйелі Әлимада да бала жоқ. Есбикенің шұшпағы қанамағанына да міне үш жыл. Менің апам өліп, төрт кереге шырқырап жалғыз қалғанда, Тоқтабектің ырымқып, мені асырап алғанының себебі осы болса керек. Жарасбайдың мені "майкөтен" деп мазақ қылғаны бар. Байқауымша, уақыт өткен сайын қадірім қашып, қасиетім ұшып бара жатқан сияқты. Әсіресе, Тоқтабек жауығып салды. Есбике анда-мында жол шекпе, өзінен-өзі ащы алмадай сөздерін аузынан жұлып-жұлып ап

маған лақтырып, айызы қанғанша боқтайды. Есбикеге кеткен кегін менен алған түрі. Кезі келсе қырғыз өрім қамшыны шошаңдатады. Сонау күні екі бүктеп жанып тұрған қазан-ошаққа тастап жібергем. Әйтеуір, сынықтан сылтау іздейді. Қарын тойса, қайғы ойламайтын балалық шағым десем де, иттен ілгері, кісіден кейінгі арсыз тірлік кімді болса да қажытады екен. Талай рет үйден безіп кеткім келді. Қайда барармын. Анамның өте жақын сүйек туыстары барын ішім сезеді. Қиындықта қолын созбаса, несі ағайын?

Белбеуін көкірегіне таман буынып, адамсынған Тоқтабектің сондағы қызметі су қарауылы. Өзен жағалап, бөгет кемерін өлшейтін біздің бөлімшедегі су пірісі - Сүлеймен сол.

— Әпкемнен қалған түяғым-ау, жалғызым-ау, - деп еңіреп мені бас салған әйелге жалт қараған күйі орнымнан тұра алмай ұйлығып қалдым. Мейірімді қол жерден тік көтерді, орамал тартқан жылы жүзді апай маңдайымнан сүйді. Анам өлгенде көрген адамым емес.

— Әй, Майкөтен, әлгі апаңның Бөлектаудағы айта беретін жалғыз сіңлісі, құдайың жарылқады, - деді Есбике анандайдан. "О, түкті білмес тоғышар. Мені олай демесе іші кебе ме?" Енді "ит басына іркіт төгілген заманым басталатын болар". Бейтаныс апаның үстінде күміс оқалы кемзал, ақ шатырдай орамал. Аяғында қара мәсі.

— Тоқтабек пен Есбикеден құтылатын күн таяу,- дедім ішімнен қуана күбірлеп.

Бірақ кім біледі? Адамға сену қиын. Бөлектау жап-жақын ғой. Анама келіп құран оқытып тұрамын. Мені алып кетуге келген болды. Көзімдегі жасымды Тоқтабектің тоқалына көрсетпедім. Осындайда адам бір серпіліп қалады екен. Тұлдыр жетім деген қандай жаман сөз, ә. Жас баланың ішінде арыстан ойнайды. Кеуіп қалған тамағыма түкірік жүгірді.

— Алтын апам сізді көп айтатын, - дедім күңк етіп.

— Иә, қан білдіріп тұр-ау, ә. Білмей қалғанын, зәнталақтың, -деді сөзімнің аяғын күтпей, мені тақымдаған Есбике. Ыза буып барады.Ожар қатынды естімегенсіп, құшақтаған Ақлима апаға көрген-білгенімді баяндай бастадым.

– Сырттан жоғалып кеткен еді, сонау күні Бәкейдің үйінде жүргенін көргенмін. Күні кеше өліп қалды. Жарқамыстың бойына көмдім. Жақсы ит еді, -деймін. Осы бір әңгімемде айдай ажарын иттей нәпсімен толтырған, ессіз көзінен есірек шаттық арылмайтын талыстай келіншектің де, бетіне келер ұятты өзі біліп жумайтын, аталақтаған түйедей басын алға созып мағынасыз өмір кешкен Тоқтабектің де есімдерін атамаппын. Қанша дегенмен бір жылға жуық бірге өмір сүрдік қой. Дегенмен олардан Сырттан маған жақын екен. Оны өзім де байқамаппын. Есбике дүниенің қылт-сылтын сезетін заты әйел емес пе, "ух" деп күрсінді. Сонда да қоймай:

– Мына Майкөтеннің қорлығы-ай. Жанымдай жақсы көріп жүрсем, - деп өзінің кім екенін білдіріп алды.

– Көті ертоқымда екен, ә!

Жап-жас келіншектің одағай сөзі Ақлима апаға ұнамады.

– Үйбай-ау, қарағым-ау, үлкен-кіші бар дегендей, былай нетіп, - деді менен ыңғайсыздана. Есбике апаның сөзін аяқтатпай ортасынан үзіп жіберіп, ызалана күлді.

– Бұл қайыршының ондайға құлағы үйреніп болған, - деді басын кекжите көтеріп.

– Ұятымызды жауып, жаманды жасырып, жақсыны асырып өмір кешіп ек. Мына зәнталақ қарағайға қарсы біткен бұтақтың дәл өзі ғой. Есбике неге булыққанын сездіргісі жоқ. Мүмкін сәбилі болмадым дегені шығар.

– Тәйт, - деді мән-жайды түсінген Ақлима апа. Бұл үйдің табалдырығын аттамас бұрын бәрін естіп біліп, өлшеп-пішіп келгенін білдіріп.

– Құдайдың маңдайға жазылған бір жазуы бар. Сабыр тұт. Сәбидің жазығы қайсы?

– Шыдамның да шегі бар емес пе. Кеуір қатын кімнің шікірасы. Есбикенің тотыққан жүзі құла тартып, қан жүгіргені әлде қан қашқаны белгісіз.

Біраз үнсіздіктен соң Есбике маған шүкшиды.

– Ал, Майкөтенім. Апаңмен бірге боласың ба? - деді маған сұқтана қарап. Әдейі сұрап тұр.

– Әй, үндемейсің ғой, өзің. Қане, ақ сөйле! Осы бір сәтте Есбикенің сонау бір күні шілдеханадан арақ ішіп мас боп кеп, жөн-жосықсыз "Мен неге бала таппаймын"

деп жылап, мені де шапалақпен жанып жібергені есіме түсті. Тоқтабектен көрген зәбірім қайтып ұмытылсын.

– Анаммен біргемін, - дедім бүрк етіп. Есбике ештеңе дей алмады. Оған қақысы да жоқ еді.

Тоқтабек те менің кететініме ашу шақырып, ұмасына бөгелек жабысқан малдай тыпырлаған жоқ. Әйтпесе, пәле салудың да, жала жабудың да сан түрі бар ғой. Бір-бірімен "сіз", "біз" деп сыпайылап сөйлесті де:

– "Таныған алады, тапқан қуанады" дейді ғой, қазекең. Таласпадым. Онсыз да бұл Майтөбеде жетім-жесір жыртылып айырылады. Уәжсіз сөз соғып өткен желдей, ағып өткен селдей ғана. Жиеніңіздің үстінен құс ұшырған жоқпын дей алмаспын. Өмір өткінші ғой. Әуестай, - деді Тоқтабек қарасудан қаймақ алғандай сөзін желдіртіп.

– Дәу жігіт болып өс. Алдыңнан кім шығыпты, сенің...ух...

– Айтқаным айтқан. Одан сірә қайтпан. Өлерінен көп бұрын Алтын абысыным Әуесті маған тапсырған. "Тірі де саған сенемін. Құдайға қараса Ақлима бір іздеп келеді", деуші еді, марқұм. Біліп сөйленті, - деді Есбике даусы көлімгідей дірілдеп, көңілі босап.

– Қожа сұрағандардың тізімін алар қайнымнан айырылып қалдым-ау, - деді мырс еткен Есбике Тоқтабекке тиісіп. Күндегі әдеті ғой.

Есбике еңкейіп кеп, менің маңдайымнан сүйді.

– Қазір болмаса да, менің жанымды өскенде түсінесің, - деді күрсініп. Амалдаған түрі ғой. Әйел затының өзіне тән мейірімін ешкім тартып алмас. Мен Тоқтабектің келіншегін кейде аяйтын едім. Есбикенің жазығы қайсы? "Оңын-солын ойлап, әбден запыс болып кеткен. Құдай бір шикі өкпе берсе, бақыты дамылдап аспанға ұшар еді." Анамның сөзі. Оңашада "Есбике бір ұл тауып, мен оны ойнатсам" деп қиялдаушы ем мен де. Дүниеде жалғыз атанудан қиын нәрсе жоқ. Анау Мәулетхан атаның қара борбайлары сияқты әрбір үйде балалар қаздай тізілсе ғой. (Тфә, тфә, тілім таска). Бір-біріне қамқор. Жылаcа жұбатады. Бірігіп жұмыс істеп, "тауды бұзып, тасты жарады". Ал сен жалғызсың. Маған салса, дүниедегі барлық аналарға: "Бала деген бір-біріне сеп,

анасына да көз қуаныш. Сәбилер өлмесін, көбейсін" дер едім. Бірақ құдайдың құдіретінен асу мүмкін емес. Мен бұл тілекті Бердалы атаның немересін жерлегенде айтып ем. Кейбір бейпіл ауыздар ашынып, балаларды: "қырылғырлар" деп қарғыстайды ғой. Міне, солар менің нағыз жауым. Біреуге жан қайғы, біреуге мал қайғы. Анау Текебас апам құдайға не жазып қойыпты? Ойлап қарасаңшы. Талай рет мен үшін араға түсіп Тоқтабекті сыбап салды. От ауызды, орақ тілді адам еді. Қария жалғыз ұлын ойлаумен, дүниеден өтті. Жалғызы қылтамақ дертіне ұшырап, көз жұмғандағы ауылды басына көтере еңірегені есімнен кетер ме?

Есіктің алды ақ қайың,
Басыма келді-ау көп қайғы.
Қайдан сені табармын,
Айналайын аппағым.
Жалғанда көрген жалғызым-ай,
Өзенге өскен жалбызым-ай.
Құдайға не жазып едім,
Жер тіреп жалғыз қалғызлын-ай...

Ащы да, өксікті үн.

– Әй, Тоқтабек! Құдайдың қалауы солай болған соң, не дерсің. Тұяғы бүтін тұлпар жоқ, бауыры бүтін сұңқар жоқ. Ес біліп, етек жауып, оң-солына қарап, ащы мен тәттіні аңғармаған сәби. Жүрегіндегі жарасы да қаракотырланған жоқ. Шырылдатпасаңшы, Аттынның жалғызын, - деп есігінің сыртынан қарлыға дауыстап, жас ботаның тіресгіндей аяқтары қалт-құлт етіп үйіне оралатын. Сонан соң менің басымнан сипап:

– Қарғам-ау, естанды халде жүрмін ғой. Әйтпесе, сені өзім-ақ қолыма алар едім. Қанша бір су ішкілігім қалды дейсің. Айдалала тағы да жалғыз қалып жыласаң, құдайдан ұят, шыла, - дейтін сонан соң. Иә, сол адамдар да дүниеден өтті ғой. Мәңгілік ешнәрсе жоқ.

Мен Майтөбеден ешқайда кетпедім. Ақлима апам Болғанбай екеуі өгіз арбамен Бөлектауға барып, апамның жүгін тиеп, ауылымен қоштасып, тамағын беріп, біздің үйге көшіп келді. Тоқтабектің терезе мен қақпаны бекітіп шегелеген белдеу ағаштарын өзім - ақ жұлып алып

тастадым. Есіктің құлпын ашып, үйдің заттарын сыртқа жайып желдеттім. Қуанышымда шек жоқ. Мәулетханның балалары кеп көмектесті. Ботай деген бір бала көзі ашылған күшік әкеп берді. Мені жұбатқан түрі. Көрші-көлең жүк түсіріп, жиналып шай ішті.

– Екі жарты, бір бүтін болдыңдар. Алданышын жанында отыр. Маңдайға жазғанын көрерсіңдер, - десті. Кейіннен елден естідім. Аклима апам есік көрмепті. Күйеу іздеп бойжеткен шақта соғысқа шығыпты. Еті тірілігімен жаяу бригәдір, басқарма атаныпты. Ойға - қырға шапқылап, саптан сынық сүйем ажырамай, қарабидай егіп, шөп шауып, мал қоралапты. Соғыс біткен шақта бірлі-жарым еркек майданнан оралғанда әлдекіммен көңіл қосып, Жеңіс деген баланы дүниеге әкелген екен, оған да құдайдың көзі түзу болмапты. Жалғыз ұлын жұрт қатарына қосып, қызығын көремін деп жүрген үміті үзіліпті. Ел ішінде сөз жата ма, анамның өлімі туралы қаралы хабарды кейінде естіп, Аклима апа "жат жарылқамайды, өз өлтірмейді" деп біздің ауылға жетіпті. Елдің "екі жарты - бір бүтін" деп жүргені сол.

Сонау Майтөбенің бауырынан бір топ әйел шөп арқалап бері беттеп келе жатады. Пендешілік қой. Дүрілдеп тұрған трактор бар, несіне әуреленеді екен деймін. Алыстан көрінгенде құдды шөп жамылып, Ефраттан өткен Ассирия әскерінің сарбаздары дерсің. "Ерте дүние тарихынан" оқығаным ғой. Соның бірі Аклима апам екені анық. Пішеннен келе жатыр. Шөмеле салады. Қолды аяққа тұрмай жан-жағымды ретке келтіре бастаймын. Соқыр бұзау жұлып кеткен қазықты қағамын. Сиырдың бұйдасын белдеу ағашқа ілемін. Біздің қара ала сиырға қарағанда, Аклима апамның "Марусясы" шатақтау. Орыс көршісінен сатып алынған көрінеді. Жер-ошақтың басы ыбырсып жатыр. Қазанның қақпағының жамылғысының ашық қалған жерін бітеймін. Ертеңгі сусынға дайындалған бидай көже. Қораның есігін бекітемін. Апамды ренжітудің жөні жоқ. Қалай екенін өзім де білмеймін. Аклима апама кешке дейін, тіпті түнде төсекке жатқанға дейін қарай бергім келеді. Алғашқы да өзім де байқамайтынмын, артынан аңдадым.

Алтын анама бір жері ұқсайды екен. Жас кезінде өте сұлу болғаны анық. Ұзын кірпікті, мөлдір қарақат көзді, ашық дауысты, орта бойлы, жүзі жылы. Ұршықтай толған шағы. Әжімі ғана егделікке бұрып тұр. Бірде Ақлима апам маған жүзін төңкере қарап:

– Әуестай, осы сен маған неге қарай бересің? - деп сұраған. - Мен біреуге ұқсаймын ба?

– Иә, Алтын апам да сіз сияқты елге күлімсірей қарайтын - дедім.

– Солай де, - деп күлімсіреді ол. - Ағайын адамдар бір-біріне ұқсамай ма?

Осы күні ойлап қарасам, мен ертеңнен қара кешке дейін, күні - түні Алтын анамды іздеп жүріппін ғой. Балалық жүрегімнің билігіне бас иіппін. Анамның сіңлісінің көз шарасы жасқа толып кетті. Маған байқатпай теріс айналды. Сол сәтте оның не ойлағанын білсем ғой, ә...

Тападай тірлікке кім ренжісін. Буылған шөптің жібін шешіп, ашық қораның құс-тауығы бара алмайтын құбыла бетіне жаймалаймын. Қайнатып жатқан шайымның астын демдеп, жатаған дөңгелек үстелге дастархан жайып, ас мәзірін қойып, буы бұрқыраған құммен ысқылаған шәугім мен шәйнекті алып жетемін. Шіркін, Жекен жындысүрей айтпақшы, адамдарды жүн сияқты сорттаса ғой. Мәселен, Есбике әлдеқалай бір шаруа істеп үйге оралса, маңайының бәрін "қырып" салады. Оны Тоқтабек те мойындайды. Баяғыда сол үйде жүргенде күліп: - Әй, Әуес! Есбике аудан орталығынан шыққан шығар. Жолдың ауырын ұққан шығар. Тасоткелге мінісін қантарған болар, қоржынға пәлені қотарған болар, - деп иіні селкілдеп күлетіні бар-тын. Расы, солай.

– Байдан да, баладан да не үміт, не қайыр, - деп қарғанады Есбике. Жан-жағын тіміскілеп пәленің ұшығын іздейді. Ойпыр-ау, осы адамдар қызық. Өзінің күні үшін істелген тірлігіне өзі неге бұлданады екен деймін. Ақлима апам ондай емес.

– Айналайын, құлыным. Қолымды қимылдатпағаныңа рақмет. Өзім шаршап келгенде бір бақытқа кенелдім де қалдым. Біреуге жасаған жақсылығың өзіңе қайтады, - деп қуанып, шайын сораптап, жүзі бал-бұл жанатын.

— Е, опасыз дүние. Бүгін көл, ертең шөл. Әй, балам, не ойлап кеттің? Шайың суып қалды, - дегенде барып есімді жыдым:

— Апа, Болғанбай сәлем айтты, - деймін. "Үйге кіргізіп алайықшы" дегенге сәл қаламын. Ақлима апам қызарып кетеді де, маған шүйлігe:

— Әй, қарашотпақ, шын сөйлеп отырсың ба? - дейді кәдімгідей сұрланып. Қалай екенін өзім де білмеймін, апамды сол Болғанбайға жақындатқым келеді де отырады.

— Оллаһи, биллаһи,- деймін мойнымды қайшылап. Шыны сол Майтөбенің құбыла бетіндегі ойпаңда Болғанбайдың малына шөп шабатын жекеменшік түбегі бар. Жаз шықса, екінші үйі сол. Теңіз толқынындай тербетілген шалғынды шалғымен орып салады да, дегдіген соң оны шөмелеге, қаға бере маяға көтереді. Ертегі арада жүрген ертегінің адамы дерсің. Бұзау қайырып жүріп талай көрдім. Мені көрсе қолын бұлғап тоқтатып алады да, "хал-жайымды сұрауды" ұмытпайды.

— Ақлима құдды Алтынның сыңары ғой, байғұс. Екінші анаңның құшағына құлаған шығарсың. Енді соның амандығын тіле, сені енді ешкім бейітке қуаламайды, - дейді. - Е, картайғанда қырт болды деме, балақай. Сүйек пен еттен жаралған адамбыз. Байқап жүрмін, түбі бізді сонау Дегелектің делегейі құртады.

— Оны қайдан білдіңіз? - деп бетіне қараймын. Болғанбай аға уялшақ бала сияқты.

— Ел солай дейді ғой, - дейді қызарактап. - Айтпақшы ана Ақлима біледі. Өзі де сол жарық шығатын Бөлектау жақтан келді.

Бұл менімен жақындасып, апам туралы сұрамақтың айла - шарғысы. Алғашқыда білмейтінмін. Сөйтсем, біздің үйдің мұржасынан шыққан түтіні, басқан қадамымыз, тіпті күресіні де бақылауда екен.

— Әй, бала, Бекзатхан сендердің үйлеріңді не қып төңіректеп жүр? Сол құдай атқыр анаңды алып қашып кетіп жүрмесін, - деді ол.

— Кеше шөп әкелуге аша сұрап келген. Апам жұмыста еді, - деймін.

— Ә, солай де, - деп Болғанбай мұрны терлеп, қуанып

калды. Онысын жасырмайды да. Әйтеуір, Аклима апамды жек көрмейтінін ішім сезеді. Сөйтеді де:

Майтобе шөбің неткен калын еді,
Мына өмір неге сонша залым еді.
Дегелек делегейді коп котерме,
Мына елде кандай күнің калып еді, - деп ыңылдап теріс бұрылып жөніне тартады. Ұзап барып артына карап:

– Шешеңе сәлем айт, - деп дауыстайды. Мінезі бір кызык адам. Әлгінде айтып отырған сәлемім осы. Екеуі сөзге келісіп калған ба? Ұрланып жүзіне карадым. Аклима апам терең ойға түсіп кетіпті. Жерден басын жұлып алды да, мұңданып екі-ауыз әннің сөзін сыбырлай сабактады.

– Бүлдірген, кандай жаксы құрбылармен бір жүрген... Апамның жұмбак мінезін танып білу киын. Тіпті менің бірге шай ішіп отырғанымды ұмытып кеткен бе – деп калдым. Әншейінде Болғанбай екеумізді кидаластырып кояды:

– Әй, Әуестай, ана кісіге ары жүрші деші, - деді Аклима апам бірде Мәулетханның шілдеханасынан кайтканда, түнде.

– Әмір орындалады, - дедім колымды шекеме апарып.

Менің карсылығыма ұшыраған Болғанбай жаның түсті.

– Әй, кызталак, менің балам болсаңшы, - дейді ол. - Аклима апаңды алып кашып кетсем, өзіңнен өзің артымнан еріп келесің. Апам Болғанбайды акырын ғана түйіп жіберелі де:

– Өй, құрып калғыр. Баланың козінше сөйдей ме екен. Шын көріп калады, - деді. Үнінде ашу атаулының ұшығы да жок, кайта еркелік пе, наз ба бір жылылык бар. Болғанбай біздің үйге дейін бірге келді.

– Әуестай, ана бізді шығарып салушыны үйге кіргіземіз бе? - деді Аклима апам тағы.

– Жөніне жүрмей ме? - дедім мен сойкан. Болғанбайдың көңіліне карағам жок.

– Әу, жаным-ау, катты кеттің ғой, - дейді енді Аклима Болғанбайды жактап. Не істеу керек?

– Саған ерегескенде бар ғой, асай-мүсейімді арқалап осында көшіп келемін, - дейді мені ерегестірмек болған Болғанбай.

– Әй, қарапүшық есігіңді аш!

Мен басымда шайқадым.

– Күшігіме қаптырамын.

– Енді қайттім? - деді Болғанбай өп-өтірік сасқан боп.

– Әуестай, үлкен кісіге сөйте ме екен, - деді апам маған ескерту жасап.

Бұл, әрине, шақырусыз қонақтың үйге кіруге алған рұқсаты. Кіп-кішкене бала бола тұрып, жақсылық үшін жанымды салған мені нағыз жетібас дерсің.

– Ертең ерте тұрып, мал жайлау керек, - дедім үйге кірген соң төргі үйге өтіп.

– Оның да жөн, Әуестай. Таң атпай тауық болып шақырмасаң іс бітпейді, - деді апам.

Болғанбай мен апам әңгімелесе отырып шай ішті. Айтатыны өткен-кеткен өмірлері.

– Ойпыр-ау, сен сонда қайда қалғансың, - деп күлді апам сыбырлап.

– Құдайдың маңдайға жазғаны, - дейді Болғанбай. Жоқтан - өзгені ойлап жатып кірпігім айқасып кетіпті. Ертеңгісін тұрып апамды іздедім. Ағаш кереуеттің үстінде пыс-пыс демалып, ұйықтап жатыр. Болғанбай түннің бір уақытында үйіне қайтса керек...Енді кеп маған ашуланып...Бар айыбым екеуінің қосылғанын құдайдан тілегенім бе?

* * *

Апам көшіп келгелі менің жұлдызым жанды. Мектепке барамын. Кешігу деген менде болмайды. Тоқтабектің есігінде жүргенде екі күннің бірінде ұялмай-қызармай есік қағып тұратынмын. Үлгерімім жақсы. Қобыланды мұғалім:

– Әй, ақ апаның баласы, оқысаң азамат боласың. Елге қарайсың. Жеріне қажет атанасың, - дейді маңдайымнан сипап. Өзінің қойып алған аты ғой. Алтын анам ба, Аклима апам ба, әйтеуір біреуінің лақап аты "Ақ апа".

Бастауыш мектепте отыз тоғыз бала бар. Төрт сынып. Біздің төртіншіде бес бала, жапсарлас отыратын екіншіде жеті оқушы. Қобыланды мұғалім осы екі сыныптың қожасы. Гүлжан деген шашын кескен қыз мұғалима келіп еді, екі айдан кейін "пәлен-пәштүген" деп Төңкеріске тайып тұрды. Естуімізше, Майтөбе бөлімшесінің мұғалімі атану ол үшін "позор", яғни, өлім екен. Аклима апамның менің құлағыма тигізгені ғой. Жарасбай деген бала бізбен бірге оқыды. Лақап аты - "Соңғы хабар". Бота көзі күліп, әрқашан көңілді жүретін, бәкене бойлы, әзілкеш бала. Бұл ауылдың "ишай" деген әңгімесін ол бірінші естиді. Сонан соң, нешебір қызықтармен толықтырылып, біздің құлағымызға тигенше қырналып, балалар қызығын тыңдайтындай дәрежеге жетеді. Сойған түлкіше ыржимай көр. Жарасбай бар жерде езу жиылмайды. Әңгімені майын тамызып айтудың өзі де бір асқан шеберлікті қажет етеді. Жүзі бүлкілдеп, көздері күлімдеп, қала бере ашулы арыстандай құжірейіп, қабағы түксиіп, үніне сүс қосылып, Майтөбенің мектебі атанған үйдің бір бөлмесі Жарасбайдың арқасында кішігірім театрға айналып кетеді. Тірі жүрсе Жарасбай нағыз халық әртісі болар еді. Ол кезде Майтөбедегі жалғыз қамыс шатырлы үй - мектеп. Басқасы жыл сайын төбесіне лай құйылатын жапа тамдар. Тіпті бөлімше меңгерушісі Көшкінбайдың кеңсесі де тоқал үй. Қалай екені түсініксіз, осы Майтөбеге үкімет тұқымдыққа шиферлі бір үй жетеді деген шығар. Өмір деген бір қызық. Кеше ғана бір-бірімен әлде неге таласып, ұрты толып еді, бұртиысқандар қара жерді мекен етіп, тым-тырыс жатыр. Ондайлар Майтөбеде көп-ақ. Біреудің қайғысы, еді біреудің сағынышы. Қабағы түйіліп, қайғы ойлаған көңілсіз сәттерде осы Жарасбай балалардың көңілін көтеретін. Ондайда:

– Майтөбеге шиферлі қорқып үй салса, Дегелектің делегейін киюі жиілеп кетеді деп райкомдағылар үй салдырмай қойыпты, - деді ол "қырық өтірікті" көз жұмбай соғып кеп.

– Оны саған кім айтты? - дейміз Жарасбайдың сөзіне кәдімгідей сеніп шуылдасып.

– Кеше кешкісін біздің үйге Божбанбаевтың өзі келіп құлағыма сыбырлап кетті, - дейді Жарасбай жүзімізге қарап. Ал күлкіге қырылмай көр. Сонда райкомның білдей бірінші хатшысы Майтөбе ауылындағы әупіріммен күн кешкен, сабақ үлгерімі үштен сәл жоғары Мәулетханның екінші ұлы Жарасбаймен ақылдасып, ішіндегі қырынды-сырын соған айтқан болып шығады ғой. Балалар күлсін дей ме, Жарасбай шімірікпейді, бүйрек беті шылп етпейді. Онымен қоймай, таппайтын бәлесі болса ше...

Бір күні Аклима апамның қара шайын апыл-ғұпыл ішіп, жарты қазан жаппайды қапшығыма салып, жүгіріп мектепке келсем, бөлме іші у-шу. Жарасбайдың қолында сарғайған жарты парақ газет. "Правда" деп жазылған алғашқы беті. Сонау күнгі бейітте түнеген күннен кейін ертеңгісін жыланбауыр қырықаяқ (біз солай атаймыз) Майтөбеге келіп, бес-алты үйге кіріп, ақ халат киген екі-үш әйел, мен үш әскери бала - шағаны шешіндіріп, жүрегін тыңдап есі шыққан.

– Бұларың не? - деген Болғанбайға әскерилер:

– Жер сілкінді емес пе. Жүрегі ауыратындар бар ма? Соларды іздеп жүрміз. Халі ауыр болса, ауруханаға алып кетейік деп едік, - депті. Шамасы, орысша газет солардан қалса керек. Әйтпесе, Майтөбенің қазағы орысша газетке жазылмайды. Анау бір орысшалау сөйлейтін қыз мұғалім. Төңкеріске кеткелі қашан. "Правданы" оқыса, сол оқыр еді. Қойшы, бала атаулы әлгі жарты парақ газетке үңіледі де, тырқылдайды кеп.

– Құдайдың құдіреті-ай. Мына екеуінің бір-бірінің аузынан түскендей ұқсап қалуы-ай, - дейді Жарасбай балаларды онан сайын күлдіріп. Бір кезде қолыма газет тиді-ау. Бүктеліп, ұма-жұмасы шығып, бір шеті жыртылған газеттен ә дегенде көзіме түскені адамның фотосуреті еді. "КПСС Орталық комитетінің бас секретары, КСРО министрлер кеңесінің төрағасы Никита Сергеевич Хрущев Америкада". Қызықты қараңыз. Басы қарбыздай доп-домалақ, тақырлатып қстаған, орта бойлы адамның екі езуі екі құлағында. Қолтығына қысқан торапайы да ыржиып күліп тұрған сияқты.

– Жарасып тұр, - дейді Жарасбай онан сайын көзін ойнақшытып.

– Сол Хрущев неге біздің ауылға келмейді екен. Біздің Майтөбеге жаңа үйлер салынар еді, - дейді арпа ішіндегі бір бидай Майтай староста.

– Утром катқаком, вечером батпаком, - деді Жарасбай балаларды тағы да күлдіріп.

Сөйткенше газет қолды болды. Шуылдасып-дуылдасып жүріп Қобыланды мұғалімнің бөлмеге кіріп, ортамызға енгенін де аңдамаппыз.

– Әй, балалар! Ол жаңалақ біздің ауылға келмейді, - деді мұғалім бізге. Сөйтті де Жарасбайға бұрылып қабағын түйді. - Немене Көкорайдың батпағына енді шошқа қаптатайын деп жүрсің бе? Жетпегені сол еді. Топты бала асыға-үсіге партамызға жүгірістік.

Қобыланды мұғалім ұзын белі қайқаң етіп, газет жыртындысын қолына ұстаған күйі орындыққа қонжиды. Арлан тазыдай арбиған сүйекті кісі. Үстелден белі асып отырады. Жасы жер орталап қалған. Жарасбай қарап жүрсің бе, Қобыландыға ат қоюды да ұмытқан жоқ. "Қырық қабырға, отыз омыртқа".

– Әй, жүгірмектер, мына "Правданы" тауып әкелген қайыссың? - деді Қобыланды журналды ашып, бөлмені көзімен тінтіп шыққан соң. Өтіріктің арашасы жоқ. Балалар Жарасбайға жалт қарады.

Айыпкер басын төмен салған күйі сүйретіліп орнынан тұрды. Біз күлкі қысып, партаға етбетімізден жата кеттік.

– Е, Мәулетхан ағаның баласы, сен екенсің ғой, өзің орысша газет оқитын әдет тапқансың ба? Дүрсе...дүр...се... Рас, орысша білмесең күнің қараң. Министр бола алмайсың, - деді тілімен пісқілеген мұғалім Жарасбайды кекетіп.

– Мәскеуден біреулер менің атыма салып жіберіпті, - деді есесін жібермей қылжаққа көшкен Жарасбай. Мұғалімнің жұбайы Адасқан Мәулетханның үлкен қызы. "Соңғы хабардың" әпкесі. Мұғалімнің алдында Жарасбайдың айылын жимайтын себебі сол.

– Олда қай бауырың тұрушы еді? - деді Қобыланды мұғалім әңгімені қызлырып, әжікені жалғастырып.

– Кеңес одағында ұлттардың бәрі бір-біріне дос-бауыр, туысқан, емес пе, аға, - деді Жарасбай да қаймықпай.

— Оттапсың, - деді Қобыланды түсі суып, түгі тікірейіп. Сөйтті де бүкіл денесі селкілдеп қарқылдай күліп жіберді. Әсіресе, мұндайда үшкір иегі бір орнында тұрақтамайды екен. Балалар мәнсіз-мағынасыз мұғалімге қарап аңқита ауыздарын ашып, үнсіз қалды.

-- Әй, Жарасбай, сен осы іштен сөз жаттап туғансың, ә? Ха...ха... Қобыланды мұғалімнің күлкісін естіген балалар әлі таңданып келесі сәтті күтуде.

— Сен ғой, сен Мәулетхан ағаның баласы! Кеңес одағында ұлттардың бәрі бір-біріне дос-бауыр, туысқан дедің, ә. Бәрі жалған иә, сен солай дедің. Ха...ха... Ел де солай ұғады. Бәрің жабылып топассың, түге! Олар бізді қырып жатыр... Сөйтті де Қобыланды мұғалім үстелді жұдырығымен қойып-қойып жіберді.

Әлі күнге дейін Қобыландының сол бір сәттегі бет бейнесі көз алдымнан кетпейді. Итеріп қалсаң, құлайын деп тұрған ескі үй. Отыз жерден сойдауыстай шеге қағылса да, қозғасаң ән салып теңселетін үстел. Оның өзінен аумай қалған "інісі" - орындық. Қабырғасы бояу жаққандай көгерең тартып суланған төрт кереге. Қаңылтырдан беліне "белбеу" таққан, қара түсті шеңбер бүйірлі контрамарка пеш. Сәбилердің бесігіндей тіз қатар қойылған, арасынан адам жүріп өтердей он парта. "Мені көрдің бе" дегендей, күніне мұғалім бастап, бала қостап бір сүйкенбей өтпейтін қара тақта. Сыныптағы жалғыз қыз, нәзік жынысты болса да билікті білегіне ілген, менің оң жағымда отыратын, Қобыландының оң қолы — Майтай староста. Міне, біздің Майтөбенің бастауыш мектебінің төртінші мен екінші оқитын бөлменің сиқы.

— Әуестай, мұғалімнің аузынан сілекейі ағып кетті, - деді жанымда отырған Майтай маған сыбырлап. Сөйткенше киік танау, қыр мұрын, сопақша бет - біздің мұғалім бүйра шашының үстіне қонған қоңыр қалпағын қолына алып, төңкеріп кілбиіп бізге қарады.

— Әй, балалар. Байқайсыңдар ма? Міне, Дегелектің делегейі. Таптаңдаршы, нәлетті. Дала-даласын шығарыңдар. Әкесінің аузын...

Мұғалім қалпағын жерге тастай беріп таптай бастады. Жалғыз қыз-староста шыңғырып жіберді. Осы сәт аяғына шалынып құлап түскен Қобыланды мұғалімнің басын алғашқы сүйеген Жарасбай еді.

– Қобыланды аға! Ағатай, не болды? - деп ол бөлмені басына көтере дауыстай жылап жіберді.

– Аққудың көгілдірінің көз жасы ғой, мынау Көкорай. Атасын өлтірді Көкорайдың улы суы. Аттан, аттан, арашашы қайда?...Мұғалімнің қолтығынан қыса ұстаған Қуат екеуміз анандай жерге ұшып түстік. Жарасбай мықты екен, жабысқан жерінен тістей қатып сүйеп үлгерді. Пештің аузына соғылғанда бет-аузы быт-шыт болатын еді.

– Ағатай, аға, сәл уақыт мына партаға отырып дем алыңызшы, - деп жалынды Жарасбай. Қобыланды көнді. Сол сәттегі түрін көрсең. Көздері шатынап, шарасынан шығып, қарашығы тоқтамай ары-бері қозғала берді. Әжімдері тамырдай білеуленіп, жүзі шаныта, тісін сақылдатады. Енді бір сәтте күрек тісі батып, ұртының тұсынан қан білінді. Қобыланды мұғалімнің қайратты екенін кім білген? Көйлегімнің екі-үш түймесі үзіліп, еден үстінде жатыр. Майтай ұшты-күйлі жоқ болып кетіп еді, қыздардың ақылы көп қой, көзді ашып-жұмғанша үшінші мен біріншіні біріктіріп оқытатын Адасқанды ертіп келіпті. Мұғалімнің әйелінің жүзі өрт сөндіргендей, құп-қу. Көзі аларып, жан-жағына алақ-жұлақ қарап отырған Қобыланды әйелін тани кетті де, екіленіп салды.

– Адасқаным-ау, жаным-ау, көзімнің қарашығы. Көгілдірдің сыңары неге өлді? Қобыланды жұдырығын түйіп, тісін шықырлатты.

– Ақселеу мына дүние,
Ақшағырмақ аспан асты.
Жүрегім өрт, күйінем
Көгілдір аққу неге көз жасты?
Кесірің сенің Дегелек
Лайладың тұнығын
Қосағын айырдың
Айдаһарсың, ажал-сұм...

Кейінде Адасқан апайдан Қобыландының жыр дәптерінен көшіріп ап, өлеңді жаттап алдық. Өлеңнің мән-мағынасына түсінбей дауласатынбыз. Баламыз ғой, онда. Мұғалімнің өлеңі көп екен. Майтөбені де, Көкорайды да, қасірет атқан Дегелектің делсгейін де,

Қарақуыстың желін де, даланы да, қырды да, суды да жырға қосыпты. Тұнып тұрған мұң. Бұрын Қобыландының ақын екенін сырттай еститінбіз. Бірде Төңкеріс аудандық газетінен өлеңін де оқығанбыз. Тағы да сол Жарасбай - "Соңғы хабар" ұмытпасам. Абай туралы жаңа сабақ өткенде мұғалімнен шығарған жырын оқып беруін өтінген. Сонда Қобыланды кәдімгі кінәлі баладай, жүзі ду етіп, құлағына дейін қызарып, сипақтап:

– Е, біздікі әншейін ғой. Өлең жазуды қойып кеттім, - деген. Әттең, дүние-ай. Ішіндегі қасіретін сыртқа шығара алмай, қайғырумен елін ойлап күн өткізіпті, сыртқа шыққаны-жыры. Әлі күнге дейін есімде қалыпты.

– Өлімнен әсте қорықпаймын,
Қара орман жұртым - мұңды.
Жүрегімді тіліп от- қайғы,
Әділдік жырын бастаймын, деп басталатын.

Мұғалімді сол күні бір топ бала үйіне апарып тасталық. Қобыланды жуас екен. Айтқанымызға көніп, жетектегенімізге жүрді. Бірақ бір сәт те жыр оқуын тоқтатқан жоқ. "Отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге жетеді" демекші, ертеңінде-ақ: "Қобыланды мұғалімді жын әуектепті. Аққудың киесі ұрыпты. Өте биязы, сыртқа сырын шаша бермейтін біртоға азамат еді. Оны да құдай көп көрді" деген әңгіме естілді. Енді біраздан соң: "Түнде үйінен қашып шығып, Көкорайды жағалап кетеді екен. Сонау жалғыз қалған аққудың көгілдірімен сөйлесіп, таң алдында үйге оралатын болыпты" деген сөзді Есбикенің апама айтқанын өз құлағыммен естідім. Сонда апам:

– Е, ел не демейді. Басқа түспегеннің құдаймен ісі жоқ, айтуға жеңіл. Қайсымыздың айымыз оңынан туып тұр. Тағдырға не дерсің, - деді Есбикеге түнере қарап.

Ех, дүние-ай... Тоқтабектің ерке келіншегі сықсыңдап жыласын кеп.

– Ию, шеріңді тарқат, Есбике, - деді Ақлима апам. - Құдайға жалын, жалбарын. Сенің бағың етегінде. Сөйтті де, маған қарады.- Балам-ай, үлкен кісілердің сөзін естуге неге құмарсың, соншa?

Қобыланды мұғалім бес айдан соң көз жұмды. Майтөбе тағы да бір азаматынан айырылды. Еңіремеген

адам жок. Әсіресе, Жарасбайдың көз жасын тия алмай, өкіре жылағаны есімнен қалмайды.

– Нағыз мықты мұғалім еді. Мен оның туыстығына бола жылап тұрған жоқпын, - дейді ол өксігін тия алмай. - Мен өскенде Қобыланды сияқты мұғалім боламын.

Бірақ Жарасбайдың арманы орындалған жоқ... Жыл өтер - өтпестен, қаны көтеріліп аузы қисайып, мылқау атанды. Көкпектіден нағашылары келіп емдетуге алып кетті деген. Хабарым жоқ.

Айтпақшы, мына бір оқиға ойыма түссе, жаным түршігіп, есалаң адамдай есеңгіреп қаламын. Жүрегім аузымнан шығып кете жаздап, зәрем ұшты. Құдай атсын, қанша бір еске алмайын десем де көз алдымда сол көрініс тізіліп тұрып алады.

Күз аяғы шөп жиналып, отын үйіліп құбылаға көз тігіп, "Кәрі құда" қыска: "Келсең, кел!" Етек-жеңіміз жиюлы" деген күндер өтіп жатты. Тоқтабектің әйелі біздің жаман лашығымызлан шықпайтын болып алған. Сабақтан келсем, апаммен бірге жүн иіріскп отырғаны. Үстел үстінде жиналмаған ыдыс-аяқ, қызыл-қоңыр бауырсақ, құрт, ірімшік жатады. Байқағаным Есбикенің өңіне қан жүгіріп, тіпті сұлуланып кетті. Маған да:

– Әй, Майкөтенім, халың қалай? - деп күлімдей қарап жымия күледі. Әлде не деуге суқаным сүймеген соң аузымды ашпаймын.

Шамасы, айыбын Ақлима апамның көзінше жұмсартпақ түрі, маған жалпақтағаны. Адамдар осыншама сайқал болар ма.

– Әй, Әуестай. Ақлима апаңды сенің бағыңа берген ғой. Біз оның шірегіне де жарамаймыз, - дейді.

Ішімнен "тфә,тфә, кет бәлекет" деп күбірлеймін. Апама тілі тимесе екен деп сақтанғаным ғой. Есбике де, Тоқтабек те апамның жанында кім? Тау мен төбедей емес пе. Бірақ қалай дегенде де Тоқтабектің сонау күнгі Төңкерістен жетектеп келген жирен тайы мені сиқырлап тастаған сияқты. Төртаяқтының сүйкімдісі. Емшек сүті не жарымағандықтан ба, апамның сөзі ғой, анда-санда Төңкеріс жаққа қарап қоңыраулай сыңғырлап кісінеп-кісінеп алады. Онысы енесін іздегені. Жаным ашып кетеді. Тағы да Тоқтабекке тиісемін.

— Әй, Есбикенің жалдамалы құлы. Жирен тайды анасынан мен сияқты айырғанында құдайың жарылқады ма? Сен де, саған Жирен тайды қосақтатып жіберген адам да нағыз ешкімге жанашыр ниеті жоқ, Гитлер-фашист. Солай емес пе, Жирен тай, - деймін. Баласына ма, жануар екеш жануар менен қашқақтай коймайды. Ұсынған көк шөбімді көңілі қалмасын дегендей етіп үзіп алады да, анандайға барып, асықпай шайнайды кеп. Аяғымды бір басып, екі басып, жалын қасуға жақындай түсемін. Жирен тай еркелеп, құйрығын бұрып теппекке ыңғайланады. "Әй, жануар! Сен тентек болма. Сырт жаудан қорғанғаның дұрыс-ақ. Бірақ мен саған Тоқтабек емеспін" дедім. Тоқтабек сыртымнан сөзімді тыңдап тұрыпты.

— Әуестай-ай, осыншама кекшіл ме едің. Әлі де былтырғыны ұмытқан жоқсың ба? - деді.

— "Жақсы адамның кегі жібек орамал кепкенше, жаман адамның кегі басы жерге жеткенше" демеуші ме еді.

— Мен жетіммін, - деп дүңк етіп теріс айналдым.

— Ту, ит қылған құдай. Мынау өзі шошқаның дәл өзі екен ғой, - деді Тоқтабек. - Жетім бала кекшіл, жетім қозы жершіл деген. Тоқтабек отқа май құйды. Аклима апам естісе, аспан айналып жерге түсіп, көрші сиқатымыздың быт-шыты шығатыны анық. Біз осылай текетірес күн кешісіп жаттық. Көкіректе қатқан тоң ерір емес.

Біздің үйдің қиыр бетіндегі есіктің маңайындағы тақырға жерге су сеуіп, текемет жайып, жүн сабап отырған апам мен Есбикенің әңгімесі менің жан дүниемді тас-талқан етті. Сабақтан келіп, киіздің бұрышында жүнді реттеп жатқанмын. Анда-санда екеуінің әңгімесіне еріксіз құлақ салғанымды өзім де байқамай қаламын.

— Аклима апай, мені құдай ұрып жүр, - деді бір сәт Есбике күңк етіп. Әлгінде ғана апамның жанына кеп қонған.

— Тәйт, жамандыққа бастама, - деді Аклима апам көрші келіншекке шошына қарап.

— Рас айтамын. Бір айдан бері жүрегім айнып құса беремін, - деді Есбике.

– Әй, кыз, сен не бастап келесің ей, ә. Аклима апам иіріп отырған ұршығын жанына коя беріп, Есбикеге бұрылды. - Күнім-ау, жақсылық болмаса игі еді, - деді сонан сон. Есбике ұялғансын басын төмен салды.

– Осы үйдің бидай көжесін ішкім келеді де тұрады. Өзіңіздің үйге жиі келуімнін де сыры сол. Апам көрші келіншекті дәл бір алыстан келген қызындай құшақтай алды.

– Ешкімге тіс жарма. Құдай берейін десе асықпайды. Сенің аяғын ауыр, - деді Аклима апам. Мен де кызыкпын. Сабақ оқып отырғанымды ұмытып кетіппін.

– Апа-ау, шын ба? - деппін. Есбике мен Аклима апа оюлы текеметтің үстінде отырып маңайында тағы бір тіршіліктін барын енді аңғаргандай, екеуі де маған жалт карады.

– Шын, айналайын, - деді апам капелімде. Сөйтті де кенет қабағы кіржің етті - Бұл шіркіндер енді сөйтеді. Ал енді Мәулетханнын балалары күсап, құлағына сөз тиді екен, әр үйдің босағасын аттап, сүйінші сұра, түге.

Аклима апам менің бұл тірлігімді жақтырмады. Менің де үнім өшті. Жаман көзімен қараған қос әйел енді сыбырға көшті. Бұл жолы кәдімгідей-ақ мысым басылып, жөргегім жоғары өрмелемеді. Біреудің қуанышын бірге бөліскені ме айыптымын ба? Есбикенің басы жас. Дүниеге бөпе әкелсе, сол да құпия ма? Ендігі жерде бұл әңгіме маған кызық көрінбеді. Аклима апамның кекесіні жүрегіме дық етті.Тауым шағылғандаймын. Содан табыннан "Марусяні" айдап келіп, тауықтарды камап, ел орынға отырғанға дейін аузым компайып, жүзім қара түтін. Дел-сал күйі жүрдім де қойдым. Аклима апам да тырс үндемеді. Тек кешкі шайда барып:

– Токтабекті құдай демеген екен. Зарығып күткендері ғой. Оған бола боғынды пышақтап, алашапқын болудын қажеті жоқ. Сенікі тура біреу қыз алып қашса, біреу босқа қашадының кері, - деді ол түнжыраған күйі. - Ио, сенің ренжитін жөнің бар. Аузың ашылса, көмекейің көрінеді. Бірақ тіл-көз деген бар. Сақтансақ құдай да сақтайды.

Басымды изей беріппін. Аклима апа майпазламай көкірегіндегісін бірақ айтатын.

Ерінбесең, суын әкеп беріп жүр. Ағайын адам, көрші.

Адам кейде қызық. Мен Тоқтабектен қашып бейітке түнегенімді, Есбикенің ертеңнен қара кешке дейін жұмысқа жегіп қоятынын ұмытып кеткен сияқтымын.

Қайран, балалық-ай. Тоқтабекке таңданбасқа шараң қайсы? Әншейінде апам: - Саңлауы жоқ. Екі аяқты тірі пенде, талтүске дейін өлі адамдай, ұйықтаушы ма еді. Жамбасы тесілмей ме, - деп Тоқтабекке шала бүлінетін. Бірақ оның қазіргі тірлігі мүлдем басқаша. Жирентайды Төңкерістен әкелуінің де сыры белгілі. "Іштен шыққан сұр жыланға" мінгізбек қой. Айқой, арман, дүние жалған! Ақындар осылайша жырлаушы еді. Дүниеге келер сәбидің әкелген өзгерісін айтпаңыз... Есбикенің қол-аяғы жыбырламайды. Тал түсте тұрып, Тоқтабек баптап қойған асты ішіп, асықпай басып, біздің үйге жетеді. Үйіне бармай не жасайды дейсіз ғой. Жаңа туар сәбиге көйлек, шалбар тігеді, қысқа арнап шұлық тоқиды. Біреу емес, пар-парлап. Баланың кіндік шешесі белгіленіп қойған. Ол менің Аклима апам. Уәде бойынша Есбикенің аяғы ауыр екенін ешкім білмеу керек. Аклима апа мен Есбике құдды бір үйдің адамдары сияқты. Тоқтабек те мәз. Екі үйдің дастарханы жиылған емес. Бір күн бізден, екінші күні Тоқтабектің еншісінде. Дастарханға салар мәзір сан-алуан. Адам сенбес оқиға, мен Тоқтабектің інісі сияқтымын.

Бір күні Тоқтабек ойда-жоқта.

– Әй, Әуестай! Әйелдерде шаруамыз қайсы. Еркекпіз ғой. Өз тірлігімізді жасайық, - деп маған ақыл салды.

– Мына Жирен тай ертең құнан болады. Мүмкін жарысқа қосылса, оза шауып, бәйге алар. Кім алдынан шығыпты. Солай емес пе, - деп мақұлдатты ол. Менің тай десе шикен асымды жерге қоятынымды біліп отыр. - Ертең әлгі інің (Онысы Есбикенің ішінде жатқан сәби. Еркек бала екенін Тоқтабек баяғы да біліп алған) мына жарық дүниеге шыр етіп бұлдана түскенде мен шіркін өліп кетсем де ризамын. Сонан соң ержетіп, ат жалын тарауға бейімделе бастағанда Жирен тай Қобыландының Тайбурылына ұқсап, "Қалмаққа қарсы шап" деп тілге келіп, қасқайып тұра қалмай ма. (Мені еліктірген түрі.) Сонда Жирен тай үйренбеген асау болса

қиын-ау. Әкем не істеп жүрген деп ренжімей ме? "Айқой арман, дүние жалған" деп қайталадым ішімнен. Әңгімені қызыға тыңдап, құлшынып салғанымды байқамайтын сияқтымын.

– Ол үшін Жирен тайды үйрету керек, - дейді Тоқтабек енді сыбырлай сөйлеп. - Сен қазір анау Көкорайға қарай жылға-жылғамен зырла. Мен де тайды жетектеп жетемін.

Көкорайдың көлі менің апамның әжелерінің кезінен бар екен. Жаратушының өзі әкеп қондыра салған. Сөйткен де осы көлдің иесі болсын деп қос аққуды жүздіріп қойған. Оны атуға, жәбірлеуге ешкімнің құқы жоқ еді. Қос аққу мыңдап көбейіпті. Қанаттарын жазса, көлдің беті ақұлпадан көрінбейді екен.

– Сол аққулар қайда? Басқа жаққа ұшып кетті ме? - дедім шыдамай кетіп. Апам күрсінеді.

– Бір күні ертеңгісін ел Көкорайдың аққуларының қырайы өліп жатқанын бірақ көріпті.

– О, сұмдық! - деді.

– Сұмдықтың көкесі әлі алда. Содан тұқымдыққа аққудың жалғыз көгілдірі қалыпты. Туыстарын жоқтап ертеңнен қара кеш жылайды екен. Көкорай соның көз жасына толып тұр. Әйтпесе, баяғыда құрып қалуы мүмкін еді.

Апамның осы бір жантүршігерлік әңгімесі Қобыландды мұғалімді есіме түсірді. Көңілім босап, ал жылайын кеп. Шамасы апамның да, Сырғанның да, мұғалімнің де өлуі жұмбақ. Ойдың жетегіне еріп кетіппін, ту сыртымнан Тоқтабектің:

– Әй, Әуестай. Неге жылап отырсың? - деген үні естілді. Сасып қалдым. Тоқтабек Ақлима апама жылағанымды айтса, маған ренжиді ғой. Мен Сырғанды көмген төмпешік топырақтың жанында тұр едім.

– Жақсы ит еді. Мен де бір бапшықтан домбалдан салған пендемін ғой. Ырымшыл, байғұспын, - деді Тоқтабек. Қатігездігін мойындағанына тәубе. Тек бұл сөйлемдерінің астарында мені жаға тастап кетудің айлашарғысы жатпаса. Менің бір таңқалатыным бар. Әлі күнге дейін ересектер жетімдерге ала көзімен қарайды. Оларға өктемдік жасап, дікіңдейді. Кезі келсе, түпін

жіберуге бар. Бірақ бала атаулының бәрі мен сияқты, жетім қалып, жетібас атанғысы келмеген шығар. Бала атаулы әке-шешесінің жанында жүрсе екен. Ойымды Тоқтабек бөлді.

– Әуестай-ау, жаңа бір жақсы сөз айтып ең ғой. Соған кірісейік, - деп бипаздай қалыпты.

– Ол қандай сөз? – дедім түсінбей.

– Әлгі ініңнің базынасы да. Жирен тай саған үйір ғой. Асау Жирен тай, жетім бала Әуес. Көкорайдың бойы. Сырттанымның моласының жаны. Өмірге енді келер сәбидің мінер түлпарын үйретуім керек. Ал жығылсам ше? Жирен тай тістеп, теуіп жіберсе, апама не дейін. Рас, бірлі-екілі Мәулетханның Жарасбайы екеуіміз солардың ала тайын үйреткенбіз. Жануар сүйегіне сүрінген арық еді. Алғашқыда бас бермеген-сігенімен, сәлден соң қара тер боп шаршап, айтқаны-мызға көніп, айдауымызға жүрген. Ал Жирен тай осқырынып тұр, әрі ерке, ту асау.

– Арқанның ұзынын әкелдім. Ала қашса, кеудесінде жаны бар, аламбыз ғой, - деді Тоқтабек. Оның түсініп тұрмын. Тізгінге қосақтап ұзын қыларқан байламақ. Бір кітаптан әкесінің баласына айтқаны есіме түсті. "Әй, балам. Өмір деген қызық. Мына тайдан жығыларсың, жер көтереді. Аяғың мертігер, ол да жазылады. Маған керегі сенің алға ұмтылуың..."

Бірақ менде ақыл айтар әке де жоқ қой. Барынан жоғы. "Мейлі" дедім. Жығылсам жер көтереді. Оның үстіне жол жағасы көк шөп. Жирен тайға жақындап келіп, жалын қасыдым. Оқырынып қалды. "Әй, мақұ-лық! Біраздан кейін құдай қаласа, сен де менің күнімді көресің. Үстіне мінемін. Дүниеге келтірген енең де көмекке келмейді. Өйткені, ол сенен алыста, Төңкерісте. Бар болса менің құлынымда нең бар деп кісінеп, тісін шықырлатып, саған жан жуытпай, теппекке ыңғайланар ма еді. Бірақ адам деген тіршіліктен асар айла бар ма? Олар тіл білмейтін сен тұрмақ, мені де алдап, кезі келсе аяғымды шеш, аузыма тамақты қасықпен апар дегеннен тайынбайды. Міне, оллаһи! Жирен тай мен әңгімемді күңкілдеп жүріп бітірдім де, тізгінінен ұстап ойпаңдау жерге жетеледім. Белеңдеу жерден алдаркатып тұрып,

үстіне қарғып міну. Онан соң екеуміздің біреуміз женеміз. Ол анық.

Жирентай ыңқ етіп: "Әй, Әуестай, мұның не қылғаның? Мен сені дос деп жүрсем" дегендей кісінеп-кісінеп алды. Сонан соң бөкен қабақтарының астындағы көздері адырая шатынап, мені бұйым қылмай, ала жөнелді. Кепкен тулақтай көйлегімнің арты желп-желп етеді. Жалынан ұстап қаттым да қалдым. Тақымым қысулы. Өкшемді қабырғасына қадап, шіренемін кеп. Жирентай үстіндегі көзі бақырайған тұлымды пәлені - мені бұйым көрмей лақтырып тастағысы бар. Тізгінді шірене тартамын. Жирен тайдың езуі қанап берді де, көкке атылды. Танауынан бу атып, жандалбасамен тулайды кеп. Дүниеде еркіндікке не жетсін-ау деймін ішімнен. Әлгінде ғана моп-момын, жуп-жуас Жирен тай енді ауыздығымен алысып, жан теңгерер емес. Бірақ, бірақ қанша бір асау болса да, менің "басқыншылығымның" нәтижесі көрініп, Жирен тай да сабырға көшуі әбден шындық. Хайуанға еркіндікті болдыру, болдырмау адамның қолында. "Мен шаршадым" деп ышқына кісінеп алған Жирен тай бір сәтте желіске көшті. Көзінен жас аққан бала сияқты. Аяп кеттім.

— Сабасына түсті. Енді ары-бері біраз шап. Жыны басылсын, - деді арқанның ұшынан ұстаған Тоқтабек. "Әй, кәпір-ау, өзің бір қатігез пенде екенсің ғой. Саған қайдан қоне қойып ем. Тфу..." Жирен тайдан қарғып түсіп, үйге қарай жүре бердім. Тоқтабек аң-таң. Құдды менің есімімді білмейтін адамша:

— Әй, бала? Мұның қалай? - дей берді.

Менің көзімнің бұлаудай болып ісіп келгенін Ақлима апам бір көргеннен байқады.

— Біреу ренжітті ие?

— Жоқ.

— Басың ауырды ма?

— Жоқ.

Тек "жаның ауырып тұр ма" деп сұраған жоқ. Кереуетіме жетіп етбетімнен түстім. Ішім оттай жанып барады. Әттең, анау өмірге келер сәбиі болмағанда Тоқтабектің жанына жарты қадам аттамас едім...

Сөйтсем, менікі бос әурешілік екен. Күз кетіп,

қаһарын төгіп қыс өтті. Жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер шағы-ұзын сары келді. "Құдайға шүкір" дейінші апамшылап. "Марускеге" шөп, үйге жаққанға шойынжолдан Болғанбай әкеп түсірген көмір жетті.

Түннің бір уақытында мен жатқан төргі бөлменің қырық құрау терезесі қағылды. Ұйқым қанып қалғанына қарағанда, таң алды болса керек. Тоқтабекті бірден таныдым.

– Апаңа айт. Есбике толғатып жатыр, - деді ол екі-үш рет қайталап. - Айналайын, тез келсін деші...

Қырықжамау күпәйкемді қаусырына жамылып, апамның соңынан томпаңдап еріп келемін. Ұйқым шайдай ашылған.

– Әлі ерте еді ғой, - деді Ақлима апам күңкілдеп.

– Өзі аман-есен босанса екен. Құдайдан бір, Алладан бір сұрап алғанда... - деп күбірлейді. Аяғы-аяғына тиер емес, ұшып келеді. Қалың түннің құшағы үрейге толып кеткендей. Әншейінде қарғы адым жер осыншама қашық болар ма?

Тоқтабектің есігі ұзын-ақаулы әуенімен шиқылдай қарсы алды. Өзі де қарсымыздан шыға келді.

– Жіп керіп қойдым, - деді Тоқтабек. Апам басын изеп төргі үйге енді де, біз еркектер ауыз үйде қалдық. Бұрын қалайша байқамағанмын. Тоқтабектің өзі күркє тауық сияқты құжірейген олпы-солпы адам екен ғой. Түр дейтіндей түр жоқ. Анау әп-әдемі Есбикеге қолы қалай жетті екен? Рас, бойы ұзын. Сорайған мұрынын ұшы аузын күзетіп тұр. Құлағы шілдей қалқайып, көз-дері көлбақанікі сияқты. Бір орнында байыз тауып отырар емес. Жүзінен күлімсірегені, не ренжігені білінбейді. Сөйткенше Есбикенің жанұшыра дауыс-тағаны естілді де, артынша тыныш қалды. Тоқтабек орнынан қопан етті де:

– Мыналарға не болды? - деді маған сыбырлап. Көздері шүңірейіп, қарашығы бір орнында тоқтамай, сағаттың тіліндей оңды-солды қозғалады.

– Сен көрші, - деді енді бір сәт ол. - Кішкентайсың ғой. Мысықша басып, ашық тұрған төргі үйдің есігіне жеттім. Демімді ішіме алып тың-тыңдадым. Әлде кім

ыңқылдайды. Бұл әрине Есбике. Күңгір-күңгір сөз. Тағы да ыңқылдау.

– Әуестай, - деді Токтабек. Колын ары-бері сермейді кеп. Кұдды бір суреттегі өзенге салынған кармактың калткысына төнген балыкшы орыс шалдан аусашы.

Кенет: - Аклима апа, орамалға ораңыз, - деген Есбикенің сыбыры естілді. Енді есік перденің бір тұсынан төргі бөлмеге көз тіктім. Есбике калың көрпеге белінен оранып алыпты. Аклима апам үршыктай ғана әлденені орамалға орап жатыр. Әне, басы, денесі, сонан соң... колы, иә, аяғы. Мынау кұбыжык сиякты баласы ғой. Шашы... беліне түседі. Өлең айтатын әртістердікіндей ұзын... Ау, екінші колы кайда мұның? Денем түршігіп кетті. Жалғыз кұлакты. Өзі тірі ме? Иә, жыбырлайтын сиякты. Неге іңгәлемейді? Ойыма апамның "Босануға әлі ерте еді ғой" дегені, олай десем нәрестенің шашы неге ұзын, бір кұлағы кайда? Әлі жетілмеген бе? Зәрем ұшкан күйі сыртка атылдым. Артымнан Токтабек ілесті:

– Әу, Әуестай мұның не? Есбике... босанды ма? Тірі ме? Бала ше? - деген сан килы сұрактарды жаудырып келеді. Калар емес.

– Анда бар. Балаң туды. Шашы ұзын... Иә, бәрі дұрыс. Орамалға орап жатыр, иә, - деймін.

– Әй, сонда сен неге кашып барасың? - деді енді Токтабек жауапсыз калдырдым. Үйге жеткенше жүгірдім. Өзім де не істеп, не койғанымды аңғарар емеспін.

* * *

Аклима апамды Майтөбенің төбесіндегі анамның жанына койдык. Еңіредім кеп. Сол жылы тура он үшке шыкканмын. Алғашкы мүшел жасым маған кырын келді. Токтабек "кұбыжык" баладан соң әйелінің төркініне көшіп кетті. Шамасы ешкімге білдіргісі келмеген шығар. Сылтауы Есбикенің шешесі өліп әкесінің кара басы калыпты. Бір колы, бір кұлағы жок сәбиі, тірі ме, өлі ме маған белгісіз. Бұл күпия Аклима апаммен көрге бірге кетті.

Бөлімшенің бастығы Сикымбаев Серғазы нағыз азамат жігіт еді. Барлық жерлеу шығынын ауылдық кенес өз мойнына алды. Токтабек пен Есбикеге хабар бергізіп, машинемен алдырды.

– Әй, құлыным-ай. Нағыз жолың қиын бала екенсің, - деді Есбике басымнан сипап еңкілдеп.

– Алды пейіш, арты ырыс болсын, - деді Токтабек те құшактап көрісіп. Үшеуара тіл катысуымыздың түрі осы. Пешенеге жазылған тірлік. Кайран Болғанбай аға Аклима апам көз жұмғанда мұрнынан шаншылып еңбек етті.

– Құдайдың калауы солай болғаны да, Әуестай, - дейді ауык-ауык.

– Құдай құрткөкірек мені алу керек еді. Самауырынға от сала мұнайған Болғанбайға жаным ашып кетті. - Картайғанда кырт болды деме, Әуестай. Сүйек пен еттен жаралған адамбыз, - деп көз жасына әлсін-әлсін ерік береді. Әттен-ай, әттең, колымда өз билігім болса, осы Болғанбайды баяғыда-ак әке жасап алар едім...

* * *

Ойыма кара лашығым түсті. Есіктің алдында еңселеніп бұтағын кеңге салған екі емен ағашы бар-тын. Әлде бір басбұзар отынға шауып әкетпесе, жап-жасыл түсінен айрылып, белі бүкшиіп, бірін-бірі жетектеген, кос карияға ұксап калған шығар. Кайран өмір, солардың көленкесінде менің бұлактай тұнып басталып, тоспадай лайланған балалык балдәурен шағым өтті ғой. Көз токтатар бұдыры жок көкшағыр аспан әлі өзгермеген шығар. Жатсам, тұрсам ойлайтыным Майтөбе. Кандай күйде екен деймін. Әйтеуір аты жер үстінен өшпепті. Адамдары не күйде? "Отыз жыл ойран болса да, ажалсыз тірі каладының" кері. Ол кезде үкімет жетім балаларға оң көзімен карайтын. Тегеуріні де мыкты еді. Балалар үйінде тәрбиелендім. Мектеп бітірген соң, институтка кабылдатты, жұмыска орналастырды. Отау тіккенде тойыма жәрдемдесті. Колым аузыма жеткенше көмектесті. Казір ше? Жетім бала тұрмак, сонлай үйлі паналайтын ата да, әже де көбейіп кетті. Өмірдің

кылтың-сылтыңына көндігіп, ел аман жұрт тынышта кай есіктен кіріп, кандай есіктен шыкканыңды есептеп үлгере алмайсың. Пайданың көзін тап, жұмса, кисынын келтір. Артығын сат, еліңе бер дейді. "Елінде бар, ерніңе тиеді". Құдай емеспін, құдайдан былай емеспін дейтіндер де жеткілікті. Олар баскаға бір сабак ине жіп бермейді. Өкінішті-ак. Бар бітіргенім - фирманың атын, сағыныштың әсерінен де шығар, "Майтөбе" деп койдым. Қуанышым су сепкендей басылып, үнжырғам түсіп, көңілім кұлазып кайтамын ба деп ойлаймын. Өзімді ішімнен дайындаймын. Бал жалауға бармаймын. Жүрегім ауырады кеп. Пендеміз ғой. Алтын бесігім-кұт берекемізге киыншылык кешкен жаман күнімде көмектесе алмадым, бала болдым, жетім атандым. Қолымнан ештене келмеді. Ат ізін салуға өмір-керуен арбасына отырғызып жан-жағыма бұрылтпай алдына салып айдады. Дегелектің делегейінің кесірінен кара орман жұртым кырылды. Уакытында жұмбак ажалдың не екенін білмедік. Білгендері карсы тұра алмады, ішінен тынды, Қобыланды боп өксіді. Көз алдында бүтін бір ауылдың адамдарының ак кағаздың бетінен өшіргішпен өшіріп тастаған жазудай жоғалуы кандай касірет еді.

...Мен кіндік кесіп, кір жуған ауылымыздың орнына сары даланың сарытап топырағында жайкала өсетін боз жусан алабы болып көлбейтін шығар деп ойлайтынмын. Қайғырып күн кешкен, жанарынан жасы кетпейтін пенделердің мекені-көп бейіттер болыпты. Дегелек таудың айыбы кайсы? Туған жері, туған жылы бар адамға бұдан артык касірет бар ма? Осы бір күні нешебір анекдот каптап кетті ғой. Еріксіз күлесің. Жүрегіңді аза буады.

"Ленин мемлекетті халык баскаратынын дәлелдеп кетті.

Сталин мемлекетті бір адам ғана, баскаратынын дәлелдеп кетті.

Хрущев мемлекетті кім болса сол баскаратынын дәлелдеп кетті.

Брежнев мемлекетті баскармаса да болатынын дәлелдеп кетті..."

Ойпырмай, қалай әдемі айтылған. Көсемдердің көңіліне қарамай "данышпандардың" қасиетін төрт жолға қалай ғана сидырған, ә.

Елден естуімше, ертеде елді жоңғарлар шапқан кезде, Майтөбе жұрттың жаудан сақтандырған панасы болыпты. Төбенің ушар басына қарамай жеткізіліп, өртеліп, жан-жағына "жау келе жатыр" деп хабар берген екен. Сонда бір-екі күнде бүкіл қазақ жұрты құлақтанып, жауына қарсы шығуға дайындалыпты. Сондықтан да төбенің аты осылай аталыпты. Ойпыр-ау, Дегелектің делегейі көтеріліп, қара бораны көтерілгенде Майтөбе жұрты ескі үрдісті тағы бір неге қайталамаған?

Мына хаттан соң мен өзгердім. Тапқанымды құрастырып, көлге тамған аққудың көз жасындай жалғыз тамшы болса да, ауылыма апарып берейін. Жетім-жесірге, бала-шағаға үлестірейін дедім.

Енді міне, Майтөбеге келе жатырмын. Артымда екі жүк машине ілесіп келеді.

# ӘҢГІМЕЛЕР

## АҚБАРМАҚТЫҢ АЖАЛЫ

Алдыңғы екі аяғының басы бояп қойғандай аппақ, аса бір сүйкімді хайуан. Пошымы жасына сай емес, арбиған денесін бұйым құрлы көрмей тез қозғалады. Әсіресе, тамаққа қомағайлығы керемет. Астауға құйылған жуындыны жалап-жұқтап бітіріп, құйрығын бұлғаңдатып шоқая отырып, қыңсылап қоя берді. Сонау бір күні емшектен айрылғаннан бергі әдеті.

Жан-жағына сығырая қарап, бір орнында байыз таппай жыбырлаған күшікті әкесі Орман көрші ауылдан қоржынға сап алып келгенде Хайдар ауыл баласының әдетімен:

– Әке, мынау қандай иттің тұқымы? – деп сұраған. Әкесі көзін сығырайтып, баласына қулана қарады.

– Ал, сен қалай ойлайсың?

– Түркіменнің алабайы емес. Немістің қасқыр итіне ұқсамайды. Азиялыққа жақын, - деп күбірлеген Хайдар.

– Қазақтың кәдімгі тұқымы сиреп бара жатқан төбет иті, - деді әкесі.

– Оның қажеті қанша? – деді әлгіндегі қуанышының қызуы су сепкендей басылған Хайдар.

– Балам-ау, үйді, қора-қопсыны кім күзетеді? Ұры деген қаптап кеткен жоқ па? Құдайдың қарғысына ұрынғырлар... – деді әкесі атын да, жөнін де білмейтін бейтаныс ұрыларды жерден алып, жерге салып.

– Рекетті у беріп өлтіріп кетті ғой.

Хайдар әкесімен қоса күрсінді.

– Енді ондай ақылды ит қолға түспейді, - деді Хайдар кесіп айтып.

* * *

Сол күннен бастап қара жігіт екеуі дос атанды. Тамағын ұрсып беретін қара кемпірдің де аузына құм құйылды. Иесі шөкесінен отырып алып, мұның басынан сипап, қолын ұсынды. Бұл да жауап қайырды.

– Жарайсың! – деп қуанды иесі. Сөйтті де, тағы да "амандасты". Ақбармақ та ақ бармағын бере қойды. Қара жігіт мұны шалқасынан жатқызып қойып, қытықтасын кеп. Ақбармақ шала бүлінді. Иесінің саусақтарынан тістеп алғысы келіп еді, маңайлатпады. Өршелене ырылдай түсті. Сөйткенше, сонадайдан:

– Пу, итпен ит боп жүрген сен екенсің ғой. Бұл сұмырайың кеше жуған кірімнің етегін қара батпақ жасады. Осының бармақтарының ізі. Таяқтың астынан алайын ба? Құр сүлдемді сүйретіп зорға жүргенімде, - деп қара кемпір тұра ұмтылып еді, иесі кес-кестеп жібермей қойды.

Дос деген осындайда дос. Қара кемпір кетісімен Ақбармақ секіріп кеп, иесінің әлдене сасыған туфлиін жалап-жалап алды.

– Әй, Ақбармақ, сен адам сияқты, жақсыны да, жаманды да түсінесің, ә, - деп иесі мұның басынан сипады. Құдды көзі ашылмай тұрғандағы анасының жалағанындай-ақ.

* * *

Ақбармақ нағыз ақылды ит. Осы күні итке құмар емес бала бар ма? Ақбармақтың жан қызықтырар тірліктері бір төбе. Иесі лақтырған таяқты ұшып барып аузымен тістеп алып келеді. Нанды жерге түсірмей қағып алады. Бәрінен де Ақбармақтың мал тану қасиеті керемет. Құдды адам сияқты. Қой-ешкіні шыпшыргасын шығармай, кешкісін алдына салып жетеді. Мал кезекте иесіне сая. Шетке жырылған малды қайырып, "тәртіпке" салады. Өжеттігінде шек жоқ, қайтпайды.

Уақыт оза, онсыз да арбиған сүйекті Ақбармақ құжірейген ірі төбетке айналды. Өсуіне қарай "ерлігі" де көбейе бастады. Ауыл ортасымен Ақбармақтың иесі-

мен бірге жүріп өткендегісін көрсен. Әп-сәтте жол бойы иттердің соғыс аланына айналады. Ертедегідей нағыз "батыр" – Ақбармақ, қалған иттер "қалмақтар". Батыр десе батыр, қарсы келген жауын найзадай тісімен қаңқ еткізіп, топалаң асырып, келесісіне – "қылышын" қайрап тұрғаны. Бұрындары маңдайы тасқа тигендері сонадайдан үріп, Ақбармақтың маңына жоламайды. "Шыбық тимес шыңқ етерлердің" аузы жабылмайды. "Батырлары" жер тағын жеп, жөніне тартады. Мұндайда бала тұрмақ үлкендер қызып кетеді.

– Ішкен-жегенің арам болғыр, - дейді бірі, итінің жетесіне жетіп.

– Сорайған бойын құрысын сенің... – дейді екіншісі.

– Мынауың күшігінде таланған пәле ғой. Пай-пай, айлакерін-ай, өзінің, - деп таңдайын тақылдататыны қаншама.

Күндердің күнінде ойда-жоқта иесі – қара жігіт аттанған сапарынан қайтпады. Ақбармақ оны өте жақсы көретінін енді білгендей, зар қақты да қалды. Есік көзіне үйдей машине келіп тоқтады да, отырғызып алып жөнелген. Содан бір күн, бір түн күтті, иесі келмеді. Апта өтті, қара жігіт көрінбеді... Екі, үш, төрт апта, ай келмеске кетті. Ақбармақ оны іздеп бірді-екілі ұлып еді, қара кемпір далаға шығып әлде не деп күбірлеп жүріп, астауына тамақ құйды. Жанына шөкелей отырып басынан сипады. Бұл осымен екінші рет қайталанды. Екі ай бұрын қарала тайынша үйге бес-алты күн келмей, Ақжардағы түбекте түнеген жерінен, өзеннен өтіп барып, қаңқылдап үріп жүріп бер жаққа өткізіп, айдап келгенде риза болған.

Кейінде Ақбармақ тағы бір әлет тауып алды. Өзі соған қуанады. Ауылдың шетіндегі көп балалар жүретін мектептің алдына барып шоқиып отырады. Өткен-кеткенге ары қарады, бері қарады, иесі көрінбеді. Балалар бұған шошына көз тастады. Бейбастау бірі тас лақтырды. Онсыз да жарылардай болып ашулы отырған Ақбармақ тісін ақситып еді, батырың алды-артына қарамай безді. Құлын кісінегендей сыңғырлайтын үн шыққанда иесі екеуі осы жерден талай рет бірге қайтқаны есіне түсті. Ол шіркін қайда жүр екен, ә? Ұлдар мен қыздарға қарады кеп. Бірақ иесі көрінбейді.

Содан соң өзен жағасындағы стадионға беттеді. Иесі екеуі түстен кейін осы жерден шықпайтын. Әуелі кейде адам жиналмай қалса иесі өзімен-өзі доп қуалап ойнайтын. Үрген шарды алысқа қарай теуіп жіберіп, Ақбармақты алып келуге жұмсайды. Тістеуге ыңғайсыз-ақ. Аяғымен қозғайды, тұмсығымен итереді. Әйтеуір, алып келеді. Иесі риза.

Стадион маңы тым-тырыс. Ұшқан құс пен үш-төрт бұзау ғана. Сөйтіп отырғанда екі-үш ит сүйрелендеп шыға келсін. Онсыз да ашуланып отырған Ақбармақ ұрын жетіп, алғашқы кездескенін талап салды. Салт атты иесі араша түспегенде ғой, жанын жаһанамға жіберер ме еді.

Жылжи-жылжи ауыл ортасындағы баққа жетті. Балалар ойнайтын небір аспалы, айналмалы ойыншығы көп аланды аралап шықты. Үш-төрт кішкентай шуылдасып мәз. Тайыншадай Ақбармаққа үдірейе қарасып сол тұрды да, бірсуі батыл басып, қуана дауыстап жақындап келді. Көрші үйдің кішкентай ұлы.

– Ақбармақ, Ақбармақ, - деп басынан сипады. Бұрынғы әдетімен басқаларға мақтанып мініп алмақ еді. Ақбармақ тісін ақситып ыр етті. Мұнысы "ойнаған менің не теңім, ашулымын" дегені еді.

– Балалар, Ақбармақтың иесі сонау алысқа кетті. Соны іздеп жүр. Ренжулі, көрмейсің бе. Әйтпесе, бұл жақсы ит. Осы ауылда Ақбармақты ешбір ит жеңе алмайды. Нағыз қазақтың төбеті. Қорқу дегенді білмейтін иттің тұқымы деген көкем, оллаһи, биллаһи, - деп әлгі бала тамағын қайшылады.

* * *

Кейінгі кезде Ақбармақ иесінің достарымен "одаққа" кірді. Кездесетін жер бұрынғыдай өзеннің жағасы. Түстен кейін ештеңеге қарамай, тура солай қарай тартып отырған. Құдды солардан айрылып қалатындай асықты. Оңшен бір күлкішіл жігіт, тегі. Қызықты қараңыз. Әлгілер сонау шеттеу ауылдан екі ит ертіп келіпті. Шапқылап жүріп, достарын кездестіргені сол еді, мұны үдірейіп қарсы алсын әлгі жүндес екеуі. Немістің тік құлағымен аралас төбет.

"Есіктен кіріп төр менікі" деп... Түтін тікірейтіп, сыртқа жүнін кампитып кәдімгідей сестенеді, көк ит. Екіншісі – жасы кіші күшікке ойын керек, майға суққан қасықтай жылп-жылп етіп, құйрығын бұлғаңдатады кеп.

– Әй, жаныңның барында көзіңді жоғалт бұл жерден, - деп тісін ақситты Ақбармақ.

Көк ит те бір бетпақ екен.

– Әкеңнің сатып алған жері емес. Кетсең өзің кет, - деді ол.

– Әй, өлетін бала молаға қашады. Айттым, бітті, - деді Ақбармақ.

– Шикін-ой, сенің дегенің бола қояды екен ғой, - деп ырылдады көк ит.

Жігіттер екеуін қошеметтеп орнынан тұрып кеткен.

– Соңғы рет ескертемін, - деді Ақбармақ желке жалын күдірейтіп.

– Айтпады деме, оңдырмаймын.

– Паһ-паһ! Асатпай жатып құлдық демес. Алдымен шайқасып көрейік те, - деді көк ит.

Сөйтті де, бірден алдыңғы аяғын көтере Ақбармақтың жонынан тістемекке ұмтылды. Күшік ит екеуіне шошына қарап, кейін серпілді.

– Ақбармақ!

– Тарзан!

Екі ит көкке таласа атылды. Енді бір сәтте Ақбармақ қарсыласын алдыңғы аяғымен қағып жіберіп, көк иттің желкесіне азуын салып үлгерген. Тісін батыра жұлқып-жұлқып жіберді.

– Сенің тілегенің осы ғой. Тарт сазайыңды, көк сайтан, - деп жатқан сынайлы.

Шикіл сары балаң жігіт ажыратпаққа ниеттеніп жақындап еді. Ақбармақ жаман көзімен қарады. Онысы: "итіңнің өз обалы өзіне. Бұл манайдан көзіңді құрт дедім, көнді ме? Төсін тоқпақтап, мен төбелесемін деп бой берді ме. Жесін енді таяғын. Мойынын бұрап алайын ба? Сен де қоқаңдамай жөніңе жүр. Менің де ием бар. Ол алысқа кетті. Келеді әлі" дегені еді. Бұл кезде көк төбет тілі салақтап, қыңсылай бастаған. "Ағатай, сен жеңдің, мен жеңілдім. Артық кетсем, кешір, қоя бер" дегені. Соны ұқты ма, кім білсін, Ақбармақ

көк итті ары-бері жұлқып-жұлқып, лақтырып тастады. Бәлемге жан керек екен, алғашқыда қаңқ етіп ауырсына домалана құлап түсті де, тура сап жан-дәрменімен басы ауған жаққа ұмтылды. Ақбармақ төбеттігін көрсетіп, оның үстіне кекшіл де емес, кенет бұрылып кеп, қоршап тұрғандардың ортасына асықпай бабымен кеп шоқайды.

— Жарайсың, Ақбармақ, - деді қуана құшақтаған домалақ қара.

— Міне, маған бір литр ұтып бердің.

— Ей, шикіл. Айтылған сөз, атылған оқ. Болатбайдың үйіне қарай ұш. Первәгінен қамты!

Шикіл сары жүні жығылып, қолына бос құмыраны ұстап, бүкшеңдей беріп, артына бұрылды.

— Есіңде ме, ей, домалақ. Былтыр біз дәл осы күні Хайлардың туған күнін тойлағанбыз, - деді шикіл сары.

— Иә, дұрыс айтып тұрсың, - деді домалақ.

— Өзі жоқтың көзі жоқ демей, досымыздың туған күнін осы жерде бірігіп атап өтейік. Қалталарыңды қағыңдар, - деді құбыла беттегі диірменнің қарсысында тұрағын қайыс қара.

— Қызық болды. Табылған ақыл. Үйге кіріп шығыңдар. Тіске басарды ұмытпаңдар!

— Әй, сен өткізген терінің, ал қара шолпақ, темірдің тиынын тықпаңдар. Мына саңырма сарыны бірге әкетпім, жүк көтергенге керек.

— Иә, екеуің егіз қозы сияқтысыңдар ғой, - деп кекетті домалақ.

Ақбармақ көк төбеттің салған жарасын жалап қойып, бір топ көгілдір миянын көлеңкесіне қисайды.

* * *

Бар шыжық сол күннен басталды. Бұл бір есте қаларлық оқиға еді.

— Ауылда қазір не көп? Қолдан қонған самогон көп. Бұлақ болып ағып жатыр. Зауыттікі де жетерлік. Көнекөзді қойшы дегенде, мынау жасөспірімді улап жатыр ғой. Ұлдың әскерге кеткені де жақсы болды. Төртін бар ғой, онда, - деп Хайлардың шешесінің ойбайлап жатқанын кім тыңдасын.

Шикіл сары барды да арақты үйіп алып келді. Ескі газеттерді көк шөптің үстіне жайып салып, жайдақ дастархан жайды. Ақбармақ балаларға ұрлана көз тастады. Өздері алтау екен. Шикіл сары мен сапырма сары, домалақ дөйқара, кейіннен қосылған ылғи да ат мініп жүретін қысық көз сіпіңгір қара, темір-терсек жинап жүретін ұзын сирақ... сонан соң өзі. Ақбармақ құйрығын бұлғаңдатып:

– Әй, достар! Міне, түскі тамақтың да уақыты келді. Мені де ұмытпаңдар, - деп "ескертті".

Бір кезде алдарына иісі бұрқырап құс еті келді. Ақбармақ сілекейін қайта-қайта жұтып, аузын ашып, есінеп қойып, дастарханға көзін тікті. Сапырма сары өзен жағасынан торға салып, қағазбен тығындалған құмыраларды алып келгенше малдас құрған төртеу етті турап, бұтын бұт, санын сан жасап, ортаға үйді. Ақбармаққа мойын тиді. Күтірлетіп шайнап жұтты да, жағалай отырғандарға қайта мөлиді.

Сойткенше, домалақ қолындағы ыдысты көтеріп, жан-жағына қарады. "Түу, мынаның иісі әлем ғой..." деп, Ақбармақ мұрнын тыжырына кері шегінді.

– Жігіттер, біз "күнімізді" көріп жатырмыз. Ақбармақты неге ұмытып кеттік? – деген балалардың бірі Хайларды еске алып.

– Е, солай еді-ай. Иесінің туған күнінде Ақбармақ неге ішпеу керек? Хайларды жоқтатпай, ол да тойласын, - деді домалақ қара қарқылдай күліп.

– Дұрыс-ақ.

– Бұл "батыр" ит ішпесті ішер ме екен?

– Араққа батырып ет берейік. Міне, құдай біледі, жемесе көр де тұр, - деді қайыс қара.

– Өліп қалып жүрмей ме? Құнына қалмайық, - деді шикіл сары.

– Е, қойшы. Күн жаумай, су болып... Бұлардың асқазаны шегені үгітеді. Қызық болсын. Бұл да тіршілік қой, кайф ұстасын.

Жігіттер ду күлді. Ақбармаққа қаздың оң аяғы тиді. Алғашқыда аса беттей алмады. Сол шоқайып отырды. Көзін ашытады екен. Сонан соң барды қанағат тұтпайтын, комағай Ақбармақ "еттен" таймады. Түп ашып,

көзінен жас шыкса да кылгытып салды. Алдыңғы аяктары мен тұмсығын ары-бері сүйкеп мазаланып барып басылды-ау, әйтеуір.

Іші кайнап барады. Ары-бері аунады кеп. Әрең дегенде басылды дейсің. Сәлден соң кең дүние құлпырып сала басталы. Тағы да екі кесек етті талғамай жұтты. Көкжиектің бәріне әсем-әсем шаһарлар орнап, кер даланың әр тұсында жұмбак жаркылдар пайда болды. Акбармак өзінен-өзі асыр салып ойнағысы келді де, кайканға карай барлык екпінімен жүгіре жөнелді. Сонан соң жардың астында екі-үш бұзау жайылып жүр екен. Бар екпінімен төмен карай куйылды. Сүрініп, екі-үш рет аунап тұрды. Еш жері ауырмаған сиякты. Аккан күйде ырылдап барып шеткі бұзауды бас салып еді, окыс тірліктен шошып кеткен төрт аякты мүйіздінің баласы әлдекандай дыбыс шығарып, тұра кашты. Акбармак үшін осы бір әрекет кызык көрінді. Кенет өзен жағасында отырған жігіттер есіне түсті де, куйрығын шаншып ап, бүлкек желіспен солай беттеді.

"Достары" Акбармакты куана карсы алды. Кішкене ыдыска ет тураң салыпты. Барған бетте кауып-кауып жіберді. Жолдастарының айналдырғаны өзі болды. Бірі басынан сипады, бірі колын беріп "сәлемдесті".

– Мынау Акбармак кайф, - деді домалак, - Хайдардың еншісін ішті. Мен бар ғой, мен Хайдарға: "Дос! Туған күнің кутты болсын! Біз өзеннің жағасында сенің дүниеге келгеніңді атап өттік! Адам ойына келмейтін окиға... Акбармак сені жоктаткан жок, арак ішіп, кайф болды" деп хат жазып жіберемін. Куанып калсын, кара пәле...

– Міне, дұрыс.

Мәз-мейрам. Сапырма сары мен лойкара екеуі колдарына стакандарын ұстаған күйі, небір кызык әңгімеге берілсе, калғандары ауык-ауык дауласып койып, лауыстары катты-катты шығады. Каркылдап күледі, түге. Әлдебірінің дауыстап сөйлеп, ортасынан үзіп ап, кайта жалғастыра алмай әлек. Екі жігіт дәл жанына жантая кеткенде, калай екені белгісіз, Акбармактың ойнағысы кеп кетті. Оған әсер еткен, бәлкім, сапырма сарының былғары калпағы ма екен? "Өзін жек көре-

мін...". Ақбармақ құлды олжасын жаңа көрген жыртқыштай атылып кеп, бас киімді іліп алып, анандай тұсқа әкетті. Содан кейінгі тірлігі адам шошырлық. Былғары қалпақты жерден алып, жерге салып талады дейсің кеп. Құшырлана ырылдады. Қалпақтың иесі тәлтіректеп жақындап келді, жотасын күжірейте қойды. Арақ ішіп алса да бөлемге жан керек екен, кейін шегінді.

* * *

Келе-келе Ақбармақтың "апиынға" мастануы күндегі әдетіне айнала бастады. Қашан да көңілді, кәдімгі адамдар сияқты тәлтіректеп кеп, үйшігін табады. Қайтар жолда ешкім кездеспейтін сияқты, өйткені иттің бәрі Ақбармақтан қорқады, маңына жоламайды. Ел тыныш жүре ме? "Қара кемпірдің әскерге кеткен баласының иті иесін сағынып, арақ ішуге қатты беріліп, маскүнем болып кетіпті" деген қаңқу шықты. Оны біліп жатқан Ақбармақ жоқ. Ұғатын сана, сөйлейтін тіл жоқ. Кеш батса арақ ішетін топтың ішінен табылады. Музыка әуені естілген сәтте-ақ құлағы елең етеді де, артынша ізім-қайым. Қара кемпір Ақбармақ малды айдап келген соң, мойнына қарғыбау іледі.

– Итім-ау, иеңнің өз қолына тапсырғанға жазсын. Байқап жүрсеңші. Ел сөз қып жатыр. Әлгі жүгірмектердің үйреткені ғой. Жеті қазынасына жасаған қамқорлығының түрін, - деп басынан сипаған.

Ақбармақ самарқау ғана құйрығын бұлғаңдатты. Ол кетісімен қос аяғымен тырмалап жүріп, қарғыбауын сыпырып тастап жөнеледі. Үзілген шынжыр, шайналған қарғыбаудың үзіктері жетерлік. Келе-келе қара кемпір байлауды да қойған. Хайдардың әкесі айына бір келіп кетеді.

– Әлі күшік қой. Хайдар әскерден келген соң қой күзетеді. Қасқырға саламын, - деп еркелетеді.

Оған Ақбармақ аса мәз емес. Ол үшін ең қажеті – сүйыққа батырылған нан.

Бүгін де қызылінірде Башайдың үйінің маңын сағалады. Аппақ киім киген қыз бен омырауына аппақ гүл таққан жігіт дүрсілдеген музыканың әуені астында үйге

енді. Тулыпқа ұқсаған ағаш шанақты ары-бері шертіп әлдебіреу өзі сияқты ұлыды кеп... Жиналған жұрт қоршап тұрып қол шапалақтады. Сонан соң қыз бен жігітті ортаға тұрғызып, өздері айнала жайғасты. Ақбармақ мұндайда адамнан да ақылды. Иесінің достарын тауып алды. Бұл жиынға бесеуінің бірі болмаса, бірі келді. Үстел астымен бұқпантайлап қайыс қараға жетті.

— Келдің бе? — деді ол қолын созып, үстел астындағы Ақбармақпен сөйлесіп.

Жауап орнына бұл бәтеңкесін жалады. Ыңғасы ауып, сілекейі шұбырып салды. Құдды кәмпит іздеген баладан арман. Бойы болмаса, әлі ана сүті кеппеген күшік қой.

Ел үзіліске шыққанда Ақбармақ "құлпырып" салды. Жиналған топқа өз өнерін көрсете бастады. Жата қалып аунады кеп... Сонан соң шоқайып отырып, әртүрлі үнге салып, ырылдай берді. Екі аяғын көтеріп үріп, "өлең" айтып, елдің ішек-сілесін қатырды. Енді бір сәтте құйрығын тістелеп шыр айналды. Құдды цирк алаңында өнер көрсетіп жүрген клоун сияқты.Ойынын аяқтай беріп, алдыңғы екі аяғын көтеріп арақ сұрады. Ишара білдірілсін тек, қызмет ететін жұрт табылады. Одан арғысы есінде жоқ. Өзі сияқты той болған жерде жүрген екі-үш итті қаңқылдатып талап салды. Сөйтті де танауын көтеріп алып, ауылдың қиыр бетіндегі мекеніне тартты.

Үясына жақындап келген. Көзінің алды бұлдыр. Көк аспанда жұлдыз самсап тұр. Қиырдан құбылаға дейін созылып құс жолы жатыр. Ақбармақ ұшып келе жатқан сияқты. Ұмтыла беріп, оңқа-шоңқа боп жығылды. Бұрыштағы шарбақтың сойлауыт шегесі бүйіріне кіріп кетті... Жата қалып қансыласын кеп. Күнделікті қой-ешкі қамайтын қораның шарбағына сүрінуін қара. Сөйткенше, әлдекім жақындап келді. Демін ішіне тартып келесі сәтті күтті. Бейуақытта қора маңында кім жүруі мүмкін? Сазайын беруі керек. Ойланып жатуға уақыт жоқ. Ақбармақ қабыланша атылып, қос аяқты пенденің кеудесіне міне түспек ниетте еді. Ол тірлігі сәтсіз шықты. Қарсыласы тым жылпың екен. Оның үстіне:

— Ақбармақ, саған не болды? — деп дауыстап үлгерді.

Таныс дауыс. Өзінің иесінің әкесі. Ақбармақ ұясына қарай қашты. Байқағаны, қараның қолында қамшысы бар. Ашулы.

– Мынаған бірдеңе көрінер, - деді иесінің әкесі қатты-қатты дауыстап. – Бір күні мына ақымақ шешемді талап тастар. Қойға апарып, мал соңына салайын.

Ақбармақ алдында не күтіп тұрғанынан бейқам еді.

* * *

Айдала. Сай аузында отырған жалғыз қазақ үй. Сонан соң осы алапты азан-қазан жасайтын мың сан қой. Әзірге көріп, танысқаны осылар. Айтпақшы, ұмытып барады екен, иесінің әкесінің сары тазысы мен кәрі төбеті иттігін жасап, Ақбармақты алып келгенде өре тұрған. Өздерінен зор, түрі сұсты, қабырғасы ырсиған туыстарын жаман көзімен қарсы ап, жеп қоярдай түнерген. "Сені қай құдай айдап келді" деді сары тазы тұлданып. "Бұл жерде саған күн жоқ" деді кәрі төбет. Алғашқыда бұл екеуін де менсіне қоймаған. "Әй, туысқан! Ағайын тату болса ас көп. Сонша маған қодырандай бермесеңдерші. Мен өз аяғыммен келіп тұрған жоқпын. Қарғыбауға құл болып, шынжырымен дедектетіп алып келген иемнің әкесі" деген. "Олай десең, біздің ашсақ алақанымызда, жұмсақ жұдырығымыздасың. Қайда жұмсасақ сонда барасың. Тамақты бізден кейін ішесің" деді кәрі төбет күркіреп. Ақбармақ ашулана бастады. "Оның бола қоймас" деп тісін ақситты. "Не дейді мынау?" деді кәрі төбет тазыға қарап. "Солай. Күнінді көріп алсаңшы. Әйтпесе, ту-талақайыңды шығарамын". Кәрі төбет сөзге келмеді. Бірден Ақбармаққа ұмтылған. Бірақ, шабуылы тез тойтарылды. Кеудесімен қағып жіберіп, допша домалатқан Ақбармақ кеудесіне мініп алды. "Қоясың ба, кәрі төбет! Әйтпесе, жүндей түтемін" деп қаһарын шашып еді, батырға да жан керек, кәрі төбет қыңсылап жата кетті. Сары тазы құйрығын қысып, қазақ үйге тығылды.

– Әй, төбелесті қойыңдар! Есіктен келіп, төр менікі деп, мұнысы несі. Сырттанға бұдан былай тиме, - деді үй иесі.

Сай аузынан соғатын өкпек жел бір тыным таппайды екен. Өті жылы. Қазақ үйдің көлеңкесінде кешке дейін

жат та ұйықта. Кешкісін өзің де тыным алмайсың. Жер дүниені көшірген қой-ешкіні күзетіп, айналып жүргенің.

Екі түнді өткізген Ақбармақ жалыға бастады. Кәрі төбет пен сары төбет ертеңнен қара кешке дейін қой соңында болып кеп, тамағын ішкен соң ұйқының ауылына аттанады. Анда-санда иесі дауыстап қалғанда сыралғы әдетімен маңқ-маңқ етіп үреді де, сонан соң құрдым. Мына тірлік Ақбармаққа ұнамады. Әлденеге аңсары ауып, ауыл жаққа қарап ұлумен болды.

— Тәйт, Ақбармақ! Онысы несі, жамандық шақырып, - деп иесінің әкесі бірлі-екілі ескерткен.

Ақыры кетпекке бел буды. Үшінші күні кеште қарғыбауды сыпырып тастап, ауылға тартып кетті.

Ауылға жетісімен бірден музыка әуені ойнап жатқан жарық аулаға қарай бет түзеді. Әдетте, жарық ауладан қараңғыға көз тіксең, ештеңе көріне қоймайды. Бұқлантайлап кеп үйді бір айналып өтті. Ақбармақтың келгенін біліп, қазан-ошақтың маңайын жағалаған үш-төрт ит ушты-күйлі жоғалды. Сойткенше, шикіл сарының:

— Ау, Ақбармағым, жеттің бе? — деген дауысы естілді. Ақбармақ қараңғыдан атып шығып кеудесіне асылды.

— Орман көкем қойға алып кетіп еді ғой, - деді қайыс қара.

— Түу, сен де сөйлейді екенсің. Дүрілдетіп той өтіп жатқанда Ақбармақ қой шетін күзетіп жатады деп пе ең. Бұл сері емес пе, - деді сапырма сары.

Сол түні Ақбармақ тойдан түн ортасы ауа қайтты. Бүгін өте көп ішті. Ылғып тұр. Сүйретіле басып, үйге қарай беттеді. Әупіріммен екі көше атталы. Енді бір сәтте құсып-құсып жіберді. Құсығын жалап еді, аузына кермек дәм келді. Енді бір сәтте тағы құсты. Көзі қарауытып, жер дүние төңкеріліп кетті. Тынысы тарылып, алқына бастады. Шоқиып отыра қалып, ұлымақ еді, аузы икемге келмеді. Сонан соң алға жүрді. Қайткен күнде ұясына жетуге ұмтылды.

Таң бозынан ерте тұратын әдетімен қара кемпір қора жаққа бара жатып, ит ұясына көзі түсіп кеткен.

— Әй, Ақбармақ! Қой-ешкіні өріске айдау керек, - деп еркелете үн қатты. Жүре беріп қалт тоқтады. —

Пау, оны Орман койға алып кетпеп пе еді, - деді сонан соң. - Қашып келген ғой. Ит жерші келеді.

Галошын сылпылдатып иттің күркесіне жете берген. Қаракошкыл қан біршама жерге баттаса жайылыпты.

– Пау, біреу атты ма екен. Тірі болса...Итін әскерден келгенде өзіне табыстайын деп ем. Өліп калмаса екен...

Сөйткенше жағымсыз иіс бұрк етті.

– Пау, оңбағандар-ай!.. Енді адамы бітіп, иті калды ма? – деп күбірлей беріп, отыра кетті.

# ДАЙРАБАЙДЫҢ ДОМБЫРАСЫ

*(Нұрбай Сабильяновка арнайым)*

Домбыраның бабы бұрауында, үстіңгі шегінің коңырлау шығуы шарт. Сонан соң колы түскір икемге келсе күйді күмбірлете тартып, көз жетер жерді көзбен, көз жетпес жерді көңілмен кыдыр.

...Міне, алдында бетегесі, селеуі калың шүйгін жайлау. Кер бетеге, мыңжусан, таушай мен раушан...

Кымызға мас болып, "көк масаты кілемді" кешіп көр. Сылкылдаған бұлак, күн сүйген шың, шулаған орман. Алкакотан отырған жұрт бірін-бірі конакка шакырып мәре-сәре. Кызыл коңыр бауырсак үйіп-төге салынған дастархан. Сары кымыз сапырылып жатыр. Алты канат казак үйдің маңы у-шу, бала-ойнак...

Ішекті үш саусакпен кағып ем, кұлактың кұрышын кандырар әсем әуез, жолдан жырыла кашкан асаулай, кайыру бермей жөнелсін. Акжелең күй сарыны өзгерген желдей, мұңды арнаға ауысып салсын.

– Катардағы жауынгер Сәбеков, карауылға, - деген каткыл үн шыкты.

– Күп болады, - дедім орнымнан карғып тұрып. Үкілі домбыраны кабына салып, кереуеттің басындағы кобдишаға сүйеп, казыктай какиған бөлме карауылын айналып өтіп, он бірінші сөредегі каруымды ала сыртка ұмтылдым.

– Бондурист тағы да кешіктің бе? – деген капитан Никифоровтың кекесіні естілді.

– Мен бондурист емес, домбырашымын, жолдас

капитан, кешіріңіз, - дедім. (Октау шертіп, өлеңдететін бала емеспін ғой).

— Сөзіңді тыып, катарға тұр, - деді капитан окты көзімен бір атып.

— Домбыра нағыз құлағынның құрышын кандыратын музыкалык аспап, - деді тек тұрмаған карашай жігіті Аслан Байрамуков. Мені жактап шыр-пыр.

— Доғар, - деді билікті білегіне ілген капитан.

— Марш!

Дәм-тұздын бұйрығы ғой. Әйтпесе, мынау құс жетпес кныгрда нем бар. Бір күн тұзын татканға кырык күн сәлемін жолдаған казактын ауылы — ай батканлай карангыланып алыста калды. Кыска жіп күрмеуге келмейді екен, әскери комиссариат шакырды да, дәрігерлік сараптан откізіп "нағыз дойдың өзі екенсің, шекарашы боласың" деді. Жылы үясын тастап кету құс екеш құска да кыын. Пешенеге жазған тіршілік шідерлі вагонға міндім де батыска тарттым да кеттім. Өлара бітпей ай жанғырыкканда калын ну орманға токтадык. Кешіп өтсен революция Отаны — Петербор. Колында бинокль, ыгында автомат. Құста ғана шекара жок. Төрт сағат күзет, төрт сағат үйкы. Ротадагы алты казактын бірімін. Көңілге медеу — Дайрабайдын домбырасы.

Құлағын естісе сенбес, коз корсе нанбас бір тірлікті бастан өткергенде куаныштан бөркімізді аспанға аттык. Жас жынгылдай кызыл күрең шағында шаттанған жігітті бір уакыт коз алдында елестетіп корші. Тепловоз сырнайлата кеп, калын ағаштың арасындагы разъезге токтағанда, бізді бір топ шекарашылар карсы алды. Откен де, кеткен де бір кокпар ғой. Алғашкылардын бірі болып түскен Трофим деген орыс баласын бір-екі шекарашы коршай калысты.

— Воронеждеңсің ғой? — дейді погондылар. - Калай, біздің кала орнында тұр ма?

Бөтен жер, бөгде адамдар. Жанын кысылғанда жакыныңды іздейсің. Сөйткенше бізге мұртты, палуан денелі, карашұбар жігіт жетті.

— Казаксындар ма? — дейді бізге. Басымызды изей беріңіз. — Кош келдіңдер, бауырлар. Келіңдер, казакша амандасайык.

Құшақтаса кеттік. Тотыққан беті қула тартқан жігіттің жүзіне қан жүгіргені, әлде қан қашқаны белгісіз. Қиық танау, қыр мұрын, сопақша бет жігіт мені сәл уақыт өзіне тартып қысып тұрды да қоя берe:

– Ауылдікі болдың. Жусан иісі денеңнен бұрқырап тұр. Енді біздің бөлімде алтау боламыз, - деді ол қуанып. Сол күнгі жанарыма сініп қалған көрініс әлі күнге дейін көз алдымнан кетер емес.

– Өзіміздің бөлімге аламын, бәріңді, - деді ол. Есімі Дайрабай. Атырау облысының баласы екен.

Одан арғысы түс сияқты. Пойыздан түскен бізді орыс сержант сапқа тұрғызып, жалғыз аяқ соқпақпен тіктеу беленге бастады. Арқамызда жүккап. Өзіміз қасқыр талағандаймыз. Көп жүрген жерде ерсі тірліктi кешіретінің де бар. Иван деген орыс жігіт: - Әй, жігіттер! Құдай бұйырса, енді шекарашы атанамыз. Үстілеріңдегі киімдеріңді жыртыңдар. Олардың сендерге қажеті жоқ, - деп салсын. Одан кейінгісі белгілі. Қазір енді бетімізден отымыз шығып келеді. Өрім-өрімбіз.

– Үсқындарың қарашы. Сендерді де жігіт деп...

Аға сержант зілдене дауыстайды. Әп-сәтте моншаға түсіріп, шашымызды сыпырып, әскер киімін кигендегі қызықты көрсеңіз. Құдды бір-бірінен аумайтын тауықтың балапандары сияктымыз, түге. Сол сәттен бастап, шекарашының қамыты мойнымызға ілініп, еркіндік дегеннің ауылы алыстап кеткенін түсіндік. Командирге солдатпыз, басқаларға "боқмұрынбыз".

Міне, қарауылда тұрмын. Көз алдымда тағы бір көрініс... Дайрабайды ротадағы жігіттер қоршап алыпты.

– "Светит месяцы" тартшы, - дейді Вася

Сібірдің Верхоянск маңының жігіті.

– Давай, "Гопакты", - дейді ірек мұртын күніне екі рет түзейтін Тарас.

– Дима, "Лезгинку", - дейді Давид.

Дайрабайдың бәрінің де көңілін қалдырғысы жоқ. Бірақ, қалай екені белгісіз, домбыра тартуды "Адайдан" бастайды. Байқап зер салсақ, сезім дүниесінің өзі санаусыз көп пернелер мені шектерден құрағын сияқты ғой. Сөз, тіл ғана жоқ, есесіне көңіл, жан ырғағы басым. Міне, күй жай күңірене қоңыр басталды. Қой тастарды кезіп.

көпіріп ағатын тау бұлағының мақтаншақ сылдыры емес, кең арнамен ауыр қозғалып, күрсіне ағатын сары даланың өзенінің сабырлы ағысы. Міне, күй сөйлей бастады. Енді көпті көрген қарттың жыққанынан жығылғаны көп, айтқанынан айтпағы мол ауыр мінезі танылды. "Сен, Құрманғазы, өмірдің аумалы-төкпелі жорық екенін білмедің бе? Одан не пайда таптың. Қалбан қара атыңа қонып, жұрт сияқты түйеңді бағып жүре берсең еттi. Әубәкірде нең күйіп кетті? Тайманның Исатайына еріп, Махамбеттің жырына бас ұрамын деп, тағдырдың ұзын қамшысы басыңа тиді. Әй, қара домбыра-ай, қайтейін. Сен домбыра болмай мылтық атансаң, мұндай қуғын көрмес едің. Жо... жоқ, күндегенің сонда күй ме? Күй күрсініп салды.

Менің іздегенім қазақтың қара баласының бостандығы... Көзімнің жасы көкірегіме құйылып жатса не істемекпін? Бір өмір, бір өлім. Екі ішек кезек-кезек бебеулейді. Тартыс. Астыңғы ішек ашу мен ызаны білдірсе, үстіңгі ішек бұған қарсы езілу мен түңілуді меңзейді. О, дүние-ай, екі ішек бір шанақта тұрғанымен екі түрлі сыр шертеді. Үстіңгі ішек басым. Екеуі де нанымды сөйлейтіндей. Міне, күй төменгі сағалағы пернеге шықты да екпінді әуезін шалқыта есіліп барып тынды. Күй бітті, қаумалаған жігіттер сәл аңырап қалды да, артынша білгішсінген біреуі: - Мынау Моцарттың реквиемі сияқты екен, - деп еді, екінші бірі қарсы жауап қатты. – Жоқ, Саша, бұл күрес күйі. Дима, солай емес пе? Дайрабай басын изеп, жылы күлімсіреді. Түйнек болған жылқыдай тыпырлаған мен де "аталардың" жанына жеттім де: - Дәке, сіз нағыз күліретсіз, - деп дауыстап жібергенімді өзім де байқамай қалдым. – "Сарыарқаны" тартыңызшы. Даланы сағынып кеттім. – Солай де. Күйлі жақсы көресің бе? Басымды изедім. Сағынышыңды басып, сары уайымыңды тарқататын тылсым күшті қалай ғана әспеттемейсің.

... Міне, жусаны бұрқыраған сары дала. Көкте қалқыған қыраны. Зеңгір биікке шығып алып, сыңғырлаған қоңырауы – бозторғайы. Әне, кер даланың сары жазығында топты түлпар жұлдыздай ағып барады. Кезек-кезек топ бастайды кеп... Домбыра үні бір сот

қоңырлайды, бірде желең. Әп-сәтте сонау биікке самғайды да, кенет төмен қарай құйылған қаршығадай суылдайды. Бүйірін соққан сұр сағым. Сүмбіленің ақсары күні боз аспанның түндігіне шақшиып қонып алыпты. Әне, анау торқаска топ бастады. Шуылдасқан жұрт. Ақбурыл сақалды, киіктанау, қырмұрын қара масаты тақиялы қарттың шоқтығы биік, жан-жағына масаттана қарайды. Шамасы, торы қасқа озған аттың иесі сол...

– Шекарашы Сәбеков! – Селектр баж ете қалды. – Оң жақтағы "Н" шаршыда әлде не қараяды. Зер сал.

Түсімнен шошып оянғандай селк еттім. Жалма-жан бинокльге жабыстым. Жемін аңдыған жыландай, орманға сұқтана қарадым. Кеуіп қалған тамағыма түкірік жүтірді.

– Байқадым, жолдас капитан, - дедім.

Сонан соң бастығымның көкекшіл дауысы естілді.

– Ұйықтағанды қою керек, жолдас Сәбеков.

– Ұйықтаған жоқпын, жолдас капитан, - деймін.

– Бондурист, шекара саған ауыл емес.

– Түсіндім, жолдас капитан.

Шекара аспаны шілде түскенде сүліккараланып кетеді. Міне, міне әлгі қарайған жақындай түскен сияқты. Әр тұста бір ағаштардың бұтақтары селкілдеп, кейде қоғадай жапырылып атжалманның ін қазғандағы тірлігіндей. Автоматтың ілгегін атуға дайындап, келесі сәтті күттім. "Қонақ" бейқам. Жиырма бес қадамдай жердегі қалың қарағайдың ішінен мені көрдің бе дегендей суырылып шыға келді. Арлан тазыдай арбиған, мүйізі айыр-айыр, сүйекті-ақ. Кәрі сиырдың қылша сағағындай, қарыс-қарыс мойынын бұтаққа созып, үзіп алып, шайнайды кеп. Табиғаттың сұлу несібесі. Жалма-жан селектрге жабыстым.

– Жолдас капитан, шекара бұзушы анықталды. Бұлан, - дедім дауыстап жіберіп. - Атайын ба?

– Жындандың ба? – деді күйіп-піскен Никифоров. - Жүре берсін, бондурист.

Бір қызығы, осы Никифоровтан азан шақырып қойған есімімді естігенде мақтанып қаламын. Бөлімшедегілердің де құлағы үйреніп алған.

Дайрабайлы ауылға шығарып салғанымның өзі бір есте қаларлық оқиға. Бұйрық шығып, "аталар" бізді

шақырып, "оқытканнан" соң ол көп кешікпей ауылына аттанды. Тебірене сөйлегені бар. Әлі құлағымның ұшында ызыңдайды.

– Бауырлар, біз қазақпыз. Қанымыз да, жанымыз да бір. Аз уақыт болса да, азаматтық борышымызды атқардық. Сен ер жігітсің. Күй тартқаның маған ұнайды. "Ұстаздан шәкірт озды" дегендей, - деп, маған күлімсірей қарады ол.

– Мен саған домбырамды сыйлайын деп тұрмын. Менің бала күннен бергі серігім. Дайрабайдың дауысы дірілдей шықты.

– Домбырам міндетін өтеді. Қабыл ал. Мауқыңды басасың.

Біраз күн жалғыз қалғандай күй кештім. Ондайда жоғымды тапқандай, қарашаңақты қолыма алып, құлағын бұрап, күйіне келтіріп, есіліп жөнелемін. Ән-сөтте шекарашы жігіттер қоршап алады. Өтініші көп. Баяғы Дайрабайдың кезіндегідей.

– Сапар, "Подмосковные вечераны" тартшы, - дейді Харитон.

– "Эх, шебер кызды", - дейді әрқашан менің жанымнан табылатын татар жігіті, қызыл мұрын Мінуәр. – Ирлап жіберейін. Өзі бір ақыл сала сөйлейтін, аузы ашылса, көмекейі көрінетін аққоңіл жігіт.

"Эх, шебер кыз экан,
Кімге бирэр биз экан.
Қандай экан жигити...
Кимдо экан умити"

Жатақхана іші гуілдеп сала береді. Сахнаға айналып кеткендей. Бірі билесе, бірі ән шырқайды. Дайрабайдың үкі таққан қара домбырасы құдіреті күшті құдайдай. Кейде жігіттердің маған таласып қалатыны да бар. Мұндайда, әрине, "аталар" жеңеді, "балалар" көнеді.

Бір күні ойда-жоқта үстімізге капитан Никифоров кіріп келсін. Ән-күйге беріліп, есіміз шығып жатқан біз, байқамай да қалдық. Күзетімізге бұйрық беріп, жұмған аузын аштырмай, біздің қызығымызды сыртымыздан бақылапты. Жарғақ құлағы жастыққа тимей, бізге әмір беретін бастықты да Дайрабайдың домбырасының үні елітіп әкетсе керек.

– Жарайсыңдар, жігіттер, - деген дауыстан бәріміз абдырап қалдық.

Аға сержант Винокуров та жедел қимылдап:

– Бөлімше сапқа тұр! – деп үлгерді.

– Вольно! – деген Никифоровтың үні естілді.

Зәрем ұшты. Шыны ма, әлде кекесіні ме, осы дөкей домбыраны тізеге салып қақ бөліп жүрмесін дедім ішімнен. Көзімнің астынан ұрлана қарасам, бұрынғыдай бет-аузының быжырқайы көбейіп, маңдайы тырыспапты. Адам жылқы мінезді ғой. Жүзінде таңданыс пен жылы шуақ маздайды.

– Сержант Сәбеков, қане, маған домбыраңды бере қойшы, - деді ол. "Аталар" қатарына қосылғаныма үш айдың жүзі.

– Құп болады, жолдас капитан, - дедім қолымды шекеме апарып. Сөйттім де, домбыраны мейлінше сақтықпен ұстап Никифоровқа жақындадым. Капитан жымың етті.

– Бәріңді сиқырлап алған бұл не пәле, - деді ол домбыраны алып жатып. Сонан соң қарашанақты салмақтап көрді, үкісін шұқылап, маған бұрылды. - Табиғатқа зиян келтіргенсіңдер, үкіні неге атасыңдар? – деді мырс етіп. Әр қимылын бақылап тұрмын. Әллеқалай одығайлық танытса, қолына жармаса кетіп, өлуге бармын.

– Жақында бізге генерал келеді. Жақсылап концерт дайындаңдар. Ал, сержант Сәбеков, соған бас-көз боласың, - деді ол жан-жағын бір шолып өтіп.

– Құп болады, жолдас капитан!

Шекарашылар жамырап салды.

– Мүлт кетсеңдер, жазалаймын.

– Бәрі орындалады, - дейді менің орныма Аслан Байрамуков.

Генерал шекара бекетіне келер күн жақындаған сайын біздең маза кете бастады. Әркім өзімен әуре. Мен "Қайран шешемді" орындаймын. Көрермен сұраса "Кішкентай" кезекте тұр. Аслан билемек, Мінуәр жырламақ. Харитон "Подмосковные вечераны" шырқайды. Украинаның "Гопагі мен Лезгинканы" Тарас пен Давид дайындап әуре. Әрине, әскери әндер де бар.

Сәрсенбінің сәтінде жанында бірнеше нөкері бар, генерал да кеп жетті. Тәртіп қатал. Бізге жаңа киім берілген. Қадамымыз санаулы, тірлігіміз қараулы.

— Қалай, дайынсыңдар ма? — деді Никифоров. - Ойдағыдай, - дейді шекарашылар.

Шекара бекетінің шағын клубы лық толы, ине шаншар жер жоқ. Сахна артында бір-бірімізді жігерлендіріп қоямыз. Никифоров бая-шая. Командирлігін ұмытып, қарапайым концертмейстер сияқты. - Ұятқа қалдырмаңдар. Генерал бір кезде дивизия оркестрін басқарыпты, - дейді ол. Түшкіріктің өзі емес, оның күткені қызық. Қабағы түксиген жалтыр бас генералдың түсі суық екен. Бізді менсінбейтін сияқты, құдды белдігін кеуделете буынып, "Құдай емеспін, Құдайдан былай емеспін" дейтіндердің бірі дерсің. Никифоровта зәре жоқ. Оқтаудың бір басы соған тиері анық. Бір кезде кезек маған да кеп жетті.

— Құрманғазының күйі "Кайран шешем", орындайтын Қазақстаннан келген шекарашы сержант Сәбеков, - деді Аслан Байрамуков.

Күй қоңыр басталды. Пысы биік генералдың оқыс тірлікке таңғалғаны бірден сезілді. Күй асау аттай шабынып, кең даланың аспанына қара бұлт төнлірердей ауырлай түсті... Таукыметті тағдыр-ай. Бақалақты арбаның үстінде қолы кісендеулі Құрманғазы отыр. Жазығым қайсы. Құрыққа сырық жалғап, ақыры тар қапасқа — түрмеге сүйреп барасың ба? Қоңыр әуен бір сәт шағаладай шаңқылдайды. Сары даланың үстінде қайғырып, реңжулі күйде кетіп бара жатқан күйшінің анасының қуып келе жатқандығын ақжелең күй білдіріп қойды. Міне, міне ат дүбірі, күйші жүрегі селт етті. "Қайран анам-ай! Мына түзде сенімен осындай күйде кездесем деп ойлалым ба? Ебін тапқан есерге, ердің құны түк емес. Бетіне келер ұятты жумайтындар көп. Мен соларға қарсы түрдым. Азаттықты, әділдікті аңсадым...

Әуез енді бебеу қақты.

...Айналайын, ақ пейіл анам! Ұлыңның күйі мынау. Қартайып қалыпсың-ау. Енді сені қайтып көремін бе?

Жанарында жас. Кенет шамданып салды. Астыңғы ішектің дауысы үстем. "Әй, көз жасыңды көрсетпе маған,

жаудын алдында. Мен жылауық ұл емес, асқақ та, қайсар ұл тапқанмын". Алқа анасының қамшысы Құрманғазының арқасын осып өтті.

Ендігі кезек үстіңгі шекке тиді. Мінісін кілт бұрып алып, кері қайтқан ана. Ақ жаулығы желбірейді, ұлымен қоштасқан түрі... Ұлына күш, қайрат беріп кетті. "Барлық аналар да өзін сияқты шығар". Күй асқақтап салды. "Түсіндім, жан ана. Мен әділдік үшін, азаттық үшін күресемін. Сол жолда жаным құрбан. Кеш, мені ана!" Күй асқақтап барып тынды.

Зал іші бір сәт гу ете қалды.

Концерт соңынан генерал топты нөкерімен бізді құттықтап, маған қарап мырс етті.

— Ақылды бондурист. Ойының ар жағында не жатқанын білесің бе, капитан Никифоров? - деді ол.

— Иә, жақсы ойнайды, - деді генералға жалпақтаған капитан.

Әскерден қайтарда мен Дайрабайдың домбырасын шекараға қызметін өтеуге келген қазақ жігітіне сыйлап кеттім. Бір күні ойда-жоқта ойыма шекарадағы капитан Никифоров түсті. Ойлана отырып хат жаздым. Ұзамай жауап келді.

Онда: "Әй, менің бондурисім. Домбырың шекараның мұражайында сақтаулы. Айтпақшы, сол концерттен соң генерал маған не деп ұрысқанын білесің бе? Онда тыңдап ал. Сөзін дәлме-дәл айтайын. "Мына қазақтың көкейін таныдың ба? Ол бунтар қазақ. Тартқан күйінің әр дыбысы "азаттық" деп айқайлап тұр. Мұнымен байқап сөйлескен жөн. Мен музыканы жақсы түсінемін" деді. Иә, Сәбеков, арманыңа жеттің. Ел болдың. Құттықтаймын сені. Полковник Никифоров".

Мен Дайрабайдың жан дүниесін сонда ғана түсінген сияқтымын.

## МҰСЫЛМАННЫҢ БАЛАСЫ

Қаладан ұзап шыға бергенде сіркелеп жауған жаңбыр үдей түсті.

— Арқаның ақ жауыны, - деді Өтеген. — Бір сілтесе аптасыз басылмайды.

— Табиғатқа болжам айту қиын. Дегенмен, өкінішке ұқсайды, - деді Виктор Павлович.

— Дегенде де, өкінішіні жел жетектеп жүретінін ұмытпаңыз, - деді шопыр жігіт бастығына жалт қарап, сөз аяғын құмыға бітірді.

Бұл сәтте түн енселей басып, жөңкілген сұр бұлт тұтасып кеткен еді. Машина жарығы, қайыстай созылған ирек-ирек асфальт жол ғана түңғиық далаға нелік еткендей. Ашаң жүзді, мұрны қоңқайған орыс жігіті орындығына нықтана отырғанына қарағанда, жол бастаушы екенін аңғартады.

— Енді бір жарым сағатта Черкасскіге жетуіміз керек, - деді ол аузын қалқалай есінеп.

— Жолды кесуге болмас. Қазір Черкасск бұрынғы атымен Майтөбе аталады. Бұл маңда енді елді мекен жоқ, - деді Өтеген шопыр қарсылық білдіріп.

Бастығы үнсіз күбірлеп басын изеді. Иығындағы қорабын әлсін-әлсін сипап отырған шетелдік журналдың тілшісі ұйқылы-ояу. Ал шашын сипай беретін екінші шетелдік, шағын сары жігіт кірпік қаққан жоқ. Тілмәш осы. Ой үстінде. Шаршағаны аңғарылады. Қолын ауық-ауық аузына апарып, есінеуі жиі.

— Әй, мынаған не көрінді-ей, - деді ойда жоқта күңк еткен Өтеген шопыр. Олай деп опынатын жөні де бар еді. Әлгінде қосымша бәкті іске қосқан. Бензин мөлшерін көрсететін бағытша алдыға баспай қойды.

— Енді қайттік?

Шыж-пыж болған шопыр жігіт ары-бері қозғалақтап күңгірлегенше, кенеп "Уаздың" моторы да өшті.

— Бірдеңесі бұзылды ма? — деді Виктор Павлович одырая қарап. Өтеген шопыр ытқып далаға шықты. Машина ішінде отырған қалған екеуі бұл тірлікке аса мән бере қоймағанымен, күбірлесе келе, қозғалақтай бастады.

— Масқара, сұмдық, - деді бұл сәт есіктен бас көрсеткен Өтеген шопыр. — Құрылық! Екінші бәктегі бензинді бір иттің баласы құйып алыпты.

— Аузында құлып бар ма еді? — деді Виктор Павлович қапелімде.

— Жұлып алып лақтырып жіберген Берік еді. Ақбелден сатып алып едім. Осы күні не көп? Ұры көп. Біреуге ытқытып сатып жіберген ғой.

Шопыр жігіт салып ұрып құлпын мақтап, "ұрыны" даттап жөнелді. Мұнысы бастығының қаһарынан жан сақтаудың амалы ма әлде шыны ма, кім білсін, отырғандардың бәрі бір-біріне ошарыла қарасты. Сөйткенше шопыр жігіт сырт еткізіп машина ішіндегі шамды жақты.

– Қап, көрінде өкіргірлер-ай...

Ақ жауын еркінсіп алды. Өңменнен өтер ескек жел еселене соқты.

– Жігіттер, енді не істедік? – деді шарасыздық меңдеген Виктор Павлович. – Қонақтардан ұят болды-ау.

Бұл сөзін сыбырлай айтты. Әлгінде сыр бермеген шетелдік екеу жол бастаған орыс жігітіне қарады.

– Әй, Өтеген, Өтеген. Орта жастан астың. Оң-солына қарайтын уақытың жеткен жоқ па. Заман мынау, қитығып тұрған. Қонақтарың сонау жат жерден. Әй, Өтеген. Тфу!..

Шопыр жігіт төмен қарап бұлыққан күйі үнсіз отырып қалды.

– Мынасы несі-ей? Жаның бар ма? Шелегің қайда? Жолға шық. Әлі де қолғабыс қылар әлдекім кездесер. Өз обалың өзіне,- деді Виктор Павлович бір жағы жекіп, бір жағы қайрай түсіп.

– Құп болады, Виктор Павлович, бірақ...

– Несі бірақ? Сатып ал. Ақшасын аяма.

– Бұл иттер, тоқтаса ғой. Көлеңкеден қорқатын заман.

– Оу, олардың ит аталып жазығы қайсы? – деді шыныдай шырт еткен бастығы. "Олар емес, Өтеген, сен өзің итсің" деген ащы кекесіннің лебі байқалды.

Өтеген шопыр аптыққа лағана аңдағанмен, сөлден соң асыр-түсір кабинаға қайта кіріп келді.

– Мына түнде кім тоқтар дейсің. Қазіргі бұл дүниеде мұсылман баласы қалды ма? – деді ол орындығына отырып жатып.

Үсті-басы малмандай су. Ерні-ерніне тимей тісі сақылдайды. Қитықпа сөз Виктор Павловичтің жарасының аузын тырнап алды ма, кім білсін, Өтегенге бір тонді де қайта қалпына келіп, мырс етті.

– Мұсылманшылдың мұның. Сонда кәпірлер жаман халық па? – деді.

— Виктор Павлович, қазақы сөздің мәтелі ғой, - деді Өтеген.

— Пәлі брезенттен су өте бастады. Міне, тамшылап тұр, - деді осы сәтке дейін тырс үндемей отырған сары жігіт орысшаны бұза сөйлеп.

— Енді не істедік? Айдалада қалып, аман шықсақ жарадық.

— Ви шаде*, - деді тілші сарыны қостай.

— Менің үстімнен де су тамшылап тұр, - деді Виктор Павлович.

Төртеуі де сасайын деді. Әлгіндегі облыс орталығынан шыққандағы бей-жай тіршіліктің тыныштығы бұзылған сияқты.

Тірлік жасайық, - деді Виктор Павлович орнынан қозғалақтап.

— Әу, шынымен, бұл арада пана тұтар мекен жоқ екен ғой. Сағат әлі түнгі он бір. Таңға дейін тамтығымыз қала ма?

Осы бір үрейлі үн машина ішіндегілерді абыржытып тастады.

— Пәлі, машинаның іші даладан да асып кетті. Сарылдап құйылып тұр, - деді Өтеген шопыр.

— Қолыңмен істегенді мойныңмен көтер. Сенің қырсығың, - деді Виктор Павлович гүжілдеп.

Әлгінде ғана екі-үш машина өткен. Қол көтеріп, байбалам салған Өтегенге пысқырып та қарамады. Шопырдың жаны бір дегені қайда? Бірақ, мына қапқараңғы түнде айдалада, заман жаман, қастық қылар деп қорқатын да шығар. Өзің де болсаң, қайтер ең...

Бұл екі ортада дөл жанынан шыққан бастығының дауысынан селк етті.

— Өтеген, Өтеген, бері қара! Мына тұсқа үңіл. Жарықты көрдің бе?

Шопыр жігіт түпсіз түнғиыққа көзін тігіп еді, жарық көрінбеді.

— Иә, мен де көрдім, - деді тілмәш сары жігіт. Тілші де басын изеді.

— Бурилщиктер шығар, - деді Өтеген.

— Солар, - деді Виктор Павлович, енді мығымырақ үнмен.

---

* Ви шаде - өкінішті (немісше)

– Әй, білмеймін. Жылқышылар қосы, - деді Өтеген бұра тартып.

– Мейлі, кім болса о болсын. Тарттық соларға, - деді тісі сақылдаған шикіл сары.

– Адасып кетіп ит-құсқа жем болмаймыз ба? Мұнда олар жүздеп жүреді, - деді Виктор Павлович қорқынышын сездіріп.

– Мылтық та ұстатпайды.

– Қап, әттеген-ай. Үйге тастап кеткенімді қарашы, - деді тілмәш.

Өтеген шопыр шар етті.

– Ойбай-ау, машинамды қайттім? Жап-жаңа дүниені тонап кетеді ғой.

– Әй, машина керек пе, жан керек пе? – деді бастығы гүж етіп. – Шетелдің халқы белгілі ғой. Мен шыдар едім-ау. Не көрмедік? Мыналарды айтсаңшы. Тойға баратындай, тапқанын таза киіп... Бұл сендерге Майами емес. Қазақстан жері...

Бұл сөзді Өтеген ішінен күңкілдей айтты, іштей қонақпен ұрысты. "Қайдан қаңғып келіп еді, тегі..."

– Дегенмен жолдың шетіне шығарып қояйық, - деді, Өтеген енді дауыстай сөйлеп.

Виктор Павлович қолын көзіне қолегейлеген күйі қалшиып тұр. Дауысы құмыға естіледі. Ара-арасында қол шамның жоқтығын айтып, сіріңкенің суланып қалғанына ренжігені байқалды. Опынғаны сонша бір боқтықты бадырайтып тұрып, нақышына келтіре сілтеп қалды.

– Үят-ай, үлкен кісі де сүйтеді екен, - деді Өтеген күбір етіп. Сөзін естіп қойғандай Виктор Павлович кері бұрылды.

– Әй, батыр, стартеріңді бұра. Біз итерейік. Бірінші жылдамдыққа қос, - деді ол содан соң.

Машинаны итеріп, узатқаннан соң Өтеген шопыр көлігін ары-бері айналып күбіжіктеп біраз жүріп алды.

– Қап, сығыр қылған құдай-ай. Айтса айтқандай, нағыз бөркеміктің өзімін. Иесіз тұрғанын көрсе иттер, жауын шелектеп жауса да, тамтығын қалдырмай сыпырады да кетеді. Әуелі айдап кетіп жүрмесе не қылсын. Сонан соң итпен іздесең де таппайсың. Отыз алты-ақ мың шақырым жүрген. Зулап тұр.

– Әй, Өтеген, жүр! Дұға оқып тұрсың ба?

Өтеген машинаны тағы бір айналып, терезе шынысын сипай берді. "Нағыз таптырмайтын машина. Қазақтың мерседесі. Ау, бәрін айт та, бірін айт. Осы жоғалып кетіп, төлеп жүрермін. Күным жете ме? Қазір аламнан машина қымбат. Иә, солай.

– Несіне күлесің-ей, жаман шопыр.

– Е, жылаймын ба, енді...

– Әй, Өтеген, қал енлеше! Біз кеттік.

– Мен болмасам шекен қызар. Сырың белгілі ғой. Әй, бастық, ана екі Майамидің күнына қаласың. - Өзінен өзі күңкілледі. Өтеген орнынан ауыр қозғалды. – Ал, қош бол, қайран машина. Жолыңға жазсын. Құдай, пәле-жаладан сақта. Мұсылманның бір баласы едім...

Мұңлайлы құдай басқа бермесін. Бұрын тілі мен жағына сүйенетін бастығы үнсіз. Жолбасшы сол. Ортада шетелдіктер. Соңғы түйе - Өтеген. Бұрыннан үйренгендіктен бе, Виктор Павлович аяғын нық басады. Шикіл сары мен тілші туралы сөз басқа. Көк мұзлың үстіне алғаш шыққан коньки үйренушінің тірлігі. Тек әзірге құлаған жоқ. Жығылып қалса, Майами сонда болар. Құлды ерте замандардағы, әлде бір қиял-ғажайып ертегілердегі жарық іздеп жаһанға сапар шеккен төрт саяхатшы сияқты. Әзірейіл түн қорқынышы үстіне қорқыныш қосқан. Жарыққа жақындап келген сияқты, бірақ жеткізер емес.

– Ау, Өтеген, алға түс. Ендігі кезек сенікі, - деді біраз жер жүрген соң Виктор Павлович Өтегенді күтіп алып.

– Байқа, құлыққа түсіп кетіп жүрме! Естуімше, бұл маңға бомба сынаған. Бір айналдырғанды шыр айналдырып жүрмесін.

– Күп болады, Виктор Павлович. Оған да үйренлік қой...

Бұл екі ортада шетелдіктер өздерінше күңкілдесіп, дауысы қаттырақ шығып кетті. Тағы да тілші ви шәлесін айтып қалды. Содан соң алдан мотор үні мен үрген иттің дауысы естілді.

– Енді өлмейміз, - деп Виктор Павлович дауыстап жіберді.

– Құдай бізді бір сақтады.

Әлгіндегі күйкі тірлікке енді жан біткендей, бәрі қадамын ширақ ала бастады.

Виктор Павлович жан дауысымен айқайлап жіберді. Бұл тірліктен шетелдіктер де кенде қалмады. Бір-бір ышқынып алды. Тек Өтеген шопыр ғана шөке түсіп отыра кеткен. Үйтетін де жөні бар. Жол бастаушы сол. Ойда-жоқта тура қарсы беттен от жарқ етті. Артынша жер түндыра мылтық атылды. Қараңғы түн селк етіп, қызыл от аспан ауанында сызықша жол салып барып өшті.

– Бұл қайсысың? – деді дауыстаған қарлығыңқы үн.

– Біз ғой, - деді әупірімде сасып қалған Виктор Павлович.

– Ә, көп қаңғыманың бірімін десеңші. Аулақ жүр, ары, - деді бейтаныс. Үннің ызғарлы шыққанына бәрі куә. – Осылар-ақ пәле болды-ау. Бұрын киік атып қан жылатушы еді, енді жанармай іздеп сандалады, түге.

– Ағай-ау, мұсылманның баласы да бармыз, - деді Өтеген қапелімде жанұшырып. – Кәдімгі қазақтың қарапұшығымын.

– Әй, бала! Сенің мұрныңның пұшығын сұрап тұрған жоқпын. Кімсің, өздерің?

– Ағатай-ау, ұзын жолдың үстінде келе жатып, нә, машинамыздың бензині таусылып қалды.

Бейтаныс сәл тосылды. Осы бір сәт уақыт шабан аттай ілбіп тұрып алғандай көрінді.

– Жаныңдағыларың кім?

– Жол серіктерім. Басқа ұлттың өкілдері.

Шетелдіктер деуге батылы бармады. Сүтпен сіңіп, сүйекке біткен мінез. "Несібеме таластың" деп осы күнгі оқыған қарттардың қабақ түюі де мүмкін-ау.

– Әй, мен шалтай-балтайды білмеймін. Сен де көп шоқынғанның бірі шығарсың. Тайып тұр, ары.

Өтеген шопыр "ағадан" "атаға" көшті.

– Ойбай, жоқ, ата. Кәдімгідей қазақпын. Тілім сайрап тұрған жоқ па. Ақбұтала тұрамын. Болденбектің баласымын. Майтөбеге мыналарды апара жатыр...

Қарт тергей бастады.

– Жаңағы шүлдірлегенің кім?

– Виктор Павлович пе? Ол да Көкбұталан ғой. Менің бастығым.

Өтегеннің сөзіне құлақ түрген бейтаныс тағы да үнсіз қалды.

– Сөзің өтіп кетті-ау. Кім болсаң да мұсылманмын деуін. Ал, жақындаңдар бері.

Бейтаныстың дауысының жұмсарғанын бетке ұстаған Өтеген тізгінді қолға алып, аяғын алшаң ала бергені сол еді:

– Қолдарыңды көтеріңдер, - деген дауыс естілді. Бәрі бұйрыққа бағынды.

– Қақсаған сен екенсің ғой? – деді Өтегенге әлгі бұйрық беруші.

– Қазақ өзі кірген жерге түйесімен кіреді.

Қарттың үнінде мысқыл табы.

– Мынауың әлгі әкімсымағың ғой. Жарайды, жарайды. Мұнсыз күнің жоқ қой сенің. Әу, мыналарың кім? Бізге ұқсамайды ғой, түге, тоқта, атамын.

– Ата, ататай-ай! Олар екеуі де шетелдік. Журналистер. Әлгі газетке жазғыштар. Біздің елге қонаққа келген. Еш залалы жоқ. Ұят болмасыншы, ата.

Өтеген шыр-пыр күйі ортаға түсті.

– Е, солай де. Көлденең көк атты десеңші. Саған несін бөліп берейін деп келіпті.

– Па, ақсақал. Әбден терген біттіңіз ғой. Айран сұрап кеп, шелегімді несіне жасырайын. Қартайғанда кәрі боз жорға шығып кеттіңіз. Ұят-ай, ата. Жамандап кететін болды ғой.

– Намысшылын шіркіннің. Ауырмаған жамбасына жатсын. О, несі-ей, әулиесітіп. Ал, жарайды. Әй көпір атанбайық. Қонақ сыншыл. Пах-пах, ал жүріңдер.

Қарт мәселенің мән-жайына енді ғана түсінді ме, әлде ойпыл-тойпыл мінезі ме, бүкшеңдеп алға түсті.

– Ел іші жаман болып кетті ғой. Құдай, күпірліктен сақтасын. Асын ішіп, аяғын теуіп кетер пенде көп. Бәрі арығын білдірмес, сыртқа жүнін қампайтардың кері. Қанша бір сергелден заман өткерсек те, төрімізден көрпе, аяғымыздан ас кетпеген мұсылманның баласы емеспіз бе?

Мекен иесі өзін-өзі ақтауға кірісті.

– Мен сендердің келе жатқандарыңды бағана сезгенмін. Бір күн бие, бір күн түйе заман ғой. Тосқауылда тұрдым.

Үйдің ықтасында тұрғандықтан ба әлде сілбелей жауған жаңбыр мен желдің әсері ме, жарық берген кішкене мотордың дауысы үйге жақындаған бетте зорайып сала берді.

– Тілеубала, әй, кемпір, қонақтарды қарсы ал. Шақырып келтіре алмайтын шетелдіктер екен. Өзімізден де бар. Машинасы сыныпты, - деді суыт келген жұртқа тосырқай қарап тұрған жаулықты әйелге анадайдан дауыстап. Кекесіні ме, шыны ма, белгісіз.

Үсті-басы малмандай су Өтеген кемпірге аузын жыбыр еткізіп сәлемдесті де, баса-көктеп төрден бір-ақ шықты. Қазақпын деп еркінсіген сыңайы бар. Қалғандары босағада ошарылып тұрып қалды. Шаңырақтан төмен қарай салбырай ілінген электр шамы жайларын белгілі дегендей. Үй іші жап-жарық. Оң жақ кереге де шопандарға арналған газ қондырмасы, жанында қызыл түсті кебежедей баллоны. Қабырғаға ілінген ескі кілемінің үстін жапқан елік, тобылғы сапты қамшылар. Абажадай әбдіре, қымыз саба. Құрт ілінген дорбалар. Қи иісі аңқиды. Төрге көрпе-жастық жиналыпты. Сол жақта жиылмалы төсек.

– Ау, кемпір, тұрысыңа жөн болсын. Мына бейшаралар өлудің аз-ақ алдында қалыпты. Ал, шешініңдер. Тон, ішік, көрпелерді алыңдар. Жылыныңдар. Балаларымыз сияқты ғой, тегі, - деді сәл бөгеліп, есіктен кіре дарылдай берген қарт.

– Ал, мыналарыңа айт. Дұрыстап жайғассын. Ұят-ай деп заржақтанған сен емес пе ең, қара пүшық. Қимылда.

Өтеген бұл қарттың тірлігіне жымың етті де су-су аяғын шеше бастады. Артынша кемпір берген құрақ көрпеге тарс оранып алды. Қызықты қара. Құлды мультфильмдегідей дерсің. Виктор Павлович шопан атаның етегі жерге сүйретілген қара ішігін жамылып алыпты. Шетелдік журналистке шолақ тон тиіпті. Бұтында көнетоз қалың шалбар. Ал, тілмәш ше? Шопан әйелінің сырып тігілген макентошын киіпті. Аяғында саптама етік. Бір-біріне ұрлана күлелі.

– "Құтты қонақ келсе, қой егізден табады" демекші, кеше бензин мен май әкелгенім оңды болар ма, - деді қарт буы бұрқыраған шәугімге қарап. Жатаған үстел ортаға қойылып, дастарқан үсті мәзірге толып сала берді. Құрт, ірімшік, ежігей, сарымай, қызыққоныр бауырсақ. Осы бір сәтте Өтеген екі алақанын уқалап, "тіріле" бастағанынан белгі берді.

– Келгенше қонақ ұялады, ата, келген соң үй иесі ұялады демеуші ме еді, - деді ол сықылықтай күліп.

Қарт өнебойы күтірлеп орнынан тұрды.

– Енеңді ұрайын, - деді ол содан соң. – Қара тартып жатқаны-ау. Жел жағыңа ық болайын сенің, мұсылманның баласы. Қаралай қырсықсам не жасар ең. Әу, бәйбіше, ала қоржын қайда?

Кемпірі мінезі тұйық жан ба, кім білсін, жұмған аузын ашпады. Қоржынды көтеріп әкеп шалына ұсына берді. Бөтелкелердің басы қылт етті.

– Бұл шіркін бойдағы суықты қуып шығады, - деді қарт стаканды орталай құйып, Өтегенге жылжытты.

– Ақсақал-ай, ұят-ай. Бөтен ойым жоқ еді. Шындап кеттіңіз ғой. Шопырға ішуге болмайды. Дегенмен, Виктор Павловичке... – дей берген.

Қарт қадалған жерінен қан алатын қасарыспа екен. Әкімнің орынбасары да, шетелдік тілші де, тілмәш та кет ары емес екен. Енді бір сәтте:

– Ауырып қалсаң, ертең шопыр іздер шамамыз жоқ, айналайын, - деді Виктор Павлович.

Өтегенге де керегі сол еді. Бір кезде нән ісекті алып шоқан жетті.

– Ал, бата жасаңдар, қонақтар.

Бұл тірлікке бәрі таңырқай қараған.

– О, енеңді ұрайын. Мына бөгендер біздің кім екенімізді білсін. Павлович та біздікі ғой. Қуыс үйден құр шықпасын.

Үнсіз қалған топқа қарт қабағын бір түйіп алды.

– Әй, мұсылманның баласы. Бірдеңе де...

Қызық болғанда бесеуі де қол жайды. Бәрі де түсінген сияқты. Кет ары емес.

– Сенде жазық жоқ, бізде азық жоқ, бісміллә, - деді Өтеген. Бетін сипай беріп, шопан қарт күректей алақанын жігіттің арқасына қондыра салған.

– Жарадың, жігітім. Бауыздау менен, сойыс сенен...

Түннің бір уақытында жайдақ дастарқанға буы бұрқыраған ет келді. Қонақтар дастарқан басына жайғасты. Бұл кезде үй иесі қой шетіне барып, аспанға мылтық атып оралған.

– Әй, балалар! Мені Жанайдар дейді. Әділбек баласымын. Тегім – Қайырбек баба. Мыналарға аударып отыр, - деді шопан Өтегенге бұрылып.

Сонымен, аудармашының саны екіге өсті.

– Е, қызық-ай, - деді қарт содан соң.

– Өзі мына қазақ үйдің ішінде толып отыр екенбіз ғой. Мысалы, мына жігіт екеуміз...

– Өтеген деніз, - деді орталан қиіп кеткен шопыр жігіт.

– Иә, Өтеген екеуміз, кемпір үшеуміз қазақпыз.

– Ал, Виктор Павлович ұлы халық...

Қарт суық тиген шыныдай шырт етті.

– Әй, ұлы халқың не? Орыс десеңші. Біле білсең, біздің халық озып түспесе, шындаса ешкімнен қалыспайды.

– Ал, солай делік, ақсақал. Мына екі адам сонау Германиядан келіп отыр. Немістер.

– Астапыралла. Бұлардың мұнда несі бар?

Қарт кәдімгідей шошынды.

– Мұнай көздерін іздестіріп жатқан адамдары бар. Біздің елмен келіскен. Солардың жұмыстарын жазбақ боп келген журналистер ғой.

– Е, аталары қарумен ала алмаған соң балалары айламен алмақ екен ғой бізді.

– Түу, ата, қойыңызшы. Қайдағы-жайдағыны айтады екенсіз. Біліп қалса ыңғайсыз, тіпті ұят қой.

– Е, мейлі. Жақтырмаса қойын бақтырмасын. Өздері қаптап кетті ғой, тегі.

Үй иесі біраз торсаңдап алды да кенет құбылып сала берді.

– Ал, жігіттер, былай болсын. Сендер жүз грамдатып, етке тойып алыңдар да ұйықтаңдар, - деді.

Сорпаны ішіп бола берген сәтте:

– Мен қой шетіне барамын. Машиналарыңды көріп қайтайын, - деді.

– Жарадын, ата. Жаксылығыңыз құдайдан кайтсын.

– Ештене етпес. Мына тұрған жер. Арактарын ала коржында.

Өтеген тағы да әлдене дейін деп ыңғайланып, мойнын бұра беріп еді, аузына толтырып алған етін шайнап біте алмай, үнсіз калды. Кос шетелдіктің сыпайы сырбаздығы әншейінде екен, кәдімгідей ауыз толтыра етті соғып отыр. Виктор Павлович алдындағы кырлы стакандағы арақты көмекейіне құя салып, аюдың табанындай арбиған колдарына етті жинап, асап жіберді.

– Пай-пай, ит-ай. Мынауың нағыз жойыт кой өзі. Әлгі біздің есіркеген мұның көлеңкесінде калады екен. Жасында өкіртіп ішкен бәле болды. Пай-пай, сабазынай. – Қарт көзінің астымен ұрлана карап, күбірлей берді де сыртка беттеді. Қайта оралды.

Тамак ішу ұзакка созылған жок. Үйеме табақ ет пен кос бөтелке арақ әп-сәтте сап болды.

– Қазір шай ішесіңдер.

Өтеген үй иесіне бұрылды.

– Аксакал, әлгінде бізді коркытып едіңіз, енді біз сіздің зәреңізді ұшырайық. Мына кылкылдатарыңыздан. Ұят-ай, ә.

– Е, несі ұят. Сендерді тойдырар бар дедім ғой. Тек ертен жолдан калып койып жүрмеңдер, - деді карт жымиып.

* * *

– Әй, балалар! Тұрыңдар, шай ішіңдер.

Алдымен оянған Өтеген басы-көзін тарамдап далаға шыкты. Сонау кокжиектен карауыткан бұлттың шеті көрінеді. Шағыл-шағыл. Түнде калай ғана байкамаған. Қазакы үй төбенің ұшар басына тігіліпті. Жан-жағы анык көрінеді екен.

– Әне, менің машинам. Ешкім айдап кетпепті. Әй, сен, орыс та, әбден мезі кып біттің-ау. Мұныңды коймасаң, бір күні мені жарға жығарсың. "Кеттік, кеттік" деп, жаны мұрнының ұшына кеп жүрген бір жан.

Өтеген өзімен өзі сөйлесіп тұрып, үй иесінің жакындап келгенін де байкамай калды.

– Әй, бала, ұйқы қалай? Әне, анау сенің арбаң ғой. Өзі жаңа көрінеді. Түнде бір барып қайтқанмын, - деді қарт. – Ал, мұсылманның баласы, енді жөнінді айтшы?

Өтеген желкесін қаси күлді. Сапардың мән-жайын ұққан шопан Өтегенге бұрылды.

– Айтпақшы, енді бір жиырма шақырымнан кейін Ортанқұл балаларының ашқан бензин сататын зәпрәвкәсі бар.

– Оу, дұрыс болды-ау. Тек соған жете алмай қалдық. Сізді таптық. Оған да шүкір. Әйтпесе, таң атқанша дүниенің бір жағына шығар едік. Дәм айдаса қашпассың деген осы, - деді Өтеген сөз аяғын күмілжи бітіріп.

– Бала, менен бір жиырма летр бензин табылады. Моторға деп әкелгенім ғой. Өзің бүгін Майтөбеден кері қайтасың ғой. Қараңғы түскенше әкеп берсең болды. Ауылдан алты қадам шыққан соң адам мүсәпір деген осы.

Бұл екі ортада "шай ішіңіздер" деген дауыс естілді. Ауыз судың өзі де үш күнде бір әкелінеді екен. Күтпеген қонақтар жауын суынан жиналған суға беті-қолын жуды.

Ащы қуырдақты сілтеді-ай кеп. Кешегі үнсіз, бейқам қос шетелдік ауыздыға сөз берер емес. Аудармашылар "іске" кірісіп кетісті.

– Мен бұл адам туралы үлкен фотоочерк ұйымдастырамын. Біраз данасын өздеріңе жіберемін. Картка әкеп беруге көмектесіңіздер, - деді тілші орыс тілін бұза сөйлеп.

– Мейлі. Ау, Өтеген пұшық, анауыңа айтшы, мен тамағымды ешкімге бұлдап отырғаным жоқ, - деді қарт шамдана жаздап.

– Ақсақал-ау, тағы да бұра тарттыңыз, - деді Өтеген. Содан соң өзіміздің "тілмаш" картка сыбырлай үн қатып:

– Сыр білдіріп алмаңыз, - деді.

– Е, мақұл. Қайдан білейін.

Қартты кемпірімен суретке түсіріп жүрген тілші мен Өтегеннің екеуара әңгімесі естіліп қалды.

– Бұл адам буддист пе?

– Е, жоқ.

– Христианға жатпас.

– Әй, оқымыстым, неге күлдің? – деді Таухан мойнын бұрып. Шөбекке қарады. Екі-үш жас үлкендігін білдірген түрі.

– Жай, – деді Шөбек күлкісін тиып.

– Менің әкем сенікін ұры Хакім дейтін еді. Неге олай деген екен, ә? Әлдей қашқан жеріне [illegible] сөзін сөйледі. Оның несі [illegible] ма? Кек қайтарған түрі.

– Ал, менің әкем сенің әкеңді не деп атайтынын білесің бе? – деді Таухан даусын [illegible] кетіп.

– Ұзын қарындасың [illegible] деді. Өзі екі атауының қайсысы құлаққа түрпідей тиеді, ә?

Екеуі де шекесі қызарысып қалды.

– Ал, үйге түс. Шай ішіп кет. Келіншектің қолынан дәм тат, – деді Шөбек. Таухан машинесін бұрып кеп тоқтатқанда. Әкесінің [illegible] жауапсыз қалдырды. "Үлкеметтей [illegible] келіпкеп", – деді Шөбек ішінен. Содан кейін:

– Әй, бала, сен менің [illegible] қыласың. Жаңағы келін емес, менің қарындасым, – деді Таухан жылы жымиып.

Екеуміз де Көкжайлаудан [illegible] той.

[illegible], соның екен той, – деді Шөбек сөз аяғын күбірлеп мысқылдай отырып. "Қаншама жарыған екенмін". Таухан естіген жоқ.

Шаншылда. Таухан қаншама [illegible] Анау сұқ [illegible] естіген [illegible] Тауханды Шөбек [illegible] қарып [illegible] "Маған қаншама [illegible] қолына түсіп, ұлтқа қайта жүрмейін" деп сөз [illegible] қалды.

[illegible] жүрші [illegible] Сағанай [illegible] ен, өзі...

Кереметтей [illegible] Шөбектің [illegible] бүгін ұрлап [illegible] Бөгін суға салып [illegible] терезенің [illegible] сыртқа көз тастады. Толған айдың жарқырап түскен сәулесінен түнгі [illegible] бет бейнесі анық көрініп жатыр. О, сұмдық! Әлдекім үй ауласын [illegible] шарбақтың бірін көтеріп бара ма? Ау, мұнысы несі? Аңдаңда [illegible] машине тұр. Бұл кім болды екен басынан? Көкесін көзіне көрсетейін. Әде

Таутан ба? Е, жок, қанша бір есерсок болса да... Есікті сықырлатпай ашып, бұрышта сүйеген ескі балтаның сабын қыса ұстап, үйдің көленкесімен түнгі "басынушыға" мысықтанбандап жақындап келді. Бейтаныс адам әкесінің үйінде жүргендей, бейкам. Оң жақтағы қақпаға тірелген шарбақ ұшты-күйлі. Бейтаныс бақша тұсындағы қысқасын босатып жатыр. Желке тұстан қонжитуға ыңғайланды да, өзін тежеді. Жер астынан шыққандай гүр етті.

– Бұл қай басынғаның, ей, иттің баласы!

Аласа бойлы кеспелтек бөренедей адам тосын бір үн шығарды да, шоршып түсіп артына бұрыла берді.

– Ә, сен бе едің? – деді сонан соң.

– Құрдастың балалары да құрдас. Сені қытырайын деп ем... Қолдарың ұзын ғой. Прорабтың баласына екі қоямын десең, әкелеп-көкелеп өздері әкеп орнатып тастайды ғой, мұны.

– Сен бе едің, Таутан. Пау, енді не дейін. Мынаны ешкім естімесін. Шарбақты түсір де, көзіме көрінбей жоғал, қайнаға, - деді терісіне сыймай ашуланып, тісін шықырлатқан Шәбек. "Бұл иттің машинасына қайдан мініп едім?" Қайнағасында үн жоқ. Машинасының үстіне шығып, шарбақты жерге түсірді. Орнына сүйеп қойып, кабинасына отырып үнсіз-түнсіз тайып тұрды. Шәбек те өбектеген жоқ. "Ұрыда ағайын болмайды" деген осы екен-ау деп күбірлеумен тынды.

Пау, пендешілікті қойсаншы. Шәбек Таутан қайнағасының машинесіне тағы да қонжиды. Бұл жолғы көлігі мәдениеттілеу "Жигули". Адамның жұмысы біте ме? Несие аламын деп аудан орталығына барған. Кісіге ісін түсінбесін. Итшілеп жүріп, іс-құжатты толтырып бітіргенде кемпек, көз әйнекті кексе әйел терезенің арғы жағынан: - Хабар өзімізден болады, - деп күңк етіп тынған. Ары қарай жөн-жосығын сұрап еді: - Қазақша айттым ғой, - деп мұның жер-жебіріне жете қарады. Шамасы, осы қазақ бетін топырақ жапқанша біріне бірі дұшпан болып өтетін шығар. Осындайдан екен ғой. Қит етсе, дүниенің бәрін бүлдіргендей... Қазақ ақымақ, қазақ милау, қазақ санасыз, қазақ білімсіз, қазақ қой... дейді. Неткен оспадарлық, ә. Бұл әлемде өз ұлтын өзі төмпештейтін де қазақ. Күйіп кеткен соң айтады да.

Кеніп ішіндегі айырық жолға барып қаптаған таксилердің бірімен ауылға жетіп аламын деген. Ол шіркіндер де жер жұтып қойғандай ізім-қайым. Көзі талғанда барып біреуі жетті-ау. Баяғы қайнағасы.

– Отыр, – деді ол. Отырғысы келмесе де отырды. Қайнағасының қаперіне енгенге кіріп-шығар емес. – Көкжайлаққа кетіп бара жатырмын. Қатын, бала-шаға төркінінде еді. Алып қайтамын, – деді Таутан машинаны жылдамдыққа қосып. Шөбектің тағы күлкісі келді. Аппақ жұмыртқадай "Жигули". Зырқыраған гүр. Судай жаңа. Ішін кілеммен көмкеріпті. Алдыңғы әйнегінде "техникалық байқаудан өтті" деген белгі ұқыптап жапсырылыпты. Пай-пой, итің-ай. Мына жүйрік тұлпарды да сен қайнаға өз ақшаңа алмай көптің қарғысын арқалаған шығарсың-ау. Таутан Шөбектің ойын ұғып қойғандай:

– Күйеу бала, бұл менің табан ақы, маңдай теріме келген дүние, – деді сол сәт. Көзінің түкпірінде мақта-ныш оты жылтылдады. – Он жыл қой бақтым ғой, мен ит. Онда ақылым бар еді. Ақша құрастырып, мал өсірдім. Шөбектің жүзіне мысқыл табы айқындалып шыға келді. Бірдеңесі күйіп кеткендей: – Қайнаға, оллаһи, биллаһи, құдай алдында тазамын деші, – десін.

– Құдай алдында күнәһар емеспін. Мен де оң-солымды аңғарған итпін ғой, – деді қолымен мойнын қайшылаған Таутан. Құдды пионер бала сияқты. – Күнәһар машинамен "Күнәһарлар" ғана жүреді.

Шөбек тағы күлді. Түйсігі "Әй, білмеймін сені. Ұрының аузынан қолы бұрын жүгіреді" деп тұрғандай.

– Неге күлдің? – деді шамданып қалған Таутан қабағын түйіп. Шөбек тосын сұраққа тез жауап қайтарып үлгерді.

– Анау күні түндегі жай есіме түсіп... – деді. Қалжыңдағаным ғой. Жаны өзі, менде сондай бір әдет бар. Құдды Мінесбай сияқтымын.

– Ол кім тағы, қайнағаңа ұқсаған? – деді Таутанның әңгімесін ортасынан үзген Шөбек.

– Ау, осында бір сондай таз шал бар. Үйінен қақпасының түбіне күнде қырық теңге салып шығып, "сообразим" деп тұратын бір ішкіш. Сол шіркін баяғыда

да көз тастауға құлқы жоқ. Өзіне-өзі сенімді. Қолға түссек, көзімізге көк шыбын үймелегені ғой. Масқара! "Қос құрдастың баласы бірігіп мал ұрлап қолға түсіпті" деп қызыл ауыз қауымның сөзін естігенше жердің жарығына түсіп кеткені жөн.

– Айтқым ғой, өне. Иттерін бақылғадым ғой. Олар да сезбей қалды. "Іс бітті, құ кетті" дейді мұңдайлы, ұзын қарындаштың баласы, - деп көмекенін көрсете қарқылдай күлді Таутан. "Әй, мынаған сөйлеп сөз шығын" деді ішінен күбірлеп, бейберекеттенген Шөбек тағы да артын барлап.

Бірге болған соң сен де ұрысың. Ау, кеудесінде жаны бар адам ба, мына қойшы, деп күйінді сонан соң. "Ойпыр-ау, тірі қой ма, өзі тыпырламаушы ма еді". Пые-пые күшенін, артқы орындықта теңкиіп қара қой жатыр. Енді байқады. Таутан жан-жағына алақ-жұлақ қарап, текке отырмапты. Қойды тырп еткізбейтін резенке түсамысы бар екен. Сағын үлгеріпті. Қай жерде ісін тындырады екен?

– Нағыз қасқа! Бөрінің тап өзі, - деп дауыстап жібере жаздады.

Ұзап шыға, Шөбектің жүрегінің дүрсілі саябырлай бастаған еді, ойламаған жерден Таутан үні жер астынан шыққандай шыңыранды.

– Жартысы сенікі, жартысы дөдегдікі. Күйеубалаға төстігін түгел беремін.

– Не дейді?

– Сойлеймін. Сонау күнгі айыбымды өтеп, олжамды қазір өздеріңдікіне барып соямыз. Қарындасым да қуанып қалсын, - деді Таутан ыржия күліп.

– Құдай сақтасын!

– Айналайын, кайнаға сөзіңді қайтып ал, - деді жүрегін қолына алған Шөбек.

- Е, неге? Жылы-жұмсақтан қашқаның ба? – деді жақтырмай қараған Таутан.

– Машинаның ізі түспесін біздің үйдің манайына, - деді тұтыққан күйеу бала.

– Арам еті жегенше... у асайын. Жауап орнына Таутан қарқылдай күлді. Сойткенше, артынан жақындап келген жеңіл машина жарығын жарқ еткізіп, жанамалай берген.

– Біттік, - деді күбір еткен Шәбек. – Қуғыншы жетті. Қолға түстік.

Өн-бойы селкілдеп, тізесі дірілдеп салды.

– Ұры олжасын қолға түсемін деп алмайды, бауырым, - деп Таутан жұбатып, әрі табалап. Құйрығы қызарған қара түсті шетелдік жеңіл машина ұзай берді.

– Уһ, етінді алмаймын дедім ғой, алмаймын, - деді Шәбек. Таутан мысқылдай бастады.

– Ұзын қарындаштың баласы, үкіметтен қорқасың, ә? Бұлар аштан өлсе де өзгенікіне өзеуремейді. Мейлі, - деді мырс-мырс күліп. Шәбек мойнынан ауыр жүк түскендей жеңілденіп салды.

– Сөйтші, қайнаға, - деді жөпелдемеде.

– Ертеңгі күні өкпелемейсің ғой.

Күйеу бала басын изеді.

– Мүмкін ойланарсың.

– Айтылған сөз, атылған оқ.

– Әдемі сөйлейсің, күйеу бала. Шынымды айтайын. Үйге апарып асырасам, қой қорамнан шығып кетпес, - деді Таутан көзіне көзін қадап.

– Ұрлықтан олжа алған adамның аузы құлып. Сен ренжіме. Әкеңнің әдетіне басың сүйкеп жібермейсің бе? Шәбектің миы шың етті. "О, сұмдық" деді ернін жымқырып.

– Қайнағам жыланның аяғын көрген ку, ә? – деді сонан соң.

– Бірдеңе дедің бе? – деді Таутан бұған бажырая қарап, сөзді түсінбегенін аңғартып.

– Сатып кетеді деп отырсың, ә. Сауысқаннан сақсың, қайнаға, ә? – деді күйіп кеткен Шәбек.

– Е, ауыз не демейді, шошқа не жемейді.

– Сонда мен енді құдайды аузыма алуым керек пе. Пау, дүние. Не дейді, мына қайнаға! Қолымнан қағаз жазып берейін бе?

– Екі аяқтыларды зерттеп көрдік қой.

– Ал келдің, түсің қап, күйеу бала! Мені көрдім деп пе жарма. Қарындасыма да айтпа. Әйелдің құлағына сөз тисе, аузын жапсаң құйрығы сөйлейді. Түсінікті ғой.

Шәбек басын изеді. "Құтырғаннан құтылған".

Түнімен қос бүйіріне кезек-кезек аунап шықты. Қаншама [illegible] түс көрді. Түс дегеніңіз түс сияқты емес. Күндіз телеэкрандардан көретін шетел сериалдары сияқты. Бірде таудың төбесіне өрмелейді, бірде төмендегі сайға түседі. Жардың жиегіне жақындағаны кеп. Басы айналып құлауға сәл қалады. Енді бір сәтте көргені: иті шынжырынан босанып кетіп, тісін [illegible] қаншеңгел жақындап келіпті. "Кет" деп қатты айқайлап жібергенде [illegible] кереуеттің қырына [illegible] оянды. Көйлегін көтеріп, жан-жағына қарады. Мен [illegible] күй [illegible], ес жиды. [illegible] Жыландай [illegible]. Қараңғы, күн жорыққан қас батырдай. [illegible] ұйықтап [illegible]. Не дерсің, қыдыр атаулыға. Қайта [illegible]. Түсің бекер. Одан да шошқа [illegible] пе. Енді бірде ұлан [illegible] үстінде келе жатыр екен. Жанында Жанат. Кенет Жанаттың орнында Күпшейіл [illegible] пайда болғаны. Ол неғып жүр? Туа біткендегі әкесінің бесігінде [illegible] тұсқан [illegible] қой. Жаны көрсе [illegible] құдай көз [illegible] екенін. Оу, оның [illegible] бар емес пе! Кенет есікті біреу қаққан сияқты болды. [illegible] деп сөйлейтін [illegible] түрегелетін кеп. Тұрғысы жоқ. Созылып бірақ [illegible]. Шешесі болғанда "Тұр-тұрдан [illegible] келе [illegible] көтер" деуші еді, содан кейін. Ақыры есікті [illegible] басып, ұйқылы-ояу күйі есікке [illegible]. Арғы [illegible]. Ол [illegible]. Жанындағы [illegible]. Сонсоң есік қайта [illegible].

— Бұл кім? — деді Шыбек дауысын [illegible].

— Күпеу баба! Бұл мен ғой. Таулан[illegible]. Ал есікті. Жаңылдыңыз ба?

Шешесі [illegible]. Қайтадан [illegible] кеп тұрмасын.

— Әйелім мен балаларым машинада. Олармен сөйлесетін сөз бар...

Тағы жүрмелін тұр. Қайбір сау дейсің. Ішпесе басы ауырады, мұндағылар [illegible]...

Сонсоң Таулан[illegible]:

— Әй, ұйықтап кеткенсең [illegible]? — деген үні естілді.

— Е, жоқ. Жаңылдық па?

— Әзірге өрлеген ештеңе жоқ. Бол, сен іңді ал.

— Не дедің? Әзірге бүлінбесе де, әркім қынына айналып тұр ма?

Алдыңғы сөйлемін анық бастап, соңғы сөйлемін құмығып, сыбырлап бітірді.

— Ой, шөрту, бол енді, — деп ашуланған Таутан Ешкімнің ішін-жемеймін.

Дабылдан ілескі күшейіп зорая түсті. Бейқашықтағы жөнелді Таутан тарынан суы құлағынан келмейінше бол толып шықты. Әдеттегі өңі естіліп келген мезгіл.

— Жоғарыдан демейсің бе? — деп Таутан басқанда ағаған соң, мен деген сипреттен. Тіксеріп қарап шығып тұр.

— Тес... Балалар ұйықтап жатыр, — деп Шәбек сыбырлады. Бұл шіркін олардың анасының дүниеге күнге қыстарының, суға шомылып жатқанын қайдан білсін.

— Қарындасым қайда?

Бұл есі орнында тұрған көкайдан өрген қараңғыда әлі есіктен түс көрсетті. Ол ауыл басында қашып тұрды да, кенет үйге кіріп, шошып одан ағаны Таутанды бас салды.

— Түсірдің, қаңғырып!

Ол не бес баланы сөбелеп жүр екен, әлде қалай үй ішінде жалақ шықса. Таутанды қан көтерген тек қолдасының басын жүре бермесе не қылсын! Өкпемен тұрып Таутан өзін кетпеген емес тауып түсіп, төбеге айналып кеткендей.

Қазір демікпеді. Міне күйеу баламен сөйлесетін сөз бар, — деп отырмын.

— Күннің ортасында неге шерін тоғып кетті. Онан да көкейіндегі бір жұмбақ ойы текке бара жатыр десеңші, — деп әлі. Таутанға бөлек тонынан алғашқы сөзі Шәбекке көмектесіп, әлдеқашан мақсатын ойлап қайта тұрар еді, міне қалжың.

— Күйеу бала, бәрін тыңдарын әкеле жатырмын. Енді де бөлмейсің бе? — деп осы сөзі Таутан.

Оған қызық жігіт екенсің.

Шәбек басын шайқап, зорға күн кешті. Тіпті, қараңғыда [illegible] жата бастады.

– Жеңгей, ағайға айтыңызшы. Мен ешкімнен ет алмаймын. Ниетіне рахмет, - деді. Сорлыға қу сөз тисіннің кері, қара әйел Таутанның ығынан жұла тартып жолға салды.

– Әй, естідің ғой. Түс алдыңа. Сенің балаң күйеу-баланың мектебінде оқымайды, - деп тілін безеп салды.

– Мигұла, өстіп жүріп бір күні арандайсың сен. Күйеу бала тауып алуын мұның...

Қарлығыңқы да, қатқыл сөз көпке дейін құлағында тұнып тұрып алды.

* * *

Өмір өзені баз-баяғыдай бір қалыпты ағып жатқан. Сабағын беріп, мектептен оралған Жаңылдың жаңалығы бұл тымық күйді оп-сәтте өзгертіп салды.

- Алматыдан Көмекбай аға келіпті. Теңге тәтем бірге екен. Сабыр ағасының үйінде жатыр дейді, - деді ол киімін төргі үйдегі шифоньерге іліп, жаңалығын жалғап. – Сол кісінің арқасы ғой, бәрі.

Шәбек әйелінің сөзінің төркінін бірден ұқты.

– Рас-ау, - деді сонан соң.

– Қолға түсті, болем. Енді уыстан шығып көрсін.

Жаңыл күйеуіне таңдана көз тастап, бір орнында қалшия қалып еді, бұл:

-- Несіне бажыраясың? Танымай тұрсың ба? – деді.

Қазір Ұланбайдың көк тұлпарын мініп де Қапсадан құрдасқа барып бір нар қойды әкеледі де сояды. Иттің шақайына бұйырған дәм бажаның аузынан түсіп қала ма. Кешке қонаққа шақырып қой. Біреулер алдыңа түсіп кетіп жүрер, - деді әйеліне.

Іздегенге сұраған. Жаңыл жарылқады да салды. Жауап орнына басын изеп есі шықты.

Бәрі ойлағыдай, қой да әкелінді, сойылды. Бас та үйтілді. Бажасы мен қайынбикесі Теңге екеуі кешке қарай босағадан аттайтын болды. Жаңыл үйін бүтіндеп, жақсысын жарқырата қойды, хрустальдар мен құрақты көрпелер өз орнын тапты. Қонақтарға киігізер киім рет-теліп, жасалар табақтар жөні талданды. Қалай дегенде де Алматыдан келген үлкен ғалым, біржағы ақын, кім көрінгеннің үйіне бара бермейді. Бәрі Жаңылдың

институтка түсуінен басталған. Қойын, қантын, ақшасын теңдеп жүріп бітірді-ау, әйтеуір. Теңге осы ауылдың қызы ғой. Алыстан ағайын. Күйеуін "іске" қосты. Ақшасы құрсын-ау, ағайын тапқанын айтсайшы. Онан соң Жаңылдың сіңлілері жағалады, ол үйді. Олар да адам болып, бір-бір байдың етегінен ұстап, ел қатарына қосылды.

– Біздің балдыздар пысық, қылықты, - дейді Көмекбай ағасы Шәбекке кездескен сәтте күлімсірей қарап. – Осылар болмаса біз қартайып кететін шығармыз.

Шындығында, Жаңылдың қыр мұрынды сұлу сіңлілері кезінде кімнің кокірегіне шок түсірмеді дейсің. Үлкен ғалымның дәмесі зор. Бұқаның өзі қартайса да мүрны қартаймайдының кері ғой. Әйтпесе, жетпісті алқымдады ғой. Шәбек ойымен арпалысып отырып шыр еткен телефоннан селк етті. Қырық қабырға, отыз омыртқа атанған Есен құрдасы екен.

– Әй, сабақ қайда? – деді әлгі зіркілдеп.

– Үштым, - деді Шәбек.

– Осы сен-ақ ұшынып-қабынып жүреді екенсің.

Иә, бәрі жөнімен еді. Жаңылдың қырсығы – атан түйеге жүк. Сабақ ортасында кезекші мұғалім телефонға шақырған. Барса, өзінің құдайдан сұрап алған жекеменшік әйелі. (Басқа әйел болып көрген емес)

– Масқара, құрыдық! – деді дауысы дірілдеп.

Әлде не деп қамқорей сөйлесең, еңіреп қоя беретін сияқты.

– Не болды? - деді бұл.

– Үят-ай, өзім де нағыз сорлымын ғой.

– Тағы нені бүлдірдің? – деді Шәбек кекетіп.

– Күл, күл. Әйтпесең, Шәбек болармысың. Әй, Шәбек! Әлгі қойынның басын ит алып кетті.

– Не дейді?

– Сөйдеймін. Қаптатып ит асыраған сен ғой.

Шәбек жарылып кетудің аз-ақ алдында қалды. "Өле жатып өзіне жабысады".

– Қойған жеріңді дұрыстап қарадың ба?

– Әлгі қара қаншық тастамай алып қашып кетті.

Бұл екі ортада қоңырау да шылдыр етті.

Шөбек мотоциклімен үйге қарай ұшты. Бас болмаса берген тамағын түкке тұрмайды. Екі-үш бөтелкенің басы көрінсе ме... ауылдың алақ-мынауы емес. Оның үстіне кешеден бері Жөмекбай ағасына берген тамағы осы.

Оның-ай, осы заманның әйелі де еркектен былай кетеді-ау. Қақпаны ашып қарсы тұрды Шөбек кіріп келген сәтте. Жаңыл түрегеп орнынан бір толқып кетті.

— Мен кеттім, — деп Шөбек кері бұрылды.

— Іш жарыңа ақша бер.

— Өзің қайтесің? — деп үрке қараған Жаңыл.

— Арақ ішпеймін.

— Пау, не деген мына жаңалық?

Бет шымшып, сол қалпы тұрған әйелі сөз төркініне мән берер емес.

— Қонағыңды шақырып қондыр жоқсың ба?

Шөбек әйеліне айып етті.

— Бас тауып келемін, тамағыңды сатпай тұра тұр.

— Содан кетсеші.

Күлелім де Жаңыл кәрсекенің қалтасынан мың теңгелік көк қағазды суырып алып күйеуіне ұсынғанын да сезер емес. Өз қалтасынан басына түсер осыдан бір сәттер бар ғой.

* * *

"Сабақты ине сәтімен" дегендей, құлан қотан. Таң ап үйінде екен. Барлық бөлменің басынан көтере торылған жатыр. Өнер қазан-ошақ басында әлденеге шұқшиыпты. Шөбектен сескене аяңдасты. Бірақ жабар етікпен, теріс бұрылды.

Қапшағам қайда? — деген Шөбектің сұрағына есуас дауыспен үндей түседі. Ақам — депті. Кеше түнде тұрбектің шықпаған, тұрып алған бала, кім білсін, жеңгесі әйелі ата шешелеген сырқа шығармай бойына жинап алып, жарылуға шақ отырған сияқты.

Бір нәрсені біліп жүрген-ау, қапшаға. Ұрының әйелі шығармаса болмаса керек еді, — деп күбірледі Шөбек. Өзінен кейін түскен күн қарындасы үйдің берекесін алған. Жаңағы үстелдің үстінде ерте мәнісін ішіп ...

[illegible]

– Ой, менің сен [illegible] – деп күңк етті.

– [illegible] жоқ, – деді [illegible]

– Дұрыс. [illegible]

– Амин. [illegible]

[illegible]

[illegible]

– Ой, қара [illegible]

– Қара [illegible] – деді [illegible]

– Басым [illegible] барады.

– Бүгін [illegible] екен.

– [illegible] мені [illegible]

– Айтсам, [illegible]

[illegible] қарады.

– [illegible] керек, [illegible]

– [illegible]

[illegible]

– [illegible] керек пе?

[illegible] қарады. [illegible]

– [illegible] – деді [illegible]

– Нені?

– Басты.
– Кімнің басын?
– Қойдың басын.
– Не дейді? Кешегіні ме? Хромой баран после обеда мо говарит.
Таутан көлімгідей ашуланып қалды.
– Сонша жалындым кеп. Алмадың. Кеше ыза болып далаға лақтырып кеттім. Саған сонша не жаздым? Бар жазығым ал дегенім бе?
Таутан күңкілдеп үрейін ала жөнелді.
– Құрттың, мені қайнаға!
Таутан Шобектің жүзінің сұрланып, танауының қусырылып кеткеніне таңдана қарады да кенет:
– Әй, басты сатамын, - деді мырс етіп.
– Аламын. Уһ, - деді Шобек күрсініп.
– Саулда сақал сипағанша.
– Күп болады.

* * *

Жаңылдың берген көкқағазын қара қойдың басына айырбастап, Шобек ауылға жеткенде әнеді есік алдында ары-бері теңселіп жүр еді.
– Әкелдің бе? - деді күйеуінің қарасы аңдалайдан көрінгеннен мәре-сәре боп дауыстап.
– Мә.
– Жарадың, шалым.
Күйеуіне деген алғысын айтып тауыса алмайтындай күйде екен Жаңыл.
Бүгінге дейін талай қонақта болып тәжірибе "жинаған" Көмекбай қара қойдың басын мейлінше мүжісін кеп. Құдды сонда басы қалғандай. Уақыты созылған сайын Шобектің де шашы ағара бастағандай. Қазақ дегенде "Ұрының арты қуыс" деген бар емес пе.
– Әу, бажа. Мен бір нәрсеге таң қалып отырмын, - деп бас сүйекті бір жағына ығыстырып, қолын орамалмен сүрткен Көмекбай. Шобек көзін жыпылық-тата бажасына қарады. Құлағына шейін қызарып кеткен болар. Ұялғандағы әдеті қой.
– Мына бастың дәмі өзгеше бөлек.
– Не дейді? - деді Теңге жұлып алғандай.

– Осы сенің ішіне-ақ бөрпек ойнап отырады екен. "Әй, пәтшағар, мына поле қойдың етін біліп қойды-ей. Нағыздың өзі екен. Денесі таудың, басы құмның жануарынікі. Рас. Бір қатесі жоқ". Шәбек ұрланып Жаңылға қарады. Ол да әзер отыр екен. Қасын қағып-қағып жіберді. Онысы "Шикілігін шықты, Шәке! Байқа! Желкене қылыш тақаса да шыныңды айтпа. Масқара боламыз" деген белгісі еді, бұл. Сонан Шәбек өзінен өзі күңкілдей жөнелді. "Әй, Жаңыл! Несіне жасырамыз-ей, ә? Қарап отырсаң, елдің бәрі ұры. Таудан ұрлады басты. Көмекбай мүжілі. Яғни ұры емес пе! Ұры. Ойпыр-ай, қазақтың қара қойын, СССР-дың ақ қойына айналдырған ғылым өзі емес пе еді. Енді кеп өзі мойындап отыр. Сөйтті де жын ұрған адамдай қарқылдай күліп жіберді.

– Көмекбай аға, сіз нағыздың өзісіз. Білмейтінді білесіз, - деді. Үстел басында отырғандар аң-таң.

## ШҰБАР ТАУЫҚ ЖӘНЕ ОН БАЛАПАН

Бұл өмірде аттап кеткен жеріңнің бәрі әңгіме. Бұрынғы мектеп директоры Ғазиза қызметтен босап, Алматыға көшкенде орынбасары, оқу ісінің меңгерушісі Қазақбай бір саты жоғарылады. Ханның тағы демесе де есепшілік штаты, дөңгелек мөрі бар жайлы орын. Елу-алпыс мұғалімге басшы. Өткен де, кеткен де бір көкпар ғой. Жас жыңғылдай қызылкүрең шағы. Екі тізгін бір шылбырды қолына ұстағаннан соң, бітпейтін күйбең таусыла ма? Бұл да соның бір шарғысы. Енді Қазақбайдың орнына кім отырар екен деген сөз шықты. Кандидаттар жетерлік. Баяғының күні келсе, қамшыны ортаға тастап, әділдікке жүгінер еді, бүгінгілер ондай емес. Таласып әлек. Салмақтап қараса басқалардан бұрын ауызға ілінері – Сақыпжамал. Арлан тазыдай арбиған еркек сияқты, сүйекті кісі. Кәрі сиырдың қылша сағағындай мойны қырыс-қырыс, жүзі әжімге толы, көзілдірігін тастамайтын, есіл-дерті мектепке ауған, бастауыш сыныптардың завучі. Қазақша тарапсақ, оқу орнының отымен кіріп, күлімен шығуға тайынбас

[illegible] Бірақ [illegible] тартпақ [illegible] менің [illegible] ем. "[illegible]" деселен [illegible] шығарған бұрынғы мен. Мінеки [illegible]. Расында "[illegible]" [illegible] "[illegible]" деп. [illegible] жүрегі [illegible] менсінбей [illegible] бастапқа Қаныйбаңды [illegible] бесікпен басы [illegible]. Сонымен кейін сенің не болар екен деп жүргенде, күн кеше ана шеттен бірі келген жап-жас мұғалім Шоқанның [illegible]. [illegible] бірге [illegible] күн [illegible] мен [illegible] шүбәр [illegible] деп [illegible] балалар [illegible] жүріп бастады.

Шоқан содан бері өткен-кеткен [illegible] сарайдан үнсіз [illegible] қалды... Мезгілсіз келген жұбаны Жанды мен.

Шоқан, мен сізге бір нәрсе көрсетейін бе? [illegible] деп.

Маңұ[illegible] – деп бұл [illegible] [illegible] Шоқан [illegible] Жанды [illegible] күн [illegible] [illegible] бетінен [illegible] [illegible]. Жанды [illegible] кара кү[illegible] жіберіп [illegible] [illegible] [illegible] қарады.

[illegible] сонан [illegible] [illegible] қара. [illegible] [illegible] [illegible].

Қанеш?

Шоқан [illegible] қарады [illegible] үнсіз [illegible] [illegible] жымия [illegible].

[illegible] жұмарқасайның [illegible] ма. Бұл [illegible] басының [illegible] екен. [illegible] кім [illegible] шүбәр [illegible] бер, [illegible] көресің [illegible] деп.

– Оның кәсебін қайдан білдің? – деп [illegible] таңқалған Шоқан.

[illegible] айтты.

Жанды [illegible] бұрылды.

[illegible] кітабына [illegible] кім соңы?

Жаңылдың аузы томпайып, теріс бұрылды. Шаралы көздеріне мұң қонақтай қалды.

– Бәсе, бұл енді өстіп кербақтырады, - деді сонан соң бұрк етіп. – Кәмила Ахметқызы әкеп берді.

– Солай де...

Шоқан үнінің қатқыл шығып кеткенін өзі де байқамай қалды.

– Несі солай?

Шоқан райынан тез қайтты. Келіншегінің жаңа туған жарты айдай қиықша келген жіңішке қасының астынан мөлдіреген қарақат көздеріндегі жас төгілейін деп тұрған таңғы шық сияқты екен.

Үніне зіл салса ернеуінен асып кетердей. Пиғылдың шеті қылтиып тұрған соң не дерсің. Сонда да ойын жұта алмай, келіншегінің төсін теуіп тұрған кеудешесінің қос омырауын қымтай:

– Дүниеқоңызым менің, - деп еркелете жымиды да, сүйкімді мұрнының ұшын қысып қалды. Алғашқыдаақ Шоқанның жүрегі шым етіп, қу жаны қоныс таптырмаған. Ойпыр-ай, кәрі қасқырдың пәлесін. Айтарың болса айтарсың, айтарың болмаса қайтерсің. Ұстаған жерін... "Тауығыңды алып кет" десе ше? Ұсақ-түйекке қараған қатынбасша атанады. Болар іс болды, бояуы сіңді. Шоқан умасына бөгелек жабысқан малдай тыпыршыған да қойған.

Ағыбай батыр көшесіндегі бес-алты үйдің әңгімесі шұбар тауық пен он балапан төңірегінде басталсын да кетсін. Жаңылдың да ақылы бар екен, тауықтарды қайдан алғанын сұраған Қуаныштың Күләшіне "Көкшетаудегі ағам әкеліп берді" депті. Онысын Шоқанға сыбырлап ескерткен. Еш алаңы жоқ, жымия күліп жүре беретін, момын да ерке келіншегінен мұндай тосын тірлікті күтпеген Шоқан Жаңылға риза еді. Онымен қоймай, өзінен: "Сойте-сойте адам боласының" айтып "тістеп" алды. Ерте тұрып енесінен үйренген әдетімен, сары самаурынның отығына сексеуілдің шоғын салып, шай қайнатып, мұрнының ұшы терлеп, денесінен түгін иісі бұрқыраған Жаңылды шайтан түртті ме, кейінгі кезде тіпті мақтан керіп, көрші-қолаң ортасында асыптасып сөйлейтінді де шығарыпты. Сонда не дейді, сұлу

келіншек?" Шұбар тауық – нағыздың өзі. Балапандарын шашау шығармай жанып бағады. Бау-бақшаға да жоламайды. Құдды әлдекім үйретіп қойғандай. Есіктің алдын саңғырып былғамайды, көбіне аулаға жолағысы жоқ. Қора маңынан ұзамайды. Көршінің әтештеріне жақындамайды. Күләннің қызыл қоразы жанынан шықпай жүр. Жаңылдың есебінде қораз шұбар тауыққа ғашық. Балапандарды өз баласындай еркелетеді. Адам да, тауық та екі аяқты ғой. Айырмашылығы үйленіп, отау құрмағандығы". Осыдан бері Шоқан шұбар тауықтың иесін жек көріп кетті. Кәмиланың адам сүйер қылығы бар ма? Шұбар тауықтың синонимі. Жаңылды көрсе, шонайнадай жабысады. Шыны керек. Шоқан әлдекімді сиқырлап жатқан сиқыршыны көргендей болады. Ішінен кіріп, сыртыннан шығады. Қалай ғана анау Рахымдай жігітке тиді екен. Өзі сөз айтып, айналдырып алған дейді ғой. Зейнет жасына жақындаса да, құр атқа мінгендей шпрақ. Қу бастан қуырдақ шығаратын ақыр заманның әйелі. Содан ба, Шоқан Кәмиланы көрсе кірпі көрген жыланның ысылын естігендей күй кешеді. Өзіне қаттырақ сөйлесең екі иығын жұлып жеп, құрыққа сырық жалғап аудандық әкімге баратын сияқты.

Бірде кімді ойласаң сол келеді демекші, есік қағылып, Кәмила кіріп келді. Салдырлай сәлемдесіп екі иінінен демала, күрсініп барып орындыққа отыра кетті. Бөлме ішін сол үнсіздік басты.

Бауырым, - деді сонан соң иегін көтеріп. – Ресмиліктен гөрі қарапайымдылықты ұнатушы ем. Өтінішем бар. Шоқан қалай екені белгісіз, жерден басын алмады. Әлдеқандай зіл кеудесін басып, тұралатып тастағандай күй кешті.

"Құрметті апай, бұйымтайыңызды қысқарта айтыңыз. Жұмыс көп. Сөйтіп, үйіңізге қайтыңыз" десе ше? Көз алдында шұбар тауық пен он балапан қыт-қыттап тұрып алсын. Кәмила қойлы ауылды алыстан торыған бөрідей орағытып, ара-арасында Қазақбайды мақтап алып, ойын суыртпақтап жеткізді.

Шоқан Күлшебайұлы, - деді Кәмила. – Бәріміздің ілеп отырғанымыз бір терінің пұшпағы. Қарттар кетіп, жастар келіп жатыр. Сиыр күйсейтін, жылқы жусайтын

кезді білетін уақытқа да келдік. Түнгі оттай алдамшы өмір болған соң, екі аяқтының пенде атануы кәнігі жайт. Әлдене деп артық айтсам, алдын ала ғафу өтінемін. Шоқан тырс үндемеді. Кәмила қарасудан қаймақ алғандай қып, қара сөзбен әлілдіктің жолын тапқандай сөзін бұйымтайға әкеп індетті де, сәл уақыт үнсіз қалды.

– "Әкеңнің өлгенін жасырғаныңмен көмерде қайтпексің" демекші, айтпағым, биылғы жылдың ары берісінде зейнетке шығады, мына мұғалімің. Түгел сөздің түбін қозғамай-ақ қояйын. Маған бір жарым жүктеме беріңдер, - деді Кәмила сонан соң сөзін індетіп.

Жауап орнына Шоқан басын изеді. "Кәмиланың мысы басты деген осы. Қырылып қалғыр, шұбар тауық пен он балапан. Әй, Жаңыл-ай. Дүниенің ақ-қарасын айырмай, торға түскені-ай. Енді мұның ісі жон, сөзі алға басады. Ау, осы Кәмиламен менің жұлдызым неге қарсы? Бүлдірген ештеңесі жоқ сияқты елі ғой. Иә, сөйлеңсің. Нағыз өзі..."

– Рахмет, айналайын, - деді Кәмила орнынан тұрып. Сонан соң бір басып, екі басып үстіне үнірейе кеп тоқтады.

– Айналайын, келінге сәлем айт, - деді сонан соң. Бұл тірлігінен Шоқан: "Сіз, біз" деп сыпайы сөйлесейік. Берулі де, алулы да білетін адаммын. Осы тірлігің маған ұнайды. Мен ешкімге айтпаймын. Сен басқаға білдірме" деген қисынды ұққан сияқты. Әйтпесе, сәлем айтатындай, Жаңыл екеуі бір ауылда тұрып, бір мектепте қызмет істеп жүрген жоқ па? Кәмила аяғын сылти басып есікке жеткенше көзімен ұзатып сап, Шоқан "ух" деп күрсінді. "Қатырып кетті... Осы жұмысымнан арыз беріп босағаным дұрыс шығар, бұлай болса..."

Кәмиланың жиырма жеті сағат жүктеме алғанына Қазақбай да қарсы болмады.

– Құдай кеңін салса, биыл бұдан да құтылатын шығармыз. Арыстандай күшің барда түлкідей ісің болсын деген. Тек анау төменгі сыныптардың ботаника, зоологиясын бер. Жоғарыға жолатпа. Оған қонбесе маған жібер, - деп сөзін қысқа қайырды. Міне, "Ебін тапқан есерге, ердің күні түк емес" деген осы. Қазақбай Кәмиланың институтын сырттан бітіргенін біліп отыр.

Ойпырай, бетіне келер уятты өзі біліп жумайтындар неге сонша көп? Көмила өз ісіне жетік емес екенін сездіргісі жок. Қазакбайға "аш поледен кап поле" деу дұрыс. Окушының білімінің саяз, терені олар үшін түк емес. Ау, сонда Шокан сен де солардың катарына косылғаның ба? Ау, аспанды алакандай, жерді тебінгідей жасайтындай сонша несіне дегбірсізденеді. Сабак текке өлгенше, балаға себі тисін. Ия, солай. Ертеңгі күні тексеруші келіп, мұның не десе айтар лажы да осы. Ана Қазакбайдай сабырлы бол. Қазанның құлағына таласкан күндес катындай, ұртымыз толып, бұртысканның жөні кайсы? Бәрі орын-орнында.

Жаңылдың жағасы жайлауда. Мектепке барып, сабак беріп келген соң жасайтын екі тірлігі бар. Алғашкысы балапандарын енді-енді шығара бастаған шұбар тауыктың жай-күйін білу, балапандарды "әуреле у". Одан калса бір үйден кіріп, бір үйден шығу. Көршілердің бірінің бірі кай есіктен кіріп, кай есіктен шыккан төбесін көріп отыратын әдеті. "Тең-теңімен, тезек кабымен" дегендей кызыл сөздің үкілеген жүйрігіндей сілтейді кеп. Ара-арасындағы үзілісте "Әу, кісім кеп калып, ұрсып жүрмесін" деп есік жакка бір карап кояры анык.

Бүгін де Жаңыл Күләндердің үйінен "жығыннан" келеді. Сүйкімді әйелдің күлкісі де сүйкімді. Бүкіл сипатында бейкүнә әсемдік пен бұзылмаған мөлдір сүйкімділік тұнып тұр. Қалай ғана кызыкпасын. Оның үстіне әйел заты бойына ұрпак біткенде тіптен сұлуланып кетеді емес пе. Жаңыл Шоканды күйеуі күлды алыстан келгендей сағына карсы алады. Ашаң жүзі ак жаркын күйдің салтанатын құрып, әлде неге себепсіз асыккан бойжеткендей. Жаңыл күйеуіне жакындай бере жылдамырак басып келіп, ашык тұрған құшағына құлай кетеді. Бір-екі сағатка бола күйеуін осыншама сағынып калғаны ма?

Шокан үстелді бір койып калып орнынан тұрды. "Бұл неткен енжарлык... Мактамен бауыздағандай жасады-ау, мені Көмила. Мұрнын тескен тайлактай жетеледі-ау..."

* * *

Жаныл мәз. Шұбар тауықтың жұмыртқа басқанына бүгін үш күн. Күләннің айтуымен жылы ұя жасап, "бөпелерін" қлеттің қараңғы түкпіріне көшірінті. Бұл соңғы хабар. Сонан кейін, айналасы екі-үш күнде есейген он балапан көресіні көрсетті-ақ. Тұяғын сыңғырлар, үйдің іргесінің борін ойып, астан-кестеңін шығарды. Қызарып келе жатқанда бақшаға кіріп кетіп, қызанақтың түгін қалдырмай шоқып тастады. Құсайынның бақшасына су жүретін құбырдың ішімен кіріп кетіп, көршісінен сөз естіді. Лақтырған доннан ба, кім білсін, бір балапанның аяғы ақсап. Жаныл үшін сарыуайым болып, шодырайын бітті-ау, әйтеуір. "Сынықтан басқаның бәрі жұғады" дегенді ата-бабалар тегіннен-тегін айтпаған. Мына шұбар тауық пен он балапан тура иесі Кәмиладан бір аумайды. Пау, байқамасаң, аузына ала берген наныңды ала қашуға бар" деп күлді Жаныл.

– Тура солай, - деді Шоқан.

– Ех-ей, жамандама, жеген жұмыртқаны қайтесің, - деді Жаныл қалжыңдап.

– Тауығы құрсын, жемісім де жетеді, - деген Шоқан тайталасып. (Әңгіменің түрін қара).

Бұл көшелегі оқшау торт үйдің өзіндік ерекшелігі бар-тын. Көрші ақысы дегенді ту қып көтерген өңшең күйеулері құрдас, әйелдері ерке сырбаз, нағыз құдай қосқандар. Сатпан сынық сүйем ажырамаған, бір жылы туғандар, түге. Ту қып ұстаған тірлігі – еңбектен қалмау. Шоқан сонау күнгі жайтты есіне алды. Кешеу көктем де торт түгін үй жанындағы бақшаға жарыса жеміс салды. Бір ай жарым өткен соң қызыл шірде торт үйдің әйел-еркегі бір-бірінің бақшасын қараудан өткізіп, "емтиханын" бастады. Өзінің байқауынша, торт үйдің де аптапқы боп жел тартып гүл тастайтын бөріренi бойынша Шоқан озып тұр. Тіпті кішкене баланың әтшіміндей түйін салғаны да бар. Сойткенде Қуаның көршісінің өз бақшасына кіріп кетіп, бөріреннің жемісін аралап жүріп, көршілерге жаңа пікелерін:

– Дәмін татыңдар, - деп ұстатқаны гой.

Шоқан:

ғой, жоқ сөйлесең шын көбеймей, - деп қатқан.

Жемге баншы қалайды, - деп өктемшіл көршісі. Аузына құм құйылған соң не десін: "Ойпыр-ау, күні кеше ғана енді-енді гүлдей бастаған бөдіренi, қалай ғана екі-үш күннің ішінде жеуге жарап қалды" деп күбірлей берді. Сөйтсе, қызықты қараңыз. Бәсеке деген осы. Қуанышының да шикі себебі бар екен. Ешкімге байқатпай, аудан орталығына барып ұйғырлар әкеп сатқан бөдіреннен бес килосын сатып алып келіп, "емтиханның" басталатынынан сәл бұрын, ерінбей желістің әр бұрышына бөдірендерді тастап, қайткен күнде қарсыласынан озудың амалын қарастырған. "Баланы үйдің ұрлығы жатпайды" деген осы. Жалғыз ұлы Қайраты әкесінің сырын ашып қойғаны, күлетін шаруа. Бірақ, шұбар тауықтың хикаясының мән-мағынасы бұдан басқаша.

Бір күні Комила ойда-жоқта кіріп келді.

- Бауырым, түскі тамақты біздікінен іш. Қазақбайға айттым, - деп сыбырлай өтініш айтты. Басқалар естімесін дегені шығар. Шоқан басын изеді. Астан үлкен емес.

Комила қонақтарын барынша күтті. Бірақ, дастархан басына буы бұрқырап қазақтың жерік асы — ет келген жоқ. Десе де тойып ішті. Комиланың күйеуі нағыз шебер аспаз екен. Көк шөпті турап салып, кілегей қосып, турамның ет араластырып жасалған көжесі тіл үйірді. Алғашқыда сынайылағанмен артынша терлеп-тепшіп соғып алды. Қазақбай талай сойқанды көрген көкселдың өзі той. Қозықарнын сипалай отырып, Рахым мен Комиланы мақтаумен уақыт өткізді. Ішімдік атаулы үстел үстіне қойылмады. Шоқан арақ күйса да әлі пысқылей қапшылеп, жанына жақындамас та, аузына тип алмас та еді. Оның да шұбар тауық "жырына" көк көже қосылып тұрғанда...

Артынша Комила да Шоқанның қадамын алыска ұзатқан жоқ. Күн өте Шоқанның есігін қағып кірді.

- Бауырым-ау, әпкеңнің көрмейтін көзі жоқ емес. Өтіп жатқан сабақ көп, тек сөз болып жүрмесін, - деп өрге көрді. Көкірегіне ит өліп қалған жан емес. Шоқан бәрін түсінді. Бұл мектептегі жарты мұғалім ауылдың әткамінерлерінің әнешелері. Бір-бірімен ауыз жаласқандар,

түге. Нағыз сыбайлас жемкорлықтың ауылдағы үлгісі. Шолакетектердің әйелдеріне: "Сабағыңды дұрыстап өткізсеңші", "кешікпегенің жөн" десең ерке қатындар шиқанының аузы жарылғандай өкпелеп, үйінде "ауырып" жатып алады. Дертін тауып, анықтамасын дос дәрігері дайындап береді. "Қиратып ал" дейді әлгілер. Соры қайнайтын баяғы Шоқан. Күнделікті сабақ кестесін ары-бері түзеп есі шығады. Сабақтың да "өліп" жататыны солардың кесірі. Қазақбайға бәрі бір. Мектебі жылы, көмірі мол, айналасы таза болса бітті. Ол айтпақшы, оқудың директоры – Шоқан.

Бұл жолы да Кәмиланың "қисыны" ойдағыдай шықты. Көк көженің дәмі, шұбар тауықтың шиқылы қайдан естен шыға қойсын. Хатшы қызды шақырып алып, Кәмиланы іздетті. Іздегенге сұраған. Алып-ұшып, әп-сәтте жетіп келді. Болар істі айтпай ұқты. Көздері үлкейіп, шарасы дөңгеленіп кетті.

– Сабақ текке өлгенше ботаника мен зоологиядан үй тапсырмасын орындатқызайын, - деді Кәмила күлімсіреп. Ұялған тек тұрмастың кері.

– Өте дұрыс, - деді Шоқан.

Кәмила шығып кеткен соң бұл жатып шамдансын кеп. Ау, неге ғана Кәмила Ахметова "өліп" жатқан сабақты "тірілту" керек. Мәссаған! Сен жақында алжисың, Шоқан! Сөзі түсініксіздеу, күңгірт болғанымен Кәмилаға айтарын айтты. Енді ақиқаттан аттап, пәленшенің орнына дәріс өткізді деп сағат жазады. Үкіметті алдайды. Қылмысқа барады. Пау, не деп отырсың, Шоқан Күлшебайұлы! Қармаққа түсті деген осы...

Енді бір әйел заты жүректің отын маздатады кеп.

– Мен саған не дерімді білесің бе? – деді Жаңыл.

– Айта ғой.

– Шұбар тауық тағы да он балапан шығарды.

– Солай ма.

Сөйтті де Шоқан әйелінің жұмсақ шашынан еркелете сипады. "Е, бұл "батырың" ішіндегі тыпырлаған бөпесін сағынып жүрген жоқ па екен, ә" деді іштен күбірлеп. Әйел жаны осыншама нәзік пе ең?

– Қане, шөжелерді көрейік, - деді сонан соң терезесін қараңғылап қойған қораға бастап. Мұнысына жұбайы жаны сатты.

— Өздері керемет ойынпаз. Көресің әлі. Тура бар ғой, анау үлкен шөжелерден де тентектігі асып түседі.

— Нағашысы Кәмилаға тартады десеңші, - деп Шоқан мырс етті. Жаңыл шала бүлінe жаздады, тек сонау жолы өзінің "балапандар иесіне ұқсаған" деген сөзі ойына түсіп, ішін тартып, үнсіз қалды. Табиғат дегенді қойсаңшы. Он шөженің бәрі де сап-сары. Сүп-сүйкімді, әне біреуі кәдімгідей-ақ құмырсқа қуып жүр. Тамағын табуға ерте ойланған паруардигар. Шоқан жымын етіп әсерлене күлді де, Жаңылға қарады.

— Әлгі Кәмила әпкеңе сағат қосып бердім. Ендігі мектепте өтпей қалатын дәрістің қожасы сол, - деді.

— Рахмет, - деді Жаңыл бір балапанды қолына ұстаған күйі.

Бұл екі ортада балапанын қызғанған шұбар тауық жатқан ұясынан ұшып кеп, Жаңылдың басына қона кетсін. Онысымен қоймай тұмсығымен шоқып, қанатымен долдана сабалап жөнелсін. Жаңылдың әлде не деуге үні шықпай бұға берді. Қапелімде көмекке жеткен Шоқан долы құсты келіншегінің басынан жұлып алып аулаққа лақтырып жіберіп, тауық қанатын қомдап құжірейіп, қайта ұмтылғанда, есікті жауып үлгерді. Шұбар тауықтың бар екпінімен ішкі жаққа соғылған дыбысы естілі. Шоқан осы сәтте Жаңылдың әлгіндегі бір сәттегі күйкі тірлігін еске алып, дауыстай күліп жіберген. Жаңылдың көз жасы сорғалап қоя берсін. Шыны керек, Шоқан жұбайының осы бір момақан кейпінен айрылып қалармын деп, қимастықпен қарап тұрған. Адам бойындағы мөлдірлік пен адалдықтың бейкүнә сәті жиі көріне де бермейді ғой. "Пай-пай, осы момындығың ғой, Кәмиланың сені қармағына түсіргені. Қаранnetworkст жандар өзінің ынсабы үшін момындардың мөлдіріне тас лақтырып неге лайлайды екен, ә? Пау, дүние". Шоқан құшағын аша кеп, келіншегін жерден көтеріп ап кеудесіне басты.

— Шұбар тауық, убай, - деді Жаңылды мазақтап.

— Иә, шұбар тауық, убай, - деді Жаңыл да күйеуінің сөзін қайталай еркелеп. Сөйтті де үйпа-түйпасы шыққан шашын дұрыстап, бет-жүзін алақанымен сипап, тырнақ ізі түсіп қалды ма деген қауіптің ақ-қарасын анықтады.

Кәмила үдеп салды. Ай сонындағы бухгалтерияға берер тәбілді Шоканмен бірігіп жасайтынды шығарды. "Бишара женелі, бсйбақ көнедінін" кері. Кәмила түк білмегенсін есіктен енеді де:

– Исабаева нағыздың өзі екен. Сабақ өліп жатқанында шаруасы жоқ. Ен құрмағанда апталық жоспарын да әкеп бермеді. Жайнабекова одан да өтіп кеткен. Мектепке келгісі жок. Оқу басталарда жүктемем аз деп жылайды. Мақсаттарына жеткен сон өтірік аурудан колы тимейді. - дейді.

Шамасы Шоқан өзін қостасын деп ындыны құрып отырады. Бірақ Қазақбайдын орынбасары катып қалған адам. Нағыз кырық қабырға, отыз омыртка. Құлық ойлаймын деп шыр бітпеген. Әрине, бұл Кәмиланың емес, Шоканнын өзін-өзі мойындаған ойы. Жала бар жерде, пәле бар. Дау біреу болғанда сөз екеу. Шоқан жоламайды.

– Зейнетақымды қолыма алған күні арызымды жазып, мұғалімдігімнен кетпесем көр ле түр, - дейді Кәмила алыстан орағытып. Шоқан да психолог. Кәрі тарланнын ойын біле қояды да, тезірек істі індетуге кіріседі.

– Иә, өтпей қалған сағаттын саны мынанша, онын онаншасы сіздікі. Ән-күй мен дене шынықтыруды сізге бере алмаймын. Пәле салудын да, жала жабудын да сан түрі бар. Тек жүрсен, тоқ жүресін, - деп Шоқан Кәмилаға қарап жымиды. Екеуінің бірін-бірі алдаған түрі. Бір де бір. Жоққа жүйрік жетпейді. Буынсыз жерге пышақ ұру жон емес.

– Рахмет! – дейді Кәмила.

– Таныған алалы, тапқан қуаналы, - дейді Шоқан біздей тілімен аямай сүккылап. Бұған не дерсін. Өмірдің өзі шимайланып, бүктетіліп, жыртылып жататын қағаздай гой. Бүгін бар, ертен жоқ дүние. Кәмила кеткен сон Шоқан өзінен-өзі жасаған тірлігіне мақтанып, бөлме ішін ары-бері кезіп, қолын ары-бері созып, құрыстаған денесін үзді-ай кеп. Тектен-текке бір мектептің оқу ісінің менгерушілігіне тағайындалмаған шығар. Ашудан аяндап жүретін ақыл озады. Сонын арқасы. Адам жылқы мінезді. Қалың ойлың шырмауынан шығып, енді серпіле

бергенде ойына сап етіп шұбар тауық пен он балапан түсе кетеді. Ызалана күледі кеп. Бет-аузының быжыр-қайы көбейеді.

Жаңыл қанша бір сұр тауықтан "таяқ" жесе де маңайынан ұзап кетер емес. Түсінбейтін бір жұмбақ. Келіншегінің Кәмиланың "сыйлығына" ұшарда жаны басқа.

Қалай екені белгісіз, Кәмила Жаңыл тұңғыш балаға босанғанда перзентханаға артынып-тартынып келе қоймады.

Жөн сонікі болатын. Бірде тіпті: "Әлі ағайын боламыз" деп емеуірін білдірген-ді. Шоқан ойлай-ойлай ой түбіне жетпеді. Рас, осыдан екі ай бұрын Кәмила іс-құжатын жөндеуге оқу бөліміне барып келгенде:

– Демалысқа шығуыңызбен, - деген жас мұғалімдер құттықтап. Бойы шарға, шағын денелі, сүйек пен сіңірден жаратған шақпақтың тасындай ғана адам ғой. Шөкімдей бетіндегі одырайған үрейлі жанарымен, суырдың айғырындай шақ ете қалсын.

– Менің кеткеніме қуанып тұрсыңдар ғой, ә...

Екі беті шоқтай қызарып, ақ араласқан самайының шашы қобырап кетті. Кілт бұрылып есіктен шығып кетті. Қатар тұрған топ үрпиісіп бір-біріне қараған.

– Сүйегіне сіңіп кеткен әдеті ғой. Кәмила апай ылғи да ештенеге риза, хош емес, - деді Бағила деген жас мұғалім.

– Құдайға шүкір демей ме? Ол зейнетке шықпаса да, төбе тіреп тұрған ұлдары жерде қалдырмайды. Мұнысы несі? – деді әріптесі Жайнабекова.

– Ондайлар сараңдықтан қалтырайды, - деді қарт ұстаз Бижамал апай.

* * *

Шоқан аудандық оқу бөлімінің бұйрығымен Шілікке директор болып ауысатын күні адам ойламаған оқиға болды. Орталықтан жол күтіп әрең жеткен. Қашан дегенде де жас адамның қызметінің бір саты жоғарылауы қуаныш, әрі елдің саған артқан сенімі. Есіктен аттай беріп:

– Бәйбіше, бәйбіше, сүйінші, - деп дауыстай кірген. Жауап орнына түпкі үйден сәбидің күлкісі естілді.

– Жаным-ау, сені кім күлдіріп отыр? – деді сонан соң күбірлеп.

Шынында, сәбидің жанында анасы Жаңыл бар еді.

– Сүйіншімді беретін болсаң, айтамын, - деді Шоқан сәбиін қолына алып, бетінен сүйген соң.

– Қалауын білсін, - деді Жаңыл да күйеуінің ақжарқын көңіл-күйін бұзғысы келмей. Сәлден соң ас ортаға келгенде барып, Жаңыл аузын бұртита Шоқанға күңк етті.

– Кәмила шұбар тауығын алып кетті. Шібилері жұмыртқа баспай қойыпты, - деді.

Кіртиген қабағы көңілінің хош еместігін білдіргендей еді.

– Өзімен кетсін, - деді Шоқан келіншегіне жақындай отырып.

Жаңыл ан-тан.

## АЙРАНБАЙ

Биік сахналарда ойналған қойылымның кейіпкері емес, "Есіркеген" шаруа қожалығының бас тракторшысы Жұмабек есімді жігіттің басынан өткен-кеткендері ғой. Ащы ішектей созылған мынау өмірде көрерің де, көрмесің де жеткілікті. Бейнетің мол да, зейнетің құрдым судай ғана. Тағдырдың ұзын құрығы кімге жетпеген. Шалмасын тастап жіберіп "тоқ" десе, тыпырлайсың кеп. Сондай алыңқашпа күннің бірінде, ертеңнен қара кешке дейін жер жыртып шаршаған Жұмабек үйіне бүйірін басып, терге шыланып әрең жетті.

Ине суққандай шаншылған бауыр тұсы жан таптырар емес. Келіншегінің демдеп берген бүйра шайы да, кенетоз шкафтағы өзі анда-санда ішетін "парацетамолы" да шипа болмады. Сықырлауық тор кереуетте күн жатты, түн жатты. Ақыры "кеудесіне" крест таққан ақ машина келіп, ай-шайға қарамай, дедектетіп ауруханаға алып жетті де, ақ халат киген өңшең "қасапшылар" (бөлмедегі аурулар солай атайды) жөркемдеді де салды.

Көзін ашқанда медбике қыз:

– Ағай, оянуыңызбен! Сіздің өтіңізден алынған тастар, - деп, сау еткізіп алақанына оншақты көк моншақты төге салсын. Бәле деген аяқ асты. Тірі жүріп тас жұтпағаны бір өзіне аян, алғашқыда көзін жыпылықтатып, Мысыр елінен келген бәдәуидей оң-солына қарап есі шықты. Сөйтсе, бәрі мүмкін жағдай екен. Көрші төсектегі Біләлдің болжамында Жұмабек ертеден қара кешке дейін атыз бойындағы лай суды іше-іше, сор тұнба жиналып, сүр еттей қатқылданып, ақыры ит мүжитін кемікті жіліктің басындай шүрк-шүрк тесік моншақ тасқа айналған. Өт деген адамның "отстойнигі" ғой. Ол бітеліп қалса, трактор да от алмайды. Дүрілдеген күнде тұмау тигендей "пышыхы-шышыхымен" есі шығып түшкіріп қарыс адым аттамайды.

Қойшы, сонымен адамға жан, шаруақожалықтың фермерлеріне тракторшы керек.

– Әу, Жұмеке, курортқа жетпесең, күнің күн емес екен. Дәрігер айтты. Саған Сарыағашқа жолдама берді. Ақшасын түгел төледім. Аман-есен келіп, үйіріне қосылған соң еңбекақыңнан біртіндеп ұстармын, - деп Есіркеп көйітіп отыр. Жұмабек не десін. Біреу атыңды атап, жөніңді жөндеп жатса, басыңды шұлғы.

Құдайдың құдіреті, осы жасында курорт түрмақ, жайлауға шығып көрмеген Жұмабек шынында да састы. Бармайын десе, хирург Тілеуберген Ералиннің: "Бұл қазақ дертханаға өлуіне екі сағат қалғанда өліп-өшіп жетеді, орыс саусағын құрай сырса емхананың қонағы" деген жанкешті тұжырымы зәресін ұшырды. Сонау Шымкент жақтан інісі Әуес әйел алып, Ізғұтты бабаның әулеті бірігіп, бас құрап он шақты құда-құдағи атанып, артынып-тартынып поезбен барып, алдынан өтіп келгені Жұмабектің Сарыағашты тез табуына көмектесті. Қара сандықты лықа толтырып, киімін салып, құтың-құтын етіп, намысқа тырысып, ширақ атанып, стансадан түсіп демалыс үйіне жетіп, жатар орнын иемденді. Өзі сияқты қазанның күйесін жаладса да соған жетер қара жылтыр, өзі түстас бір бөлмеде жататын Әлікбаймен танысып, жөн-жосық сұрап, дәрігерлерге қалай жетудің де жолын тапты. Көре-көре көсем боларсың деген.

Содан бастап Жұмабек туралы сериалдың екінші сериясы басталды. Әлікбаймен ілесе қимылдап, киімдерін үтіктеп ілгішке іліп, бөлмеге киетін сүйретпені сатып алды. Әр затты орын-орнына орналастырып, "мәдениетті" демалушы қалпына енді. Айға жуық уақыт көк трактордың құлақ сарсыған дүрілінен басын аулақтатып, фермер Есіркептің ұзын арқаулы мылжынынан да құтылды. Курорт маңын аралап шықты. Киікбелеңдегі "Үйреккөлдің" маңайынан бір ауса, көне. Көк шалғын, таза ауа. Салқын самал. Тек үйлері мен қалың ағаштары, ирек-ирек асфальтті жолы ғана өзгеше. Су ішетін жері де бөлекше. Мұнда таң бозынан тұрып алып, бір-екі шыны шайынды ішіп, кезекке жүгіресің. Қытықтайтын суға да, үйпа-түйпасын шығаратынына да түсті. Жылымшы 37 градус судан бір стакан су ішесің. Құдды "Үйреккөлдің" шалшығының жылымшы қара суының дәмі. Оның орнына "қолдан қойғаннан" бір қырманы сілтеп салса, Жұмабек былқ етпес еді, шері тарқап, бір босанып салар еді. Оған жабысқан дерт мұрша берді ме?

Ұмытпаса, курортқа келген күннің ертеңінің ерте уақыты. Кезек те аса үлкен емес екен. Күні кеше: "Мына жерде тұзды суға шомыласыңдар. Екінші қабатқа массажға барасыңдар. Құянды электрмен емдейтін бөлме үшіншіде. Тек тәртіп сақтаңдар. Емдеу карточкасына белгі қойғызуды ұмытпаңдар. Бұл жерде бәрі сіздерге қызмет етеді", - деп қауқалақтаған пір мұрын, домалақ медбике келіншек жылы сәлемдесіп, қарсы беттегі шағын бөлмеге кіргізіп жіберді.

– Су дайын. Жүрегіңіз қысылса емді тоқтата қойыңыз, - деді ол. Жұмабек әзілдегісі келіп:

– Әу, замандас, жүрек дегенге дауа бар ма. Бірақ, сіз десе дүрілдеп соғуы мүмкін-ау, - деген. Әзілі доп тимей қаңғып ұшқан қара шыбындай айдалаға кетті. Медбике келіншек бөлме есігін жауып үлгеріпті. Аядай ғана науаға ұқсаған ыдыста шып толы қаңжылым су дайындалыпты. Құмсағат мелшиіп тұр. Оны суға түскен сәттен бастап, кері аунатып қою керек. Швейцар сағатың алырам қалсын. Тура уақытында құмы таусылып бітеді. Төрт бұрышты әсем плиткамен қаланған қабырға.

Кенет Жұмабектің көзі су толтырылған науанын желке тұсында тұрған бір бөтелке "айран" деп жазылған Тілепалды сиякты карны кампиған, доп-домалак бөтелкеге түсе кетті. Жанында жылтыр қағазға ораған кап-кара әлде не көрінеді. Жұмактың төрі деген осы-ау. Фермер Есіркепке ракмет. Құлан таза жазылып шыксын деген ниеті ғой, кұрдастың. Осында бірден жіберіп... Медбикелер де маған "Доғдырдың ақ ішуге баса көңіл бөліңіз" дегенін біліп алған ғой. Е, анау кнәшкеде бәрі жазылады емес пе. "Ау, сен кімсің-ей, Бәдіреннің баласы Жұмабек". Есіктің ілгегін салып кеп, Жұмабек бөлменің ары-берісіне қарап алып, шешіне бастады. Сонан соң, саусағының ұшын тығып, суды байкап көрді. Бабында екен. Ау, мынау қарайған не болды? Бұ да айран сиякты емделушіге қажет нәрсе ғой... Ішінен күбірледі де, батымсыз қолын созды. Үнсіз бөлмеге шытыр-шытыр етіп дауыс салған целофанды айналдыра көріп, жапсырылған қағазына үңілді. Шетел тілінде жазылыпты, түсінбеді. Сөйтті де өзінің жабайы орысшасымен "Ну, шорту" деп калды. Қызыкты қараңыз. Түйіншекті жазып жіберіп еді, кара материалдан тігілген трусидің сұлбасы байкалды.

– Сонда... Сонда. Мына суға киініп алып, шалқаннан жатып, мойныңды ғана көрсету керек болды ғой. Бұл трусидің де дертке карсы емдік касиеті бар-ау, шамасы. Ойпыр-ай, дәрігерлер атаулының ойламайтындары болса ше?" Труси тарлау екен, бинт бұрайтын Жұмабектің темірдей колы койсын ба, бәрін ретке келтірді. Айранды ұрттап койып, суда біраз жатты. Резинкасы баткан кара трусидің ышкырын ары-бері тарткылап есі шыкты.

– Мынасы кызык-ей, ә. Бұл бәледе кандай сикыр бар?

Сөйткенше есік дүрс-дүрс ете кағылды.

– Азамат, ашыңыз, - деген әйел үні естілді.

– Шо, - деді орысша білгенсіп.

– Ашыңыз, - деді өктем әйел дауысы.

– Пожар што ли, - деді судан шығып киінуге бет алған Жұмабек. Содан кейінгісі бір кызык. Өзі де бір ерке әйел болса керек:

– Мынау бәрін ішіп койыпты, - деді Жұмабекке

бадырая қарап, қудды жабайы адам көргендей. - Ал, мына целлофандағы қайда?

Жұмабектің іші су ете түсті. Не десін. Әлде не тамағына тұрғандай, көзі бақырайып, сілейді де қалды.

– Өзі итальянский. Қолым зорға жетіп еді. – Бейтаныс әйел жыларман күйі ары-бері сенделіп жүре бастады. – Осында ұмытып кеткеніңіз анық қой?

– Әлбетте. Айранын ішіп тойған соң бәрі белгілі емес пе, - деді бажылдауық бейтаныс әйел.

– Азамат, - деді енді медбике әйел Жұмабекке октем бұйырып. - Біз қазір сыртқа шығып тұрамыз. Сіз бұтыңыздағыны шешіп, мына целофанға орайсыз.

Жұмабек басын изеді.

Тосын оқиға жерде қалсын ба, әп-сәтте бүкіл курорт шулап сала берді. Жұмабекке "Айранбай" деген лақап ат қойылды. "Қара труси" атанбағанына тәубе. Бейтаныс әйелге "қарызының" ақшасын төлеген бойда Жұмабек асай-мүсейін жинап, ұяттан өртеніп, ауылға тартып кетпек еді.

– Жұмеке-ау, сен әдейі жасаған жоқсың ғой. Ол қатын да ішер айраны мен киер трусиін көрінген жерге тастап... Осы күнгінің әйелдері парықсыз, түге. Ал енді сабыр ет. Мен саған бір қызық айтайын, - деді Әлікбай басу айтып. Тағы бір тосын тірлікті бастан өткерлім бе дегендей, Жұмабек Әлікбайға шошына қарады. – Жігіттер ол әйелдің де шекесін қыздырған жоқ. Жұмекеау, әлгі әйеліңе "қара трусилі келіншек" деген ат қойып алыпты жігіттер.

Әлікбай коршісін көзінен жас аққанша күлер деп күткен. Бірақ Жұмабек:

– Оның несі күлкі. Бәрі менің кесірімнен, - деп жер астынан шыққандай дүңк етті.

– Бауырым-ау, осындай бір шым-шытырық дүниеде аумалы-төкпелі заман өтіп жатпай ма? Күлмесең өмірдің несі қызық. Кемшіліксіз адам бар ма? Анау Ленин де қателескен, - деді Әлікбай.

Осы бір парасатты түйінді өзіне қабылдаған Жұмабек, лауылды күнгі аспандай бір түнеріп алды да, біртебірте сабасына түсе бастады. Енді оған қарсы келсе бір-бірімен сыбырласа кететін келіншектердің өсегі,

жігіттердің сыртынан әдейі естісін дегендей "Айранбай" келе жатыр" деген сайқымазағы да әсер етпейтіндей күн кешті. Өйткені Жұмабек мұнда дертінен жазылу үшін келген.

Әп-сәтте үйге қайтатын уақыт таяп, Жұмабек соңғы емін алып жүрген. Айтты-айтпады, Сарыағаштың суы Жұмабекке майдай жақты. Әншейінде дәу шөмішпен көміп алып, басына бірақ көтеретін құдықтың суы-ай деген өкінішін ұмытқалы қашан. Сарыағаштың суына тоймады.

Асханадағы өзіне бөлінген үстелдегі төрт адам да бір-біріне үйреніспі қалған-ды. Екі әйел, екі еркек. Құдай біледі, келіншегі Жеміс мұны көрсе тырс етіп жарылып кетер ме еді, тәйірі. Несібелді деген қара торы, әлемішпе келіншек Созақтың манайынан. Жылда келетін көрінеді. Меншікті дерті – асқазанда. Қыңқылы көп. Ауруы туралы әңгімелесе, дәрігердің өзі жолда қалады. Білмейтін дәрісі, қолданбаған емі жоқ шығар. Әлікбай екеуімен құралпас. Екі күннің бірінде бизнесмен күйеуі келіп, әлде бір жаққа алып кетіп тұрады. Бір күн ауру, бір күн сау. Шамасы, күйеуін "ерттеп мініп" алған, нағыз еркетотайдың бірі. Ал енді Ғалия деген келіншек өсектің шапқын жорғасы. Әңгімесі осы курорттағы әйел мен еркектерді түгендеуден басталады. Ғалияның "қара тізіміне" ілінгендердің санын есептеп үлгере алмассың. Бірақ өзі оған жетік.

– Анау жігіт кеше ғана сары келіншектің оң жағына отырып еді, бүгін сол жағында отыр, - деп бастайды Ғалия әңгімесін.

– Онда тұрған не бар? – деді Жұмабек салған жерден күйіп-пысып.

– Әй, Жұмеке-ай, бесіктен белі шықпаған бала сияқтысың. Сол жақта не бар екенін білесің бе? – деп сыңқылдайды Ғалия. – Жүрек бар, дүрсілдеп соғып тұрған. Енді түсінікті шығар.

– Менің Ғалия сіңлім махаббат мәселесінен диссертация қорғайды, - дейді Несібелді сіңлісіне "жел" беріп.

– Ал, мына қарасұр кеше ғана келген еді. Ана бұйрабас келіншекке жабысыпты. Тіс қаққан "аңшы"

екені көрініп тұр, - дейді Ғалия. Жұмабектің мұндайда желігіп сағатыны бар.

– Ал, егер сол бұйрабас келіншектің орнында сен болсаң, қайтер ең? - деп түйеден түскендей қойып қалған Жұмабек. Үстел басындағылар келесі сөзді күтті. Ғалия бір қызарып, бір сазарды.

– Сен де аузыңа келгенді сөйлей береді екенсің. Үлкен басыңмен солай деуге болар ма екен, - деп бүрк етті.

– Құдайға шүкір, күйеуім бар. Жесір емеспін. Ауруым болмаса, бұл курортқа нем бар?

– Болды, болды. Әңгімеңе қарай сұрағы. Онда тұрған не бар, - деп Несібелді араша түспегенде әлде қалай болар еді. Аузы күйген үріп ішедінің кері. Жұмабек мұнан кейін ондай әңгімеге жоламайтын болды. Бірде Ғалия тағы да үстел басында отырғанда өздері үшін ескерткіш болсын деп түскен суретті көріп:

– Мына суретті мен жыртып тастаймын, - деп қарап отыр.

– Неге? – дейді Әлікбай.

– Қызық екенсіңдер. Күйеулерің мен әйелдеріңнің ішіне ит өліп қалған ба? Қызғанбауыңыз ма еді? – десеп.

Сол Ғалияның жинап алған бар беделі бір-ақ күнде төгілсін де қалсын. Тападай тал түсте қос жігіт Ғалиядан тірідей айрылды. Сол күні "соңғы хабар" келіншектің сұлуланып кеткеніне ауыздарын ашып, көздерін жұмған. Құлағында айсырға, мойнында жүрек кескінделген алқа, ерні алқызыл, қалай десең де бір бойына жарасып тұр. Күндегідей "қара тізімді" тексеру де ысырылып тасталған. Құдды бұл дүниеде басқа Ғалия бар сияқты. Сөйткенше Әлікбайдың:

– Біздің сұлу кетті, - деген өкініш аралас дауысы естілді. - Әне!

Сол күні Несібелдіні күйеуі келіп, "сайрандатып" кеткен.

– Қайсы? – депті Жұмабек кәпелімде.

– "Таудың шоқысы" басып қалды. Мына тұмсыққа қарашы.

– Тауы несі?

– Анау доңқараны тау демегенде не дейін. Ғалияң соның көлеңкесіне тығылып қалды.

Жұмабек енді ғана көрді.

– О, сұмдық!

Дойқара Ғалияның аш белінен ұстап, келіншек құшағына сүңгіп кетудің аз-ақ алдында.

– Әу, Әлеке! Бұл келіншектің күйеуі бар емес пе еді, - деді Жұмабек.

– Мүмкін артынан іздеп келген шығар...

Міне, содан бері де бір жыл өте шығыпты. Кейінгі кезде Жұмабектің ойына Сарыағаштағы курорт жиі түсіп жүр. Фермер Есіркеп әлі үнсіз. Жаутаңдап қарап қояды.

– Әй, дойқара! Жақында курортқа жолдама алып беремін, - дейтін күні қашан келер екен.

Шындығында, анда-санда өмір бойы бітпейтін құтырбаңнан да бір сәт өзіңді аулақ салып, демалғанға не жетсін. Курорт дегеннің өзі бір қайнап жатқан өмір ғой. Әйтпесе, Әлікбай айтпақшы, жалған дүниенің несі қызық!..

## АУЫЛ ИІСІ

Өз обалым өзіме. Қала менің не теңім. Сауалына шөнге шоқпарын беліне байлаған уақыт дүлей женсік берді ме. Бірақ бұл өзгеріске Жарылқаған мәз. Әуелі ұлдарын бетке ұстап, өзілі ме шыны ма "Сағынсаң ауылыңа қайта бер" деп қоқандайтынды шығарды. Марқұм Ақлима анама ұқсағаны ғой. Енесін айтады да. Алуынды елі, жарықтық. Еркегін жолда қалады. Келіншек кезінде шауып келе жатып ат үстінен бес-алты айлық бұзауды бұйым көрмей алдына салатын қуатты екен. "Тесік ине жерде қалмайдының" кері, күйеуге тиіп, екі шикі өкпе көрінті. Олары ерте шетінеп, күйеуі Толыбай деген басқарма екен, "аш пәледен қаш пәле". Ақлимадан құтылып, жас әйелге үйленіпті. Онда да өзі рұқсат беріпті. "Теке сасытып еркекті қайтемін, өзім де солардан кем емеспін" десе керек. Туа біткен мінезі, белі бүгіліп, көрі құда- қарттық келіп өкпеден қысқанда да, бетіне қарар адамның жоғын біліп, ұжым торағасының кеңсесінің астыңғы қабатына айына бір барып тұратын. Өзіне салмақ салған емес. Онда да жай

жүрмей, селектрші келіншекке ұжым төрағасын телефонға шақырып, қолын бүйіріне таянып сөз бастайтын.

– Әй, Әбілтай. Мен Аклимамын ғой. Шөп бітті. Ұн жоқ. Отын бітуге таяу. Екінші қабатқа көтерілу қиын. Өзіне кірсем, жағдайың қиындары анық,- дейді. Әрине, Аклима кемпірден бұғатын Әбілбек емес, бірақ сары кемпірді сыйлайды. Бүкіл ауылдың қартына бастық кемпірмен байланысып несі бар. Оның үстіне кезінде Әбілбектің шешесіне сауын саудырған завферме, өзінде мойына мінгізіп талай еркелеткені тағы бар.

– Апатай, мақұл. Бәрін орнына келтіремін,- дейді ұжым торағасы сөзге келмей. Өтірігі жоқ, Аклима енесі "үйбайын" айтып, көшеде кездескендермен әңгіме дүкен құрып, үйіне жеткенше, Әбілбектің "сәлемдемелері" де кеп жетеді. Аманғали қоймашы өзі бас боп ұнын түсіріп, көмірін қораға кіргізіп жатушы еді. Енді, міне Жарылқаған да апасына ұқсағысы бар. Аклима енесі айтпақшы, "шіщу". Бірақ Жарылқаған адуын қарияның өз кіндігінен емес. Енесінің бауыры Наймантайдың үлкен қызы. Балалары шетінеп кеткен соң, жалғыз басты болмасын деп әпкесіне жетектеп әкеп беріпті. "Сәлемдемемін" деп кейде бір әкесін ойлағанда ухілей қалатыны бар, Жарылқағанның. Сөйткен ене де, ата да о дүниелік. Жиырма жыл зуылдап өте шығыпты.

Есік сықыр етіп ашылды да, Алмаз жүгіріп кеп қолтығына тығылды. Үлкен ұлдың тұңғышы. Үш айлығында студенттерден "асырап" алған. Содан бері атасының баласы, төртінші ұлы. Жарылқаған сияқты, бұл да "сәлемдеме".

Өткеннің бәрі елес сияқты. Үш ұлы мен жалғыз қызы басы бірігіп ауылға бір келгенде Шаймұрат ойындағысын жайып салды.

– Әй, балапандар! Құдайдан баланы несіне тілейді, осы. Көз қуанышы, әулет жалғасы. Дұрыс- ақ. Уақыт өз дегенін жасайды, - деп "құлындарына" көз астымен ұрлана қарады. Ақтайы ой үстінде. Абылтайы мұрнын шұқып қойып, терезеге қарағыштайды. Әлде неге асығыс. Сөзбақташай ойындағысын қысқартып, тоқ етерін айтпай ма дейтін сияқты. Кіші ұлы Адалтайы "Алдыңғы арба қайда жүрсе, мен де солай қарай

"домалаймын деуге" дайын. Қызы үнсіз. Құрдастары қағжыңдап:

– Әй, Шоке. Анау тайларың қашан құнан болады? Тап- тайдан жүріп анау дүниенің де есігін қаққаныңды білмей қаласың- ау, сірә,- деп күледі. "Іріген ауыздан шіріген сөз шығады". Тәубе, тайлары құнан да, дөнен де шықты. Өмір бойы есінде додаға түсіп жүр. Үшеуі де отау тікті. Үлкен құдасы сонау батыс солтүстіктің бір ауданынан. Текті тұқымнан. Атақты Төлеген ат жалын тартып мінді. Ақжайықты жайлап Жібегін іздеп. Жібегі "Қонғаны ауылдымның Жағалбайлы, жылқысы көптігінен бага алмайды" дейтін маңның дәл өзі. Сонау ат көпір ақшаның тұсында бес алам он күн жол жүріп, алдынан өтіп қайтты. Ол жақтың қыз қашып кеттісі қиын, алшаңқыла құдасы, тон мұздай сіресіп, қара бұлттай түнеріп, сызлап, жылы қабақ танытпады. Олай орғытты, былай орғытты, ақыры:- Әй, құда! Құда болсаң шыда. Бізге келген баланың қаламы құт береке болғай. Наурызда ауылда ойналған лотореядан жылқы ұтып алдым. "Келінің аяғынан, қойшының таягынан" деген,- деп ағынан ақтарылдың. Кенет құдасы өзін құшақтап алып:

– Нағыз аққөңіл азамат екенсің. Біз жөнге келдік. Құдамның қызыма әлден көңілі түсіпті. Жай дастарханыңды, дүрілдет тойыңды,- деп ауыз үйге даусыстасып кеп. Ол жақтың еркегі қиын, әйел шіркінді бір шыбықпен айдайды екен.

– Әу, құда, әлгі Бектұр деген неміснің шалы жалғыз биесін маған табыстап еді, содан жүз грамдатып, сол кеңгіп қалғаным,- десін сонан соң. Шаймұрат: "Өзіме тартқан қасқаның дәл өзі екенсің" деп ішінен күбір еткен. "Екеуміздi құдай дәл қосыпты". Мұнан кейін Жарылқағанның ескертпе шымшуы алырам қалған. Көлімгі Қаракөздегі Әуес құрдасы сияқты қосылсын кеп. Міне, сол Ақтөбенің қызынан туған сары пұшық ұл, құдды әкесінің аузынан түскендей, сүп- сүйкімді, андасанда қаланың басқа шетінде тұратын әкесі Ақатайдың үйіне барып келуді ұнатағыны болмаса, осы үйдің алып кел, барып кел. Үйдегі "балабақшаның меңгерушісі"- қатал мұғалім- Жарылқағанмен екеуінің арасындағы

"қырғиқабақ" соғыс шығып тұратыны тағы бар. Ойын баласына не дерсің.

Сөйткенше босағада тұрған ақ телефон безілдеп қоя берген. Екінші ұлының үйіндегі "Толағай келін" екен. Өзі ботақандай, сөзі түйедей. Сол келіннің сүйкімділігіне ме, әлде тас жаратындай тіліне ме, қызыға ма, әзілдесе береді. Лақап ат қоюы да жарасып тұрғандай.

– Ұлыңыз түнде үйге қонған жоқ.

– Мұнысы дұрыс екен.

– Несі дұрыс? Жүрген шығар әлдекімдермен, карта ойнап, арақ ішіп...

– Қатты кеттің ғой. Дауыл алдындағы тыныштық па, мұның?

– Ол да мүмкін

– Біздің үйдің ұлдары ондай текесіз тірлікпен айналыспайды. Басқа бір құртас, жерлестер, қыз-қыбырлар келмесін, байғұс бала момын ғой, айтқанына көніп, айдауында жүрмесе...

– Па, шіркін-ай, ә. Өзіңіздің балаңыз болған соң, "Қалқан мен семсер" атаның, жаныңыз ашып жатыр, ә?

– Сен қашаннан бері басқа адамның баласы ең? Мен сені өзімнің Толағайым деп жүрсем...

Ойыннан от шығады деген осы. Шаймұрат телефонды қоя салысы кең бір гүрілді. Сөйткенше "Толағайының" жез қоңыраудай үні сыңғыр етті.

– Мен сіздің балаңызбын. Абылғай ғой, сізге ұқсамаған. Иә, солай, ата.

– Е, мұның жөн енді. Екі аяғын бір етікке тығайын, бөлемнің.

– Өте дұрыс идея. Бірақ Абылғай басқа біреуге шағысын жүрмесе. Аяқ астынан пәле іздейтіндер көп.

– Ой, бала. Ойын мені қорқыта, сөз бітті, – деді Шаймұрат келінінің бұлғанын аса жақтырмай.

Ұл келсе, хабарлай сал. Шаймұрат күйінген бойы өз бөлмесіне беттеді. Анадайда әлде бір кітапты ары-бері аударыстырған "Төртінші ұл" таңқалған күйі көз астымен ұрлана қарап, ұзатып салды.

Иә, бардым Ақтөбеге құда боп. О, сонан соң... Е, әлгі үш ұл мен бір қызды жеке алып, ақылдасқан жеріме

келіп ем той... Шешелерің де, мен де зейнетке шықтық. Үкіметтің біздің бір жерде көп жыл қызмет істеді дегеніне рақмет. Отыз екі жыл баланың қолына қалам ұстатып "жаз", кітап беріп "оқы" дедік. Ол да еңбек. Қолымызға тигені екі жүз теңгесіз он төрт мың. Тәубе! Оған жеткен де, жетпегенде бар. Сендер ауылдың күні түн, қаланың түні күн деп Алматыға қонақтадыңдар, түге, э.

Шаймұрат ұл- қызына адырайып бір қарады. - Нарық деген пәленің ұсқыны жаман. Кешегі совхозың қайда? Жетпіс мың қойды кім жұтып қойды? Оны да тура тұрайық. Сендер анау поштаның маңайындағылардан жөн сұраңдаршы. "Ит жоқта шошқа үрелінің" кері. Ана Зоя қатын елдің зейнетақысын тығып беріп, ала қойдың жүнін бөле қырқып отыр.

– Алыстан арбаламай, жақыннан дорбалайықшы,- деді көп әңгімені жақтыра қоймаған екінші ұлы. Оқыс мінез Шаймұратқа ұнамады. Қабағы кіржің етіп, Абылтайға мысқылдай көз тікті.

– Ау, жақыннан дорбаламай, алыстан арбалаған өзің емес пе едің,- деді содан соң. Ұлдар да, жалғыз қызы Алмажан да күліп жіберген. Ұялған тек тұрмастың кері, Абылтай да ыржың етті.

Ақтөбеден он күн дегенде ауылына тізгін тартқан Шаймұрат пен Жарылқаған ел көріп, жер танып келді дегені болмаса, түнгыш ұлдың алыстан қыз алғаны құ іштің жыбырлатқан. Құда мың жылдық, күйеу жүз жылдық. Жер басып, тірі жүрген соң, ел- жұртыңмен бөлісер қуанышың бар. Той - құдайдың қазынасы. Төрге отырғызар құдаңды іздейсің. Өлім- жітім болмай тағы тұрмайды. Міне, етігімен су кешіп, ат ауыздығымен су ішкен тайғанақ заманда, ағайын шіркін алыстан келе ала ма? Қыз атаулы өріс дедік. Оның алақанына салып аялаған ата- анасына деген сағынышын қайда қоярсың. Отау құрған осы екен деп, тым- тырыс жату қайда? Соны ойлаған Шаймұрат қос ұлды жеке шақырып, "еркекшілеп" кеңес құрған.

– Әй, паналарым! Ағаларың салған қара жолмен жүретіндерің белгілі. Еркек кіндіктіндер. Кеуделеріңде ит өліп қалмаса, бір үйленерің анық,- деп бір тоқтаған. Мына ақыл екі ұлдың да құлағына жылы ұшыраған сияқты ма, елең етті.

– Екі аякты пендеміз ғой. Ертеңгі күні "құдан кайсы" дегенде сонау терістік пен күбыландыны шұқып калып жүрмейін, жакын маңнан үйленіңдер. Құда біліске, ағайын тұрыска жаксы. Алыстан арбалағанша, жакыннан дорбала дегендей... Әйтеуір, көк тіреп, керденгеннен сактасын... Сонымен "халыкаралык" келісім, мызғымастай бекітілген сияқты көрінген. Қағанағы карқ, сағанағы сарқ бір заман өтіп жатты. Жарылкаған: "Келіннің аяғы ауыр. Әйел затының кырык түрлі құпиясы бар. Бір апта балаларымның жанына жатып кайтайын" деп артынып - тартынып Алматыға жөнелген. Әншейінде "келін атаулыны алдымда зыр қағып жүргіземін" деген әйелінің "жағымпаз" атанғанына сырттай күліп, ауылда кала берген. Сөйткенше "Алматыға тезірек жетсін" деген хабар жетті. Тарс етіп жарылып кете жаздады. Екі ұлы екі кызлың жанына жалпиыпты. Жарылкаған мәз. Абылтай: - Әке, сіздің жандайыңызды ойлап, Алалтай екеуміз бірақ үйленейік дедік,- деп карап отыр. Осы күнгінің баласының түрі осы. Жарылкағанды айтсаңшы, екі езуі екі құлағында. Келіндердікі, Осекеннің "Қашпасада әкесі берелі ғойдың" кері.

– Дұрыс,- деді сөзін сабактаған Шаймұрат.

– Балалар кай жактан? Абылтай тағы да інісі үшін жауап берді.

– Менікі Атыраудан, Алалтайдікі Зайсаннан.

– Не дейт?

Сөйтіп, Шаймұрат Атыраумен де Алтаймен де құда атанды. Ұлдарының жакыннан дорбалаған түрі.

Әңгімені үлкен ұлы Акатай жалғады.

– Әке-ау, біз де соны ойлап жүрміз. Құдай бұйыртса, үш - төрт айдың ішінде калалык атанасыз. Сізге салмак салмаймыз,- деді. Шаймұрат өз құлағына өзі сенбей мөңгірді.

– Бір-ак күнде көшіріп әкетіп, сюрприз жасайык деп ек,- деді мектепті орысша бітірген кіші ұлы. Ары-бері жүріп кеп, Жарылкағанға сыбыр етті.

– Әй, мыналардікі не сөз? - деді ұлдарын иегімен нұскап, сыбыр етіп.

– Олар сөйлейді. Енді бәйбішең городской,- деді әйелі. Әкесінің дегбірсізденіп, ары- бері шапқылап

жүргенін байқаған үлкен ұлы аузының арғы- берісіне қарап, орындыққа құйрық басқан сәтінде: - Әке- ау, әзірге ешкімге көшемін деп тіс жарма. Аумалы- төкпелі уақыт. Бірақ қалай дегенде де малдарыңды, үйді сатуға ыңғайлай беріңіз. Көшетініңіз тоқсан процент.- деді. Бірақ Шаймұрат балаларына сенбеген. "Ұлдарынан айналайын". Бейсенбі күні қонаққа келіп: – Ал әке, көшуге дайындал. Екі қой ала әкелдім. Ішіп- жемі дайын. Жұмаға көрші- көлең, туған- туысқан, дос- жарандарыңды, сенбіде мектебіңді шақырып тамақ бересің. Жексенбі күні қозғаламыз.- десін.

– Үйді қайттім- деді сасқалақтаған Шаймұрат.

– Сату керек, көшу керек. Үш бөлмелі, төртінші қабат, мектебі, балабақшасы, ауруханасы жан- жақын. Тыныш. Шешем екеуіңіз қол ұстасып қыдыратын бағы да жанында - деп әзілдегенсіді Абылтай.

– Енді үйді сатып алар ақша жоқ қой, - деді Шаймұрат.

– Малға айырбастаңыз. Соғым болады...

– Әлі күнге дейін іші өртенеді. Жинаған дүниесі текке кетті. Есік алдындағы қызыл кірпіштен салынған қос бөлмелі жаздық үй, қой, сиыр, тауық, қора, жем тұратын қілет. Бәрінің едені ағаш еді, немістердікіндей тап- таза болатын. Ал бау- бақшасы ше? Өз қолымен шыбық қып отырғызып жемісін жеген анау үш алма ағаш. Қып- қызыл кеселей апортты төгіп беретін. Өрік, екі түп алша, ерте жаздан, кеш күзге дейін өнім беретін жаңа сортты таңқұрай. Он үш түп қара қарақат...Бәрі қалды. Шаймұрат оны ана дүниеге арқалап кете қоймас. Іші ашығанымен не істесін? Мынау төрт қырғасы, олардың қолтығындағы үш келін, бір күйеу бала, соңдарынан ерген қарасомсақтары өзінің жинасы. Кешке дейін солардың ойынына қарап отырса да жетеді. Әлгінде Жарылқаған ұлдарын бетке ұстап, қоқаңдайды дегеннен шығады. Балаларды дүниеге алып келген тек сол Жарылқаған ғана-ау. Мен сонда үйдің бір бұрышында ұйықтап жатқанмын ғой, тегі. Әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа. Ауылда жүргенде жолдас дегендердің бес алты әйелінің басы қосылатын. Енді міне, солардың бәрі үйделескендей, балдарын, балаларын ертіп екі

өкпесін қолына алып, қалаға көшіп жетіпті. Телефонның астынан алып жатқаны. Баянның туған күні, Күлөйлін немересінің тұсауын кесуі, Шашпананың күйеуінің мерейтойы, ана бір үлкен ғалымның әйелі Бағилаға сәлем беруі, өз әйелінің ауылға барып келгенінен сарқыт жеуі, қойшы, сылтау атан түйеге артар жүк.

Сол күні әйелінің онсызда аспан тіреген танауы желпілдеп кетеді дейсің. Өзін еркелетіп "Шайжан" деп қалады, асты-үстіне түсіп жалпақтайды-ау, кеп. Барам деген жеріне барады-ау. Бірақ көңілі қалады деп пе? Сонан кейін судай сіңіп, тастай батып жоғалады. Ауылда да әйелінің көрген күні осы еді ғой. Анда-санда Есіркеген құрдасы үйге телефон шалып: "Әу, Шайжан сіздің үйдің кісісі өрістен қайтқан жоқ па" дейтін. Өзінің жар дегенде жалғыз әйелін іздеген түрі ғой. Екі әйелдің басы қосылса, әйелді айтпағанда бір еркектің соры. Одан арғы жағын айтпаса да белгілі. Бәрінен де сондайда жалғыздық қиын екен. Көз көргенді іздейсің. Есік алдына шығып, ары-бері жүресің кеп. Тіпті өткен - кеткенді ауылдағы әлдекімге ұқсатып алатының да бар. Анау күні ауылдағы Латой деген келіншек бұлай кездессе, өрекпімей, ерін жыбырлатып, сәлемдесер еді. Талай жыл дүкенші боп, Жарылқағанның досы ағаның, іздеген "дефициттің" тауып беріп жүретін сұлу келіншек. Шаймұратпен алты аласы, бес бересі жоқ. Сыртгай сыйласады. Ондай сұлулар көрінген мұғалім-сұғалімді не қылсын. Далбақтап соңынан жүгірді. Сырт адам көрсе, мына шал ақылынан алжасқан деуі анық. Қуа-қуа, өкпесі өшіп, арт жағынан ұмсына кеп қос алақанымен Латойдың көзін баса қойсын. Жасында бір, қартында бір бала деген осы шығар. Оқыс тірліктен Латой шошынып селк етер деген. Оғаудай жұмыр келіншек құлынды емген байталдай қайқайып тұра қалды да: – Ой, Тұрар,-деп еркелей сыңқ етеін. "Кімді танулы біледі, қалаға текке келмеген шығар. Пәлесін қара өзінің"...

– Ну, пусти,-деді сол сәт келіншек бұлқынған боп. Ойпыр-ау, мынау басқаның үні сияқты. Орысша сөйлейді, оның үстіне. Мынаның шашы қысқа. Ой, пәле-ай, қалаға келген соң, сұлу танбақ болғаны-ау.

– Әрине, мұсылманның баласы. Ислам дінін ұстанады.

– Дұрыс-ақ...

Күн көтеріле төртеуі кері қайтты. Бесінші бос канистр артқан қарт ілесті. Алдыда Виктор Павлович. Соңғы "түйе" - Өтеген. Шетелдіктер әлдене деп күңкілдеп қояды. Не дегені белгісіз.

Машина от алып, жол үстіне шыққанда қарт қоса ілесті. Шопыр Өтеген қайтар жолда бензин әкеп бермек болды. Виктор Павлович шопырына қырық литр бензин қып қайтармаққа уәде берді. Шетелдіктер қарттың қолын қайта-қайта қысып қоштасты. Тек бір өкініштісі, қартты қолтығынан демеп атына мінгізіп, жолға салып жіберіп барып орындарынан қозғалғаны жөн болар еді, шіркіндердің...

## ҚОЙДЫҢ БАСЫ, ҰРЫ ЖӘНЕ МЕН

Мектептен қайтып келе жатқан. Ойда-жоқта сұр түсті кабинелі жүк машинесі оза беріп, оңға бұрылып, жол шетінің шаңын бұрқ еткізіп барып тоқтады. Шәбектің соңғы көшіп қонған жаңа үйі ұзын жолдың үстінде еді. Жұмыс орнынан біраз қашық. "Таныс біреулер болды, ала кететін шығар" деді ішінен.

Айтқаны айдай келді. Іле-шала:

– Әй, Күлшекеннің баласы, аяғыңды бассаңшы, - деген қарлығыңқы үн естілді. Мәшинеге қарай еңтелей басты. Кәрі кемпірдей көзін қолымен көлеңкелеп анадайдан нөміріне үңілсін кеп. Бұл тірлігіне бейтаныс барқырай күлді. – Ит не жесе соны құсады, - деді сонан соң. Таутан екен. Әкесінің қатты әзілдесетін құрдасының баласы. Әкесі құрдастың баласы құрдас дегені ме, одағай қалжыңына мән берер емес. Әйтпесе, әкесіндей адамды... итке теңеп... Мәшине орнынан қозғала бере Шәбек: "Ойпыр-ай, текке тартпай қоймайды деген осы-ау, ә. Иттің көзі жалтылдап тұр екен. Жымқырмасы болып жүрмесе не қылсын" деп әкесінің бірде күлгені ойына сап ете түсті де, өзінен өзі жымиды.

НКВД-да қызмет істеген кейінде "[illegible] [illegible]" [illegible] ұлықтай [illegible]" [illegible] – деп [illegible] тоқтан [illegible] жұмсартқан.

Шыншында, әлет деген адамға [illegible] жабы-лады. Менің де біреудің бірлесе [illegible] кетпей [illegible] тұрады. Шын-ау. Сол бейбақтығымнан [illegible] адаммен араласпадым. Соның қапиын күтпесем деп [illegible] жүремін.

Шыбек [illegible] кересе күлді.

Мұныңды айтамын деп, шыныңды айтпас тойі, қашана!

– Рас-ау, [illegible] беса. Құдай біледі, [illegible] оның [illegible] бұл [illegible] [illegible] [illegible]. – деді Таутан. "Тіпті күнілі жоқ. Әділ емес шыны. Оныр-[illegible]" деп күбірледі Шыбек.

Не, ана жаққа [illegible] керек, – деді сонан соң [illegible] [illegible]. Таутан [illegible] сасқалды.

Бір күні [illegible] келіп [illegible] қорқамын. Қызыл жағалар [illegible] [illegible] [illegible] үйлеттім. [illegible] бала-шағамды кім асырайды? Қой сонан кеспамды қайта басырсам ба деп жүрмін.

Бір біле қой қашпаса үйін бұзылмас емес, қой, – деді Шыбек тағы тісін. Осы бір сәтке дейін [illegible] отырған Таутан бойын [illegible], күлімсірей отырған Шыбекке бажырая қарады.

Ой, әкем құрдастың [illegible]. Үйлемесем [illegible] [illegible] тойі, ойн, – деп қабағын кіржиіп еткі[illegible].

Сені жақын тартып, шыныңды айтып отырмын...

Екеуі сол уақыт үнсіз қалды. Күн кешкіліккке [illegible] маңайын қызыл бояуға малып [illegible]. [illegible] арқылы, боз [illegible] бөксесі [illegible] [illegible] [illegible] машине [illegible] [illegible] [illegible] тұр. Ежетнің төбесіне шығып кос [illegible] [illegible] [illegible] [illegible] [illegible] [illegible] қарады. Әрелік-әрелік [illegible] [illegible] [illegible] [illegible] көрінеді. Кешегі [illegible] [illegible] [illegible] отары бір-жарым ғана. Оны да Сыпатқан төбесінен қайтып қарады. [illegible] [illegible] жетпей [illegible] [illegible] қой қайда? Оның да біргені мына қайшыға [illegible] [illegible] кен шығар. Айнасы ақтарылып түрі-ай. "Ұрлықтан басымды аулақ салсам", – деймін.

Бұл екі ортада ақ "Жигули" ойпаңға еңкейе берген. Осы бір тұста асфальт өте қалың. Қайқаңға шыққанда қайта жалғасады. Өткенде қызылшаның суы жайылып, жол табанын жиі шайып кетеді. ДЭУ деген мына мекеме қаржысы азайып, қар-жұлы күн кешіп, басынан басымен. Тұрымтай тұсымен кеткен соң не дерсің. Сулы жер, ылғалы жер. Жолдың қос бетін бойлай қамыс негізін алған. Табиғаттың күшіне не дерсің. Ой үстінде келе жатып аңғармапты, ақ "Жигули" оңнан бір қара қой маңыраған отардың ортасымен жай ғана жүйіп келе жатыр екен. Қалың қамыстың көлеңкесі қою шаңмен астасып, оған кешкі кештің қараңғылығы қосылып, алап-елең бір шақты еске түсіреді. Рульде отырған Таутанның көзі қасқырдың қаншылығындай жанарындай жалт-жұлт етіп ойнап салыпты.

– Ал, бісмилла. Бұйырған дәмнен айырма, – деді күбірлеп.

Құшнаң мағына ғой. Әлі тірі қалғанның біреуі бар деген. Сойкі болмаса ит. Мойны жуан. Шәбек қапта-қасына таңдана қарады. Не істейін деп жүр мынау? Радио Ақанның "Өлеңжерін" зарлап тұрған. Артына қарап еді, "Жигули" қалың малдың пойызын кешіп өтіп, сол жүрген. Шу қара құйрық қойдан құтылады. Жоқ. Таутанның оң ақылы бірі бар екен. Ойнармай, осының шаңын болар ма жазған. Машинені тоқтатады, далада ырың шыққанша, бір қара қойды машинаның артқы есігінен ішке тоғыта салыпты. Шәбектің есі шығып, көзі қарауытып кетті.

Құрыдық, – деген қарлыққан үні шықты.

Сабыр түп, – деп ашық қап есігін жауып, машинаның орнынан қозғалған Таутан. – Қалың шаңнан қай жағын алып қашса да көрмеді, қойшы.

Шәбек жүрексіне артына қарап еді, он-бойы селк ете қалды. Соңдарынан жол қас болған бір қойшы кісі отыр. Әлдекім қалың шаңды бұза жарып, атпен қатарлай шауып, қуып келе жатқан сияқты ма? Әлде не деп айқайлай ма?

– Бағынба менің де талай қойымды қосып алған. Бірінің есесін қайтардым.

Нақ-нақ. Таутан неткен сабаз. Айнасынан артына

Сөйткенше, келіншек ығырының шығып екі-үш алға озды да, бұған жаукөздене қарады.

– Дурак,-деді сонан соң. - Старый конь.

Лэтәйі басқа әйел боп шықты. Сасқанынан:

– Извени, девушка, - деп күңк етті. Бейтаныс келіншек ұзай бере, Шаймұрат жатып күйінсін. "Кезінде ауылдан жатып безініп ең. Енді кеп сағынасың... Ой, кәрі қақпас. Ертеңгісін далаға шығып, басқамен сәлемдескеннің өзі бір ғанибет екен ғой. Біріңнің бірің амандығыңды білесің. Сол күнім қайда? Айдалаға әкеп тастаған бейбақ сияктысың. Оншен қалқиған қорап үй. Бір-бірімен бас изесіп амандаспайтын мылқау адамдар, түге. Қай құдай айдап, қай құдай жетектетті, ә. Қиянатқа да, зорлық-зомбылыққа да шыдарсың. Ал мына түрмеде күн кешу қиынның қиыны.

Айтпақшы, дүниені бүлдіре жаздады. Алматыға көшіп келген күннің ертеңінде бір киерін үстіне жапсырып, "енді мен осы маңның адамымын ғой. Білмегенімді білейін, көрмегенімді көрейін" деп көшеге шыққан. Ақатайдың сөзі жөн екен. Не керектің бәрі бар. Ақшаң болса қаптанда, таттандасаң таттанда. Жүгірсең стадион, қыдырсаң бақ, үйінің іргесінде бал татыған полденше деген сырахана орын тепіпті. Жигули, Қарағанды, Шымкент, Павлодардікі дейсің бе сыра жетеді. Оның үстіне адамдармен танысcам деген ойы тағы бар. Ертеңгісін ауылдағы әдетімен ерте тұрып, желбегей киініп далаға шығады. Қала жұрты ұйықтамайды. Таң бозынан тауық боп шақырып, илеуден шыққан құмырсқадай ары-бері шапқылайды-ау кеп. Солардың бірі-өзі жерге түсіп, төртінші қабаттағы балконға ұрлана қарап, құпия қалтасын сипайды. Ініңде үлкен ұлы шешесіне көрсетпей беріп кеткен төрт мың теңге.

Сыраханаың алғашқы клиенті болмаса да екінші үшіншісі атануы анық. Кептірілген балықты тіске басарға алып, құдасының төрінде отырғандай көбігі бұрқыраған Шымкенттің сырасын сілтейді кеп. Оразасын ашқан түрі. Сәлден соң жан-жақтан ығайлар мен сығайлар бас көрсетеді.

– Әй, шал, сәлем, - дейді қазақтар.

– Привет старику, - дейді Орысы ұлтының өкілдерінің ішінде сыпайы-сыптаны да, бет аузы ісік, көзі қызарғандары да, сақалдысы да, көсесі де жеткілікті. Жанына жалп етіп, алғашқыда балығыннан бір түйір дәм татып, бірте-бірте ішіне ендейді. Жыланның күйсеуін сезетін Шаймұратты жата тастамақ ойлары да жоқ емес. Темекі сұрайды, бірте-бірте бір саптаяқ сыра дәметеді.

Шаймұрат сыраханының "құтты" қонағы атанды. Бұрын бір рет келсе, енді үш рет, кейде төрт рет бас сұғады. Қарны шығып қайқаландай бастады. Жалқаулық желкелеп тартады екен. Ертеңгісін сақал-мұртын қырып, аптасына моншаға бір рет барып келетін. Сірете бастады. Бір күні ойда-жоқта "төртінші ұлы", Айсөке келіннің көзінше:

– Менің атам тура бомж сияқты, - деп қойып қалсын. Сақалы өскен, мұрты әдемі емес. Жерге кіріп кете жаздады. Бомж дегенің кір қоқыстан құмыра іздеп жүретін қайыршылар емес пе. Өмірден ар кешкен, қаңғыбастар ғой.

– Әй, Алмаз, атаңнан кешірім сұра деді келін тықақтап. Жарылқағанның үйде болмағанына қуанды. Немересіне қосанжарласып жердің түбін түсірер еді. Шаймұрат шынында да бомжға айнала жаздапты. Ешкім жоқта айнадан түрін көріп, көзі шарасынан шығып кетті. Баланы үйдің ұрлығы жатпайды. Ваннаға түсіп, қырынып, мұртын бастырып алам қалпына түсті. – Міне, менің атам,-деді балабақшадан оралған Алмаз тағы қуанып. Шыны керек, өзі де баламен бірге балаша қуанды. Ендігәрі сыраханының маңына бармасқа ант-су ішті.

Шаймұрат бөлме ішін ары-бері сенделіп кеп, балалар жататын үйдің теледизорын іске қосты. Нағыз жыноййнақтың үстінен түссін. Жалаңаш әйелдің неше түрін бұрын талай көріп, келін мен ұлдан қымсынып, есі шығатын. Теріс аунап, көзін жұмып алатын. Осы күні әйелден ұят қашқан. Кемпірі мен келінімен бірге отырып, қолімгідей ыржақтап күледі. "Тамашадағы" "Совремкемпір" - Жарылқаған. Ішті пыстыратын сериялдар. Алдардың "әлеулойім бітсе, қалаулойім барлың" кері. Кей-кейде "Хабардан" берілер соңғы

жаңалықтарды көрсетпей зәрезап болады-ау тегі. Қазір бәрі орнына келді. Зейнетақысын жинап, Оңтүстік Кореяның жаңа теледизорын сатып алды. Енді текетірес те тоқтады.

Тырдай жалаңаш сарышашты қыз сырықты айналып билеп жүр. Біресе шалқайды, біресе төңкаяды кеп. Үстелдің басындағы топ еркек, әлсін-әлсін орнынан өре тұрып қол шапалақтап әлек. Құдды бір таңғажайып суреттің полотносын көргендей. Ана бір еркек пен әйел бірін-бірі жалағанына шайқайнатым уақыт өтті. Мауыққан мысықтардай, түге. Осы да қызық па? Көз алдына сонау күні тападай тал түсте көшенің ортасында осылардай бір-біріне шонайналап жабысып, үздіккен қазақтың қызы мен ұлын көргенде Шаймұрат: "бүйткен серияларыңды ұрайын" деп келістіре бір боқтап, әлгі екеуіне "Көктен ектер сендерге түн жетпеді ме" деп дауыстап қалған. Екі ғашық Шаймұраттың сөзіне шамданып қалды. Әуелі көркейше қужірейген сақалды жігіт жұдырығын түйіп, әлде не деп орыспалап өзіне төнгенде, жанындағы шоштоқы ара түсіп, зорға ажыратты. Пәу, мына жұртқа не болған? Мыналарға тыым сойн аяй ма? - деп күңкілдеген. Бірақ қала мінезі сен тимесең, мен тимен, балыран көз. Бірін-бірі өлтіріп жатса да, қыңқ етпейді. Оу, бұл неткен тірлік? Сонда адамдар адамдарға керек болмағаны ма? Қазақ емес пе едік. Ұят қайда? Шаймұрат теледидарды өшіне өшіріп тастады.

Шындығында ұл мен келінінің бөлмесі тұнып тұр. Құдай бергенінен жазбасын. Тәубе-тәубе. Таңсана, таңсана бөлмені аралап шықты. Ортада дөңгелек биік үстел. Одан әріде шаншылдау екі кісілік, екі жұмсақ орындық. Қабырғада көздің жауын алар сервант. Іші толы жиһаз. Төбеде моншақтары тізілген люстра.

Шаймұрат ақыры дәтбір таппай күн шығар беттегі балконға кеп қонақтады. Қала аспаны ауылдағыдай емес. Бұлыңғыр. Өзгермейтін тек тау ғана. Сол бір алып, айбарлы, сұсты қалпы. Бірақ ауылдағыдай бойын жаза алмайды. Көк түтін алқымдап, тұншықтырып жатыр.

Экологтар ауаны тазартамыз деп әлек. Құрттай құжынаған жеңіл машинелер. Бай емессіз деп көр. Бір түсінбейтіні - зейнетақысы өссе, газдың, судың құны да қалыспайды. Бірімен бірі оштескен күйеуге таласқан

катындар сияқты, түге. Зейнетақының бесжарым мың теңгесі соған кетеді. Табиғат қолдап, үш жыл қатарынан миллиард пұт астық алдық. Енді кеп нан қымбатталы. Каспийде мол мұнай қоры бар. Жермай бағасы аспан тіреп тұр. Баяғыда өткен-кеткен машинеден жермай сұрасаң, шопыры ерінін, бөгін ашып тастап "өзің алшы" деуші еді, қазір "аспандағы еттің сасығы-айдың" кері. "Коммунизм өтіп кетті" деп өзіңдеуіші еді, тіліне шоқ түскір, керең Төлеубек. Жаманның айтқаны келмей сандырағы келді.

Кенет осы бір сөтке дейін әр түсты бір шолып күңкілдеген Шаймұрат орындығынан тұра берді. "Мынау соның өзі емес пе" деді сонан соң күбірлеп. Оюы да, түсі де сол. Иә, қоңыр текемет. Он жасында әжесі көрші қолаңды шақыртып, жүнін жайып сабатып, су бүркіп, сонан соң ұқыптап, малатас сияқты байланыстырып, Бекбикеге сүйретіп, өздері ауланы айналдыра теңкілеп жасаған киіз. Әжемнің көзі ғой. Төсектегі көп көрпенің астында жатқан шығар деп жүрген. Енді кеп анау екінші қабаттағы сырахanadан шықпайтын жүндес орыстың балконында жаюлы тұр.

Түкке түсінсе бұйырмасын. Костюмін желбегей жамылып, ескі галошты аяғына сұға салып, есікті құлыптап, баспалдақпен төмен түсті. Әлгі Жарылқаған не тындырып жүрген, қарамауы ма еді, көзіне. Мәрсөре оймен он жетінші пәтердің қоңырау түймесін басты. Үй иесі де мұны аңдып тұрғандай, сонан етіп шыға келсін - Ә, старик здоров!-деп қолын ұсына берді. Сөйткенше қызыл шараптың жағымсыз иісі бүрк етті.- Жақсы,-деді Шаймұрат көршісінің қолын құлықсыз алып. Есіктен енді де, төрге бастады. Күлімсі иістен жүрегі айнып құсып жібере жаздады. Шашы дулар-дулар етле орыс аң-таң күйі соңынан ерді.

– Балконың қайда?

Көршісі үнсіз-түнсіз қолымен оң бетті нұсқады. Есігін жұлқи ашып, текеметтің шетінен ұстай бере:

– Мұны қайдан алдың?-деді Шаймұрат көрші орысқа қатқылдау үн қатып. Көршісі әлде не деп төмен қарап мыңқылдады да қалды.

– Ұрладың ба?

Жалбыр шаш орыс бұл жолы жымың етіп, басын шайқады да, кінәлі аламның бейнесіне енді.- Айналайын, ататай. Мен ұры емеспін. Рас, арақ ішемін. Бұл киізді мен анау қоқыс салатын жәшіктен алып келгеніме бес ай болды. Міне, құдай ақына,-деді сонан соң.

— Сатайын дедім де, еденге ыңғайлы екен. Кеше балам Андрюша балконды ашық қалтырып, жаңбырдың астында қалып қалыпты.

Шаймұрат әлгіндегі екпінінен айырылып қалды. Сөзі нық, орыстың жөнді сөзі, бөгетке тірегендей әсер етті.

— Әй, лос онда маған сатшы.

— Текке- ақ берейін,- деді орыс көршісі.

— Сыра іш, мынаған. Шаймұрат екі жүздік қызылқұлақты қолына ұстата қойып еді, көршісі елпен қақты. Текеметті қағып- қағып жіберіп дөңгелендіре орады. Көптен алам қолы тимеген бе, шаңы бұрқ етті.

— Еденге жайылған кілемді жиып, белінен буып, бұрышқа тұрғыза салды да, орнына оюлы текеметті тепті жайғастырды. Сонан соң жас балалай үстіне жата қалып, ары - бері аунасып кеп. Көз алдында әжесі бұл тірлігін мақұлдап, риясыз күлімсіреп тұрған сияқты. Анау бұрышын ұлтараққа кесіп алмақ болғанда сазайын бергені есіне түсті. Сонан соң қызыл жіппен елге білдірместей етіп жырықты жамап еді, марқұм. Бұл деген менің балалық шағымның, бақытты күндерімнің белгісі емес пе. Осы күнгі жастар оны түсіне ме? Әлгі Жарылқағанның ескі киімнің бәрін балалар сыртқа лақтырып тастапты дегені шын болды - ау, ә. Бөлме ішін әлде қандай бір иіс алып барады. Бұл көптен сағынған ауылдың иісі еді.

## ӘЙЕЛ МІНЕЗІ

...Ашылып ештеңе демеді. Көз астымен ұрланып ауық-ауық жаутаңдап қарай берді. Мұңды бота көзі, қыр мұрыны, қарлығаштың қанатындай қиылған қасы. "Қанша бір су ішкілігіміз қалды дейсің. Өмір өтті, кетті..." Үнасқан қос бүйіріне кезек-кезек аунап тыныш алмады. Неге ғана ұйқысынан оянып кетті екен. Ауыз

үйге көз тікті. Қокымбай бөлмені басына көтере корылдап жатыр. Қаперінде ештене жоктай, бей-жай. Арактың буы гой. Мені кездестіріп, бір жасап калғандай. Жалтак болып кеткен бе, екі ауыз үн катып, Айымға бір карайды.

Иә, Айым екеуі бір-бірінен сынык сүйем ажырамайтын. Айым десе, Айым еді-ау. Сынаптай сырғып өткен уакыт-ай. Ауыл итінің күйрығы кайкы келеді десе де, екі аякты бір етікке тыккан Горбачев билеп тұрған уакытта барлык емтиханды үздік тапсырып институтка кабылданды. Анау-мынау емес, бөтен тілді шемішкеше шағатындар дәріс алатын мәртебелі оку орны. Сырттағы елге аскар таудай биік, колы жетпес киядағы түлкідей алыс көрінетін шетел тілдері институты. Окуы да аса бір "ит батпактап, шошка сүрінетіндей" киын асу емес екен. Айнаға карап, тілін мұрнына жеткізді, ернін созғылады. Қойшы, жарты жыл өтерөтпестен кыздарға "айлавью - мен сені сүйемін" деп көңіл білдіріп, көкейдегісін сөйлей алатындай халге жетті. Ернін бояп, шашын киып калаға еліктегендер сынактан құлап жатканда, Айым екеуі кұдайдың колтыктағаны шығар, айдарынан жел есіп, алдарына жан салмай, курстің озык студенттері атанды. Әттенэттен, пешенеге жазылған ку тағдыр екіге айырып жіберді...

Ойын әлдекімнің жакындап келіп, демін ішіне тартып, батымсыз ғана кернесін ашканы бөліп кетті. О, сұмдык! Төбесінен төніп, бетіне үңіле карап кәдімгі Айым тұр.

Санасын сан түрлі ой каман, беті дуылдап, капелімде не істерін білмей көзін ашып, жұмды.

– Бұл үйге ұйыктау үшін келген жок шығарсың,- деді бұл сәт Айым күңк етіп.

– Мен бе? Иә, не дейсің? Келгем жок...

– Енді кім деп ең? Әйел даусы каткылдау естілді.

"Әлгіндегі үстел үстіндегі ішкен бір жұтым арак басыма шауып, сонан соң тағы ішіп... Айым мас болып калмасын..."

– Ауыз үйге бара тұршы, Айым, - деді Үнаскан капелімде

– Кiнесiн.

– Шылбырын Үмсындыктың колында түйыкталып, жалтан болып кеткенсiң бе?

– Кызык - ай. Сонда не iстеуiм керек? Кандай шаруа?

– Несi кызык? Айым сенiң жанына жатады. Ұнаскан әңгiме айтады. Аспаннан түскендей боп...

– Не дейдi? Ұнаскан кеудесiн котерiп алды.

– Калжыңың ба, шының ба? Айым саған не болған?

– Кү жанымды коныс таптырмай жүрген сырымды актарудың бiр ретi келдi. Запыраңымды тогемiн.

– Отырып- ак, әңгiмелесейiк. Қокымбайдан уят емес пе?

– Тiстеп алар деймiсiң, ол. Кыршаңкысы жок оның. Кырык күн жорткан кас батыр ендi таң атканша оянбайды. Аттың сыры несiне мәлiм.

– Сонда да күнеуiн көрсе олiм гой.

– Сен саттың. Қокымбай калыңын толеп алды. Саткындык өлiм емес пе? Келiншектiң үнi тарғылданып шыкты.

– Пау, Айым, мынауың киын болды гой. Онымыз откеннен калған бiр елес кой...

– Сонда калай? Үмсындыктан баска әйелдiң саған жакындауға кукы жок па? Өзiңнен көр, откендi...

...Айымды карындасы санады. "Айым- ау, мына кыз саған ұнай ма" деп талай колаң шашты "емтиханнан" өткiздi. Сонда "карындасы" Ұнасканға күлiмсiреп басын шайкап берушi едi. Сойткен Айымды Қокымбайға косактап жiберген өзi. Сол кезде "Айым-ау, сен менiң айымсың" десе, мұрнын тескен тайлактай соңынан ерiп жүре беруге дайын екен- ау, о. Кыздың кулығы кырык есекке жүк болған. Екеуi тұрған жатахананы жiгiт атаулы екiншi ЖенПИ атандырғалы кашан. Жан- жактан калыңдык "аулап" келетiн коп жiгiт, инязның жiгiттерiн "арпа iшiндегi бiр бидай" деп менсiнбейтiн. Оның да жонi бар. Кыз коп, жiгiт атаулы саусакпен санарлыктай ғана. Сол жатаханаға ат басын тiреген жiгiттердiң iшiнде "зооветтiк" Қокымбай да бар едi. Шашын бiр жағына кайыра тараған, коркейдей күжiрейген зор денелi, карасур, сөзiн сағардай анда- санда бiр гүр етiп коятын.

табиғатынан томаға тұйық жігіт еді. Бұл жастық не істетпейді? Бір күні сол дөй Қоқымбай өзінің алдына кеп иілсін.

– Қай жерден боласыз?- деді ол сыпайыланып.

Бейтаныстың көкейін біле қойған Ұнасқан қитыға жауап берсін. - Қазақ Советтік Социалистік Республикалар Одағынан, қазақпын,- деген.

– Облысыңызды сұрап тұрмын. - деді Қоқымбай

– Осы маңайдан. - деді Ұнасқан күмілжіген жігітке.

– Еркекпіз. Беріктінің намысы бір. Мені анау тәмпіш мұрын, қараторы қызбен таныстырыңызшы, - деп қиылды. Қоқымбай сөзден іске бірден көшіп. Мінезін танытты. Ұнасқан мырс етті. Қалай дегенде де ауылдың табанын тас тескен, доқ сөйлейтін қара сирақ баласы екені бірден білінді. Осы бір бейтаныстың алаңсыз тірлігі ұнаған Ұнасқан енді өзілге көшкен.

– Біздің жатақханада қалыңсыз қыз тұрмайды. - деді.

– Солай деңіз. Қарадөй бейтаныс үні жер астынан шыққан ертегінің алыбындай күркіреп күлді.

– Қыз дайын болса, біз дайын. Қоқымбайдың бет-аузының быжырқайы көбейіп, дүр денесі қозғалақтап. көзін ашып - жұмып қуанып салды.

– Үш тоғыз. - деді енді Ұнасқан шардаралық Әмзе Әбілевтен естігенін бәйгеге салып

– Құп, тақсыр!

Қоқымбайдың осы бір сәтте неден болса тайынбайтыны қарасұр жүзіне тебіндеп шыға келді.

– Қыз үшін, жан пида, жігітім. Күректей алақанымен Ұнасқанның арқасынан көсіп- көсіп қалғанда жаны мұрнының ұшына келді. Айымды қолынан жетектеп әкеп, қыз қарсылығына қонбей, Қоқымбайға таныстырған. Енді міне, сол Айымы - қараторы, жаны мөпмөлдір, бұрымын қос анарының ортасынан жіберетін, уян қыз, енді бүйрек бет, оқтаулай жұмыр қатал келіншек атанып қарсы алдында өзіне төніп тұр.

Сөйткенше, ішкөйлекшен Айым кеудесін көтеріп. сан ойдың жетегінде кеткен Ұнасқанның қарсылығына бық демей, көрпеге сүңгіп кетті де, сыбырлап берді. Торлы төсек құйрығын басып қалған мысықша баж етіп барып басылды. - Ұнашым- ау, жат жарылқамайды,

өзі өлтірмейді. Қисай бері. Ешкінің құйрығының көкке жеткенін көрген жоқпын. Бетіңді бері бұрасың ба, жоқ па? Ұнасқан не істерін білмей дағдарып, басын мағынасыз изектетіп есі шықты. Біресе ауыз үйдегі Қоқымбай жаққа ұрлана қарап, біресе жанындағы көрпені тас бүркене, басын ғана шығарып, өзіне қараған келіншекке үркектей бетін бұрды.

— Қорсынып отырсың ба? Енді ғана мені анау алқаш Қоқымбайға айырбастап кеткен күнің есіңе түсті ме. Мен саған ғашық едім ғой. Ана қу көкірегің соны сезбеді ме? Айымның үні бұл жолы күңірене шықты.

...Сол бір кездегі сырттан келер "күйеу" балалардың тірлігі қызық еді- ау. Олардың ішінде жердің жыртығын жамайтын, елдің төрт бұрышының ру, тайпасын, қала, ауданының атын жаттап алатындары да қаншама. Қызға жасар "қарулары" ғой, баяғы. Қоқымбай сияқты емес, іші бауырыңа кіріп таныстыршы деп жалынып, әурете салатын пысықтары да кездесетін. Қыздарға ғашықтығын айтып, онсыз өмір сүре алмайтынын майын тамыза баяндап, етегіңнен қалмаушы еді. Шыны ма, жалған сөзі ме ойланып қаласың. Қалай дегенде де пенде емессің бе? Адамға тек жақсылық жасаған дұрыс, сауабына кезігесің. Ойыңа жоғарғы курстың қыздары түседі. "Еркеккіндіктің етегінен ұстасам-ау, кәріқыз атанып қаламын ба"- деп ойнап айтса да ойындағысын білдіріп, "жақсы бір жігітпен таныстыршы"- дейтін қыздар да жетерлік. Содан сен химия тілімен айтқанда екі элементті бір- біріне байланыстырған катализатор атанасың. Таныстықтың соңы үйлену тойына ұласса, өзің бір риза болып қаласың. Күйеубала саған дос атанды. Енді олар: "Әу, мына маған қосқаның бетбақ, долы, күл астынан пәле іздейтін екен" деп сені жазғыра алмайды. Өгіз де өлмейді, арба да сынбайды. Кездесе қалса "Пау, сен біздің басымызды қосқан пәленшесің ғой. Құдай көп көрмесін. Бір- екі қарапұшығымыз бар. Біреуден ілгері, біреуден кейін дегендей" деп алғысын жаудырып, кезі келсе үйіне шақырып, асын беріп, өткен кеткенді айтысып бір жасап қалады. Әрине, көптің бәрі емес, ілуде біреуі. Сол кезде өзіңді бір қиял билейді. "Өмірде не бір жұмбақтар көп. Мен болмасам, талай отау басын біріктірер ме еді. Расында, мен талай

шаныракттың көтерілуіне себепші болыппын" дейсің. Солардың бірі Айым менен Қокымбай. Санап отырса он- он бес жыл уақыт өтіпті. Тағдырдың ұзын қамшысы алдына салып куа жөнеліпті.

Ұнасканның ойына Айымның жазғырғаны түсті. Бірде Ұмсындык, Қокымбай, Айым төртеуі казақтың кара шаңырағы атанған, академиялык театрдан кайткан. Шіркін, салт бас, сабау камшы, балдәурен жастық шақ, студент кездер- ай. Қос жұп екіге айырыларда: - Ал, Ұнаш жолдарың болсын, - деген Айым сонда Ұмсындык екеуіне бұрылып.

– Тең теңімен, тезек қабымен деген осы шығар... Сонда Ұнаскан Айымның шам жарығында жалт еткен карасынан таңғы шықтай мөлдіреген жасты байкап калған. "Қарындасының" еркелігі деп ұққан. Сойтсе бұл Айымның соңғы үмітін жоғалткан жанайкайы екен ғой.

Ұнаскан батымсыз ғана. Айымның жанына кисайды. Ыстық құшақтан құтылмасын білгендей, аяп кетті. Жүрегінің тұсы шок басқандай дызылдап сала берді.

– Жүзіктің өзі кеткенмен көзі кеткен жок. Жакындасаңшы бері, - деді осы сәт Айым.

– Аяғына оралғы болудан калғаным канша. Ұнаскан түйнек болған жылкыдай тыпырлады да калды.

– Ту, сені жігіт деп... – Саған үйде түз, түзде үй емес пе,- деді сыбырлаған Айым.

– Осы момындығың ғой, мені тірі өлік қып, басқаның канжығасында томпайтканың. Келіншек жұлки тартып, жігітті тағыда өзіне бұрды. Келіншектің демі ыстык екен. Салған бойда мұны мойнынан капсыра құшактап, тұншықтыра сүйіп- сүйіп алды да, жігіттің алкымының астына басын тығып, өксісін кеп. Әупірімде есі шығып, ебі кашкан Ұнасканның көзі тобедегі люстраға түсіп кеткенде кеудесін көтеріп алуға кайта әрекет жасады.

– Жаным- ау, жокка көніп, барға тірлік жасаған деген бар ғой. Білесің бе, Қокымбай баяғы да өлген. Естисің бе, иә, ол Айымды танудан калған. Қазір ол соқыр. Бері карашы. Құшакташы мені. Қалтырап барамын. Менің өмірім енді жыртылып жататын қағаз.-

деді жанұшыра күңкілдеген. Осы бір сәтте Үнасқанның кеуіп қалған тамағына түкірік жүгірді де, күңк етті.

— Қоқымбай неге өледі? Өмір неге жыртылған қағаз сияқты.

— Сол. Әне, өліп жатыр ол. Алкашқа жармастырып қойған айыпкер сенсің, - деді енді үні қатқылдау шыққан келіншек. Пысық еді- ау, Қоқымбай. Бұларға не болды екен ә? Енді міне оны "жерлеп" қойып Айым жатыр. Сонымен қоймай, өзіне тиісіп екі ығын жұлып жеп, кінәлап бет қаратар емес.

— Осыншама таусылғаның қалай, Айым,- деді сабырға жетелеген Үнасқан.

— Сонда түннің жүгін күндізге артып, сиырша күйсеп, жылқыша жусап жүре бер дейсің бе? Үзеңгілесің тірліксіз болса не дейсің. Ішкені арақ, салғаны ұрыс. Әлгінде Қоқымбайдың есімі аталғанда ауыз үй жаққа көз тіккен. Үй иесі бейқам. Қой шетіне әбден шаршап кеп шөккен қойшы сияқты. "Қотанына қасқыр шауып жатыр. Тұр, орныңнан" дегісі келіп кетті. "Иттің ғана күшігі. Аузым тістеген жерімде кетті дейсің ғой. Болатынымды болдырдым, тындырарымды тындырдым" деп түкке ісі жоқтай шалжиюын. Айымға сүліктей жабысып ең. Ол кім еді? Нағыз еліктің лағы болатын. Жаңа туған жарты айдай қиыққа келген жіңішке қасының астынан мөлдіреген қарақат көздері қандай әсем еді. Тақылжырына түскен қос бұрымы- ай. Енді міне, менің құшағымда екі бетінен қан тамған, қыпша бел, ақсазандай сұлу қыздың орнында дөңгелек бет, күңіренген мұңды келіншек жатыр. Не қып, сені іш тартып, саған құлап түсіп ем, мен пақыр. Әттең, әттең, дүние- ай..."

Айым жігіттің іш сезімінің дауылдағы теңіздей толқыған күйін аңғарып жатқандай тым- тырыс.

— Айым, - деді Үнасқан бір сәт күңк етіп. Шам сығырая жанған шағын бөлменің ары- берісіне көз тастап барып, енді ғана есін жиған аурудай кеудесін көтеріп алды. — Ау, бұл жатысымыздың аты не? Құдай емеспін, құлайдан былай емеспін деп кеуде соғу ма? Мен құдды айқұш- ұйқып жолда аласып жүрген адам сияқтымын.

– Сен осыдан көп бұрын түлен түртіп жолдан бұрылып кеткенсің. Сені табалағандай болып, Қоқымбайға қосылып ем. Қарындастың тірлігі емес, қызғаныштың қырсығы деп ұқ. Екеуміздің қосылуымызға тірсек пен тұяқтың арасындай ғана жер бөліп тұр еді ғой. Енді кеп кірпі көрген жыландай ысылдап жатырсың.

– Қатты кеттің ғой, Айым, - деді келіншекті құшақтап алған Үнаскан маңдайынан шөп еткізіп сүйіп. "Байдың асын байқұс қызғанады. Қой, болмас. Біреудің түкірген құлығы. Пау, не деп кеттім"...

– Құшақташы, енді мені жаным, - деді осы сөт сыбырлаған келіншек. Жігіттің жаны елжіреп салды. Бір құйын сезім жетелеп бара жатқандай.

– Қоқымбайды қайтемін, - деді содан соң кәпелімде. Бұл тек бір қыдыру көмескі тірлік еді.

– Жаман үйдің қонағы билесін дегенің бе?

– Адам шоу шарқан соң шегіншек келеді ә?-деді Айым.

– Тсс, -деді шошып кеткен Үнаскан. Әлсіз шамның жарығындағы бөлменің қараңғы бұрышынан торі құбыжық шығып келе жатқандай селкілдеп жөнелді. Мұндайда төрдегі сағаттың тілі де жауын жақындатқан сауысқандай шықылықтайды екен. Адам ойламаған тірлік. Мұндайда болады екен-ау. Әйел еркектен көрген зорлығының кегін осылай қайтаруы ма еді. Көрі сырдың қылша сағағындай қырыс-қырыс мойнын сипады да, жасы жер ортасын қаққанан енді сезінгендей Айымға бұрылды.

– Жаным-ау, үйдегі балалар қайда?-деді сыбырлап. Айым қылқ етті де теріс аунады, шырышын жылады да, сәлден соң тоқтады.

– Бала дейсің. Сол мен де бар ма екен? Іңгәлаған сәбидің даусы әйелге жат па еді.

– Бәсе, бәсе,-деді ішінен күбірлеген Үнаскан.

– Солай ма еді. Қайран-ай. Айымға бір шикі өкпені құдай берсе, бүгін тұтамыс жіптей шырылдас еді-ау. Оған бір құдай кінәлі емес пе. Әйелдің бақыты етегінде. Үнаскан Айымды бұл жолы қатты аяп кетті. Жұбатқысы келді. Кері бұрылған келіншекті тарс құшақтап, өзіне бетіне бұрды да маңдайына, жас тамған көзінен топ-

төп сүйе бастады. Баска үйде, бөтен құшакта жатканын аңғармайтын сиякты.

– Жаным-ау, Айым. Несіне жылайсың. Құдай бір күні береді. Сенің құдайға, аламға жасаған бірде-бір кінәратың жок кой,-деп міңгірледі сонан соң. Есілдерті келіншекке демеу болып, тағдырдың шөңгे шоқпарынан таяк жеген арудың бар кінәсін өзіне аударғысы келгедей. Тойған козыдай томпиып жаткан келіншек, Ұнасканның анда-санда сүйіп, еркелете жұбатканына мәз. Тіпті мынау дүниеде екеуінен баска үшінші бір алам жоктай, бей-жай. Ұнаскан осы бір сәтті осыдан көп бұрын аңсаған сиякты ма, калай?

– Ұйкым келді,-деді Айым.

– Не дейді? Ұнаскан ұйкысынан шошынғдай селк етті.

– Сол. Бұлактай тұнып басталып, тоспадай лайланған өмір-ай...Ех...Айым тағы күрсінді. – Осыдан он бес жыл бұрын, ешкімге иілікпеген басымды сенің кеудене салып, мызғып бір фәниге кетсем де арманым болмас еді. Ұнашым. Ұйкы кайда, енді. Жоктан өзгені ойламай, бір сәт тыныш жатшы. Ұлтуған мені мені кешіреді.-деді келіншек сыбырлай. Бөлме ішін мұң лүмеп алғандай. Тым-тырыс. Әлгіндегі үрей мен коркыныштың ауылы алыстан, нені болса да каскайып карсы алар тірлік басым. - Енді не істемексің?

– Өзімнен өзім көремін де баяғы. Бәрі арыған білдірмес, сыртка жүнін камапайтардың кері. Біздікі өткен күннен калған сағыныш та, баяғы,-деді Айым.

– Сен ертең кайтасың ғой, ә? Жауап орнына Ұнаскан басын изеді.

Сөйткенше ауыз үйден Қокымбайдың ыңырсығаны естілді де, Ұнаскан басын бұрып ауыз үйге көзінің кыығын салды. Қокымбай бетін бері бұра аунаған екен.

– Айым,-деді Ұнаскан сыбыр етіп.

– Күйеуің бері карап екеуміздің тірлігімізді бакылап жатпасын осы.

– Мейлі. Орнынан тұрып келіп, өзіңді кокала койдай етіп сабамайды екен, бәлем. Өшімді сенен алса ғой. Жә, әншейін айтам. Қорыкпа. Менің көзден бұлбұл боп ұшкан сағынышымды бұзуға ешкімнің какысы жок.

Қоқымбай бейшара да жазық бар ма? Әйтпесе, баяғы да ақ, балағынан бала өрбіген біреуге кеттім демей ме? Айым үні тағы да дірілдей шықты.

– Мен байғұс қой, жоғалған пышақтың сабы алтын деп, шәу қарғалай шаңқылдап жатқан. Неше балаң бар?

– Құдайдың берген төртеуі. - деді Ұнасқан.

– Дұрыс екен. Көп қылмасын. Мен саған ішімнен әрқашан сәттілік тілеп жүремін. Ал спектакль осымен бітті, - деді Айым кенет кор кереуеттен сырғи жерге түсіп.- Сен мені кешір, жарай ма? Ұнасқанның әлде не деуге дәті бармады.

– Менің тірлігім баланың ойыны, бақсының жыны деп сөкпе Ұнаш. Сөйтті де Айым кейін кеп, Ұнасқанның маңдайынан ұзақ сүйді.

– Мен енді көпке дейін сені ұмытпаймын. Айым ауыз үйге өтті. Артынша күйеуіне: Әй, қорылдамашы, - деген бұйрықты үні естілді.

Ұнасқан қос бүйіріне кезек-кезек аунап көпке дейін көз ілген жоқ. Мына бір көрген түстей болған оқиғаның ары-берісіне ой жүгіртіп мазасы кетті. Тіпті қимайтын да сияқты. Алтынынан айырылып қалған жандай күй кешсін кеп. Енді бір сәтте орнынан тұрып барып, Айымды қолынан жетектей әкеп, жанына жатқызып, құшақтағысы келді. Адам деген пенде-ау. Мен не деп кеттім деп өзінен-өзі шошынды да, қайтадан ындыны құрып, көз қиығымен Айым кеткен жаққа көз тікті. Келіншек күйеуін тарс құшақтап, бетін іргеге бұрып алыпты. Ұнасқанға өкпелеген сияқты ма? - Пау, бұл неткен жұмбақ дүние, - деп күбірледі.

Аяғының ұшымен басып терезеге келді. Ай төбеден құбылаға ауыпты. Ағаштардың көлеңкесі үйдің ауласын түрткілей бастапты. Есік алдында сел айдап келген қой тастардай теңкиіп-теңкиіп бір-екі сиыр жатыр. Міне, ай ағаш жапырақтарының арасына жасырынып барады. Қоламтадай қалтыраған жұлдыздар. Әне, жалмауыздың жалғыз көзіндей шақырайып шығыстан Шолпан туып келеді. Жалма-жан киімін іздеп тауып, асығыс киіне бастады. Осы жерден тезірек кетіп, жолға шығайын. Аудан орталығына жетсем, ар жағында поезға отырамын. Айымды енді көрмегенім дұрыс шығар. Жүрегін

ауыртып қайтемін. Оның үстіне Қоқымбайға не деп бетіне қарармын. Әйелін түнде менің жаныма жатты деймін бе? Әй, Айым. Әйел мінезі шешілмейтін жұмбақ қой. Өткен-кеткен есіне түсіп... Күбірлеп жүріп, ауыз үйге шықты. Айым ұйықтап кетіпті.

Есікті ақырын ашып, сыртқа шықты. Сиырлар тұрып, танаулары пыс-пыстап, сүзіп тұрған ағаштарды сықырлата сүйкеніп, әлекке түсіпті. Тағы да бір таң атқанын білдіріп, қиыр бет ақ шаппаққа боянып, ұлғайып келеді. Ұзай беріп:

– Мен сені сағынамын, Айым, - деп күбірледі.

Итарқа шатырлы ағаш там қарауытып қалып барады.

# ӨМІРДІҢ БАР МА, БАЙЛАУЫ-АЙ

Көп ішінде қыңыр батырдың бөркіндей оқшырайып көрінетін Есіркегеннің бұл дүниеде ойлап таппайтын нәрсесі аз-кем. Құдаймен ісі жоқ, қабақ шытып салғыласпайды. Үні мұрнының астынан шығып күңкілдеп қойып, ертелі-кеш бір күйбеңінен танбайды. Ешкімге жоламайды, сыбайы-сыптан. Ай жаңғырғанда, ел айтпақшы ол да "жаңғырығады". Міне, екі иығына екі ген артса да ыңқ етпейтін еңгезердей адам, бет аузы түк басып, бұл жолы кересқарыс аузының маңайына сасыған көлдің жиегіне өскен қоға тәрізді жапырылған сақалды өсіріп шыға келді. Отыз үйлі шағын бөлімшенің ақыл сұрар ағалары: "Мынаны жын ұрған, пері қаққан" деп мырсылдай күліп, көнекөз жеңгелері "Жүнді қайным", "Аю қайным" деп сескене қарап, еріндерін сылп еткізгені анық. Бірақ Есіркеген үшін қиянқы сөз құлағының ұшынан ыз деп ұшып өткен қара шыбындай ғана әсер еткен сияқты, селт етпеді. Тіпті түгі де тікірейменді. Піскен қазыдай жүзі жылтырап, сүзеген бұқадай бұрылмайтын әдетімен ауылды ары-бері кезіп жүре берді. Сөйткенше, "Байдың асын, байғұс қызғанады" дейтіннің кері ме, Киікбелеңде аузы-басын мұрт пен сақал көмкерген жігіт те, елде де қаптап салсын.

Одара өтіп, ай тағы жаңғырды. "Әкеңнің өлгенін жасырғанмен, көмерде қайтерсің" демекші, Есекең тағы бір пәленің басын қылтитты.

Ертеңгісін жұбайы Төлеутай екеуі балапандарын ерткен ата қаз бен ана қаздай, төрт баласын тізіп алып, Бұрғанның бойына қарай ат желіспен жүгіріп бара жатты. Көрген де, естіген де жағасын ұстады. Қан көрген қарғадай шулады, түге. "Есіркегенге су иесі Сүлейменнің салқыны тиген. Ел ішінде бір бейбас бола берді. Зәу-затымен осылай. Түйнек болған жылқыдай, оқыралаған сиырдай, түге" десті. Қоймаған аты, жапсырмаған жаласы қалмады. Бірақ қаңқу сөз Есіркегенге маса шаққандай да әсер еткен жоқ. Қаймағын алған сиыр сүтіндей жұмсақ көксүр аспанның астында, Бұрғанның қыз күлкісіндей сылқылдаған сылдырын естіп, әкелі-балалы, жарты жалаңаш жаттығу жасап, қолдарын ары-бері сермеп, секіріп, бойын қыздырып өзенге шомылып мәре-сәре болды. Артынша орамалмен сүртініп, солдаттарша сапқа тұрып, жүгіріп отырып үйлеріне оралды. Командирі (шалдар айтпақшы) Есіркеген Қазақпаев. Адам шәу тартқан соң шегіншек келеді деуші ме еді, бірақ Есекен күннен күнге жас жыңғылдай қызылкүреңденіп, Төлеутайдың да, балаларының да жүзі тотығып, қула тартып, бетіне қан жүгіре бастады.

Мұнысымен қойды деген Есекен бе? Тағы да бір ай жаңғырған ерте көктемде өзен бойынан жиде шауып әкеліп, үйдің маңын қоршап тастады. Ауыл жұрты елең етті. Шілденің ыстығы сорып, аспанның ақырған аязы тоң қылып, соры шыққан, талайдан ел аяғы, мал тұяғы таптаған тақырды. Иванның көк тракторы тіркеген, күнге шағылысқан соқасымен жырттырып салды. Қуйқасы шығып күңірсіген сары қоңыр топырақ, бір сәт күнге жүзін төсеп, "мауқын" басып та үлгермеді. Есекеннің зәу-заты тайлы-таяғымен жабылып жүріп, атыз жасап, арық қазды. Сонан соң тоқ атын текірек үстінде тастаған тезегіне ұқсатып, шұңқыр ойып, қарақшыдай қып тал шаншыды, шұқып-шұқып дән септі. Есекеннің сиырдың тіліндей шырыш-шырыш алақаны көнге айналып, күс-күс қырымен маңдай терін сүртіп тастап, таңның атысы, күннің батысы, сол маңнан шықпады. Өскін өне күрек ұстап, кәмей байлап, түнімен дақылдатып су суғарды. Қара айна боп жалтылдаған айдынның түбінде төңкерілген қайықтай, етбетінен түсіп

ай жатты. Жер шіркіннің шайға салынған женттей ылжа-ылжасы шығып, ертеңгісін бойын жинап, дегдіген шақта, шыбықтардың коктеп келе жатқанын аңғарды. Мектептегі биолог әйел Бижамалды іздеп тапты. Одан жатардай жабысып екі-үш кітап сұрап алды. Есіркегеннің мұнысы зорлық, "ит мініп, ирек қамшылағанның" кері десті. Қазанның құлағына таласқандай күндес еркек - "қатындар" шықты, түге. Малды ауылдың сыртынан торитын аш қасқырдай құрдастары Есіркегеннің бақша маңына көз сала бастады. "Мына нері басымызға пәле болды. Қатындарымыз құлағымыздың құрышын қандыратын шығар" десті.

Жаздың кешеу, күздің таяу шағында Есіркегеннің айларынан жел есті. "Ұялмаған бұйырмағаннан дәм татады" демекші, құдай көршісі Ләтай кеп, қызыл бүлдіргеннен дәм татты. Жеңгемін деп қалжыңдаса беретін әдетімен: - Әй, қайным. Қу бастан қуырдақ шығаратын нағыз ақырзаманның жүгірмегісің. "Жан рахатын көргің келсе ешкі қотыр бол" деген осы-ау, - деп мақтасын кеп. "Бессыз үйдің иті даракы келеді. Хасен ағам тірі болса, бұлай оттамас еді-ау". Есіркеген бауырына қоламта тиген жауын құрттай бір жиырылып, ішін тартты да, қатынмен қатын боламын ба деп үнсіз тынды. Іпінен ойланды. Ит басына іркіт төгілген заман келмеске кетті. Соны да білмей ме? Қазіргі уақытта қолын қимылдаса, аузын қимылдайды. Есектің құйрығын жусаң да ақша тап демеп пе еді, ұлы Абай. Желіге жалғыз сауын бітсе, тоқтыққа жоритын жуас қазағымай...

Есіркеген енді ауылдағы құрдастарын сөкті. Кеуіп қалған тамағына түкірік жүгіріп: "Арақтан басқа көрері жоқ. Жүр таңданап, түге. Қатынының шемішке сатқанына, баласының жәрдем ақысына мәз. Өйтіп, еркек болғаныңнан"... деді.

Есіркегенді құдай жарылқады. Бақшасындағы көкөніс қаулап өсіп, биыл жемісін берді. Мал бітті. Қораға қозы болып еніп, ісек болып, базарға сатылды. Жөніпк-жөніпк алма-алмұрты сатып пұл жасады. Иегін көтеріп жан-жағына қарады. Жан-жағы бұған таңданатынды шығарды. Адам пенде. Дүниеге көзі

тоймайды екен. Ойда-жоқта Есіркеген тағы бір оқыс тірлікті бастап та жіберді. Тағы да сол ай жаңғырған жаз. Бір күні қой қорасының еденін белден ойып жіберіп, апақ-сапақта құйрығын шыбжың-шыбжың еткізіп қып-қызыл бес-алты торапайды әкеп түсірсін. Дауыстары мұндай ащы болар ма, патшағалардың "Есіркеген шоқынды, кәпір" деді көзі тас төбесіне шыққан жұрт. "Бәсе, шоп–шаламға үйір еді. Оттауынан сезіп ем. Бұл кәпір. Маңайынан мың шақырым әрі жүріңдер. Харам", - деді ауылдағы Енсебек молда.

Есіркеген қыңқ демеді. Қайта, молданың өзіне қарсы шықсын. "Тістеп алар деймісің. Қыршаңқысы жоқ оның. Орыс та жылқының етін жейді ғой. Семірт те сат. Ол да тұяқ. Қойыңның құнын екі орап әкетеді. Етін жемесем, елдің мен де несі бар. Әлі көрерміз" деді ішінен бұрқылдап.

Бұл уақытта заманның бағы бұзыла бастаған. Есіркеген былқ етпеді. Талпақ танауларын өсіріп жүре берді. Тек көпшіліктен сырттады. Той-томалаққа шақырылмады, өлгенге бас сұқтырмады. Келе-келе "жаманның айтқаны келмей, сандырағы келедінің" керімен, "өле қалсам, бұлар үйі маңына жоламас" деген күдік көкейінде қылаң берді.

Сонымен ай бір жаңғырғанда Есіркеген қой сойып, қолын қанға батырып, ант-су ішіп, мұсылман болып шыға келді. "Тағдыры таңқы болды. Әке-шешесінен ерте айырылды. Соғыс та кінәлі шығар. Дүние көздің құрты. Аласпайтын тұяқ жоқ. Қайтып үйірін тапты" дегендер де кездесті. Есіркеген бұл кезде ақбуырыл сақалды, қиық танау, қыр мұрынды, әжімі тұтасқан, қара масаты тақия киген пайғамбар жасына да кеп үлгерген. Бірақ туа біткен мінезбен көрге түсетінін бір анық. "Қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған" жұмақ заман келмеске кетіп, нарық деген басбұзар қотанға шапқан қасқырдай, жұртты ту талақай етіп, ақшасы бардың кеудесі керіліп, жоқтың тізесі бүгілді. Қала деп біраз жұрт көшіп кетті. Бірақ Есіркеген кіндік қаны тамған, кіндігін кескен Киікбелеңді тастап еш қайда кетпеді. Құдайға шүкір, бау-бақшасы, тоқты-торымы, айыр мүйізі, қылқұйрығы бар. Он мыңға жетер-жетпес зейнет-

ақысы шай-шақпытқа жетеді деп құдайға алғысын айтқан. Бірақ Есекеннің жұлдызы жанбады. Алғашқыда қос ала сиыры өрістен қайтпады, қолды атанды. Ай өтпей екі-үш биесі ұшты-күйлі жоқ болды. Айналдырған он шақты тоқты-торымы ненің басын бүтіндемек. Есіркеген келей атанды. Төлеутайдың "Төркінімді жағалайық, көшейік" деген қыңқылы көбейе бастаған. Сондай түннің бірінде Есіркегеннің ойына жақсы бір идея келді. "Ақшаң болса қатқанда, таптандасаң тапқанда" деген, ешкім білмейтін құпия шаруаны бастауды оң деп тапты. Тіпті аңы ішектей созылған мынау ұзақ өмірінде айтқанына көніп, айдауына жүрген жұбайына да бөтегесіндегі бұл сырын ашпауға бел байлады. Төлеутайдың заты әйел. Аузын ашса көмекейі көрінеді. Ауыл үйдің асын аңдыған көп те баршылық. Ал баланың ісі шала. Ұл туғанға күн туған. Қарны тойса қайғы ойламайтын өңшең ер бала, өзіңнен дәметеді. Ертеңгі күні көз жұмып кетсем, өсегі көп, өкініші мол тағдыр кімді жарылқаған. Есіркеген ақбоз қалақ сақалын алқымына тастап жіберіп ұзақ ойланды. Жүрегінің тұсы от басқандай тызылдады. Баяғыда жұрт аман ел тыныш-та, тойып жеп, кекірік атып, иегін көтерген заманда ларақтағанша, бәрін орнына келтіру керек еді. "Ақымақтың ақылы түстен кейін кіредінің" кері. Жоққа көніп, барды көтеріп жүре беріпті. Өткен де, кеткен де бір көкпар деген ғой. Енді босаңсыған тізгінді жинап алса болар. Түшкіріктің өзі емес, оны күткен ләззат. Есіркеген атар таңды ұйқысыз өткізді. Орнынан тұрып барып қысы-жазы тастамайтын конетоз костюмінің қалтасынан добалдай қара құлпының кілтін тауып алып, әлде кім ұрлап әкетердей күдіктеніп, атлас жастығының астына тықты. Адам шоу тартқан соң шегіншек келе ме, әлде мына қысаң уақыттың тар қамытының мойнын қажай бастағаны ма, оныcына өзі де мән берер емес...

Тауық боп шақырмасаң таң атпайтының кері. Есіркеген дәл сол күні әдеттегісінен де ерте тұрды. Асыға киініп, кілтін алып кілетке жетті. Сонан соң жан-жағына ұрлана қарап алып, апыл-ғұпыл есікті ашып, жезқұмғанды іздеді. Баяғыда иманды болғыр әкесі сонау Сарқанның базарында бір тамыр орысынан аттай қалап

алыпты. Ескінің көзі той. Бір күні әжетке жарар деп ел қолы жетпейтін жерге құлағынан іліп қойғаны қандай жақсы болған. Ары-бері аударыстырып салмақтап көрді. Таза жез. Тот баспайтын асыл дүние. "Осыдан дүние шығарсам, сен де жарадың, мен де жарадым" деді ішінен күбірлеп. Ұстаның жүрісі сылбыр, қолы жүйрік. Есекең бірден іске кірісіп кетті. Құйрығын бұлғандатып, сүйкене келген ақмойын төбетке бір жекіріп қалып еді, "менің жазығым қайсы" дегендей керенау бұрылып, бұрышқа барып еріне қисая кетті де, иесінің тірлігінен көзін алмай жатып алды. Темекі тұтатып, сәл ойланып, ары-бері теңселіп жүрді де кенет кілт бұрылды.

– Кәссе, - деді сонан соң ішінен күбірлеп.

– Тот та баспайды, ақша да ешқайда қашпайды. Тек құпиянды сақтай біл... Сөйтті де өзіне-өзі риза болып, кеңкілдей күліп алды.

– Қайран қарын тойса, қайғы ойламайтын балалық шағым- ай. Мынау құдды баланың ойыншығы сияқты, өзі. Есіркеген сонау бір жылы балаларына базардан алып кеп берген үйрек ойыншықты есіне алды. Ойыншық болғанда бір ғажап нәрсе еді, үйректің дәл басының мишық тұсында тиын сиятындай тесік бар еді. Ол кезде тиынды ақша деді ме, тәйірі. Балаларына көрсетіп, әлгі тесіктен бақыр бес тиынды тастап кеп жіберсін. Күйеуінен Төлеутай қала ма, ол да он тиындықты сүңгітіп үлкен қызы Бопетай жиырманы, еркс ұлы Копетай бес тиынды салды. Сөйтіп бұл үйрек ойыншық балалардың күнделікті ермегіне айналған. Бірте-бірте үйрек-әмиян ауырлап, аракідік лау да басталатынды шығарды.

– Менікі полеише сом, - дейді Бопетай. Ең қызығы ойыншық үйрек ешкімге ақша бермейтін сараң кәссіге айналсын. Бірақ балалар үшін бағасы артып бара жатқаны анық. Ойда- жоқта үйрек- әмиян бір күні жерге құлап түсіп парша-паршасы шықсын. Әркімнің өзі жинаған малы семіз. Міне, сөйтіп Есіркеген осы тірлікті басты идея жасады. Ол жез құмғанның аузын тас қылып жапыра бітеді. Сөйтіп сараң кәссе дүниеге келді. Енді Есіркеген әлсе бала-шаға қиналмайды. Жез құмғанды ашып жиналған ақшаны әкесін дұрыстап жөнелтуге жұмсайды, балалары. Баланың "кереметін"

сонау Төлеубек өлгенде көрген. Жар дегенде жалғыз баласы: "Әкемнің соңғы тамағы ғой. Ішіндер, жеңдер. Әттен, қыска жіптің күрмеуінің қиын-ай. Ас жасап бәйге шаптырсам да болар еді" деп қызып ішіп, кеңк-кеңк күлсін кеп. Есіркеген көзімен көріп, ішін тартқан. "Е, баланың да, шағаның да, әрі-беріден соң әйелдің де өз тірлігі өзінде. "Әкем-ау, қорғаным-ау" деп ары кетсе екі-үш күн еңірер. Сонан соң бәрі ұмыт. Сөйтіп Есіркегеннің аты мәңгіге жоғалады. Өсиетімді орындаса балалар анау Киікбеленнің шыңырау төбесіне ақ кірпіштен бейіт салып, жол бойы өткен-кеткен "Мынау Есіркегендікі" деп есіне алар. "Пау, не деп кеттім" деп шошына селк етті. Есіркеген жезқұмғанға төс қалтасындағы ешкімге көрсетпей жасырып жүрген қызылқұлақ екіжүз теңгесін "бісміллә" деп тастап жіберіп, күрсініп қалды.

"Құланның қасуына, мылтықтың басуы" дәл келді дегендей, онсыз да пысық, жыланның күйсеуін сезетін Есіркеген ағаштан жасаған ат қорасының бірін бұзып жіберіп, үйінен он аттам жердегі жалғыз ағаштың түбінен әлемілеп дүкен салды. Қалаша "киоске" деп атайды. Терезе жасап, есігін темірден сәркілетін қыздың жиған жүгіндей қып "отауының" маңдайшасына "Қайнар" деп өз руының атын жаздырып, қол тиіп тұрған Тасбекеттен шай- пай, арақ- шарап, қойшы, инежіпке дейін тізіп қойып сатсын кеп. Төлеутай да қол қусырып қалған жоқ, абротынан құрт қайнатып, құртсықпа жасап, келе-келе түшпара дайындап сатып, күйеуіне көмектесті. Күні кешегі қой үстіне жұмыртқалаған заман болса, кім көрінген Есіркегенді "саудагер", "сарт" атандырып, құйрығын ашып күлер еді. Жазғандар-ай, қыңқ етпейді. Қайта ары-бері өткенде басын шайқап, көзін жұмды. Ойтпегенде қайтсін, іштері қайнап, айжаңғырық кезінде өзгеріп сала беретін, "шала ми", "салқын соққан" Есіркеген кешегі, қыршаңқы Моңкенің баласы дүниені сапырыстырып байып барады. Оның үстіне мұның дүкені ауылға кірер ауызда болғанын айтсаңшы. "Алдымен соның саудасы жүреді, қалған тірлік жасағандары содан кейін". Есіркеген "барып кел, алып кел" жолының пұлын, машиненің жағармайын шотқа салып, тауарын он бес пайыз қосып сатты. Сөйтсе

сонын өзі ағып тұрған мал екен. Бұл екі ортада жұбайының көзін ала беріп, жез құманға ақша тастап жіберуді де ұмытқан жоқ. "Құда да тыныш, құдағи да тыныш". Бірақ баяғыда бір ақын айтпақшы. "Бұл дүние ойлап тұрсам шолақ екен, адамдар бір-біріне қонақ екен" деген әнді Есіркеген ұмытпады. Келе-келе жез құманға көк қағаз салатынды шығарды. Қаладағы әлде біреудің ақылымен. "Әй, батыр әмерикан ақшасы өлмейтін қазына, жатпай-тұрмай өне береді" деген соң ғой, баяғы. Мұны біліп алған ауылдың "бизнесмендері" салып ұрып өзін тапты. Бұл көк қағаз ұсынды, ол қызыл-сарысын өсіріп берді.

Қойшы, сөйтіп жүргенде пәле басталды. Ертеңгісін таң бозынан тұрып, сүйектерін бытыр-бытыр үзіп (Бұрыннан мұра боп қалған әдеті ғой) дүкеніне беттеген. Дүкенге жетер-жетпесте байланған аю ит қозғала қоймады. Жақындап келді. Рекстің аузы-басы қан. Түктеріне қан жабысыпты.

Әттең-ай, бос қоя бермегенім-ай. Әйтпесе, ауылдың көк шолақтарын қабырғасын үгітер едің, - деді анандайдан күңкілдеп. Сөйтті де көзі анандай жерде шашылып жатқан темір самияндарға түсті. "Ау, бұлар не қып жатыр" деді сонан соң ішінен күбірлеп. Мынау есіктің торларының темірлері ғой. Екі аттап дүкенге жетті. О сұмдық! Есігі шалқасынан түсіп дүкен ашық-шашық жатыр. Анандай жердегі добалдай құлыпты "сен кінәлісің" дегені ме, бір тепті. Есіне жезқұмған түсті. Бұрышта ілінулі тұрған. Үнгы-күйлі жоқ. Кешкісін азық- түлік үйге тасылып, күзетші ретінде жезқұмған қалатын. Оның да өзіндік құпиясы барын Есіркегеннен басқа ешкім білмейді. Малақайының құлағы далбаңдай үйге жетті де босағадан дауыстай кірді.

– Әй, Төлеутай, құлай атты, бізді. Дүкенді тонап кетіпті.

– Не дейді? - деді ұйқылы ояу.

– Жезқұмғанды көрдің бе?

– Тұрған шығар, орнында. Ол кімге керек, - деді жұбайы күңкілдеп.

Есіркеген салып ұрып, ауданға жетті. Ішкі істер бөліміне арыз берді. Содан бері де бес-алты күн өткен. Ауданнан оралып келе жатыр. Ой үстінде. Бәрінен де:

– Оу, көкесі-ау. Қазіргі күнде өзіңізді ұрлап кетпегенге тәубе деңіз. Жезқұмғаныңыз Қытайға да жетіп қалған шығар, - деп шұбар бет тергеушінің қалжыңдағаны жанына батып барады. Есіркеген Кіікбеленнің беткейіне көз тастады. Жанары алдына төрт бұрышты ақшаққан бейіт елестегендей болды.

– Өмірдің бар ма, байлауы- ай,- деп күрсінді.

Сол күні тағы ай жаңғырып еді.

## КЕСТЕЛІ ОРАМАЛ

Жалбыз десе Жалбыз еді-ау... Осы бір оқиға есіме түскен сайын ішім қан жылап, әбігерге түсіп, күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айырыламын. Досжанның жер-жебіріне жетемін. Тіпті есімін де атағым келмейді. Шындығы сол.

Досжанды көкектететін Қайырниса әжем. Басынан күс ұшырмайды. - Әй, қарапұшық. Осы сен бірнәрсені сезесің бе? Біздің Досжан әлі-ақ Бабихан атаның әулетінің атын шығарады. Көрмейсің бе, ел сияқты жығылып, сүрінген де жоқ. Пара беріп, біреуге өбектеу де оның табиғатына жат. Әне, кертіп жүріп, өзі қалаған оқуына түсті, - дейді. Шынында менің ағайым болмай жатып кісінейтіннің нағыз өзі. Алдына жан салу оның ойына кіріп шыққан емес. Ұраны - әрқашан бірінші атану. Атам кейде әжеме: - Әй, ана қара тентегіңді тым селкілдетіп жібердің. Түбі қалай болар екен. Кірмейтін есігі, шықпайтын тесігі жоқ. Сонша тықақтап не көрінді, - дейтін. Оған көнетін әжем бе: - Әу, кісім-ау, тіл-көзден сақта. Осы ұлдан бірдеңе шығады, адам танысаң. Жолын кеспе, - дейді.

Рүстембек Бақалыға мектепке директор болып ауысып, үйіне көрші ауылдан Тастанбек деген тарихтан беретін, жасы елуді алқымдаған жасамыстау мұғалім келіп кірді. Әжем көрші қақысы деп мені ертіп барып, жүгін түсірістік. Сол жолы мен Жалбызды тұңғыш рет көрдім. О, ғажап неткен сұлу қыз. Ессіз құмар көзқарастан рахат тапқандаймын ба, жүк түсірген боп жүріп "екі қарап, бір шоқыдым". Шамасы, менен екі-үш

жастай үлкен бе екен. Бұрымын қос анарының ортасынан түсіріп, анандай бетте маған жымия қараумен болды.

Ұзын кірпіктері сұлу жүзін күзеткен қарақшылардай қайқайып, екі бетінің ұшында оймақтай шұңқыр дөңгеленіп, жүзіне ішкі сезімі үйып қалады екен. Нағыз хордың қызы. Моп-момақан, құдды еліктің лағындай. Қыр мұрынды, аққу мойын. Сөйткенше, жеңгесі болар:

– Әй, Жалбыз. Не ғып тұрсың? Көмектеспеуші ме едің, - деп шақырып алып кетті. Қыз маған көзінің отын жалт еткізіп, жымың етті де, сәл басын изеп үйге беттеді. Ғажап көрініс, көз алдымнан кетер емес. Тұла бойымды бір тасқын от жандырып әлек. "Айқой, тоғыздың тоқты, серкесі. Ғашық болып қалдың ба, көрші қызға" деп ішімнен күбірлей беремін. Сөйткенше, көктен түсті ме, жерден шықты ма кім білсін, сап етіп Досжанның жетіп келмесі бар ма. Алғашқы сөзін, үй иесі келіншекке: - Жеңгей, "көш көлікті болсын" деген тілектен бастап, ары қарай ағытылып қоя берді. Енді бір жөпелдемеде:

– Әй, Есжан бауыр. Мына үйде керемет сұлу қыз бар екен, көрдің бе? – деп сыбырлады.

– Таныстың ба? Жауап орнына басымды шайқадым.

– Пах, пах. Қиыла біткен қиғаш қас, қылыш кірпіктер, - деп күңкілдеді Досжан. Ақындығы ұстап, арқасы қозып кеткен шығар, шіркіннің... (Әжемнің жаттанды сөзі ғой). Шындығында менің бауырым ондай да өнерден де кемде емес. Аудандық газетке бір-екі өлеңі жарық көріп, әжем ауыл ішін ерсілі-қарсылы шапқылап, мақтанып есі шыққан.

– Бекетбай бабамның киесі қонды, Досжаныма, - дейді. Содан бір күні атам күндей күркіреп ашуланып қойдырған. Қалай екенін білмеймін, әйтеуір атамның Досжанды сұқаны сүймейді. "Онысы несі екен, өз немересі ғой" деймін кейде оңашада.

– Әй, батыр. Қызықты есті. Мына қыз мылқау екен, - деді үйге бір бума әлде нені кіргізіп, қайта оралғанда Досжан.

– Не дейді? – дедпін.

– Сойдеймін, - деп Досжан жырқылдай күліп.

– Немене, ғашық боп қалып па ең? Анда-мұнда

бұлтаруға шама жоқ. Құлағыма дейін қызарып кеткен шығармын. Адам деген пенде ғой, кейде мойындап тұрып, мойындамайды. Рас, ғашық емес шығармын. Бірақ сұлуға қызыққаным тайға таңба басқандай анық.

– Е, жоқ, - дей берініпін.

– Онда бұл қыздың әуселесін мен көрейін. Оған мылқаулығы емес, сұлулығы кінәлі... "Сұлуды қанша сүйсем көпсінбеймін"... Досжан Омар Хаямның белгілі бір рубаятын қайталай ала көздерімен ала жан-жағын тінтіп өтті. "Досжан қадалған жерінен қан алады". Әжемнің оны мақтардағы белгілі әліпбиі ғой. "Адырам қалсын. Заманыңның шабуы солай. Ащы ішектей созылған өмір кімді жарылқап еді. Мөлдірін сүзіп іш, малтап кеш"... дейді. Досжанның сөзін өнім емес, түсімде естідім дейінші. Бар дүниені құдай Жалбыздың бір бойына сыйлап, тілден несіне айырды екен ә? Сол Жалбызды Досжан сүйіп қалды ма? Жебедей қадалуын. Әділетсіз, еркінсіген сөзін... Сұлу атаулы осы Досжанның жолында жатыр ма екен. Бірақ... Осы Досжан мылқау да, сұлу қыздың гүнығын лайлап, басын шыр айналдырып жүрмесін. Маған оның басқан ізі белгілі ғой. Аклима қандай қыз еді, қара торының әдемісі. Досжан екі жыл соңына шам алып түсіп, иіліп төсек, жайылып жастық болды да, тайып шығып, оныншы сыныптағы Динараны жағалады. Сонан соң Гүлсім, Қамар... енді кеп Жалбыз. Күдік пен үміт, үрей мен сенім, қуану мен құлазу сезімдер теңізінде алма кезек ауысып, бір бөгетке табан тіреп тұра алмай тайғанақтап, жүрегім дүрс-дүрс соғып кетті.

Жүкті түсіріп болып, машина жүріп кеткенде қарасам, анандай бұрыштағы диванның үстінде Досжан мен Жалбыз отыр. Өз көзіме өзім сенбей қалшиып да қалдым. Ойпыр-ай, Досжан неткен жігіт. Шонайналай жабысып, мылқау қызды шырқ иіріп ала қойыпты. Жалбыз қолын бұлғап мені шақырды. Қызықты қараңыз. Жалбыз әлде не деп ымдап әлек. Досжан соны пайдаланып қызға сителей түседі. Жалбыз оған ессіз сеніп отыр. Мұндай албырт, әр аңғал болу өзіне жараса кетеді екен. Досжанның нағыз әртіс екенін қайдан білсін. Күлген боп отырып, сұлу қызды өзіне жақын тартып...

Екі аттап жандарына жеттім. Жалбыздың қос бұрымы неше бұралып кеп, етегін жапқан көк торғын көйлегінің үстінде жатыр. Ұшын түйіп, гауһар моншақпен тұйықтапты. Көнетөз кажекейінде кылаң жок, жарасып тұр. Ақшыл жүзі сәл қызаран тартып, әлсін-әлсін басын көтергенше жарқ еткен нұрлы жанары қандай әсем. Оның жанында менің Досжан ағамның кескін-келбеті жосықсыз жерге жағылған суретшінің реңсіз бояуы сияқты. "Сұлулықты қорлауға болмайды ғой" деп ішім-нен күбірлегенімді өзім де сезбегендеймін.

– Мынандай гүлдің өсетінін тұңғыш көріп отыр-мын, - деді Досжан маған астарлай сөйлеп.

– Бірдене айтсам ренжімейсің бе? – дедім Досжанға төтесінен сауал тастап. Ол менің сұсты кескініме сынай қарады да, диванға шалқая кетті.

– Айта ғой, ренжімеймін, - деді ол.

– Шынымен бе? Жауап орнына Досжан басын изеді.

– Гүлдерді көп теріп қорлағаныңды өзіне күнә деп ойламайсың ба? – дедім. Досжан мырс етті.

– Оған табиғат кінәлі емес пе, інім-ау. Гүлдерді үзсін, иіскесін, ләззат алсын деп жаратқан, - деді ол. – Сен өзің әлі бала сияқты піспеген көк екенсің.

– Сонда қалай көбелек болып гүлдердің түсіне бояла беру қажет пе? – дедім.

– Жұмбақтамай-ақ, сөйлей бер. Сен тым адалсың. Пәксің, тазасың. Қызғанғаның ба? Сенің апаңдай емес пе? Мен құралпас, бұл қыз. Басымды изедім. – Мейілі, - дедім.

– Әй, інім-ай. Екеуміздің арамыз өзі өткел бермес асау өзен болып бара ма? Кіндігіңнің басына қарап, маған жаман көзіңмен атып, күңкілдейсің де жүресің. Бүгін де міне. Ашығын айтшы. Не дегің келеді? Қалың орманға кіріп кетіп адасқан жанның пұшайман күйіне түстім бе қалай, тынысым тарылып кетті.

– Ол басқа гүлдерге қарағанда ерекше, әрі мүсәпір гүл ғой. Соны үзбесең қайтеді, бауырым... Досжан маған көзін күлімдете қарады. Жүзінен мені баласынған ба, әлде төменсінген бе әйтеуір, жақсылығы жоқ, менмен ойдың ұшқынының табы білінді. – Сен үзер гүл әлі қауызын ашқан жоқ. Ал мүсәпір гүлді қамқорлыққа

алсаң, дертінен жазылады. Түсінген шығарсың, бауырым, - деді Досжан.

Жалбыз екеуміздің кезек-кезек жаутаңдай карайды. Мұңлы бота көздері екеуміздің текетіресіміздің мәнін ұқпай мәре-сәре. Орсерпіген кос анар, ток балтыр, кыпша бел, коланң шаш, оймактай ерін. Ойпыр-ау, Жалбыз-ау, сен кімнің гүлі болар екенсің. Еліктің лағындай үркексің. Ажалдың аузында тұрғаныңды байкамайсың... Неге ғана бүкіл ауылда сен сиякты бір сұлу жок. Өзіммен-өзім күңкілдеп іштей сөйлесе бастадым. Менің білуімше, нархоздың бірінші курсының студенті, менің бауырым Досжан Кемпіреков сұлу кыздың шляпасын шыр айналдырады. Аңшының шалымы мыкты болса, канжығасы канды. Сонан соң... Иә, сонан соң... Мен сені кайдан көрдім, сұлу кыз деп Алматысына кайтады. Не көп, онда кыз көп. Сұлу да, жылуы да... Тіпті ол жерде Сайын деген көшенің бойында не бір сұлулар жігіт іздеп ертеден кара кешке дейін отар-отар койдай, үйір-үйір жылкыдай кезіп жүреді екен. Тәнін акшаға сатып... Түу, кәпір! Досжан бірде әңгімелеген.

Көзімді ашып калсам, үстімнен төне карап әлде кім тұр. Өңім бе, түсім бе? Нұрлы жанары, кайкайған кірпігі, карлығаштың канатындай киылған касы, жазык маңдайы, алаулаған жүзі, ұртындағы екі ойығы, сүйріктей саусактары, шолпысы сылдыраған кос бұрымы... Мынау Жалбыз ғой. Жаткан орнымнан баяу көтерілдім. Бейкүнә пішін. Жұмбак көзкарас. Жан-жағына үркектей карайды. Кып-кызыл ерін... Бұлдыр тұман арасынан шыға келіп, кайта сағымға еніп бара жаткандай... Үстінде үлбіреген көкшіл желбірлі көйлек, жел өтіне тербеледі кеп.

– Мм... е... ап... Кеудемді көтеріп алдым. Түсім емес, өңім екен. Мылкау кыз олағай кимылмен жаныма жалп етіп отыра кетті. Үсті басым былғанар-ау деген секем болса ше... Бұрын-соңды көршінің кызы маған бұйтіп батылсынған емес. Әлде неге асығып-аптығулы. Сезімін ішіне бүге алмайтын тірлік.

"Қораның үстіне калай ғана орғып шығып кетті екен? Актөс кауып алса. Құдай сактаған шығар"...

– Жалбыз-ау. Жалбыз. Актөс санынан "ап" деп тістесе кайтесің, - дедім. Ару қыз менің ымымды түсінді де, сыңкылдай күліп жіберді. –Ол ит мені таниды. Құйрығын бұлғандатып, маған еркелейді. Анау күні Досжан екеуміздің артымыздан калмады ғой, - деді Жалбыз ымдап.

– Шын айтып тұрсың ба, Жалбыз-ау, - дедім қызды өзіме каратып, қос иығынан қымкыра ұстап, сілкіп-сілкіп жібергенімді өзім де сезер емеспін. Көңілің қандай пәк болса, жүрегің сондай асау екен. Сезіміңді ішіңе бүге алмайсың. Табиғаттың берген мінезі ғой. Мылкау адам да жасырын сыр болмайды-ау, эсте.

– Менің бауырыммен бірге қыдырдың ба? – деймін. Жалбыз бота көздерін төңкеріп тастап, төмен карап ұялған сыңай танытты.

– Коп қыдырдық. Таң атканша қол ұстасып, иә, иә ағарып атқан таңды қарсы алдық.

Өңім бе, түсім бе? Кокірек тұсыма балқыған қорғасын құйылып жатқандай. Орнымнан тұрып, ары-бері сенделіп жүріп кеттім де, оралып кеп Жалбызға төндім. Қыздың жүзі нұрланып, батып бара жаткан күннің шың ұшына түскен түлкі жон қызғылт арайына міз бақпай телміре қарап отыр екен.

– Қарашы, анау тұсқа. Шың басына да қызыл гүлдер өседі екен. Маған оны сенің бауырың Досжан айтты. Міне, оллаһи, биллаһи. Жалбыз сұқ саусағымен мойнын қайшылады.

– Мына мен де сондай гүлдерге ұқсаймын ба?

Жалбызға қарай бердім. Мылкау қыз Досжанның әлемі теңеуін қайталап отыр. Соңысына өзі де қуанышты. Ал енді сен оған гүл емессің деп көрші. Сұлу қызды ешкашан иландыра алмайсың. Адал адамның өмірі аппақ көңілдер мен сарытап сағыныштардан құралады деуші еді Асылы мұғалім. Оны менің бауырым Досжан сияқты қолтығынан су бүркетін, қолшоқпар әжесі бар, бір сәттік қана махаббат әлеміне құмар, кеудемсоқ жігітсымақтар қайдан ұқсын. Жалбызға жаным ашыды. Жүрегім шок түскендей тызылдаса да шындықты мылқау қыздың қуанышының бір сәтіне айырбастап жібердім де басымды изедім.

– Мен осы сұлумын ба? – деді енді бір сәт ол. Орнынан тұрып кетті де қос қолын аспанға созып, жүзін құбылаға бұрып, оң аяғын алға қарай жіберіп, мүсіндей қатты да қалды. – Сұлумын ғой, ә? Жалбыздың жанарынан бір тамшы жас мөлт етіп көрінгенін байқап қалдым. Қуаныштың ба, қайғының жасы ма белгісіз. Есімнен аласып кала жаздадым. Қасы дір етіп маған бір қарады. Жауап күтті. Басымды изеймін. Осы бір сұлу көріністен айырылып қалатындаймын. Міне, қыздың жүзін аймалаған қолаң шашы батқан күннің алқызыл алауына малынып жұмбақ бір түске боялыпты. Алма жүзіне мейірім шуағы үйіп қалыпты. Мынау күллі әлемге "мен сұлумын. Маған қараңдар. Мен сағыныштың, аппақ көңілдің гүлімін" дейтіндей. Сезімге ермей көр, ақыл-естен адаспай... Досжанға қалап қиярсын, мына періштені. Мені Жалбызбен алғашқы кездескендегі есеңгіз құштарлық көңіл төрінен қайта бас көтеріп, бағындыра бастады. Табанымды тіреп тұра алмайтын, сумаңдаған суық ой билеп барады. Ойтпегенде қайтерсің, гөккәпар тірлігі өзіне жарасып, жүрегінді бүлкілдіре соқтырады кеп. Кенет, Досжан Жалбызды дәл осылай тұрғызып сыртынан қарап тамашалаған деген күдік сап еткенде жұмақ көріністің тас-талқаны шықты. Жалбызды қолынан тартып жаныма отырғыздым да тергей бастадым.

– Саған ол осылай тұр деді ме? Сен оның айтқанына көндің ғой. Ол садаға кетсін, сенен... Мылқаулар мектебін бітірген оқушыдай "сайрап" жөнелдім. Түсінді ме, түсінбеді ме онда шаруам жоқтай. Оқыс әрекеті ме – Жалбыз абдырап қалды. "Әй, жігітім. Менің жазығым қайсы? Бұл дүниеге мен озбырлық көру үшін келген жоқпын" дей ме? Жалбыз маған мөлтия қарады. Сойтті де әлде бір қурайдың үзігін алып, жер шұқылап сол уақыт үнсіз қалды да бір сәт мені құшақтай алды.

– М.м.аф. Сен бар ғой, бауырына керемет ұқсайсың. Міне, оллаһи, биллаһи, - деді Жалбыз мені өзіне қарата бұрып. Көздері жанып тұр. Сонау түпкірінде әлде кімді іздеген жұмбақ белгі мен мұңдалған әлек. Басымды изедім. – "Көрдің бе, мен қателескен жоқпын ә. Сенен өзгешелегі оның ұртында кіп-кішкентай меңі бар. Ал

сенде жоқ. Ол сенен биіктеу. Көздері ойнақшып тұрады. Ал құшақтаса оттай ыстық... Ондай жігіттер бұл ауылда жоқ". Сол бір сәттегі Жалбыздың қуанышын көрсең... Бас салып бетімнен, ернімнен сүйіп алсын. Сасып, салбырап не істерімді білмей есім шықты. Лап еткен өтпелі сезім бе, шын ғашықтық па, онысы маған жұмбақ. Бірақ ішімді қызғаныш өрті шарпып өтті. "Нағыз ғашықтық – мылқаулардың махаббаты" деп күбірледім жаңалық тапқандай. Шындығында Жалбыз маған мақтану үшін келді ме? Адам деген пенде емес пе? Досжан мені қызғансын, өкінсін деп әдейі жіберген шығар. Жеңісін тойлағанын білдіргені ғой. Мүмкін емес. Ол менің бауырым емес пе, мылқау қыздың иығынан түртіп: - Кімді іздеп жүрсің? – дедім даусым қатқыл шығып. Жалбыз сыңқылдай күлді де, өрт өшіргендей жүзіме таңдана көз тастады. - Әдейі білмей отырсың ғой, - деді маған сұқ саусағын безеп. Жүзінен әлде мұң, әлде шаттық белгісі танылғандай ма? – Досжан ба? Ол Алматыға оқуға кетіп қалған. Саған айтқан жоқ па? Қолымды ары-бері ербеңдетіп, ымдап түсіндірдім де келесі сәтті күттім. Жалбыз үркек жанарымен "шын айтып тұрсың ба, әлде әзілің шығар" дегендей жалына қарады.

– Иә, ол қалаға кетті. Тю...тю... Иә, солай сұлу қыз, - дедім екіленe. Сұлуды ренжітуге қимайды екенсің. Әп-сәтте күн батып, түн келіп жеткендей. Қос жанарынан ытқып шыққан қос мөлдір тамшы төмен қарап бетінен сырғанай жөнелді. Жүзін мұң кіреукеледі. Иіні қалтырап, құбылаға қарағыштай берді. Мына бір қамыстың сабындай қысқа ғұмырында адамдар неге бірін-бірі тастап, алысқа сапар шегеді екен дейтіндей.

– Сен өтірік айтып отырсың, - деді бір сәт Жалбыз көзіме көзін қадап. Мұндайда еркек шіркін қасарысып қалмаймыз ба? Көзімді көзінен тайдырмадым.

– Сен де қатігез екенсің ғой, - деді ол.

Жалбыз біраздан соң, кейін есін жиды. Қызды пұшайман күйге жеткізген өзім де оңбаспын-ау. Дүние шіркін жанып өшкен өрттей ғана бір тірлік, өтпелі сезім, өкінішті сағыныш. Жалбызға осы бір өмір ережесін ешкім түсіндірмеген-ау, шамасы. Мәңгілік дүние жоқ.

– Мм... аф... Енді ұқтым. Мені Ежан дегені ғой.

Осы бір үн осымен үшінші рет қайталанды. Өзімсіген жылылық бар дауысында.

– Ол қашан келеді? Жалбыздың маған сұқтанған қос жанарының түпкірінен жақсылық хабар естірмін деген нышан атойлап тұр. Не деу керек? Сұлу қыз енді иығынан төмен қарай түскен қолаң шашын саусағымен тарақтап, сонау көкжиекке бір, маған бір көзін жыпылықтата қарады. Жан дүнием қопарылып сала берді. Кенет селк еттім. Жалбыз мені ожар қимылмен білегімнен тарс қып ұстап, бұрқ етті .

– Кеттік!

– Қайда! Жалбыз жауап қатпады. Алға қарай сүйреп берді. Осы бір тірлігінен жаны рахат табатындай-ақ. Алғашқы да тартыншақтағанмен, қанымыз қызған соң, жарыса алға беттедік. Бетіміз Қаракөз бойы. Өзен суы анандайдан күмістей жарқырап қоя берген де Жалбыз мені түртіп, былдырлап жөнелді.

– Сенің Досжан бауырың екеуміз мына жағажайды осыдан екі күн бұрын түнімен қыдырдық. Әкем ауданға кетті ғой. Шешем шаршап ерте ұйықтап қалды. Жалбыз сықылықтай күлді.

– Мен Досжан шақырған соң, үйден қашып кеттім... Сойтті де сұлу қыз басын төмен салып үнсіз қалды. Иіні дірілдеп жанары жасқа толды. – Ол маған қалаға кетемін деп неге айтпады, ә? Қой көздерінен әлде бір қорқыныштың табы сезілгендей. – Досжан енді келмей ме? Жалбызға жаным ашып, аяп кеттім. Қапелімде:

– Ол оқуда ғой. Сонау Алматы деген қалада. Келесі жазда келеді. Сонан соң қайта оқуға кетеді, - дедім. Жалбыз алғашқыда ақша жүзі айна бетіндей жарқ етіп төңкеріліп түсті де, артынша қалпына келді.

– Сен әлі кішкентайсың ғой. Көп дүниені түсіне бермейсің. Мен оны сағынатын шығармын. Ол мені былай құшақтап алды ғой, - деді Жалбыз мені өзіне тартып. Өнбойы от боп жанып тұр. Қимастық пен өкініш көңілін тербеп, толқып келе жатқан аруды кінәлауға қимадым. Ет жүрегі тілініп, сыздап ауырған шығар. Байыз тауып, бір орнында тұрақтар емес. Сумаңдаған сан ой, сан-саққа сүйретіп жөнелді. "Әй, Досжан-ай, Жалбызды осыншама әуре-сарсаңға салатындай не

жазып қойдың оның маңдайына... Сиқыршыдай арбағансың ғой, мына сұлуды. Енді, міне бар дүниені сенің бір ғана бейнеңе айырбастап кетердей боп Жалбыз әлек. Нұр шашқан жанары сені іздеп шарқ ұрады. Бұл Жалбыз өзің әурелеген шөпжелке қыздар емес, мылқау қыз демеп пе ем. Туа сала мұңға батып, тағдырдың ұзын шыбығынан таяқ жеп, бебеулеген мұңлық. Нені бүлдірдің, Досжан бауырым" деп ен далаға айқай салғым келіп кетті. Сөйткенше, Жалбыз мені бұрып құбылаға қаратты да, басымды түзеп шалқақ ұстатып, өзіне қарай бір қадам аттатып, осы қалпыңнан тайма, - деп әмір берді. Құдды бала сияқты.

– Сен Досжансың, - деді сонан соң ымдай күңкілдеп. Сөйтті де оң қолын кажекейінің қалтасына салып, ұқыптап ақ қағазға оралған түйіншекті алып шықты.

– Сен одан аумайсың. Ал көзіңді жұм... Еріксіз әмірге бағындым.

– Оң қолымен ұста! Менің анам да бір кезде әкеме осындай сый тартыпты.

– Ол не?

Үн жоқ. Қалшиып тұрмын. Жалбыздың өзі айтқанша бұйрықты бұзбауым шарт. Біраз уақыт өтті. Тіпті қыздың демі де білінбейді. Көзімді ашсам, жан-жағым тып-типыл. Қаракөздің бойында жападан жалғыз, сымсыз бағанадай қақайып тұрмын. Оу, бұл мылқау қыздың не ойлағаны бар. Жалма-жан түйіншекті ашуға кірістім. Жалбыз мені сыртымнан бақылап тұрмасын. Жо...жоқ... Көк желбір көйлегі желбіреп өз үйіне жақындап қалыпты. Таң-тамаша тірлік. Қызықты қараңыз. Түйіншектің ішінде жан-жағын жүректің бейнесін оюлата тоқылған ақ жібек орамал. Ішіне "Жалбыз+Досжан=махаббат" деп тігіп жазу жазыпты.

– Ех, дүние-ай, аққан селдей, соққан желдей өткінші жастық шақ-ай. Ешкімге дес бермес асау махаббат, - деп күбірлей бердім.

* * *

Жалбыздың маған беріп кеткен кестелі орамалын Досжан ағайым демалысқа келгенде өзіне сыйлармын деп жүргенмін. Сәті келмеді. Айтқаным айдай келді.

Қыстық семестрден соң да Досжан қара көрсетпеді.

Жалбыз сол бір кездесуден кейін біздің үйдің манайын аттап баспады. Тек анда-санда жүз көрісіп қалған да басын изейді. Солғын амандасады. Көбіне үйдегі інілерін бағып үйден шықпайды.

Бір күні сиыр сауға шыққан әжем ойда-жоқта жаулығы аспанға ұшып кетердей боп желпілдеп, алқын-жұлқын кіріп келді.

– Құлыным, жарығым! Қолынан ұстап, батасын беріп кетсін дегені ғой. Кісім-ау, не қып жатырсың. Құлай жарылқады, - деген дауысынан ояныи кеттік. Қолында сүт сауатын шелегі бар әжем, ауыз үйде есік пен төрді кезіп жүр.

– Әй, карапұшық, жеңгелі болдың. Сүйіншім өзіңнен, - дейді.

Досжанның әлеті ғой, болмай жатып, кісінейтін. Бірінші курсты бітірер-бітірместен үйленіпті. Жеңгеміз сонау Торғай жақтың қызы көрінеді. Мұғалімдер даярлайтын институтта оқиды. Әжемнің қу құлағына сөз тисін де, жарты ауыл құлақдар болыпты. Досжан тал түсте Молалы стансасынан түспек. Екі ара отыз шақырым. Жеңіл машинамен қарсы алу керек. Жедел хаттағы жазылған жай осы.

– Әй, сол бала да құйрығына шок байлап жүреді. Бесіктен белі шықпай жатып, әйел деген не? Оқуын бітіріп алмады ма екен, - деп атам ренжіді ме, қабағын қарс түйіп, далаға шығып кетті.

– Өз басына көрінгеннен соң айтады ғой. Мені отызға келгенде зорға алған, қу кедей. Қазіргі жастар өзі біледі, - деп күнкілдеді әжем.

Түннің бір уақыты болып қалыпты. Сәл уақыт дамылдайын деп әлеттегі дей қора артына жиналған шөптің үстіне шығып жатсам, бір сәт көзім іліиіп кетіпті. Әлдекімнің жұлқылай оятқанынан көзімді ашып алдым. Тағы да төбемнен төне қарап Жалбыз тұр. Мылқау қыз. Жүрегім су етті. Досжанның үйленгенін естіп, қолды-аяққа тұрмай жеткен-ау, шамасы. Енді не дедім? Басына шыт байлап, конетоз күпәйке киіпті. Аяғында бауы шұбалған коньшиты бәтіңке. – Қалай ана қыз менен сұлу ма? – деді мені өзіне қаратып. – Жоқ, - деймін.

– Сен одан мың есе сұлусың.

– А, солай ма? Жалбыз көзіме көзін тіктеді. Қараңғыда жанарының түпкірін де қандай сыр жатқанын бір құдайдың өзі білсін.

– Сенің ағаң нағыз опасыздың өзі. Сен оған тартпа, жарай ма? Жалбыздың дауысы дірілдей шықты. Сөйтті де кілт бұрылып төмен қарай сырғып жөнелді де, әпсәтте қараңғыға сіңіп жоқ болды...

Міне, содан бері он бес жылдың жүзі өтіпті. Әжем де, атам да көз жұмған. Әр уақыт өз несібесімен. Досжан алғашқы жеңгем Жәмиламен ажырасып, Ангелина деген қаланың қызына үйленген. Қазір қалада тұрады. Ат ізін салуды қойған. Өмір деген қызық-ау. Бізді де туысқан дейді ғой. Жалпы екеуміздің мінезіміз екі бөлек. Атам да Досжанға риза емес-тін. Әжем сөзінен таймай кетті. "Құлыным, сен асылсың, бір туарсың" деп өбектеумен болды.

Бәрінен де Жалбызды айтсаңшы. Сол түні ол Бөгенсайдың Қыдырбек деген жігітімен қол ұстасып жеке отау тігіпті. Қазір үш ұлы бір қызы бар. Ел қатарлы өмір сүріп жатыр.

Жалбыз десе Жалбыз елі-ау. Досжанды жек көріп кеттім. Шындығы сол. Бірақ Жалбыз екеуміздің арамыздағы құпия сақталып келеді. Ол – кестелі орамал. Сұлу қыздың алғашқы махаббатының куәсі болып, әжемнің абдыра сандығының ішінде жатыр.

## СОҒЫС ЗАҢЫ БҰЗЫЛҒАН ТҮН

Жүрегінің тұсы шоқ басқандай дызылдайды. Кеше ғана көз алдында жүрген бойы шарға, шағын денелі, шақпақтың тасындай кексе жігіт енді бұл дүниеде жоқ. Қаракөк себез тұман бүркеген шоқының маңына он бір десантты бастап шыққан майордың маңдайына жазғаны сол екен. Дұшпанның тосқауылына тап болды. "Инеліктен" қарғып-қарғып түскенде ексуіне жұмыртқадай домаланған қой тастың тасасы бұйырды. Оқ қарша борап кетті.

– Круговая оборона, - деді майор қарлыға дауыстап. Соңғы әмірі екен, марқұмның. Атыс сәл саябырлаған

сәт жанына бұрылып карап еді, о сұмдық, колын алға созған күйі етбетінен жаткан командирін көрді. Жүзі кан-кан. Ок тура как маңдайдан тиіпті.

— Жолдас, майор, - деді жұлкылап. Алдыға ұмсына жаткан дене койтастың бүйіріне әрең ілініп тұр екен, шалкасына аунап түсті. Көзі ашык жатыр.

Енді, міне сол өлі дене көз алдынан кетер емес. Ойпыр-ай, куаныш пен кайғының, өмір мен өлімнің арасы тірсек пен тобыктың арасындай ғана жер екен-ау...

...Екі-үш автобуска отырғызып, Сүгірге алып келіп, әскери комиссариатта дәрігерлік тексеруден өткізген. Жетім балалар үйіне елден естуінше апыл-тапыл баскан кезінде келіпті. Тағдырдың камшысы ұзын, талқысы көп. Шынығып, ширап өсуге мәжбүрсің. "Денсаулығы мыкты" деп сыбырлады, калың әйнекті көзілдірік киген маңдайтаз дәрігер жанындағы ак халат жамылған әскери адамға. "Нағыз керек адам". "Онда десантка жазу керек" деді куанып кеткен майор.

"Ура! "Жығылсаң нардан жығыл" деген, жарадың Бекет. Доп ойнап, жүгіріп, жұдырыктасып жаттыкканың кәдеге жарады" деді өзі де куанып. "Будешь пахать"! "Сілікпен шыкканша жұмыс істейсің" дегені ғой. Бұған достары кызыға карады. Боря шын бакытты еді. Жігіттің жігерін жанып кайратты боп өскеніне не жетсін.

Сол Боря (Бекетті балалар үйіндегілер солай атайтын) алты айдан соң әлгі майормен бірге канды соғыс жүріп жаткан Ауғанстаннан бірак шыкты. Енді үрейлі көппен бірге, бірде мүйіз, бірде киіз өмірді бастан кешіп жатканы мынау...

Бекет ары-бері жүріп кайта оралды. Әскерде екі жылдыктарды "аталар" (дедтар), жаңадан келгендерді " бокмұрындар" (салагалар) деп бөледі. "Аталар" бұйрык беруші, "бокмұрындар" орындаушы. Күл мен күл иеленуші. Бойы бір карыс Суворов, орыс әскеріне басшылык еткен атакты фельдмаршал, бұл тәртіпті әдейі әскерге енгізіпті- мыс. Әлде өтірік, әлде шын.

Бір апта өтпей жатып Долгонос деген "ата" өзін кыстак шетіндегі аласа үйге ертіп келді. "Не үшін, кім шакырды" деп сұрауға кұдай ауызды байлап кояды.

мұндайда. Бөлмеде үш "ата" отыр екен. Анандай бұрышта теріс қараған қолы байлаулы пәренжелі адам тұр. Тұтқынға түскен дұшпан ғой деп ойлады. "Аталардың" арақ ішкені бірден сезіледі. Көздері кілегейленіп, былапыт сөйлеп, бөлмені басына көтере даурығысады кеп.

– Боқмұрын, бері жақында, - деді орнынан тәлтіректей тұрған, кұжірейген бірі. Қолында көк шыбықтай солқылдаған ұстара қанжар, өзіне кіжіне зіркілдеді.

– Өлтір, мына дұшпанды! Көзін жоймасаң, ертең бұлар сенің жаныңды жаһанамға жібереді. Бүйрек тұсынан сұғып ал. Сеспей қатсын, иттің баласы.

Соғыс заңы қатал. Бірақ қалай дегенде де көзін бақырайтып қойып тірі адамды өлтіру оңай ма? Жүрегі иесіз үйдегі сағаттай жиі соғып кетті.

– Мен фашист емеспін ғой, ағалар! Қаннан қорқамын, - деді Бекет ағынан ақтарылып.

– Әй, боқмұрын. Соғыс құрбандықсыз болмайды. Ау, мынау Ауғанға сайрандауға келген бе? Естімеген елде көп деген осы.

Аталар райынан қайтпады.

– Бұйрық орындалу керек, ей, боқмұрын! – деп ақырды төрде отырған мұрттысы. Мізбақпады. Сойткенше көзінің оты жарқ етіп, кескен теректей сұлап түсті кіжініп жүріп тепкіледі. Керзі бәтеңке қайбір жұмсақ дерсің. Үсті-басынан сау тамтық жер қалмады. Басы-көзін қолымен жасқап жауып аяғын ішіне бүгіп, бүктеліп алды. "Ал Боря десант болғанына қуан" деп күбірлегені есінде. Бүйірден тиген соққыдан есі ауып көзі қарауытып кетті. Әттен, жеке жерде бір-бірлеп кездессе ғой.

Көзін әрең ашты. Әлгіндегі әлем тапырағы шығып, "құлды жазалау" мекеніне айналған бөлме құлаққа ұрған танадай тым-тырыс. Аталар ісін тындырып, жөндеріне тайып тұрыпты. Пәренжелі дұшпан да ұшты-күйді. Кеудесін әрең көтеріп, тәлтіректеп орнынан тұрды. Онебойы зіл батпан. Біраз уақыт есесіз жатса керек. Күннің қызыл арайы әлгінде әйнекті терезенің әр бұрышынан сығалап еді, енді бозамық тартып, бөлменің бұрышынан ымырт кіріп келеді екен. Мұнда командир атаулыға арызданута болмайды.

Аталардың қай жазасы да "баланың ойыны, баксының жынына" ұқсаған өткінші нөсер сияқты. Әскерге "тіркелудің" түрі осы. Командирлердің өзі "аталарға" жөн нұсқап, жас солдаттардан осылайша "емтихан" қабылдайтын сияқты. Соғысты түсінсін деген ишараның түрі. Бүйткен тірлігі құрсын-ай. "Үлкендердің" айтқандарын орындамасаң қиын. Шабуыл кезінде қаңғыған оқ, алдыңнан емес, артыңнан кеп қадалуы мүмкін. Соғыс заңына қарсы тұру-аспандағы жұлдызды қолмен ұстағандай. "Былай жүрсең өгіз өледі, олай жүрсең арба сынады".

Үш-төрт күн өте жарасы қаракотырланып енді-енді өзіне келе бастап еді, зорлық тағы да қайталанды. Бұлар өзі жас десанттарды осылай шыңдайтын топ болмаса игі еді. Тағы да төрде қонжиған үш "ата", пәренжелі дұшпан, солқылдақ ұстара қанжар. "Мына түрімен бұлар дұшпанды емес, мені өлтіретін шығар" деді ішінен күбірлеп. Бөтен топырақта гөмпешік болып жүрмейін.

— Айналайын ағалар! Мен жетім балалар үйінде тәрбиеленгенмін. Бесіктен белім шықпай жатып тәңірі қорлауға жазған. Аяңдаршы, мені, - деді алдын ала жалынып. Тырнадай серейген бірі: - Әке-шешесін жанына кім торсық қып байлап жүр, - деді гүр етіп.

— Бұл күшік дұшманды өлейін өлтірмей жүр, - деді ықылық атқан бірі. Тағы да аракқа тойып, еліріп алыпты. "Құдай-ау, бұларға тұтқынды қалай ғана сеніп тапсырған".

— Ой, бауырлар мұның әуселесін көрейін бір, - деді төрде отырған қызыл сары жүзді, көзінің еті өскен томардай жігіт орнынан тұрып. Қолындағы су ішетін пляжкасынан қырма стаканға лақылдата арақ құйды.

— Мына бейшара қазір өледі. Бақиға бармас бұрын бұл Бұсұрманды аракка тойдырайық, өлсе де ішіп өлсін. Ал сен боқмұрын, оған қолыңмен арақ ішкізесің де жанын жай таптырасың. Аюдай оңқиған "ата" қырма стакан толы арақты қолы дірілдеп, тогіп-шашып қолына ұстатты-ау, әйтеуір. Басқа түсер баспақшыл деген. Бекет тұтқынға жақындап келіп "бетіңді бері бұр" деп ымдады. Дұшман да қасарысқан екен, теріс қарап қақайып тұрып алды. Өлімнен қорқатын емес. Ерні күбірлеп, ақырғы сөзін айтып дұға оқып тұрған сияқты.

Тырна сирақ тағы да гүрілдеді.

– Бұлар басурмандар емес пе. Түркі тұқымдастар, көшпенділер. Бауырын өлімге қиғысы жоқ...

– Ия, ойымның үстінен дөп түстің, - деді қызылсары оны қостап.

– Ағалар, мен құдай ақына, шынымды айтып тұрмын. Қанды көргім келмейді, - деді Бекет мойнын қайшылап.

– Онда мына арақты өзің түбіне дейін бір тамшы қалтырмай ішіп саласың. Сендердің діндеріңде арақ ішу қиянат қой. Сонан соң сен мүмкін мынаны шауып тастау үшін қылыш сұрарсың, - деп мысқылдады қызыл сары. Үшеуі бөлмені басына көтере күлді. Құдды сахнада ойнап жүрген әртістер сияқты, түге.

– Сен бізді алдай алмайсың, боқмұрын...

Бекет лыпылдаған стаканды ұстаған күйі дұшпаннан бетін бұрып артына қарады.

– Ағайлар, оллаһи, биллаһи, татып алмаған дүнием еді, - деді сонан соң тұтыға.

– Өйтіп десант болғанша ауылда қой бағып, бесбармағыңды тойып жеп жүрмедің бе?

– Ей, Сейтеков. Дұшпанның өзі сенің жасықтығыңа намыстанып тұр. О, өлік неме. Сендей қорқақтармен үшаққа жете коймаспыз. Десант дейді, мұны. Тырнадай серейген ұстара қанжарды ашып алып, нықтана басып, тұтқынға жақындап келді де қолы жоғары көтеріле берді.

– Жауды былай жазалайды. Бекет көзін тарс жұмып алды да сәлден соң сығырайта ашты. Тұтқын бүктетілген бойы сұлқ жатыр. Жаны жай тапқандай... Өне-бойы діріллеп, түршігіп кетті. Арақ толы стаканды жерге тастай беріп, бөлмеден шыға жөнелді. Бірақ бәрі бекер тірлік екен. Сыртта "аталардың" күзетшісі қарсы алды. Алдына салып айдап, бөлмеге қайта кіргізді.

– Бауыр-ау. Бұлар өлтіреді ғой. Айтқандарын орындай салсаңшы, - деді жирен шашты орыс жігіт. Жаны ашып, жалынды кеп. Ауғанстанға бірге келген өз түрғыластары ғой.

Бұл жолы да сабады, аямады. Өмірдің мағынасы – мен мәні ақиқаттан тұрады дейміз. Олай десек, жер дүниедегі мың-миллион адам неге қасіретке душар

болып жүр? "Көп адамдар ақиқатты мойындамағандықтан азапты күн кешуде" – деуші еді Мәнсия есімді тәрбиеші апайы. Жазығы дұшпанды өлтірмегені. Сонда ерлік дегеннің өзі кісі өлтіру, қаннан қорықпау, тонау, қанау, ұру, соғудан тұра ма? Онда құдайдың бізге берген ізгілігін қайда қоямыз? Ерлікті қолдан жасаудың үлгісі соғыс па? Аттап кеткен жерінің бәрі былғаныш, қатігездік, өзімшілдік кісі өлтіру. Соғыс заңы...

Бекет ауық-ауық тісін шықырлатып отырғанын өзі де байқамаған сияқты.

"Аталар" қыр соңынан қалмады. Қит етсе командирге сыбырлап, қарауылға жегеді. Асханада кезекші де Бекет. Алып кел, барып кел. Барлауға да баратын сол. Бәріне көнессің, лаж жоқ. Бүгін де күзетте тұр.

Күн шабан аттай жылжып көкжиекке асығар емес. Жан-жағына абайлай көз тастап қойып, елу метр жерді ары-бері кезіп, табанынан таусылды. Қолын қойын қалтасына салып еді, кеше ғана қолына тиген Мөлдірдің хаты ілікті. Парақты жазып жіберіп, оқи бастады.

"Менің жар дегендегі жалғыз ағайым, Борям-Бекетім, аман-сау жүрсің бе? Мен қазір Сүгірдегі жетімдер үйінің кереуетін сықырлатып, ұйқылы ояу сені ойлап жатырмын. Зорлық-зомбылыққа да, қиындыққа да, қиянатқа да, бәле мен жалаға да көнуге болатын шығар. Төзуге ен қиын нәрсе жалғыздық екен. Қасіретіңді бөлісіп, тіршіліктегі әр сәтіне қуанатын бауырыңның бірге болғаны қандай жақсы. Мен сені сағынып жүрмін, жалғызым. Тағдыр бізді о бастан қорлап келеді, әлі де тізгінін тежер емес. Сені менен айырып, екі бөлек өмір кешуміз міндетті екен. Құдайдың құтты күні тәңірден сенің амандығыңды тілеймін. "Бекетімді аман қалтырып, тозағына мені ал" деймін. Оллаһи, шыным! Менің қорғаным, қоршаған ортам емессің бе? Өзің қалайсың? Мен де айдың күні аманында өзім тап болған мынау беймағұлым жағдайға, сенен бөлек жүргеніме төзе бастаған сияқтымын. Адам үш күннен кейін көрге де үйренеді ғой. Хатыңды басыма жастап жатып оқимын. Өзіңнен үлкен өтініш. Қалай дегенде де конверттің сыртындағы адресін өз қолыңмен жазшы, жарай ма? Ішің сезген шығар, менің ойымды. Құдай одан сақтасын, тфо, тфо! Биыл мен он бірінші сыныпты бітіремін.

Бірге болмағаның қандай өкінішті. Гүлжиһан да, Қарлығаш та сәлем айтып жатыр. Ал Әсем "жеңгемнің" ойында не барын кім білсін. Ылғи бұйығы жүреді. Өзіңді сағынған сияқты. Оған да, маған да хатты жиіп жазып тұрсаңшы. Сүгірде кездесуге жазсын. Сенің жалт еткен жанарыңды сағынушы, қарындасың Мөлдір".

Байғұс қыз! Жүдеп кеткен шығарсың. Қолдан келер дәрмен жоқ. Қолымда автомат, түнді тірілткен менің түрім мынау. "Аталардан" көрген қорлығымды айтпа. Дұшпаннан солардың азабы қиын. Бүйткен соғысы құрысын, тегі...

Бекет өзімен-өзі сөйлесіп тұрғанын сезді де, селк кетіп, жан-жағына алақтай қарады. Ешкім көзіне ілікпеді, "ух" деп жеңіл күрсінді.

Жаздың ұзақ күні бітіп, қысқа түні тізгінге жармасты. Қиыр бет қызыл алауға бөленіп, батқан күннің соңына ерген нөкеріндей тұтасып, сәлден соң шаң-тозаңға көміліп, бозарып сала берді. Екі-үш күннен бері күндіз-түні ұйқы жоқ. Бітпейтін бір сергелдең. Сәлден соң еңселей басып, құбыжығы көп қараңғылық меңдей бастады. Бөтен ел, бөгде ауа. Туған жеріңнің түнін де сағынады екенсің. Бұл жерде түпсіз түнек үрей төндіріп, әр басқан қадамыңның асты орпаға айналып, түсіп кетердей қорқыныш билейді. Жан-жағыңды жау қамап алғандай, күдіктен құтылмайсың. Анда-санда көк аспанға жалқын жол салып, ысқыра ұшқан зымыранның жарығының өзі көңілге медеу. Бекет автоматының шүріппесін сипап-сипап қойды. Жанына медеу, дәтке қуат осы қару ғана. Бала кезінде ауылда жасырынбақ ойнап жүргенде тығылған жерінің ой-шұқырын көзбен көріп, қолмен ұстағандай сезінуші еді. Бөтен мекенде бәрі жұмбақ. Күзетті қабылдарда бар дүниені түгелдей көзімен белгілейсің. Құлып, есік, тор қақпа. Одан кейінгі медеу тұтарың қарауыл достарың ғана. Өзінен жүз қадам жерде Вася Семушкин тұр. Анекдот айтудың хас шебері. Аңқылдаған ақ жүрек. Сонда да "аталарға" жағып көрген емес. Қиын жұмыс қайда болса, Вася сонда. Онысына ренжімейді. Одан арыда Михай Черпак тұр. Иығына екі адам мінгендей күжірейген дөкей. Сонау күні "аталардың" бір взводы жазалау үшін жабы-

лып жүріп, аяғынан шалып зорға құлатыпты. Украиндық акцентпен сөйлейді. Михайдың лақап аты – "Хохол". Ал қарқылдап күлген кезде жер селкілдейді.

Содан кейінгі жүз метр Орозумбек Чокморовтың еншісі. Аузын ашса көмекейі көрінетін бойы ортадан жоғары, палуан жігіт. "Аталарды" - "күреске кел" деп қытығына тиеді. Соның кесірінен "тәжірибелі" күзетші атанып жүр.

Прожектордың әлсіз жарығы бұрыш-бұрышты тінітіп, қараңғы түкпірлерге көзін түскенде зәрең кетеді. Дүниеде жауыңмен қоямa- қолтық келгенге не жетсін. Женілсең де ризасың. Ал мұнда армандa кеткендер қаншама. Соның бірі- жерлес майор.

Кенет алдағы беттен "Эх" деп үн шыққандай болды. Бекет басын жерлен жұлып алды. Жалма-жан автомат шүріппесінің іліегін жаппай атылатын тұсқа жылжытты. Демін ішіне тартып, құлағын тікті. Тым-тырыс мылқау тыныштық қайта орнады.

"Өмір деген күрес, балалар. Алғашқы қауымның құрылыс кезінде адамдар қара күшіне сенген. Одан кейін ақылдың арқасында не бір әдіс айлаға көшті. Садақтан-мылтыққа ауысты. Пулемет, зеңбірекке... Соғыс ашып халықтарды жаппай қырғынға ұшыратты. Сөйтіп ізгілік пен зұлымдық арасында майдан басталды.- дейтін тарих пәнінен дәріс беретін Ескермес есімді мұғалім. Енді міне теориялық білімі практикаға ұштасуда. Соғыс деген сөздің синонимі өлім ғой. Соны біле тұрып, адамдар неге ғана...

Сөзінің соңын жұтып қойды.

"Күзет кезінде аса сақтық қажет. Жау өліспей, беріспейді. Өткен-кеткенді ойламауға тырыс. Бір орнында тұрма. Қас-қағым сәт ажалың" деп тақпақтайтын майор жаны жай тауып, көр түбінде жатыр.

Шіркін-ай, "бұл өмір қарап тұрсам шолақ екен, адамдар бір-біріне қонақ екен" дүниеде "Мендер" бірігіп "Бізге" айналып, қатігездік те, атақ құмарлық та, тіпті түптің ұғым мәңгілікке аты өшіп, планета адамдары сөздіктен таба алмай жатса, әттең. Дүниені ойрандап қиратып, күйретіп, өртегендерді ұлы деп жүрміз ғой. О, сұмдық-ай. Бұл адамдарға не дерсің. Ізгіліктің жолы соншама жіңішке ме еді?

Нені ойласаң, сол келеді. Шүріппені басып үлгере алмады. Темірдей құрсаулы қол алқымынан қысып, "а" деуге мұршасы келмеді. Аузын аштырмады. Дұшпандар қолдарын артына қайырып байлап, аузын әлде - немен тырыстыра желімдеп, желкесінен аямай түйіп қалғанда барып, жаудың қолына түскені санасына сарт етті. "Өлді деген осы" деді ішінен. Ойына Мөлдір түсті. Іші қан жылап қоя берді. "Айналайын, жар дегенде жалғыз қарындасым! Көзің жәудіреп, күнде поштаға барып менен хат күтіп жүрсің-ау, сен. Бантигі желбіреген байғұс қыз. Енді сен тақыр жетім атанасың. Иә, солай, Мөлдірім. Әкең де, анаң да мен едім. Сүгірге қайтып барып, сені маңдайыңнан сүю менің маңдайыма жазылмапты. Көз жасыңды көл қылып жылайтын болдың. Сүйегім де бөтен топырақта қалады. Қайтесің көнесің де. Енді сенің басқалардан қорғап бас- көз болатын бауырың о дүниенің адамы. Соғыс заңы солай үйғарды. Уәли әкем мен Уәзила анамның жанына барамын. Аклима әжемді де көретін шығармын. Мінуәр атам Еуропаның жерінде ғой. Табыса алмаспын. Жер үстінде бізді іздеп, сағыныш толы сары уайымды басынан өткерген Мөлдір қыздарың жалғыз қалды деймін. Әсемім менің! Тағдырға қарсы тұра алмайсың. Менің Сүгірге келмейтінімді білгенде жанарың жасқа толар. Жалғыз қалғаныңды сезінерсің. Мөлдіріне тас лақтырып лайлаған жоқпын. Мен соған қуанамын. Өмір алға жүрер. Тек "алғашқы махаббатым" деп анда-санда есіңе алсаң, "жұмсақ көрпеңде" бір аунап түсермін. Әттең, дүние-ай...

Сөйткенше алдыңғы жақтан әлде кім дауыстады да, мұны желкелеп келе жатқандар кілт тоқтады. Қол шамын жарқыратқан екі-үш адам жандарынан өтіп алға озды. Зорлықшыл қол Бекетті екі иығына басып жерге шоңқитты да, шалқасынан жатқызды. Әлде не деп күңкілдесті де екеуінің бірі дауыс шыққан жаққа беттеді.

Ай әлі шыққан жоқ. Үркер жетіқарақшыны айналып барады. Кенет дүрсің-дүрсің оқ атылды. Автомат тырылдады. Гаубицаның көкекшіл дауысы естілді "Кезекші ауысты. Күзетшілерінің қолды болғанын енді біліп жатыр. Бейжайлық деген осы. Әншейін зорлық, ит мініп, ирек қамшылағанның кері"деді ішінен ызаланып.

Ал көзбен көріп, көкірекпен сезгені, әлгінде екі адам қайтып кеп ыңырсыған біреуді сүйрей жөнелді. Қол шамның жарығынан байқады. "Мынау Михай Черпак қой. Ойпыр-ау, мұның да дұшпанмен арпалысар күші қалмаған ба? Карабиннің дүбімен қақ бастан қонжитқан-ау. Тегінде лақтырған тас осындай дөкейлерге алдымен тиеді. Дауыстауға, әлде не деуге ауыз бітеу. Сақалды, еңгезердей дұшпанның қайқы пышағы қол шамның жарығына шағылысты. Мына дүние не боп барады өзі? Қолімгі "аталардың" өзінің қолына ұстатып, бұрышта тұрған тұтқынды бүйіріне сұғып өлтір дейтін солқылдақ шыбықтай серіппелі, ұстара қанжар ғой. Не деген сұсты еді. Михайды бауыздап жатқаннан сау ма, мыналар? Көзін тарс жұмып алып, дегбірсізденіп қайта ашты. Ойпыр-ау, көп асқанға бір тосқан, зұлымдыққа құдайдың қарсы жіберер зауалы бар екен-ау. Иә. Михай сен де, мен де сау сиырдың боғы емеспіз. Біз не жасамадық? Күні кеше қыстақты шабуылмен алғанда, "мынау қарт екен, ту, көзі жәудіреген сәбидің жылағаны-ай" дедік пе? Дауыс шыққан үйге граната лақтырып, күлін көкке ұшырдық. Міне, солардың қарғысы жібермеді.

Қанды қасап енді басталыпты. Бекеттің көзі шашы жалбыраған, денесінен ажыраған адамның басына түсті. Вася Семушкин... Құдайым- ау, бұл не қылғаның... Бұты жып- жылы болып кетті... Баяғыда Дефоның кітабын оқығанда, Робинзонның Жұманы құтқарар бір сәтінде, жабайылардың сән- салтанат құрып, асыр сап құрбандыққа шалар адамды айналып билейтін бір сәті бар. Дұшпандар құдды солар сияқты. Менмен, айналасында не болып жатқанымен шаруасы жоқ. Жауынан кегін алып жатыр. Нағыз қасапшы дерсің. Осындай сәтте Робинзон сияқты, біздің әскерлер көмекке келсе ғой. Оның ауылы бірақ алыстап кеткен. Ана бір жылт-жылт еткен оттай ғана алдамшы үміт қой. Жан деген неге осыншама тәтті ме едің. Өн- бойы қалшылдап салды.

Сойткенше шөп сыбырлап, әлдекім жақындап келе жатты. Бір басып, екі басып дәл үстіне өңірейе кеп тоқтады. Жалт еткен жарық көзді қарықтырып, еріксіз

жұмдырды. "Біттім" деді ішінен. "Дүниеде өлер алдындағы сөзіңді аузыңды ашып айта алмағаның қиын екен. Мұнан артық қорлау жоқ шығар... "

Қарулы қол Бекеттің шашын жұлып алардай бүре ұстап, басын көтерді. Алмас қанжар жалт- жұлт етті. "Қош бол, жарық нұр. Мөлдір жаным..." Кенет таза қазақ тілінде зорлықшының:

– Әй, пенде, сен қазақсың ба?- деп қырылдаған үні шықты. Өңі ме, түсі ме? Әлде құ құлағы жаңылыс естіді ме? Қапелімде басын изей берді. Көзі қанжардан тамшылаған қанға түсіп кетті де, есі ауып қала жаздады. Әлдекім аузын желімдеген пәлені етін ауырта жұлып алды.

– Сөйле, - деді бұйырды бейтаныс.

– Сұрағыма жауап бермедің...

– Қазақпын,- деді Медет үні тұнішыға шығып.

Енді қолдарын артына қайыра тұзақтаған шынжыр-тұсау шылдыр етті.

– Солай ле... Қарлығыңқы үн соншама жылы естілді, құдды бір анасы басынан сипағандай әсер етті.

– Ал, сәлемдесейік, онда...

Өзімсіне сөйлеген, қаклақ жауырынды еңгезердей бейтаныс, Бекетті орнынан жеңіл көтеріп, тікесінен тік қоя салды да, қол шамның жарығын жүзіне түсірді.

– Ту, өзің әлі бесіктің белі шықпаған баласың ғой... Бейтаныс Бекетті өзіне тарта қысып құшақтады.

– Сендерді де көретін көз бар екен-ау... Сақалдының бүкіл денесі, селкілдеп салды.

– Тыныш жатқан елді қанға бөктірген кәпірлердің ішінде нең бар еді, бауырым- ау. Менің міндетім қалай дегенде де суын ішіп, шөбін оттаған жерімді қорғауым керек.

– Бізді үкімет жіберді. Бұйрыққа қарсы тұра алмаймыз,- деді енді шешіле сөйлеген Бекет.

Бейтаныс қазақ топтанып тұрғандарға әлде не деп басқа тілде бұрк етті. Үнінен ызғар естілдіде, топтанып тұрғандар қараңғыға сіңді.

– Әке-шешең бар ма?-деді бір сәт бейтаныс қазақ үзілген әңгімені жалғап.

– Аға, мен жетімдер үйінде өскенмін,-деді Бекет бейтанысты өзіне иемденіп. - Тұлдыр жетіммін.

— Түсінікті. Сендерде ата-ана алақаны аяламағандарды өстіп тәрбиелейді. Десант екенсің, - деді бейтаныс.

— Зуха сүресінде пайғамбарым: "Жетімді қорлама, сұраушыға зекіме" деген.

Бейтаныс сол уақыт үнсіз қалды. Бекет есімін сұрауға ыңғайланып тұрды да жүрексінді. — Ал қош бол, бауырым. Туған жерге сәлем айт. Тағдырдың айдауында жүрген аған бір міндетін өтеді. "Ағасының" дауысы дірілдеп шықты.

Қараңғыға сүңгіп жөнелген бейтаныс қоштасарда қолын да ұсынбады. Не ойлағанын кім білсін. "Ех-ей!. Мөлдір жаным! Бағың бар екен. Әсемнен, бүкіл Сүгірдегі жетім балалардан, тәрбиеші апайлардан сүйінші сұра! Ойпыр-ай о, соғыс заңы да бұзылады екен-ау, деді күбірлеп.

Қиыр бет ақ шапаққа боялып, атар таңның алғашқы белгілері белең берінті.

## ҚЫЗ ҚАШҚАН ТҮН

Сәрсенбінің сәтінде Тілектес кемпір Бозайғырдағы жалғыз бауырының үйіне жол шекті. Жолашарға көршіқоленді шақырып шай берді. Сонан соң Дастанның анасымен ере келіп, тізе бүкпестен:

— Әу, бәйбіше. Ит басына іркіт төгілген заманың ішту. Әшейін зорлық, ит мініп, ирек қамшылағанның кері. Жалғыз сиырдың емшегіне жабысып, құдайдан тоқтық тілеп отырмын. Ахметсанаға шөбін шауып, жемін тауып бер демекпін, - деп қисынды әңгімесін өрбітсін кеп. Дастан ауыз үйде сабағын оқып жатқан. Ойы бөлініп, көрші кемпірдің әңгімесіне құлағын түрді. Өзі бір алған бетінен қайтпайтын адуын адам Жалбыздың шешесі. Бірақ қызы өзіне тартпаған. Кәрі сиырдың қылшасағындай қырыс-қырыс мойны, қырық сызық әжімдері, имек мұрны, шығыңқы иегі ертегідегі кемпірлерге ұқсатады. Басына кокайтын орамал орап, кимешек киіпті. Дегбірсізденген жайы бар.

— Аштан өліп, коштен қалмасшыз-ау. Пешенеге жазған тіршілік. Жоққа көнген, барды көтерген жақсы.

Дегенмен адам шәу тартқан соң шегіншек. Жалғыз бауырын-тірегің ғой. Барып қайт, бәйбіше, - деді апасы Үмсындық қажекейін шешіп жатып.

– Жібермесім жібермей отырған жоқ па. Үйдегі қос қарғам ше? Кезбенің кезінен сақта. Заман бұзық. Тілектес кемпір аз-кем бөгелді.

– Мына қара ұлды ел аузына алып, жөні түзу деседі. О да құдайдың саған сыйлаған несібесі. Екі-үш күнге кешкісін қыздарыма бас-көз болса...

– Үмсындық апасының жібі босап, Дастанды мақтағанға марқайып салды.

– Көрші қақысы ғой. Құлыным бүйымтайынды жерге тастамас, - деді апасы Дастанға құлаққағыс қып. Дастан кеудесімен бұрылды.

– Балам, Тілектес апаң сені қалап кеп отыр. Қыз-қырқынның ортасына барып, шәниіп жатып ал. Көрші кемпір апасының сөзін аяқтатпай ортасынан киіп кетті.

– Әй, балам. Шынарым сенен төрт-бес жас үлкен, әпкең. Ал Жалбызды бар ғой, өсіп, оқуын бітірсінші, тура өзіңе алып беремін. Айтқаным айтқан, одан сірә қайтпан. Біреу естіп қалды ма дегендей. Тілектес кемпір жан-жағына ұрлана қарап, ешкімнің жоғына көзі жетіп, көңілденс күлді кеп.

– Алырам қалғырдың әуселесін көрейін. Үмсындық екеуіміз алыстан арбалағанша, жақыннан дорбалайық...

Дастан не дерін білмей, жүзі қызарып, мұрнын жиі тартып, шұқындады да қалды.

– Әй, бәйбіше, екпіндеуің жаман. Қыз-қырқындарың құлынымды шет қақпасын. "Біреулері" болып... Қыз баланың қылығы қырық есекке жүк деген, - деді. Үмсындық апасы отқа май құйып. Көрші кемпірдің шыж-быжы шықты.

– Құдайға қараса өйте қоймас. Жел ұшынса көздері тас төбесіне шығатын, көжектерім, менің. Ешкіммен пәлелері жоқ. Қу көкірегім сезеді - деп көрші кемпір, сөзін шірақ бастап, артын сыбырлай тамамдады. Сөйтті де күрсінді.

– Алырам қалғыр, өмірдің өзі адам түсінбейтін жұмбақ. Құдай тағдырдың шонге шоқпарын төбене тақамасын де, бәйбіше. Көріп жүрсің, алып-жұлып бара жатқан ештеңем жоқ. Екі құлынымды құтты орнына

қондырып өлсем, бұл дүниеде армансызбын, бәйбіше. Қазекен қасқа күтімнің үлкенін алдымен үкі мен қызға еншілеген.

– Құдай жөні, бәйбіше, - деді Тілектес кемпірге ілесе үһілеген апасы. Сөйткенше:

– Ойбұй-у. Менікі не отырыс? Әлгі Пойзбайдың дөдеті есік алдында тұрған шығар. Ал, балам бір құдайға, сонан соң өзіңе сендім. Ала сиырға қарай сал. Қыздар күйеуге шықса жасар тойымның пұлы ғой. Өткізіп бердім, аман-сау алғанға жазсын, - деді Тілектес кемпір ұзын ақаулы "үйбайын" айтып қираландай орнынан тұрды. Дастан әупірімде басын изеді. Жалбыз мектептегі мақтаулы қыз. Жетінші "б" сыныбында оқиды. Жаңа туған жарты айдай қиықша келген жіңішке қасының астынан мөлдіреген қарақат көзі таңғы шық дерсің. Жалбыз десе жалбыз. Ел Тілектес кемпірдің есімін атамай, Жалбыздың апасы, дейді. "Әттең, апасының мінезі қиын", - деп күбірледі Дастан.

* * *

– Шынар, Шынар! Бізді күзететін қарауыл келді, - деді есікті қаққан бойда ашып, қуана дауыстаған Жалбыз.

– Көршідегі үндемес жігіт пе?

– "Әпкесі шығар", - деп түйді Дастан.

– Иә, сол бала. Жігіт дейінші. Тоғызыншының үздігі. Балалар өзін математик дейді.

– Әу, бұл жігіт келіп еді, қу жаныңды шүберекке түйдің ғой. Қонаққа арнап қазан көтер.

"Қарауыл", "Үндемес", "Қонақ", жаныңды шүберекке түйдің ғой", не деп кетті, мыналар. Онсыз да табалдырықтан зорға аттаған Дастан босағада қалшиып тұрды да қойды. Бұрын көз салмапты. Шынар сіңлісінен де сұлу, ұзын кірпікті, мөлдір қарақат көзді екен. Дауысы ашық. Екі бетінен қаны тамған, орта бойлы, қыпша бел. Сүт машинесін айналдыра беріп, кілт тоқтап, өзіне қадала қарады. Екеуінің көзі ұшырасып қалған сәт, төсін теуіп тұрған қос омырауынан сырғи берген күртешесінің өңірін қымтай қойды. Жалбыз лып еткізіп үйге кистін қос сүйретпені аяғының астына тастай берген.

– Жоғары шық, Дастан!

– Есімін атап еркелей үн қатқаны күміс қоңыраудай сыңғыр етті. Мектептің кең залында анда-санда қарсы келіп, көрші екендіктерін білдіріп, бас изесетін.

– Шын айтайын ба, сені апама айтып, мен шақырттым, - деді Жалбыз наздана еркелеп. Құдды күнделікті қол ұстасып сөйлесіп, араласып жүргендей-ақ.

– Сіңлім-ау келмей жатып, қонақ жігітті өзіңе еншілеп үлгердің бе? - деді осы сәт Шынар. Жалбыз аузын бұртитты.

– Түу, осы әпке-ай. Мен сенің ихсна үндемеуші едім ғой, - деді сонан соң қабағын түйіп. – Мына қыз қайтеді-ей, -деді күңк етіп қызарақтаған әпкесі.

– Сіңлісі сөйтеді, - деді екіленген Жалбыз.

– Қойдық, қойдық. Екі ортада қарауыл жігіт қашып кетер, - деді Шынар сіңлісін бітімге шақырып.

Терезенің көзінде ондық шам тұр. Сонау бірде ауылда аяқ асты жарық өшкен. Содан бері жанбайды. Әлдекімдер сымдарын қиып алып, Қытайға өткізіп жіберіпті деседі жұрт. Мұнысы өтірік. Сонда қалың жұрт ұрлыққа көніп, қол қусырып қарап отыр ма?

Аяғын шешіп, үстел жанындағы орындыққа қонжия кеткені сол еді, Жалбыз тысы қызыл плюшпен қапталған альбомды алып жетті.

– Көре отыр, – деді сонан соң.

– Мен қазір...

"Қызы бар үйдің жұмбағы көп" дейтін Ұмсындық апасы. Шынардың әлде нелерді қарақапшыққа тыққыштап жатқанын байқады. Іші білді де қыздарға байқатпай жылы жымиды. Қыздардың асай – мүсейі ғой...

– Мына сылқым жігіт алтын қазынамызды көріп қояр, - деді Шынар да мырс етіп.

Төсек салар алдында әпкесі мен сіңлісі тағы келіспей қалды. Шынар:

– Ал, қонақ жігіт, екеумізді қатар құшақтап жатасың, - деді көзін күлімдетіп.

– Не дейді?

Жалбыздың оқыс шыққан үні ондық шамның күңгірт жарығы түскен түпкірлерді тінтіп, жаңғырығып оралды.

– Қойындасып жатамыз. Мен сияқты кәрі қызға

бәрі тансық. Қазір басбұзар жігіттер көп. Сирағымыздан сүйреп далаға алып кетіп жүрер, – деді Шынар кәдімгідей дауысын үрейлендіріп.

– Қыз қасына жатпап па еді, жүгірмек?

Әзілі ме шыны кім білсін, Дастан Шынарға не деп жауап айтарын білмей, күмілжи төмен қарады.

– Түу, өзің суы кеппеген орамал екенсің ғой...

– Әпке, құдай үшін аузыңды тыйшы, - деді бұртия өкпелеген Жалбыз.

– Е, койшы, әрі. Қалжыңды түсінеді, бұл жігіт, - деді Шынар төр алдына төсек салып жатып.

– Үй суық. Жылы жатамыз. Бұрын қыз–қыркынға жақындамаған шығар. Ұялшақ екен. Үйренсін. Өмір бойы анасын құшақтап өтпес. Ал Дастан сен далаға шығып, қызметіңді атқарып кел. Алыпсоқ ұйықтап қалып, ала сиырды біреу жетектеп бара жатпасын. Дастан Шынардан құтылғанына қуанды.

Ауыл үсті бозшағыр. Қоламтадай қалтыраған жұлдыздар. Жонғардың өркеш - өркеш найза ұштарының түсы ай хабарын білдіріп ағара бастапты. Кешегі электр шамдары жарқыраған ауыл тым-тырыс, қап-қараңғы. Анда-санда еріне үрген төбеттер, Үйреккөл жақтан шыққан бақалардың даңғазасы. Дастан ауланы аралап, жан-жағын түгендеп шықты. Тілектес кемпірдің қойғаны орнында, сақтағаны қалпында.

– Мына қыздар қайтеді ей, - деді сонан соң. Сөйтті де әлде кім естіп қойды ма дегендей, селк етті. Артынша өз-өзі күліп жіберді.

– Сәл аялдап, жүрегін басып, есіктің тұтқасына қолы тиді. Сөйткенше: - Екі ілгектің екеуін де сал, - деген Шынардың әмірі естілді.

– Шешін де жат! "Мәссаған".

Білтесі түсірілген ондық шам сығырайып тұр. Бөлме іші алакөленке. Дастан түпкір – түпкірді тінтіп шықты. Жеке төсекжай көрінбеді. Мүмкін төр үйге... деп күбірлеген еді, тағы да Шынардың: - Не қып қалшиып тұрсың? Пай – пай жігітін дейсің – ау, сен де. Кешегі қолымда өскен інім емессің бе, - деген үні шықты. Бөлек жатамын деуге жол жоқ.

Батымсыз ғана, екі қыздың арасындағы ашық тұсқа қисая кетті.

Көрпені сыри, Шынар үстел үстінде сықсиған шамға беттеді. Байқаусызда көзі құрғыр шалып қалды. Аппақ ішкөйлек. Томпайған құс кеуде. "Өзі талдырмаш қана, толған ұршықтай, бүйен білек қыз екен ғой", – дедім ішімнен.

Лып етіп шам өшті де, бөлме ішін ала көленке иелік етті.

Дастан құлап түскен теректей, шалқасынан түсіп, серейіп де қалды. Қу жаны қоныс табар емес. Шынар әлгінде "бісміләсін" айтып кері аунап түскен. Жалбыздың пыс – пыс еткен демі жалаңаш иығын күйдіріп барады. Мына жатқанымды балалар білсе, аузын ашып, көзін жұмар. Сенбейтін де шығар. "Қиялқан" деп мазақтар. Жеңілауыз Жапақ ертең–ақ: "Дастан, Тілектес кемпірдің қос қызының ортасында түнеп шығыпты. Өзі үндемей жүріп пәле. Нағыз жолы болғыш. Мұрнының сорасы кеппей жатып, қыздарға бейім" деп бүкіл мектепке жаймасына кім кепіл. Жалбыздың бетіне қалай қараймын? Масқара? Жанарынан жасы ағып: "Өзің аузыңа сөз тұрмайтын бір мақтаншақ бала екенсің" десе кірерге жердің жыртығы табылмас. Тілеубала жетекшіміз директор Орысбаевқа жетері қақ. Қой, Жалбыз мен ондай бала емеспін. Апам айтпақшы мен енді жігітпін. О, құлындай құлдыраңдаған ерке қыз. Бас салып құшақтайын ба осы? Өтірік ұйықтап жатса... Үйді басына көтеріп, қуып шықпасын кім біліпті. Өзі керемет сүйкімді. Мені апасына айтып, әдейі қалап сұрапты. Кішкентай кезінде өзін талай жылатып едім. Шынар әпкесі ара түсетін. Кейде Тілектес апа да үйге ұрып келіп: - Әй, ана бұзығыңды тый. Әйтпесе ана қызды келін қып түсіріп ал - деп долдана айқайлағаны есімде. Үлкен кісілер кейде бейпіл ауызданып та кетеді.

Кірпігі айқасар емес. Қос бүйіріне кезек-кезек аунады. Сойткенше Шынар оқыс кеудесін көтеріп алып:

– Мына түріңмен қыз қарауылдаған сенің неңді алған? - деп өштене күңкілдеді. Шамасы Дастанды ұйқыда жатыр деп ойласа керек.

– Еркеккіндіктің түрін қара! Пай-пой... Менің сіңлім өзін жаман көрмейтін сияқты ма, қалай? Әлі жас қой. Бұлар нені біледі?...

Терезенің әйнегі сырт етті. Әлгінде Алыпсоқ шабалана үрген. Шынар орнынан ұшып тұрып екі аттап терезеге жетті.

Артынша есіктің ілгенін шырт еткізіп ашып жіберді. Қорбаңдаған бейтаныс біреу табалдырықтан аттап кіріп келе жатты.

— Тсс. - деді Шынар сыбырлап. Үйде "күзетші" жатыр.

— Оның кім?

— Көршінің баласы.

— Дастан көрпе тасасынан келімсекке көз тіккен. Алакөлеңкеде ештеңе байқалмады.

— Төр үйге қарай өт. Міне, мына жақпен жүр. Басып кетпе, - деді бейтаныс жігітті бағыттай алға үңдеген Шынар.

— Қазір шам апарамын. "Мәссаған! Жалбыздың сөзі расқа шықпасын. Мынау сол ихс-жігіт қой. Біздің ауылдың бойдақ жігіттерінің бірі емес пе? Тұрарбек, Есіркеген, Жанайдар, Төлеубек, Ұлан... Бірақ мынаның дауысы оларға ұқсамайды".

Быж етіп шырпы тұтанды. Артынша төргі бөлменің қабырғасын кеулеген жарық өздері жатқан төсекжайды да шалып өтті. Артынша есіктің перлесі жабылды да, бөлме күбір-сыбырға ауысты.

— Апамды қимаймын, - деді Шынар.

— Шешем әкемізідің сүйегі жатқан Киікбеленді тастағысы жоқ. Көшпей қойды. Бауырының шаңын қағуға Бозайғырға кетті.

— Қандай шешімге келдің? — деді бейтаныс жөпелдемеде.

— Үй-іші дайындалып отыр.

— Шынар шала бүлінді. — Құдай емеспін, құдайдан былай емеспін деп бәрін өзің байлап, өзің шешіп қойғансың ба?

— Сен ғой, апам Бозайғырға кетсін деген,-деді жігіт қомпылдап.

— Алматыдан әпкем мен жездеме хабарлағанбыз. Солар кетпей тұрып... Келін түсіріп алайық деп... қам қылғаны ғой, апамның...

— Не дейді?

– Шынар сыңқ етіп күліп жіберді де, тиыла қалды.

– Мен саған келінмін бе? Не деп әулиесіп кеттің, азамат Дайырбек. "Дайырбек" дейді. Бұл ауылда ондай жігіт атаулы жоқ. Е...әлгі шаруа қожалығы дүріллеп түр деген Тобылғысайдағы... Сондай біреулер бар деп естуші ем. Атып түрып: "Жөніне тайып түр", - деп кіріп барсам ба екен?

Апам айтпақшы, "асатпай жатып құлдық ... деп"...

– Енді сен менің келіншегім боласың, Шынар, - деді осы сәт бейтаныс. Шынар тырс үндемеді. Дастан намыстанып кетті: "Әй, Жалбыз, қалай-қалай күшенеді, мынау. Сүйкімді қыз, сен түс көріп жатқанда әпкеңді міне біреу пысық алып қашпақ боп жатыр. Әттең, Шынардың өзі Дайырбектің алдында бәйпектемесе ғой. Шайқасар ем, шіркінмен. Бірақ қайтесің. Түсінемін... Менде әлі жігіт атанармын. Сонда...

– Көрші баладан ұят болды-ау, - деді осы сәт Шынар дәл мұның ойын сезіп қойғандай.

– Қыздарды күзеткіш, жігітсымақ.

Сөз өзіне бағытталды. Дастан енді Шынарға шүйілді. "Бұл дүние не боп барады, өзі. Осы үйге аяқ баспағаным-ақ жөн еді. Әй, апа! Ертең Бозайғырдан қайтқан соң Тілектес кемпір басыма әңгіртаяқ ойнатады. Сенде алуын кемпірдің айқайынан тегін қалмайсың. Мына қыздың сөзін... Мен неге Шынарды Дайырбектің қолына беріп қоя беремін?". Тыныштықты бейтаныс бұзды. - Неге жылайсың?-деді жігіт күйініп. - Келіп – кетіп түрасың.

Шынар тырс үндемеді.

– Ауыл арасы жақын. Сары байталмен салдыртып отырып шайқайнатымда апаңа келесің. Қазір Ақжалды мінген соң көресің, су жорға...

– Әй, жорғаң құрысын. Біле білсең мен қыз болғаныма жылап отырмын. Неткен байғұс, бұл қыздар. Туады, өседі, бойжетеді. Сонан соң алды артына қарамай, бір жігіттің жетегенде кетеді. Ал апа, кеш мені, - деді Шынар дауысы діріллеп.

– Апаң да бір кезде сен сиякты күйеуге қашқан шығар, - деді жігіт қуақыланып. Мұнысы тым одағай естілді.

– Мазақтап тұрсың ба?

– Шындықты айтқанның несі мазақ? – деді жігіт қарсыласып

– Әй, Дайырбек-ай, - деп күрсінді Шынар.

– Осы бір көңіліңнің ақтығы ғой, мені мына күйге түсірген.

* * *

Шынар сіңлісінің жүзін алақанымен сипап:

– Сен енді осы үйдің қожасысың, - деді сыбырлап.

– Менің ақылгөйім. Өзі мына "күзетшіге" теріс қарамайды. Жұдырықтай жүрегіңнен айналдым, тентек қыз. Хош бол, артымнан ерген көк шыбығым...

Дастанның іші қылып салды.

Жүгіріп терезеге барды. Ештеңені көре алмаған соң есікке ұмтылды. Түнгі ауа есіктен лап қойды.

Тұңғиық түн. Ай төбеде тұр. Үш-төрт аттап қақпадан шықты. Алыпсоқта үн жоқ. Шамасы, Дайырбекке бойы үйреніп алған сияқты. Аласырдың күшене демалғаны естілді.

Есік пен төрдей жерде әлде неге күйбеңдеп жатқан қарайғанға көзі түсті.

– Әй, бол енді - деген Дайырбектің дауысы естілді.

– Аға, қамшымды іздеп таппай жатырмын, - деді баланың үн.

– Е, міне. Шынар көкеме берейін деп ем... Дастан мырс етті. - Әп-сәтте емдене қалуын, түге. Інісін ертіп келіпті ғой, мына күйеу...

Тұяқ дүбірі бірте-бірте алыстай берді.

– Жолың болсын, Шынар, - деп күбірледі Дастан.

## БЫЛҒАРЫ ӘМИЯН

Болектің желке тұсынан "Сары баканың":

– Пай- пой, өзі әдемі екен ә. Қарашы, аяқтары оқтаудай түзу, ә. Қыпша бел. Қалтасы да қалың шығар, ә, - деп "ә"- сін көбейтіп, тамсана сыбырлағаны естілді.

– Мен адам танысам ауылдың қызы, ә. Саудa жасауға келген ғой, ә. Бүгін шефтің туған күні. Салықты

да мол салды. Өзімізді көрсетіп қалуымыз керек, "Қос саусақ, ә"... Екеуі қыз беттеген жаққа жеделдей кеп жетті.

— Жап, - деді Бөлек бір сәт серігіне сыбырлап. Сүйіріктей саусақтары сары қапшыққа сүңгіп кетті де, қоңыр түсті былғары әмиянды лып еткізіп суырып алып, көз ілеспес қимылмен "Сары бақаға" ұстата қойды.

— Бүгін бір жалғанды жалпағынан басайық, - деді сонан соң ыржың етіп.

Сөйтті де Бөлек ығы-жығы елдің арасынан сытыла шығып, ұзай беріп, қалт тоқтады. Қораға қой санап енгізген қойшыдай күбірлеген ол көк шатырлы, бұрымды қыз қайта көзіне түскен сәт елең етті. "Ауылдың қызы, ә" деді, "Сары бақаны" ішінен мазақтап. Сөйтті де өзінен-өзі жүгіре басып, қуып жетті де, шатырының астына еркінси кіріп алды. Онымен қоймай:

— Кешіріңіз, саяңызға саяхаттауға бола ма? - деп әзілдесін кеп. Тосын тірлікке қыз үркектей жалт қараған. "Шақырусыз қонақтың" одағай қылжыңы әсер етті ме, кім білсін:

— Есіктен кіріп, төр менікі дегеніңіз бе?- деп жайымен қарсы жауап қайырды, ашуланбады. Белінен сәл төмен қиылған қос бұрымын арқасына сілкіп тастап, Бөлектің қылығына наздана жымиды. Екі бетінің ұштарына оймақтай шұңқыр дөңгеленіп, жүзіне ішкі сезімі ұйый қалыпты. Бөлек қыздың қарақат көздердің түңғиығына түншығып, қапелімде аузына сөз түспеді. Сәлден соң ғана:

— Бір де ноль, сіздің пайдаңызда, - деді желкесін қасып. Нағыз хордың қызы. Қыр мұрынды, аққу мойын. Моп-момақан, құдды еліктің лағындай. Үнінде жарасымды әзілдің мақамы. Жас шамасы өзі құрапас, он бес-он алтының ар жақ бер жағы.

— Сазамды тартырдыңыз, бойжеткен, - деді Бөлек тағы тек тұрмай. Қызды сөйлеткісі келгенін өзі де аңғармады.

— Айыбыңызды төлесеңіз, кешіруге мен дайын. Қыз сыңқылдай күлді. Жанарынан жалт еткен от ұшқын Бөлекті тағы да сілейтіп кетті.

— Орындауға әзірмін. Екеуі үнсіз алға жүрді. Көк

те, көк жиекте бұлт құрсанып, еңсені басып, аспан асты тесілген қазандай-ақ, сілбелеп жауған жаңбыр толастар емес. Сөйткенше, артынан "Сары бақаның" белгі ысқырығы естілді. Бөлектің өн бойы құмырсқа жүгіріп өткендей дір етті. "Әй, сұмырай-ай, басқан ізімді аңдып... Қап, сұлу қызбен әзілім енді жарасып еді" - деді өкініп. Бұл екі ортала бейтаныс қыз құбыла беттегі тоқпақ жіліктің қуысындағы құрттай құжынаған калыңға бұрылып, алдыға ұзады. Шатырын жиып ала беріп, артына бұрылып:

– Сөздің адамы екенсіз,- деп тілін безеп қалды. "Мына сұлудың корлығы-ай. Мат қойып кетті".

– Айтотыдан аумайды ғой, өзі... Бөлектің ойда-жоқта сонау бірдегі басынан өткерген оқиғасы есіне түсті... Қаракөздің жағасы масаты кілемдей. Құмына етбетіннен жатып, толқындарға көз тастасаң, күн сәулесімен аймаласқан ақ көбіктер күмістей жарқырап, көзді шағылыстырады. Әжесінің: "Құлыным, суыңды ал да, тезірек қайт. Үлкен кісінің шай ішпесе басының сақинасы ұстайды" деген ескертпесі де естен шығып кетіпті. Балалардың бірі: - Тоғызыншы "б"-ның арулары бері беттеді. Жасырынайық, нағыз қызықты көреміз, - деп сыбырлай дауыстаған. Бесіншінің ұлдары көйлектерін ала сала қалың бұтаға сүңгіді. Қыз атаулы, қорқақ көжектей ғой, түге. Айтоты есімді қыз жан-жағын асықпай шолып:

– Шомылайық, - деп дауыстады. Қаракөздің суы аса терең емес, сөске түстегі нағыз қанжылым шағы. Айтоты суды тізесіне дейін кешіп барды да, толқындарға телміре қарап, сәл уақыт аялдады.

– Айым, су рахат екен, - деді қыздардың бірі дауыстап. Айтоты асықпады. Еңкейіп өзен суын уысына толтырып алып, көкке шашып күмістей жарқыраған тамшылармен ойнай бастады. Бөлек аузы ашылып, таңдана қараған. Өр серпіген қос анары, ақ күмістей жарқыраған саны, қыпша белі, ертегідегі періштей мына тірлігіне жарасып тұр. Ғажап сұлулық. Енді бір сәт Айтоты тақымжырына түскен қолаң шашын саусағымен тарамдап шалқалай керілді... Әлде бір тоштақай қыз сықылықтап су шашып, Айтотыны мазаламағанда ғой.

Ия, сол жолы Бөлек үйге көңілсіз қайтты. Ана бір қызға өкпеледі. Енді міне, Айтотыдан аумайтын тағы бір аруды кездестіріп тұр...

— Біреуді іздеп жүрсіз бе? Жез қоңыраудай сыңғыр еткен үнге Бөлек жалт қарады да қуанып кетті.

— Ия, е, жоқ, - деді Бөлек кірпігін қағып-қағып жіберіп, "Құлағыма дейін қызарып кеткен шығармын" деді ішінен. "Әмиянынан айырылғанын білмейді-ау, осы қыз. Қап-ай, соған несіне қызықтым екен. Бәрін бүлдірген аш кенедей жабысқан "Сары бақа" ғой. Елдің күресінің аңдыған ұры тазыдай жүгіріп жеткен жоқ па". Жүрегі атқақтап аузына тығылды. Санасында жылт еткен жымысқы ойдың өткір жүзі өн-бойын тіліп өтті.

— Сасқан үйрек артымен жүзеді. Сіз дәл бір қызды асыға күтіп жүрсіз, - деді бейтаныс алғашқыдағы сұрағын батылдандыра түсіп. Қапелімде Бөлектің ойына серігінің есімі түсті.

— "Сары бақаны", - деді өп-өтірік. Қыз құдды өштескен жанша қайта шүйлікті.

— Құрылықтың бақасы ма, көлдің бақасы ма? - деді мырс етіп.

— Ех... ехе ... Біз оны еркелетіп, иә, "Сары бақа" дейміз. Өзі де бақа сияқты. Шын аты Саржан, иә, Саржан, Сары бақа... Сөйтті де Бөлек сөз аяғын құмға сіңген судай жұтып қойды. "Әмияныңды алып кеткен ше", демегеніне шүкір.

— Өзің тіпті ұялшақсың ғой. Қыз көрсең, есің шығып дірілдеп... Менің есімім Раушан. Әжем мені Рауғашым деп атайды... Бейтаныс қыз енді сізден сенге көшті. Қыздың "жүндеуі" намысына тиген Бөлек "тіріле" бастады.

— Есімің әдемі екен. Тойс, студентсің ғой...

— Жоқ, жұмыссыздар отрядынанмын. Әжемшілесем, "жарғақ құлағым жастыққа тимей", жұмыс іздедім. Енді ауылға қайтамын. Медучилищеден топ сткізді, конкурстан өтпедім. Сенің есімің кім, осы? Дымбілмес пе, әлде дымсезбес пе? Бөлек лақап есімін атай жаздап барып, тежелді.

— Бөлек, - деді сонан соң. Қыздың сөзі шамына оңбай тиді. - Менің әжем елден ерекше жігіт болсын

деп Бөлектай қойған. Есемді қайырдым ба, деп, енді серпіліп еді, қыз мырс етті.

— Сен де сенделбайсың ба?.

— Базарда жұмыс істеймін.

— Оу, өзі әлі жап-жассың ғой. Нешіншіні бітірдің? Қыз тергеушідей тақымдауын қояр емес.

— Тоғыздан кейін мектепті тастап кеткенмін. Бөлектің көкірегі шым етті. "Түрім өрт сөндіргендей қуарып кеткен шығар ә" деді ішінен. "Шатақ" қыз сұрақты дәлірек қойып, "немен шұғылданасың" десе ше? Ұрымын дей ме? Аңқау қыз- ай. Ауылдың "а" десе, "апа" деп айқай салатын үркек бойжеткені. Қарсы алдында қарабазарды қан қақсатқан, бұйырмағаннан бұйда алатын (әжесінің сөзі ғой) шипаш — "Қос саусақ" тұр. "Жүзі жылыдан түңілме" дейсің ғой, әженшілеп...

Кенет Бөлектің көзі Раушанның аузы ашылған сары қапшығына түскенде, сона шаққан жабыдай шоршып түсті. "Қой, көзімді құртайын. Сұлу қыз немді алған. Әжем айтпақшы "Ақсақ иттің ойы аржақта". Мұндағы погон таққанның бәрі Бөлекті бір кісідей таниды. Қыз ақшасының ұрланғанын білсе, жер-көкті басына көтеріп, қотанға шапқан қасқырдай у-шу жасайды. "Қос саусақ" қолға түседі. Қара мұртты аға лейтенант "Болашақтың" бұрышындағы аядай бөлмеге желкелеп апарып, тергейді, жаналқымға алады, бұтына дейін тексеріп, төмпештеуі де ғажап емес. "Шеф" келіп, "залог" беріп, "сатып" әкеткенше жаның "тозақта" қиналғаны. Есің бар да, еліңді тап. Ұрының ұраны... "Сары бақа" қайда жүр екен?

Қыздың қаперіне ештеңе жоқ. Ыңылдап қойып, қатардағы ілінген киімдерге көзінің сұғын қадап келеді. Бей-жай. "Әу, "Қос-саусақ" әжесінің қызының артына неге еріп келе жатырсың ей, ә? Жалма-жан пиджагінің төс қалтасынан қара блокнотын алып шығып, бетін парақтай жөнелді. "Мен де әжемнің баласымын" деді күбірлеп. Әбден жемтігі шығып сарғайған хат орнында екен. Әр оқыған сайын ерік — жігеріне ие бола алмай, көзі жасқа шыланатын.

"Құлыным! Көзімнің қарашығы! Аман-сау жүрсің бе, таянышым? Бүгін түсіме кірдің. Үйге қарай қос

шелек суды иінағашпен көтеріп келе жатырсың. "Әже, мен сені асыраймын" дейсің мені құшақтап. Қанша өмірім қалды дейсің. Жаным менің, ауылға қайтсаншы. Ұйқыдан оянған соң, сен жататын кереуетіңе бардым да көрпеңді иіскедім. Иісің бұрқырап тұр, әлі. Сағындым ғой, сені"... Бөлек сонау бірде бас поштадан алған әжесінің әлде кімге жаздырған хатының жаттап алған жолдарын есіне түсірді. "Қайтамын, әже. Біраз ақша жинап алайын. Келісесің ғой" деді сонан соң хатпен күңкілдей сөйлесіп.

Бір сәт Раушанға сүйкене беріп, Бөлек сары қапшықтың аузын жауып үлгерді.

– Жарайсың, "Қос-саусақ", міндетіңді ойдағыдай орындадың, – деді сонан соң ерні жыбырлап. Мына қыздың, қорлығы-ай, ә. "Шатақ" қыздың айтқанына көніп, айдауына жүре беруге неге сонша ынталы?..

– "Раушан сен өте сұлусың".

– "Иә, сұлумын".

– "Мен Айтоты деген қызды білемін. Ол да сұлу еді. Менен төрт жас он бір күн үлкен. Сегізінші сыныпта мектептен қайтқанда "Айтоты, мен саған ғашықпын" деп айта жаздағанмын".

– "Е, қойшы".

– "Шыным, Раушан".

– "Маған қалай қарайсың?"

– "Оллаһи, мен саған ғашықпын. Көңілің қандай пәк болса, жүрегің сондай асау екен. Оның үстіне сұлусың."

– "Мен әжемнің қызымын ғой." Сондықтанда сұлумын."

– "Қызық екен?"

– "Несі қызық? Менің әжем менен де сұлу"...

"Иә, рас айтасың. Менің әжем де жас күнін де өте сұлу болыпты".

Бөлек ойын тежеп, Раушанды батымсыз түртті.

– Әжеңе бірдеңе сатып алмақ па ең? – деді оқыс сауал қойып.

– Күміс білезік алдым. Мына қапшықтың ішінде жатыр. Көрсетейін бе? – деді қыз.

– Кажеті жоқ, әуреленбей-ақ қой. Бөлек шошып кетті. "Өзім де сұрамасты сұрап"... Өзіне-өзі кіжінді.

– Жерлес қызым осы жерде кездесейік деп еді. Келмеді. Ағайдың үйіне қайтсам ба екен? Ертең автобусқа билет аламын, - деді Раушан

– Онда шығарып салайын. Бөлек көзін жыпылықтата төмен қарады. Екі иығы селкілдеп салды.

– Жібің бостау ма десем, ширатылып тұрсың ғой. Рахмет! "Үндемегеннен үйдей бәле шығады" деуші еді, әжем. Қыз Бөлекке тұңғыш рет қызыға қарады. Сұлу жүзінен ішкі сезімі аттойлап шыға келді. Көзбен ұғысып, іштей түсінісетін, тілсіз жұмбақ әлем орнап қалғандай.

– Онда кеттік, - деді Бөлек қыз қолынан ұстай үнсіздікті бұзып. Қас-қағымда санасын шырмаған сан-сапалақ ойдан арылғаннан ба, Раушан қыздың көтерінкі үні естілді.

– Сіз басшы, біз қосшы. Әлгіндегі бір сәтке дейін еркін тыныстай алмай, ішінен тынған Бөлектің де жан сарайы кеңіп ашылғандай. Қыздың ой тұнған көздерінің тұңғиығындағы, тірі пендені өзіне баурап алар нәзіктік пен ибалықты енді сезді.

Қас қылғанда базардың қақпасына жақындаған сәт Бөлек, бұларға сыртын беріп, арқасымен көріп тұрған "Сары бақаға" көзі түсті де, өзін-өзі қорсынды. Оның бұларға таңданғаны анық. "Мына "Қос саусақ" жынданған. "Жертвасынан" бойын неге аулақ салмайды. Басы ауып кеткен" деп тұрғанын іші сезді. Сөйткенше аспанды қылыштай қақ бөліп, найзағай жарқ етті де, ғау соғыстырғандай жер дүниені тітіреткен әзірейіл гүріл естілді. Ірі-ірі тамшылар шатыр қалпағын сарт-сұрт соғып ала жөнелді.

– Тезірек, Бөлектай! Шатырға кір! Раушан жігітті ықтасынға қарай сүйрей жүгірді. Бөлек қызға жалт қарап еді, Раушан қуана жымиды. Содан ба, Бөлектің жүрегінен тас түсіп, аспан да, аяқ басқан Жер-Анада дәл осы сәтте күндегісінен кеңейіп кеткен сияқты көрінді. Тіпті бар дауысымен бала күнгідей "Жау, жау, жаңбыр" деп айқай салғысы келді.

Екеуі жолдың сол жақ бетіндегі дүңгіршектің ықтасынына жетіп, қолшатырдың астына үйыса қалған сәтте Раушан:

— Айбынды төлемедің, сұлу жігіт, - деп тағы тиісті.

— Менің арқамда жауынға сүметілмей жаның қалды...

— Қазір, - деді Бөлек күңк етіп.

— Осы жерден қозғалма!

— Туу, әзілді де түсінбейсің бе? — деп Раушан азарбезер болып еді, жігіт дес бермеді.

— Айттым, бітті, - деді сөз аяғын жұтып.

— Қасарсуын, - деді жаңбыр суына малынған қыз маңдай шашын сілкіп тастап. Онымен қоймай:

— Бөлек, тезірек кел. Әйтпесе, мені біреу алып қашып кетіп жүрер. Сен сияқты сұлу жігіттер миллион, - деді жігіт артынан еркелей дауыстап. Бөлек артына бұрылып, басын изей, күлімсіреді. "Раушанға сыйлықты өз фондымнан аламын". Сөйтті де қарабазарда жүрген бір жыл алты ай он сегіз күнін жіпке тізді". Алғашқы да "Сары бақа" екеуі жаңа ашылған "Болашақтың" базар бастығымен келісіп, арба сүйреп, ертеңді — кеш тиынтебен тапты. Дөкей бастық ауылдан келген бөжентомпайларды не қылсын, "қамқорлықты" "шеф" деген біреу жасады. Ол нағыздың өзі екен. Бөлмесінен күндіз аттап шықпайды. Түнгі жапалақ дерсің. Келімді — кетімді "жанторсықтары" ақшаны да, азық-түлікті де үйіп-төгеді. Ішкені алдында, ішпегені артында. Сөйтсе "шеф" өзі сияқты "жанторсықтардың" "крышасы" екен. "Сары бақаның" айтқан әңгімесі ғой. Құрысыншы, соның бәрін несіне есіме алдым?"

— Әй, "Қос саусақ", әлгі бикешпен несіне ауыз жаласып қалдың ә? — деді "Сарыбақа" Бөлекке салған жерден шаптығып.

— Өзі сұлу екен ә? Нағыз "көбелек" ә?

— Жап аузыңды, Раушан ондай қыз емес. Әжеме апаратыннан екі жүз баксы бер. Әмиянды қайтар, - деді серігінің сөзін жақтырмаған Бөлек.

— Тыраштанғаның тиын ғана екенін білесің бе, ә?

— Қанша?

— Екі мыңға да жетпейді. Түсіндің бе, ә?

— Мейлі.

– Әмиянды иесіне қайтарып берейін деп тұрсың ғой, ә?

– Онда шаруаң болмасын. Сөз біреу, құлақ екеу.

– Не дейсің, ә? Ха... ха... Мұныңды естісе "шеф" күліңді көкке ұшырады.

– Өзі білсін. Азар болса, бір таяқ...

"Сарбақа" – Саржан досына таңырқай қарады. Кеше ғана "Үлгіден" жетектеп әкелген Бөлектай – "Қос саусақ" қызға ғашық, ә? О, сұмдық! "Шеф" сындырады ғой, байғұсты. Бесіктен белі шықпай жатып, махаббат ненің сәні, ә? Әжесін асыраған түрін, мұның. Байыдым, үйленемін деп жүрмесін осы. Пәлі, мұның куәлігі де жоқ, ә? Саржан – "Сарбақа "ә"-сін жүз қайталап, тұра жөнелген Бөлектай – "Қос-саусақ" досының тірлігіне шыж-пыж боп, ызалана гүжілдеп көзімен ұзатып салды. "Бүйте берсе бұл, анау "шеф" жалдаған бір бөлмелі үйінен де айырлады ә? Өзі "Қос-саусақ" деп еркелеткенге семіріп барады ә? Беделің бес тиын. "Шеф" кекшіл. Анау дос менттерге сыбыр етсе, "Қос-саусақ" "с поличным" ұсталып, бес-алты жылды арқалайды. "Шефтің" өзі ескерткен. Әй, дегенмен "Қос-саусақ" нағыз ғажап ұры, ә? Ана Ферғананың өзбегінің қас пен көздің арасында екі мың баксын қақшып кеткен жоқ па? Дегенменде "Қос саусақтың" бүгінгі шолжаңдауын "шефке" хабарлау керек, ә. Ертеңгі күні басым бәлеге ұшырап"...

– Сұлу қыз, қабыл ал! Енді сен екеусің. Қыз-Раушан, гүл-Раушан, - деді ойнақы әзілдеген Бөлек қызға гүл ұсынып жатып. Раушан ашаң жүзді, алтын тісі жарқыраған, малмандай су, бойшақ жігіттің жүзіне күлімсірей қарап, жанары жәудіреп сүп-сүйкімді, бұрынғыдан да сұлу боп кеткендей.

– Рахмет! Енді сенімен бірге әшекейлі пәуескеге мініп, иық тірестіріп отыру міндеті тұр. Кавалердің кемшіп түсы қалпағы мен мойын бантигі...

– Қай жаққа сапар шегеміз? - деді жігіт еркелеген қызға.

– Дүниенің шетіне... Мырза жігіттер қай қыздың да көз тұмары. Екеуі қолшатырдың астында тұрып, жарыса күлді.

Уәделескендей шетелдік "пәуескенің" артына отырды. Бейтаныс шопр жігіт екеуіне сүйсіне жымиған сәт, Бөлек жүргізушіге бес жүз теңгені сестене ұсынған. О, ғажап! Сұлу қыз басын орындыққа шалқайта сүйеп, көзін жұмыпты. Ғажап көрініс. Бөлекті желік қысты. Қайдан тап келгені белгісіз, батылдық белең берді. Ессіз құмар көзқарастан рахат тапқандай ма, қалай? Сөйтті де қыздың бұрымының ұшын еппен ұстап, қыздың мойынын қытықтады. Денесін жеңіл діріл биледі. Қыз көзін ашар емес. Ұзын кірпіктері сұлу жүзін күзеткен қарақшылардай қайқайып тұр. Қызығып кетіп, мойынына қолын арта салып еді, қыз селт етпеді. Тұла бойын бір тасқын от жандырып әлек. Бөлек батылданып қызды сүйіп алсам ба деп арындай беріп, қиылған қасына көзі түсіп, кетті де, тежеле қойды. "Раушан "шефтің" Кермеқасы емес" деді сонан соң күңкілдеп. "Екеуінің арасы жер мен көптей... Нағыз әзезіл ғой, ол салдақы. Коньякқа тойып, көздері кілегейленіп, сырт киімін сыпырып тастап, жартылай жалаңаш "шефтің" алдында мың бұралып билейді, жөлеп. Мекірене мойнына асылады. "Шефті" мұрнын тескен тайлақтай, жетелеп төсекке бастайды. Талай көзі көрді ғой. Ертеңіне қолына тиген ақшасын тыққыштап, көзін күлімдетіп шу қарақұйрық көзін жоғалтады. Қыздың бойынан кекселіктің, жасандылықтың белгісі андағайлап тұратын. Тфу, соны несіне есіме түсірдім". Бөлек әп-сәтте мөлдір бұлағына тас түсіріп, лайлаған адамның өкінішті күйін кешті.

Қиыла біткен қиғаш қас, жұмулы көздерін қамастырып тұрған кірпіктер, Раушанның таза кескінін нұрландыра түскендей. Мөп-мөлдір, моп-момақан. Дәл қазір қыз екеуі дүниенің шетіне сапар шексе де Бөлек шаршамас еді. Раушан күлсе күліп, жыласа еңіреуге бар. Осылай ұйықтаған боп жата берсе оятпас еді. Қолын созып, қыздың сүйіріктей саусақтарынан ұстады. Алақаны алақанына тиген сәтте, бұрын ешқашан басынан өткермеген сезімге масайып, елітіп жүре берді. Иесіз үйдегі сағаттай соққан қыз жүрегінің дүрсілі білінді...

— Келдік, - деген жүргізушінің ақжарқын үні естілді.

— Міне, өздерің айтқан 47-нші үй. (Бөлек шопр

жігіттің бұлардың тірлігін бақылап, сүйсініп келе жатқанын қайдан білсін)

– Рахмет! Бөлек жігітсіне жауап қатып, кеудесін көтеріп, машинаның есігінің тұтқасын ұстап, ашып жіберді.

– Раушан, үйге келдік, - деді сонан соң. Сөйтті де осы бір сәтке дейін "ұйықтап" отырған қыздың қолынан айырылмаған күйі сыртқа икемдеді.

– Қонағым бол. Ағандікіне апарып саламын. Уәде де тұратынымды білесің ғой. Лап еткен ауа ағыны қыздың толқынды шашып желпи жөнелді де:

– Мақтаншақ, - деп мазақтаған үні естілді. Енді бір сәт екеуі де есін жиып, есік көзінде тұрғанын білді.

– Үйде кім бар? Ұят болып жүрмей ме? Қыз сақтығына жауап ретінде Бөлек бір бума кілтті көрсетті де, сұқ саусағын шошайтты.

– Әке-шешеңіз ауқатты жандар ма? Баласына үй сатып әперіп..., - деді Раушан үлкен кісіше байыппен сөйлеп. Шамасы әжесінің барын, соның қызы екенін білдерген түрі ғой деп ұқты Бөлек.

– Олар баяғы да о дүниеге кеткен. Әжем ғана екеуміз, - деді Бөлек күрсіне тіл қатып.

– Е, қойшы, өтірікші, - деді қыз оқыс жауаптан абдырап, ыңғайсызданғаннан тек тұрмай. Бөлек жас балаша тамағын қайшылады.

– Оллаһи, биллаһи. Орыс кемпірден сатып алғанмын. Бұл жолы Бөлекті мақтан қысып кетті.

– Онда домовойы бар шығар.

– "Сары бақаны" буындырып өлтіріп қоя жаздаған, иә.

– Күндіз тиіспей ме? Қыздың көз шарасы үлкейіп шыға келді.

– Е, жоқ. Жаныңда сокталдай жігіт бар емес пе?

– Үйге апарып тастайсың ғой.

– Иә.

Шағын жалғыз бөлмелі үйдің іші ыбырсып жатыр. Көк иісі бұрқырайды. Оң жақ керегеге торлы ағаш кереует орын теуіпті. Ортада қызылқоңыр плюшпен жабылған ескі үстел. Бұрышта "Daewoo" телевизоры, бейнетаспа. Сол жақ қабырғада көнетоз қоңыр шкаф, үш-төрт орындық, қабының жұлығы шыққан ескі диван.

Еденнің төскейінде түгі қырқылған түрік кілемі. Қабырғада өңшең бір қаптап кеткен Шварцнегер мен Вандамдар жапсырылыпты.

— Біздің хансарайымыз осы, - деді Бөлек көзін күлімдетіп, қос алақанын бір біріне үйкелеп. Сөйтті де Раушанды диванға әкеп қондыра салды. — Мен шай әзірлеп жіберейін.

— Көмектесуге әзірмін, мырза жігіт! Қыз лып етіп орнынан көтерілді.

— Алжапқыш бар ма? Тіпті әйел иісі аңқымайды. Әжең қайда?

— Төңкерісте, - деді кәпелімде Бөлек.

— Қай Төңкерісте?

— Шудағы. Әжем ауылда тұрады.

— Не дейт? Мен Аққораданмын ғой. Арасы отыз бес шақырым.

— Бәсе, мен соны біліп қойып, соныңнан ерген екенмін ғой, - деді Бөлек қуанып.

— Жерлес екенбіз...

— Әжеңді неге ауылға тастап кеттің?

— Қалаға аяғын аттап баспайды. Мен де қаланы жек көремін. Ақша тапқан соң, ауылға қайтамын.

Бөлек жақын маңдағы дүңгіршектен оралғанда Раушан бақырға май шыжғырып, жуа турап жатыр екен. Алты ай жуылмаған ақ шәугім кірінен айырылып, әуенге басыпты. Бөлек бұл жолы да қызығып кетіп, Раушанды сүйіп алмаққа ыңғайланды да, батылы жетпеді. Осалдығын "шатақ" қыз бақырды басыма кигізер" деп жуып шайды.

Әп-сәтте үстел үсті жайнап салды. Ортаға ақ қайнар мен құмырсқа бел фужерлер қожалық етті. Әжесі екеуі айына бір рет осылайша үстел үстіне бар жоғын үйіп тастап "тойлайтын". Әжесінің майға пісірілген картобы тіл үйіретін. Бөлек әсіресе қаспаққа үйір еді. Табаның түбін тықырлата қырып, аузына толтыра тыққыштағанда әжесі:

— Әй, құлыным-ау, сен бай болады екенсің, - дейтін. Бөлек қуанушы еді.

— Адырам қалсын, мына жатқан дәм табан ақы, маңдай теріммен тапқан пенсиямен келген дүние. Же,

құлыным. Біздің аталарымыз шіріген бай екен. Ал қазір бар байлық білімде қалды ғой. Әжесінің ұзын ақаулы "моралі" басталатын.

Сәлден соң әжесі әңгімесін түйіндеп кеп: - Ех, дүние-ай, осы дәмді де көп көрді ғой, Алматай мен Бүбіге. Әне, Көктөбенің бауырында төмпешік боп жатыр. Менің жолым емес пе? – деп жанары жасқа кептеліп, еңкілдеп алатын. Бөлме ішін мұң дүмейтін. Алматай мен Бүбі әжесінің баласы мен келіні, Бөлектің әкесі мен шешесі. Авариядан көз жұмғанда, Бөлек төрт жаста екен.

– Әжем, мен сені асыраймын, жыламашы, - дейтін Бөлек әжесін құшақтап.

– Кіммен сөйлесіп отырсың? – деді Раушан бір сәт Бөлекке таңдана қарап.

– Әжеммен, - деді Бөлек ойының үзіліп кеткеніне өкінішін жасыра алмай.

– Әжең не деді?

– "Құсың құтты болсын", дейді.

– Е, қойшы, шын ба?

Сөйткенше, есік дүрсілдей соғылды. Екпініне қарағанда менмен біреу.

– Сатқын, - деді орнынан ұшып тұрған Бөлек.

– "Шефті" ертіп келген ғой. Лох. Сол бір нәрсені түсінеді дейсің бе? Қорқау. Мен досым деп жүрсем. Соған еріп...

– Ей, "Қос саусақ" аш деймін, мен саған, - деді жер астынан шыққандай әзірейіл дауыс.

– Есікті сындырамын.

– Раушан, - деді осы сәт қызға.

– Қорықпа. Бұл қожайын ғой. Ішіп алған ба? Бүгін оның туған күні. Қыздың көзі тас төбесіне шықты.

– Үй бос емес, - деді есік көзіне жеткен Бөлек сыртқа дыбыстап. Әулекі екен, бітімге келмеді.

– Өлтірем иттің баласы. Қожайын есікті тепкілеп жөнелді.

Бөлмеге жақ сақалды, шашы тікірейген, зор денелі, жүзі сұсты жігіт кіріп келді де, Бөлек екі аттап Раушанның жанына жетті. Қапелімде: "Өзіме де обал жоқ. Қала саған Аққораның мәдениет үйіндегі той емес" деп сыбыр етті

– Тамаша, - деді мырс еткен дөйқара, еті ескен суық жанарымен бөлменің ары-берісін тінтіп шығып.

– Тамаша, өмір, тамаша...

Бұл екі ортада Бөлек тілге келген.

– Шеф, не сұрасаң бәрін тауып беремін. Тек қызға тиіспейсің, - деді жалына үн қатып.

– Солай де. Маған қойған шартың ба, бұл? - деді гүж еткен бейтаныс.

– Намысымды таптама, өтінемін.

– Ха, ха. Намыс дейді. Сен де соның бір түйірі бар ма? Дөйқара асықпай басып, екеуіне төніп келді. Бөлек қызды бауырына қыса, бұрышқа қарай шегініп еді, бейтаныс түк басқан оң қолымен жанына ысыра итерді де, Раушанға ентелей кеп, өңірея қарады.

– Сұлу екенсің, бикеш, - деді сақаулана ыңырсып.

– Сүмелектерге сылқымдар үйір ә?

– Мен сылқым емеспін, - деді Раушан үні әрең шығып.

– Жөндеп сөйлеңіз... Бұл сәт ортаға Бөлек киліккен.

– Шеф бұл қыз сенікі бола алмайды, - деді ышқына дауыстап. Сөйткенше, үй-ішінің әлем тапырағы шықты. Бөлек анандайға тұлақтай боп ұшып түсті де Раушан шыңғыра ұмтылды.

– Семірейін деген екенсің, сүмелек. Дөйқара Бөлекке ентелей жүгіріп еді, Раушан жігіттің үстіне жатып алды.

– Боқмұрын, - деді дөйқара мырсылдай күліп. Сөйтті де жемтігіне тояттаған арландай көзін кілбите қарады.

– Мыналар қайтеді-ей. Қызжібек пен Төлеген. Есі дұрыс бойжеткен жігіттің үйіне жалғыз келуші ме еді. Құнажын көзін сүзбесе, бұқа бұйдасын үзбейді. Ха...Ха... Сұлу бикеш, солай емес пе. Зорлықшының алтын жалатқан күрек тістері жарқ-жұрт етті.

– Тұра, тұр мен сендерге қазір ғашықнама жазып беремін... Дөйқара есікке қарай адымдай аттап, кілтке жармасты. Бұл екі ортада Бөлек қабырғадағы шкафтың есігін ашып жіберді де, қосауыз шолақ мылтықты суырып алып, шаппасын қайырып үлгерді.

– Бөлек, жаным! Мұның не? Әлгіндегі сүп- сүйкімді жігіттің шашының үйпа-түйпасы шығып, мұрнынан аққан қан жүзіп айғыздапты. Мылтықты дөйқараға бағыттап түсі суып кетіпті.

– Жан керек болса, жоғал, - деген Бөлектің үні қырылдай естілді. Бөлме ішінде аттой салған бейбас қара, есікті ішінен кілттеп, олжалы аңшыдай қорбандап, бұрыла берген. Өзінен бес- алты қадам жерден өзіне қарай бағытталған шолақ мылтыққа көзі түсті де, аттамаққа ыңғайланған аяғына сүріне беріп, түзелді.

– Әй, бала байқа! - деді сонан соң.

– Үшке дейін санаймын. Бөлектің жүзі адам танымастай түнеріп, жағы суалып, қанын ішіне тартып алыпты.

– Мынау қайтеді-ей,- деді сонан соң дөйқара күңкілдеп.

– Бір, - деді Бөлек дауыстай санап. Дөйқара енді есін жиды. Ләм деместен есіктің кілтіне жабысты да, сылдыр еткізіп бұрап ашып, атып жібереді деді ме, жотасы бүлкілдей, сыртқа ата жөнелді.

– Малғұн, - деді есікті ішінен кілттеген Бөлек.

– Иттің баласына босқа ашқан екенмін, ух...

Осы бір сәтке дейін бұрышта қалшиып тұрған Раушан еңіреген күйі Бөлектің құшағына сүңгіп кетті де, бас салып, шөпілдетіп сүйіп, тілінің ұшына келген бар қарғысын дөйқараға үйіп-төкті.

– Дүниеде осындай зорлықшыл адамдар көп, ә, Бөлек. Жауап орнына жігіт басын изеді.

– Сұмырай қазір мұнда малғұндарын ертіп келеді. Бұл жерден тезірек кетейік.

Көзді ашып-жұмғанша жиналып, Бөлек терезені ашып жіберіп, жан-жағын "тексеріп" алды. Топ етіп сыртқа түсті де, қызды көтеріп жерге қонақтатты. Шолақ мылтықты жол қапшығына тықты.

– Жинап ал, боқ дүниеңді, - деді сонан соң артына қарап, ызалана дүңк етіп.

Екеуі қалың бақтың ішіндегі жалғыз аяқ соқпақпен құбылаға қарай өрледі. Ағаш басынан тамған тамшыдан қорғанып, шатырларын жайды. Жігіттің ішін балқыған қорғасындай бірдеңе күйдіре өртеп, өкініш пен өксікке тұншықтырды. Раушан жігіт жүзіне мұңдана қарап, серігін сергітетін айла іздеп әлек.

– Өзі түйедей екен ә? Сені қалай топ еткізді. Бірақ сен де есеңді жібермедің ә, - деп әр сөздің басын бір шалды. Өзімсіген жылылық бар үнінде.

Бір сәт Бөлек қалың жынысқа бұрылды.

— Жасырынамыз ба? Ол біздің артымыздан қуып келе жатыр ма? - деген қыздың үркек дауысы естілді. Бөлек басын шайқады.

— Мына құбыжықтан құтылайық, - деді ол сонан соң. Шолақ мылтықты ұмсынып барып, қарағайдың бұтағына ілді.

— Көрмегенім сен бол, - деді күңкілдеп.

— Милицияға апарайық, - деді қыз пысықсып.

— Қажеті жоқ.

— Онда жерге көміп тастайық.

— Мұның да жөн екен, - деді жігіт сөздің астарын бірден түсініп. Жұмсақ топырақты бәтеңкесінің өкшесімен ары-бері сырып, ойықша жыра жасады. Сөйтті де шолақ мылтықты "жерлеп" тынды. Екеуі соқпақ жолға қайта түскенде Бөлек қызды өзіне бұрды.

— Раушан, саған бірдеңе айтсам кешіре аласың ба? - деді сонан соң.

— Сен бұзықтық жасаған жоқсың ғой, - деді қыз аузын томпайтып.

— Раушан, жаным, кешір. Мен ұрымын. Кәдімгі қарабазардың баукеспесімін, - деді Бөлектің дауысы дірілдеп. Сөйтті де жанары жасқа шыланып, бүк түсіп отыра кетті.

— Мейлі, - деді Раушан.

— Сен менің құтқарушымсың... Кеудеңді көтер!

— Мен сенің ақшаңды да ұрлап алдым. Мінеки... Бөлек былғары әмиянды қызға ұсынды.

— Нағыз жігітсің. Онда тұрған не бар. Аузын ашқан, аңқау болған, өзім...

— Мен сенің алдыңда өмір бойы айыптымын.

— Мен де саған қарыздармын.

Бақтан шығып жанынан өткен қыз бен жігітке шемішке сатқан жаулықты кемпір қызыға қарап, ұзатып салды. "Қандай жарасып тұр, ә" - деді сонан соң күбірлеп. "Қазақтың бір түтінінің болашақ анасы мен әкесі болғай. Құшақтарың жазылмасын, қарақтарым. Үлкеннің тілеуі ғой... Сөйтті де қолын көлегейлей көк жүзін барлай қарады. Бұлт ыдырай бастапты. "Жауын енді қоятын шығар"... деді сонан соң.

# ӨМІРДІҢ СОҢҒЫ БІР СӘТІ

Әлдекімнің есік ашқаны, сыбырлай сөйлескен күбірі естілді. Бетін дыбыс шыққан жаққа бұрып, көзін жұмған күйі ұзақ жатты. Бөлмедегі үстел басында екі адам отыр. Сөйткенше еден шиқылдап өзіне қарай әлдекім жақындап келді.

— Ақсақал, дәрігерлер кеңесінің шешімі бойынша дертіңіздің диагнозы айқындалды. Аурудың беті қайтып, сауығуға бетбұрыс байқалды. Қолымыздан келгенді аяған жоқпыз. Әлі жүз жасайсыз, - деді үні жер астынан шыққандай құмығып естілген бас дәрігер. — Сізді үйде емдеуді ары қарай жалғастырамыз. Сарғайып мұнда жатқанша немерелеріңіздің ортасында боласыз. Адам көңілденсе тез сауығатынын білесіз...

Бас дәрігердің сөзі аяқталмай жатып қарт күрсіне күбірледі. "Пешенеге жазылған тірлік. Кемпірбайша "ұшса да қанат байлап аспанменен, өлімнің кім құтылар құрығынан. Е, жаныңды аламын деп жеттім десеңші. Өмірдің сыбағасы деген осы!!!"

— Ақсақал, немерелеріңізді сағынған шығарсыз?

"Бұл шіркіндер менің ауруханада көз жұмғанымды қаламайды. Балаларым да келіскен ғой. Гиппократқа берген антын бұзу күнә, дәрігер, шынын айтпайды бұлар". Шәріптің үні құлағына талмаусырап жеткендей. Құдайым-ай, ә. Бұл өлімді жасыру қиын екен-ау. Дәрігердің аузынан шыққан сөзі екіұдай мағынаға жетелейді. Мәтіні "өлмейсің" десе, ырғағы "Әу, ақсақал, оңкүр-мүңкір жаныңды аламын деп жақындап қалды" дейді. Әлегте, көз алдамайды. Ауыздан шыққан үнде де ақиқат бар екен-ау, ә? Көрге түскенше көрмейтінін, естіп білмейтінін болса ше? Денесі дір етіп барып басылды. Қорыққаны ма? Мүмкін өлімге бойұсынғаны шығар? Осы бір сәтке дейін тағдырдың таяғы ұзын екенін ойласа ше? Зейнетақыға шыққаннан соң жұмыс істеп несі бар еді? Көз қуанышы — балаларының одағай тірлігі түбіне жетіп тынды. Астағфиралла, не деп кеттім? Мынау нарық қысып барады ғой қысып... Оннен менбілем ауызда қаптап жүр. Қиындыққа қарсы әрекет — еңбек ету ғана деп айтсам-ау... Бірі тауға,

біреуі етекке алып қашады, түге. Күйеубаланың түрі анау... Тырнағы қимылдамайды. Кемпір, Үкілім-ай байғұс, аурудан қолы тимейді. Іліпіп, салынып жүргені. Әлі, шал-ау, атар таның, көрер жарығың емес пе, бұлар. Әлі бәрі орнына келеді деп араға түсіп шыр-пыр. Оны түсініп, зердесіне түйген бала көрінер емес. Түн қыдырыс, күн ұйқы. Міне, енді кеп, ажал жағалап алды. Сенейін бе, сенбейін бе?"

Сөйткенше, жанында қалшиып тұрған дәрігер жөткіріп қалды. Шамасы, қарттың шама-шарқын байқайын деген дәмі.

– Ұйықтап жатыр ма? – деді жанындағы адам сыбырлап.

– Әбден шаршады-ау...

Қарт ұлының дауысын бірден таныды да, көзін ашып алды.

– Аға, үйге қайтамыз, - деді ұлы сөзін жалғап. Осы бір ағай дегені үшін талай ренжіді ғой, балдырғандарына. Өзіне де обал жоқ. Әкесінің тәрбиесіне берді емес пе. Не десін. Осы ұлынан үміт күтеді, басқасын қайдам...

– Нағыз қиындық артта қалды дейді дәрігер ағамыз. Енді үйге барып...

Баласының осыншама аңқаулығына әлі таң. "Әкең алысқа аттанады, балам. Тірілсеңші, айналайын. Бәріне бекем бол!.."

– Әлгі Жандос кеше бес алып келді. Айдостың велосипедін жөндеу керек. Ойратты мойнына мінгізгеніңді әзірге қоя тұр. Өзіңді-өзің еркін сезінгенше...

Асқантай "еркін сезінгенше" деген баласының сөзін ішінен екі-үш рет қайталады. "Қайдағы еркін сезіну... Ауыл-жұртыммен, туған-туысқандарыммен, кемпіріммен, балаларыммен, төрт керегеммен қоштаспаймын ба?.."

Қарттың қабағын түйіп үнсіз тосылғанына дәрігердің ойы шартарапты кезіп салды. Отыз тістен шыққан сөз, отыз руға елге жайылары һақ. Аты облысқа әйгілі дәрігер Бөкенбаев аудандық "Көмек" қорының төрағасы, екі рет "Ленин" орденімен марапатталған, екі мәртебелі еңбек ері, тәжірибелі мұғалім, кезінде аудандық партия комитетінде үгіт-насихат бөлімін басқарған Науан

Қыстаубаевты емдей алмай үйіне қайтарыпты. Қолынан келмесе жоғары жаққа жібермей ме" дері әбден анық. Ал науқастың өмірінің аз қалғанын, емге көнбейтінін біле ме солар. Облысқа сүйреп...

– Ақсақал, үйге қайтқыңыз келмесе, осында-ақ жата беріңіз. Жалғызсырамасын дегенім ғой...

Қарт тым-тырыс. Көзі жұмулы, нені ойлағаны беймәлім.

– Ұйықтап кеткен сияқты ма? Әлде...

Баласы дегбірсіздене тағы да үн қатып, сөзінің артын жұтып қойды. Қарт селт етпеді.

– Аға деймін...

Дәрігер ым қағып, бөлмеден шығып кетуін өтінді. Қарт бұл тірлікті көріп сезіп жатқан ба, көзін ашып алды да:

– Бүгін қай күн? – деді күңк етіп. – Ауа-райы қалай? Есіктен шыға берген балаң жігіт табалдырықта қалт тоқтады. Қарттың сауалына таңдана құлағын тікті.

– Бүгін айдың нешесі?

– Жиырма жетінші тамыз.

– Дұрыс...

Құлағы шалыс естіді ме, дәрігер қайта сұрады.

– Ата, не дедіңіз?

– Дұрыс дедім ғой, иә. Мені ертең үйге шығарыңдар. Сағат ертеңгі тоғыздарда.

Сөзге ұлы араласты.

– Құп болады, аға!

– Оған қам жемеңіз. Өзім бірге барып уколдарыңды салып беремін, - деп қостады дәрігер. Сөйтті де шырт еткізіп жарықты өшірді.

"Аттап кетсең тиын санау. Құдайдың жарығын да қызғанады бұлар". Қарт ашулана күбірледі. Артынша есіктің шиқылдай жабылғаны естілді де, қабырғадағы сағаттың тілінің сырт-сырт соққан үні күшейе түсті. Дүниеге келген күніме төрт-ақ күн. Сексенге жетпеймін бе? Көрші-қолаңды соңғы рет шақырып, дәм-тұз татырсам-ау. Ух, дүние-ай. Енді қанша күндік өмірім қалды екен, э... Жемістің пісіп, күннің аптабы қайтып, күздің қарбалас шағы. Ертеңгісін кемпірі: "Әй, ақсақалым. Бүгін сенің өмірге келген күнің. Балаларың

жетер казір. Дайындық камына кірісу керек" деп күбірледі, жан-жағына жалтақтай карап, күйеуінің мандайынан шоп еткізіп сүйіп алып:

— Ұзақ жаса, шалым! Осы заманның басына сіністі әдеті ғой, - деп алды-артын жаймашуактап сыртқа беттейтін. Мұнысы ақсакалы туған күнін ұмытып жүрмесін деген ескертпесі. Келіндерінің бірі "ата, туған күнің құтты болсын" дегенде, бұл шіркін "солай ма еді" деп тұрса ұят тағы. Үйдегі үлкен келін ақылды. Немерелерінің құлағына құйып... Алғашқы боп "желаяқ" Жандос жетеді. Қолында бір уыс гүл. Одан Айдосы. Ойрат та қалмайды. Сәуле, Назым... Кешкісін олар да жетеді. Жалғыз қызынан туған жиендері. Әп-сәтте атасына таласқан кішігірім майдан басталады. О, құдірет, бір қаптан, бір саптан шыққан немерелерінің бөлінгенін көрсен. "Екі қатынның баласы екі рулы ел" деген осы. Көзбен көріп, қолмен ұстаған соң айтқан ғой, жарықтықтар. Енді аталарын о дүниелік болған соң қайтер екенсіңдер. Ойпыр-ау, шыныменен... "Ойласам бұл дүние шолақ екен, адамдар бір-біріне қонақ екен". "Құлындарым-ау, енді біраз күнде атанды сонау Жабайхандағы көп бейіттің ішінен іздейсіңдер. Анда-санда еске алып "Е, атам сондай еді" десеңдер де топырағымда бір аунап түсермін. Пенденің өзі өлсе де аруағы тірі деседі ғой жұрт, әлде өтірік, әлде шын. Ойпыр-ау, шынымен-ақ татар дәмімнің біткені ме? Әлгі Қорамтай құдай атқырдың таңы атып, тауығы шақырады енді. Аскантай карт өзінен бес жас кіші орынбасарын еске алды.

Асқантайдың артықшылығы райкомда қызмет істегені. Орынбасарының тайсақтайтыны сол. Обалы не керек, алдынан кесе-көлденең өткен емес. Тек кейде "өзі жоқтың көзі жоқ" деп мардамсып, карттарға мақтанатыны бар. Оны да қу ауыздар өзіне жеткізіп үлгерген.

Қоғамдық "Көмек" қорының жұмысы. Жан беріп, жан алатындай аса бір қиын да жұмыс емес. "Ілтипат" дүкенін жағалап орттен кейін аман қалған қу камыстай кариялардың тізімін нақтылайсың, онсыз да сиреп бара жатқан конекөз күнкөрісі нашарларға көмектесесің,

қойшы, түптің-түбінде тірелер қазығың – соғыстың сызаты түскіш, ішіп-жемі жоқтардың көңілін табудың амалы. Өлісі майданда қалды. Тірісін тырыстырғаның құдайдан ұят. Иә, сол Қорамтай кеше келіп көңілін сұрапты. Еміс-еміс есінде қалғаны ескі дерті сыр берді ме, әншейінде екі жүз жиырманы ұрып тұрған қан қысымы, салып ұрып екі жүз сексенге жетіп... Көзі қарауытып, басы айналғанын біледі. Одан арғысы бұлдыр.

Әлгінде ғана есін жиғандағы түрі мынау. Баласы мен дәрігер "уәделесіп" "өлтіріп" тынды. Ажал дегеннің өзі мазаққа айналды емес пе? Қалибайдың қылжақбас деректр баласы Ахметсапаның, тілшісымақ атанып жүрген құрдасы Мұратбекке: "Оу, шекті баласы, байқайсың ба, қайда жүрсек те Жағалбайлы жұрты жөргегіміз жоғары. Біздің аталарымыз Жабайханның биігіне жатып алып, бала-шағасын бақылап жатыр. Ал сенікі ше? Байшойынның батпағында батпақтап, көмек сұрап айқайлай ма, түге, - деп елді күлдіргені бар. Сол сияқты сонау Қарауылдың сүйекті шиі көмкерген топыраққа жамбасы тиер. Әйтеуір, көңілге медеу етер қисыны, шет жер емес, сүйегі шірімей кіндік кесіп, кір жуған туған жерінің топырағы бұйыралы. Қаражолдың үсті ғой, өткен-кеткен тоқтап "әу, баяғыдағы Асқантай марқұм ғой, бұл. Алаштың бір азаматы. Жаманға жат, жақсыға бас адам еді", - деп күбірлеп, көр топырағын үгітіп, есіне алар. Құранын оқып, бетін сипап, артындағы бала-шағасына амандық тілер. Одан басқа өлген адамға ишарат жасар еншi қайсы...

Есіктен әлде кімнің енгенін сезді. Бұл кім болды екен, ә? Көзін ашып, жан-жағына байыптай жанарын тікті. Шағын ғана бөлме. Бір кезде ауданның сүт бетіне шығар қаймақтарына арналып жасалған еді, әлі де күшін жоғалтпаған сияқты. Терезесі жарық, еңсесі биік. Оң қабырғада телевизор. Медбикеге хабарласатын электр түйме. Үстел үстінде керектінің бәрі қалқиып тұр. Көптен бері бөлмеде, адам атаулының жатпағаны байқалады. Бұрышта әлде кімнің кебісінің сыңары сияқты бір нәрсе қарандайды. Көзі жетпеді, сөйткенше аяғының ұшымен бір басып, екі басып өзіне таяп қалған ақ халатты сұлу

келіншекті көрді. Иә, өте көрікті деп күбірлегенін өзі де байқар емес. Қолында инесі жоғары қараған. Алғашқыда ауруды ұйықтап жатыр деді ме, абайсыз еді, өзіне сұқтана қараған картты көргенде бойын жиып ала қойып, қабағын түйді.

— Ата, жамбасыңызды дайындаңыз...

Асқантай мырс етті.

— Енді піспегіннің қажеті бола қояр ма екен, - деді күрсініп.

Медбике келіншек жалт қарады. Кекесін үннің астарындағы шындыктың осыншама құдіретті екенін қайдан білсін. Сасқанынан еңкейе беріп:

— Қажеті неге болмасын, - деді күңкілдеп үні қарлығыңқы шығып. Сонда да дәрігерлік антын бұзбағансып, төмен қарап, қарттың жамбасын бір шоқ мақтамен сүрткілей берді.

— Жуық арада ауа райы қалай болар екен? "Хабардан" естімедіңіз бе? — деді сұлқ жатқан карт.

— Не дедіңіз?

Қапелімде медбике өлім аузындағы карт мұндай тосын сұрақ қояды деп күтпеген, сасып қалды.

— Иә, сол теледидары құрғыр жалықтырып-ақ бітті. Ашып қалсақ өңшең бір тіліне зырлауық байлаған саясаткерлердің сайрап жатқаны. Олан қалса бірін-бірі өлтіріп, атып-қырған өңшең бір дүрбелең... Ия, тағы... Махаббат, бірін-бірі бет-аузын жалаған әйел мен еркек. Әуелі балаға арналған мультфильмде қырғи-қабақ соғыс. Өзімен кетсін, ары! Дүние не боп кетті, өзі. Иә, сонан соң теледидарды көруге заукым жоқ.

— Дұрыс... дұрес. Дүниеге оң көзіңмен қарайды екенсің... Мен де соны ойлап, ана дүниеге айтуға кетіп барамын, - деді карт мырс етіп.

— Е, қойыңызшы. Онда сізді кім қонаққа шақырып жатыр екен. Айтарын айтса да ерсі сөзіне өзі ұялып төмен қарады.

— Кешіріңізші. Мен теледидарға өкпемді айтамын деп.

— Оу, ештеңе етпейді. Шындықты айтқанның еш оғаштығы жоқ, иә...

Қарт дәрінің әсерін енді сезінді. Сөйлеген сөзі басы

бекем басталып, арты күмыға естілді. Медбике аяғының ұшымен басып. есікке беттеді. "Ойпыр-ай, шынымен мен бұл дүниемен қоштасамын ба? Дәмімнің бітуіне канша күн калды екен, ә? Жексенбіге жетсем-ау. Не көрдім, не білдім? Әнкүр-мүнкірдің алдында есеп беремін ғой. Дайындалып алайын. Адамдығым қайсы, пенделігім ше?" Қарт күңкілдей сөйлеп, ызалана жымиды.

Иә, соғыс жылы туғандар "ерте есейгенбіз" деп жатады. Қырық тоғызда шешен мен грек каптап көшіп келгенде мектепке барыпты. Пай-пой, ол да бір заман еді-ау. Бала атаулы жамаусыз киім кимейтін. Бірде Нұркамал шешесі екі кап бидайды Сарканның базарына апарып сатып, су жаңа костюм-шалбар, туфли, көйлек, делегей әкеп берген-ді. Мектепке киіп барды. Шыны керек, көздің жауын алады. Оның үстіне өңшең кара түсті киім киіпті ғой. Шұлығына дейін, тіпті. Мұнысы мұғалім Ниязбайға жакпай калды.

– Жаусың ба? Сен неге кара киім киесің? Германды жеңдік. Жеңісті тойладық. Шешең соған риза емес пе? Өлген соның ғана байы ма екен, ниеті бұзык қой, - деп жерден алып, жерге салсын. Ол бір үш көсемнің суретін кішкене тактайшаға жапсырып алып, сабак алдында:

– Бірінші көсем Ленин,

Екінші көсем Сталин.

Ворошилов батырым, - деп көкке көтеріп токпактап жоғарыға бас иіп, балтыр сыздаған заман еді-ау. Ертеңінде кара сәтен көйлекті апасының жүн бояйтын қызылына малып ап Ниязбайдың көңілінен шыққан.

Одан бері де ауылдағы жеті жылдык мектепті бітіріп, Сарканға орта мектепке оқуға барды. Өңшең орыстың ішіне сүңгісін де кетсін. "Хлеб дай" мен "здрастиді" білетін Аскантай алты айдың ішінде орыстың кожайынының күтуші құлындай зуылдап тұрсын. Өмір бәріне үйретеді ғой. Жалпы казак атаулы аса дарынды ұлт кой. Аузындағыны кағып алады. Ал енді баскаға бас игенде алдына жан салмайды.

Нағашысының үйінде тұрды. Орта мектепті бітірді. Институтты тәмамдады. Үйленді, балалы атанды. Құдай

бергенін бұлдамасын, ел санатына қосылып, біреуден ілгері, біреуден кейін күн кешті. Біреуге іні, біреуге аға атанды. Өмір дегеніңнің өзі қас-қағым сәттей екен ғой. Отызында орда, қырқында камал бұзып, елуінде ер атанған қайран батыр бабалар-ай. Неткен дана болған,ә? Соларды да мынау дүние қарш-қарш шайнап жұтып жіберген жоқ па? Оларға қарағанда өзінің жеткен биігі аудандық партия комитетінің бөлім меңгерушісі, ұсақ-түйек қызмет. Арасы жер мен көктей.

Құйрығы жоқ, жалы жоқ, құлан қайтіп күн көрер,
Аяғы жоқ, қолы жоқ жылан қайтіп күн көрер?
Шыбын шыкса жаз болып, таздар қайтіп күн көрер.
Жалаң аяқ балалап, қыздар қайтіп күн көрер?

Келешегін ойлаған асқан ойлы Асанқайғы да о дүниенің есігін қаққан. Бұл дүние кімге опа берген. Кешегі "самұрығын" аспан тәңіріне қонақ еткен Кеңес үкіметі де, сайда саны, құмда ізі жоқ қаңбаққа айналды...

Ех, дәурен-ай... Бұл жарық дүние нағыз мұң мен қайғының отаны екен ғой. Тірі жүрсем екен деп тырбаңдаған бейбақсың. "Байлардың күні күн ғой" дейтіндер де бар ғой". Нағыз тозақта жүргенің солар. Ақшасынан, байлығынан айрылып қаламын ба деп күні-түні ойлаумен күн кешеді...

Асқантай қарт күбірлеп сөйлеп ұйықтап бара жатқанын да аңғарған жоқ.

Қанша уақыт көз шырымын алғаны белгісіз, шалқасынан жатқан күйі оянды. Тілі аузына сыймай барады екен. Тамағы құрғап, еріндері от боп жанып тұр. Қолын маңдайына апарды. Бусаның терлепті.

— Ақсақал, көңіл-күйіңіз қалай? — деді әлдекім желке тұстан. "Ойпыр-ай, мынау да осында ма еді. Менің о дүниеге кетіп қалуымды тілеп жүр ме, пәтшағар. Е, қойшы". Қарт бас дәрігерді жазбай таныды.

— Шөлдеп кеттім, - деді қартты қостаған дәрігер. Сөйткенше әлде кім желкесінің астынан сумаң еткізіп қолын тығып жіберді де басын еппен көтерді. Су маңдайына шық етті. Обырлана жұтып, ұртынан асып көрпеге төгілген суды елер ешкім болмады.

— Тағы да ішесіз бе? — деп сұрады әйел үні. Қарт басын шайқады.

— Ақсақал, көңіл-күйіңіз қалай?

Бас дәрігер сұрағын өзгертпестен екінші рет қойды.

— Ажал шіркін кешеуілдеп жатыр.

— Не дейт? Әзіліңіз әлі қалмапты-ау, Асқантай аға, - деді дәрігер.

— Құдай атын аузыма алайын. Шәріп, менің жалған сөйлемейтінімді білесің ғой.

Дәрігер басын изеді. Ұстазының жүзіне тіктеп қарай алмай, бетін бұрды. Сонда да дәрігерлігіне басып:

— Қай-қайдағыны айталы екенсіз, - деді.

Шәріп кіп-кішкентай, карадомалақ пысық бала-тын. Әкесі ерте өліп, сарыкаңылтыр атанған шешесі Бәзила басынан құс ұшырмай, үкілеп өсірді. Түсінген баладан айналмайсың ба. Бір құдай қолдап, бір құдай жетелеп орта мектепті алтын медальмен бітірді де, химиядан ғана емтихан тапсырып, дәрігерлің оқуына түсті де кетті. Енді міне, ауданның бас дәрігері. Өзін жедел жәрдеммен әкелді дегенді естіп, қолды-аяққа тұрмай ауруханаға әкетіп, асты-үстіне түсіп, құрақ ұшып жүргені мынау.

— Құдайдан шақыру келген адамдай, сонша асыққаныңыз қалай? Өзіңіз "сабыр түбі сары алтын" деуші едіңіз ғой. Үйіңізге апарып салып, емдейміз дедік қой, Шәріп аға. Сәлден соң әкетеміз.

"Е, сонда мен он екі сағат ұйықтап шыққанмын ғой, ә. О, сұмдық! Бұл неткен ұйқы. Ажал жетіп, бала-шағаммен де қоштаса алмай қалады екенмін-ау, ә. Әлде жақсы ұйықтағаным тіршіліктің бастауы ма екен? Е, қойшы. Болар іс болды, бояуы сіңді.

Бөлме ішін үнсіздік басты. Көзін ашып жан-жағын аңдады. "Пәледен машайық қашыпты. Пау, Асеке-ау, соншама сұңғыла боп кеткенің не? Мұндай мінезің жоқ еді ғой". Өз сұрағына өзі жауап бере бастады. "Бұл дүниеден о дүниеге баратын адам өзгермесін деп кім жарлық берді? Жарық сәуле кімге де қымбат".

Түкірігіне шашалып, ентігі зорға басылды. Менің білуімше, мен өлген соң алғашқы боп Шәріп дәрігер көзімді жұмады. Үлкен ұл осында жүрсе, құшақтап бір өкірері анық.

Бас дәрігер аудандық әкімге телефон шалады, әрине. Ол да менен бір-екі жыл дәріс алған. Ұжымын жинап жіберіп, ескі көзлерін алдыға салып, біздің үйді табады.

Сөздің майын тамызып отырып, шыбын жанымның ұшып кеткенін түспалдап айтып, әйеліме мықты болуын жеткізеді. Басқанбай інімді бөлек алып, менің о дүниелік екенімді ескертіп, ауданға белгілі адамның бақиға кеткенін, елдің мол келетінін, жерлеуді дұрыстауды ойластырады. Әрине, әкімшіліктің көмектесетінін тілге тиек етеді. Сол жерде-ақ комиссия құрылып, оған Қорабайдың басшы сайланатыны анық. Аудандық "Алтын өңір" газетіне қазанама жарияланады.

"Асқантай Бәкір ұлы дүниеден өтті". Пау, неткен суық сөз еді. Мынау бірде көл, бірде шөл өмірінде сені адам деп атап, еңбегіңді елеп-ескеріп, туыстығын танытар бір уақыт бар екен-ау. Көп жалғанның бір шындығы осы жерде шығады. Балаңның да, қызыңның да, әйеліңнің, бір қаптан, бір саптан шыққандардың да досыңның, қасыңның кім екені тайға таңба басқандай білінеді. Өкініштісі, сен оны білмейсің, көрмейсің. Ағайын бір өлімде, бір қуанышта деген осы. Неше бір ақылгөйлердің де мұндайда шабылары анық. "Тірлікте ит пен мысықша ырылдасасың. Жоққа қайғырасың, барға қанағат тұтпайсың. Адам дегендер құдайды ұмытып барады. Дүние өтер кетер, өтер кетер, түбіне дүниенің кімдер жетер. Қанша бір тыртаңдасаң да мәңгілік емессің. Осыны да ойла. "Адамның көзі топыраққа ғана тояды" десе, енді бір топ: "Е, бұл дүние екі рет келмейді. Барыңда іш, же, той, сайраңда. Әйелің де, балаң да басқалардың да өз тірлігі өзінде. Сенімен бірге өлмейді. Азар күнде төрт керегеңнің ішінде жатқанда көз жасын көл қылып жылар. Оны да ұмытар әлі. Зердесіз болмай, осы мен анадан туып, әкенің баласы атаның ем ғой десе айына ма, жылына ма, бір құран оқытар. Сонан соң ол да өз қамымен бокшасын арқалап, тағдырдың адуын қамшысының астына түседі". "Пай-пой, жер басқан пенденің ақылдысы-ай. Асқақтай жылы жымиды. Тамағына түкірік жүгірді: қалай дегенде де доңгелеген дүниеде өтіп жатқанның бәрі сол жерде туып-өскен ұл-қызға түгел қатысты. Ескі үнділіс аңызындағыдай адам өрнек тоқушы емес, ол – сол өрнектің сәнін бұзғаны. Жер адамның мүлкі емес, адам – жердің мүлкі. Жер-халық деген бөбегіне елжірей қараған ана. Әттең, әттең, жерді айтсақ жетім күй кешесің. Шыны

солай. Құдайға шүкір, кеше қалай еді, ауыл бүгін қандай. Етек-женін жиып келеді. Елі байдың жері бай. Тәубе! Маған салса, халайық, туған жеріннің төсінде талмай-таусылмай еңбек етіңдер дер ем. Әттен-ай, кеш қалғаным-ай. Бір заманда оралып кеп, ел-жұртымды бір көрсем ғой. Өкініштісі сол.

Өн-бойынан бір ыстық ағын өткендей болды. Ойпыр-ай, бұл ненің нышаны? Жақсылық па, жамандық па? Әй, бірақ Шәріп баяғыда-ақ, арбамды жегіп қойған жоқ па? Жайғасып отырасың да, божыңды қағып, шексіз сапарға аттанып жүре бересің. Одан кейін бәрі бір. Бұл дүниеден бейхабарсың.

Осы бір сәтте Асқантай үшін өлім қорқынышты емес сияқты көрінді. Ішінен күбірлей берді.

"Тезірек үйге әкетсе екен. Өз үйім өлең төсегім демеуші ме еді. Ең бірінші боп "желаяқ" " Жандос жететін шығар. Мұрны таңқырайып, көзі күлімдеп, жанынан қарыс елі қалмайтын құлыны. Томпаңдап артынан Айдос ереді. Жетеді ғой, аталап..." Келіннің аузынан түсіп қалғандай, күлегеш-ақ. Оу, дүние-ай, адам атаулыны бала күннен-ақ таластырып қоятыны несі? Ал біз дүниенің бір тұтас, бір атаның баласындай, жаны бір, қаны бір деп айтуға әуеспіз. Әркімге өз дегені болу керек. Ойратым, күшігім-ау. Берсен қолыңнан, бермесен жолыңнан дейтін күнім, көктентегім. Сен де сағынған шығарсың атаңды. Орысшалау келін. Күйеуінің бәтеңкесін киіп алып, "ата пришел" деп, көрші-қоленді бір аралап шығары анық. Қайран Үкілім-ай. Балаларынан ұялып, сонадайдан қарашығы мол үлкен көздерімен ұрлана қарап, сағыныш пен қимас сезім сыйлайды.

Бір сәтте өн-бойы женілденіп қараңғы түн басталған сияқты күй кешті. Шым-шытырық.

Қалың тұман ішінде жүрген сияқты ма? Әлде кім мұны іздеп, "Ақсақал" деп айқайлағандай. "Артына қарама" деп айқайлай ма?

— Жауын жаумаса екен... — деді соңғы рет күбірлеп. Ары қарай сөйлеуге тілі келмеді.

— Иманың жолдас болсын, картым, - деді сыбырлаған бас дәрігер.

## МАЗМҰНЫ

Жапандағы жалғыз .......................................... 3
Майтөбенің меценаты .......................................... 83

## ӘҢГІМЕЛЕР

Ақбармақтың ажалы .......................................... 127
Дайрабайдың домбырасы .......................................... 139
Мұсылманның баласы .......................................... 147
Қойдың басы, ұры және мен .......................................... 160
Шұбар тауық және он балапан .......................................... 175
Айранбай .......................................... 187
Ауыл иісі .......................................... 194
Әйел мінезі .......................................... 206
Өмірдің бар ма, байлауы-ай .......................................... 216
Кестелі орамал .......................................... 224
Соғыс заңы бұзылған түн .......................................... 235
Қыз қашқан түн .......................................... 246
Былғары әмиян .......................................... 254
Өмірдің соңғы бір сәті .......................................... 270

**Шәкен Күмісбайұлы**

**Жапандағы жалғыз**

*(повестер мен әңгімелер)*

Баспа директоры Ш. Байкенова
Редакторы мен корректоры Д. Белдеубайұлы
Көркемдеуші дизайнер Б. Еженов
Компьютерде беттеген Б. Еженов
Мұқабаға К. Бекеновтың суреті қолданылды.

**ИБ №85**

Теруге 22.03.2007 ж. жіберілді.
Басуға 30.07.2007 ж. қол қойылды.
Пішімі 84х100 $^{1}/_{32}$. Қағаз офсеттік
Басылымы офсеттік. Есептік баспа табағы 16,5
Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 731.
"Балалар әдебиеті" баспасы,
050009 Алматы қаласы, Абай даңғылы 143
тел/факс: 8 (327) 242-23-57

Тапсырыс берушінің файлдарынан
Қазақстан Республикасы
«Атамұра корпорациясы» ЖШС-нің
Полиграфкомбинатында басылды.
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.





Шәкен Күмісбайұлы 1943 жылы 17 қазанда Алматы облысы, Ақсу ауданы, “Қаракөз” ауылында туған. 1965 жылы Алматы шетел тілдері педагогикалық институтын бітіріп, туған ауылында 35 жыл ұстаздық қызмет атқарды. 1983 жыдан Қазақстан жазушылар одағының мүшесі. 20-дан астам прозалық кітаптың авторы, екі рет “Жалын” бәйгесінің жүлдегері. “Қазақ Елі”, “Ана тілі”, “Бала Би”, “Айгөлек” басылымдарында қызмет атқарды. Қазір зейнеткер.

ISBN 9965-650-79-9
9 789965 650796